

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2004

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Хикаялық дастандар



FOLIANT

ББК 82.3 (2 каз)
Б12

«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:
Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б., Тұрғанбаев А.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қорабай С.,
Рақышева Ж. (*жауапты шығарушы*)

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған:
Әзібаева Бақытжан

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004.
Т. 5: Хикаялық дастандар. — 2004. — 344 бет, суретті.

ISBN 9965-619-76-X

«Бабалар сөзі» сериясының бесінші томына «Қағира мен Таймұс», «Хикаят Сәлімжан», «Хикаят Марғұба қатын», «Балықшы илә ғифрит қиссасы»,«Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз»,«Қисса үш қыз» атты хикаялық дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$ ББК 82.3 (2 қаз)

ISBN 9965-619-76-X (т. 5)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2004
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2004

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты көп томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық мәтіндерді түгел жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» атты серияның бесінші томы алғашқылары тәрізді хикаялық дастандарға арналған, олар: «Қағира мен Таймұс», «Хих кает Сәлімжан», «Хикает Марғұба қатын», «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса Тәжбақыт — Хоршahра қыз», «Қисса үш қыз».

Бұл шығармалардың тақырыбы сан алуан: әйелдің аярлығы, даналығы мен адалдығы туралы, шын достықты, асқан ақыл мен айланы дәріптеу, т.б. Дастандарда кейіпкерлердің өмірі мысалға алынып, олардың тағдыр-тауқыметі арқылы адам бойындағы жаман қасиеттер сыналып, ізгі қасиеттер дәріптеледі, жақсылық пен жамандық туралы ғибрат айтылады.

Томға енген барлық дастандар шығыс халықтарының фольклорында байырғы заманнан белгілі боп, бертін келе кітаби ескерткіштерде жарияланған шығармалардың сюжеттерін арқау еткен. Мысалы, «Хикаят Марғұба қатын» дастанының мазмұны «Мың бір түннің» 489-490-түндерінде айтылатын әңгімеден, «Балықшы илә ғифрит қиссасы» «Мың бір түннің» 4-10-түндер аралығында айтылатын әңгімеден өрбіген, «Қағира мен Таймұстың» сюжеті «Тотынаманың» 24-түнінде айтылатын сюжетке ұқсас, т.б. Сонж дай-ақ, кейбір дастандар ғылымда «рамалық композиция» деп атаи латын әдіс бойынша жырланған, сондықтан олардың құрамында, мысалы, «Қисса үш қыз», «Балықшы илә ғифрит қиссасы» дастандарында бірнеше аралық әңгімелерді кездестіруге болады.

Томды дайындау барысында 1889-1911 жылдар аралығында араб әрпінде басылып шыққан кітаптар мен 1870-1930 жылдары жазылған қолжазбаларды дұрыс тану үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нора маларына және контекске сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.

Жалпы бұл шығармалардың тілі мен сөз саптау мәнері дастандық эпостың кітаби үлгілеріне тән. Мұнда араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сонымен бірге мәтіндерде байырғы жалпытүркілік сөздер мен грамматикалық формалар, көне және жергілікті [диалект] қазақ сөздері баршылық. Олар түпнұсқалық қалпында берілді. Демек, шығармалардың сөз қолданысы толық сақталды.

Томға енген мәтіндер еш өзгеріссіз түпнұсқалардан дайынш далды: «Қағира мен Таймұс» шамамен 1870-1900 жылдар аралығында жазылған қолжазбадан, «Хикаят Сәлімжан» 1896 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жарық көрген кітаптан, «Хикаят Марғұба қатын» 1889 жылғы басылымнан, «Балықшы илә ғифрит қиссасы» 1911 жылғы кітаптан, «Қисса Тәжбақыт — Хоршahра қыз» 1906 жылғы кітаптан, «Қисса үш қыз» 1897 жылғы кітаптан әзірленді.

Жарияланып отырған дастандардың бәрі алғаш рет оқырманға ұсынылып отыр.

Томның көлемі — 21,5 б.т.



МӘТІНДЕР



قاغيرا مه ن تايموس

Қағира мен Таймұс

Бір падиша бұрын өткен Бағдатта,
Шорман молда сөйлеген оны жатқа.
Қата болса — Шорманның мойнында,
Назымлап естуімше салдым хатқа.

Падиша жұрт билеген әділ сұлтан,
Ренжімес жалғыз жан да қауым жұрттан.
Орта жасқа жеткенше перзенті жоқ,
Бұл патша бала үшін қайғы тартқан.

Бұ қайғы қатты батты падишаға,
Падишаның қайғысы жұртқа барша.
Елу мен алпыс жастың арасында
Қатыны падишаның болды хамле.

Қатыны падишаның болды буаз,
Сөйлейін білгенімше мұны біраз.
Мұқым шаһар халқы қуаныш қып,
Қаншама ғаріптерге берді нияз.

Ханымның толған шақта айы-күні,
Тарқайды күн-күн сайын ханның мұңы.
Қатыны падишаның бір ұл тапты,
Не керек сөз көбейтіп оны-мұны.

Ханымы бір ұл тапты күні толып,
Қуанды падишаның көңлі бөлініп.
Патшаның бас уәзірінің перзенті жоқ,
О дағы жүруші еді мұңлы болып.

Қатыны уәзірдің [де] буаз екен,
Оған да Тәңірім тағдыр қылады екен.
Ханымның бала тапқан сағатында
Бір бала одан дағы туған екен.

Дүниеге екі бала бір күн келді,
— Бір жерге асырайық мұны, — дейді.
Аналары бір-біріне сүт емізіп,
Екеуі дос болсын деп [бірдей дейді].

Падиша баласына қылды тойды,
Бұл тойға аямай көп малды сойды.
Уәзірдің баласын Қағира деп,
Падишаның баласын Таймұс қойды.

Сарайға асырайды балаларды,
Желге, күнге тигізбей даналарды.
Патшаның қайғы басқан ғамкін көңілі
Толықсып, мұңы тарқап, шаттанады.

Алты-жеті жасына бала келді,
Оңаша асырады сарайға енді.
Баланың толған айдай нұры балқып,
Бір көрсе мас қылады тамам елді.

Патшаның көңлі тасып қуанышқа,
Туған соң мұндай бала жұбанышқа,
Мойнымнан мектеп парызын түсірем, — деп,
Оқытты оңаша үйде молдасына.

Бес-алты жыл молдадан бала оқыды,
Баласы уәзірдің және оқыды.
Он екі пән оқуды түгескен соң,
Түрлі ғылым оқуын және оқыды.

Балалар оқу-ғылымын түгендейді,
Һәр түрлі үйренеді өнерлерді.
Қылыш, мылтық және де күрзі, найза,
Қайсысын үйренсе де бөгелмейді.

Оқу-ғылымын балалар тамамдайды,
Өздерін көп әскерге бағалайды.
Атқа мініп далаға сейіл құрып,
Қай жерге көңлі түссе барады енді.

Жүреді ерте кетіп, кешке қайтып,
Бір-бірлеп түгесе алман бұл сөзді айтып.
Екі бала сейілде жүрді осылай,
Жазайын мұхтасар ғып, сөз қысқартып.

Екі бала сейілде бірге жүрді,
Бірінен-бірі айырылмай ойнап-күлді.
Бір күні екі тіленші сөйлесіп тұр,
Сейілден келе жатып бұлар көрді.

Алдында Қағира еді, соңында Таймұс,
Ит жүгіртіп, қызықпен салады құс.
Қағира естіп келеді айтқан сөзін,
Бұлайша кеңесіп тұр екі байғұс.

Бірі айтады: — Мынау кім патшазатты,
Анық патша секілді салтанатты.
Бар Құдай, қандай асыл жаратылған,
Адам да туады екен бұндай затты?!

Біріне-бірі қайырып сөз айтады,
Өзінің білгенінше жөн айтады.
— Даладан сейіл құрып келе жатқан
Патшамыздың баласы, — деп айтады.

— Уа, дариға, мұндай жан болады екен,
Адамзаттан мұндай жан туады екен.
Пері болсын, періште, адам болсын,
Һәрқашан Тәңірім тағдыр қылады екен.

Шын-Машын шаһарының падишасы,
Салтанатты салдырған гүл бақшасы.
Дариға, бұған теңдес болар еді
Пағпұр қызы Мәлике ханышасы.

Қағира есіткен соң мына сөзді,
Артындағы Таймұсқа бұрды жүзді.
— Мынау сөзді есіттің бе? — деп сұрайды,
Білейік кім екенін мұның сырды.

Таймұс айтты: — Білгем жоқ не дегенін,
Есіткем жоқ мен оның сөйлегенін.
Қағира айтты: — Қасына жақын барып,
Берейік хайыр қылып тілегенін.

Таймұсқа Қағираның сөзі ұнады,
«Жарайды, барайық» деп бұйырады.
Кеңесіп тұрған екі тіленшіге
Қағира Таймұспенен бұрылады.

Қасына жақын келіп тұрады енді,
Ғаріпке хайыр-ихсан қылады енді.
Қолынан садақасын бергеннен соң,
Қағира тіленшіден сұрайды енді.

— Айтшы, — дейді, — не тамаша сөйлегенің,
Біз жақындап келгенде үндемедің.
Бір қызды бек сипаттап сөйледің ғой,
Бар еді естіп-біліп не көргенің?

Тіленші жасырады айтқан сөзін,
Сақтық қып үндемейді байқап өзін.
Қағира ерік алдына қояр емес,
Сөйлейді әлгі айтқан қайта сөзін.

Тіленші айтты: — Берейін жауабымды,
Қоятұғын емессің сұрауыңды.
Екеуің де балдырған бала екенсің,
Дүниеде берсін Алла мұрадыңды.

Шын-Машын шаһарында пағпұрхан,
Пағпұрдан Мәлике атты бір қыз туған.
Мәликені бір көрген адамзаты
Қалмайды ғашық болмай бәрі соған.

Жан тоймас Мәликенің дидарына,
Мәлике туған жұрттың құмарына.
Мәликені көргеннің бәрі ғашық,
Дүниелік қарамайды жиғанына.

Мен дағы ғашық болғанның біреуі едім,
Сыртынан ынтызар боп жүрер едім.
Өзім дағы бір байдың баласы едім,
Алыстан анда-санда көрер едім.

Сыртынан Мәликеге болдым ғашық,
Тоймадым дидарына малым шашып.
Мәлике үшін айырылып көп малымнан,
Қапа боп мен де жүрмін арып-ашып.

Елден шығып қаңғырдым аның үшін,
Тіленші болып жүрмін жаным үшін.
Шын-Машын шаһары бар тоғыз айлық,
Ойлама сіздер анда бару үшін.

Екеуі бұл сөзді айтып қала берді,
Бұлар өз сарайына барады енді.
Екеуі оңаша үйде ақылдасып,
Мәликені есіне алады енді.

Ойлайды: Мәликені көрейік деп,
Не сипатты жан екен білейік деп.
Ел-жұртты ренжітпей, әскер жимай,
Екеуміз жасырынып жүрейік деп.

Екеуі ақылдасып бармақ болды,
Тағдырда Тәңірім жазса алмақ болды.
Екеуі бір күн түнде жасырынып,
Қыз үшін жанын отқа салмақ болды.

Екеуі тәуекел деп іздеп шықты,
Тоғыз айлық сапарлы түзге шықты.
«Жөнін білсек өнермен алармыз» деп,
Бұлар да осы жөнді көздеп шықты.

[Екеуі тәуекел деп жүріп кетті,
Мехнатты көруіне көніп кетті.
Тоғыз айлық жол екен екі арасы,
Мехнатты көре-көре әрең жетті].

Ата-ана қалды артында жөнін білмей,
Кеткенін ел-жұртына бір сездірмей.
Ғайып болған баланы қайдан тапсын,
Тәуекел деп тұрады қыбыр етпей.

Уәлхасыл, бұлар келді Шын-Машынға,
Есіткен бөтен сөзден болмасын да.
Келісті, бір шеткі үйден пәтер алды,
Аз болса бір жылдан кем тұрмасына.

Пәтер үйге алты жүз ділла берді,
— Азды-көпті тұрсақ та мұнда, — дейді.
Ерте кетіп, кеш келіп жүрсек тағы,
Сөз сұрап, бізді кеңес қылма, — дейді.

Мезгілімен күтіп бер тағам, — дейді,
Алты жүз ділла — пәтер бағаң, — дейді.
Бір күн қонып кетсек те үшбу ділла,
Борышсыз болсын саған халал, — дейді.

Пәтерге берді алты жүз ділла санап,
Қыз үйін іздемейді тура қарап.
Жансыз жүріп, бір хабар аламыз деп,
Жүреді шаһар ішін күнде аралап.

Қыдырып қыздың үйін таба алмайды,
Таппақ түгіл, бір хабар біле алмайды.
Бекер-текке жүргенін қайғы көріп,
Таймұс көп қыдыруға жарамайды.

Мәликенің дидарын көре алмайды,
Көрмек түгіл, хабарын біле алмайды.
Қайғы қылып пәтерде жатты Таймұс,
Қағирамен қыдырып жүре алмайды.

Қағира жүрді жалғыз шаһар кезіп,
Һеш нәрсе біле алмайды хабар сезіп.
Жалғыз-жарым жан көрсе жаман-жәутік,
Соларға сөйлеседі таяу келіп.

«Қыздың үйі қайда?» — деп сұрамайды,
Сұрауға көңілі қорқып шыдамайды.
Сөйтіп жүріп бір жылды өткізеді,
Мәликенің хабарын біле алмайды.

Көшеге бір күн шығып тұрып еді,
Қажыры мұқап, демдері құрып еді.
Тірі жаннан бір ауыз сөз естімей,
Өздерінің көңілі суып еді.

Үш кісі мініп келді салт-салт атқа,
Мінген ат, киген киім салтанатта.
[Айғай салып ақырып бір сөз айтты,
Келді бұлар Қағира жүрген жаққа.

Дүкенді жаптырып жүр екен әлгілер],
Қандай әмір қылса да тілге келер.
Бұл үшеуі патшаның уәзірлері,
Жар салып, жария қылып аны сөйлер:

— Үш күнгеше сауданы қылма, — дейді,
Дүкеннің іштерінде тұрма, — дейді.
Сауда-саттық, дау-жанжал, ретсіз сөз
Үш күн өтпей ешкімде болмайды енді.

Мәлике оқу оқыр үш күн ұдай,
Падиша жарлық қылды осылай.
Үш күн сабақ береді молда шеше,
Сонан соң ұзатады бір күн қоймай.

Бұл сөзді айтып-айтып жөнеледі,
Дүкенді жаптырады бұлар енді.
Бұлар барып бір үйге түсе қалды,
Соңынан Қағира да бірге келді.

Бұлар аттан түсті де, үйге кірді,
Қағира да ізінше бірге келді.
Үйге түсіп кешігіп көп отырмай,
Аттанып бұл үшеуі жүре берді.

Қағира жолықпайды бұл кісіге,
Жолығып бұл кісіде жұмысы не?!
Терезенің тұсынан алыс тұрып,
Сығалап көзін салды үй ішіне.

Алыстан терезеден сығалайды,
Сонда да бой тоқтатып тұра алмайды.
Үй ішінде біреу жүр шалма ораған,
Көрді де таса жерге тұра қалды.

Ойлайды: осы жүрген молда шығар,
Молда шеше үйлері болған шығар.
Ойлайды байқайын деп мұның артын,
Молда шеше өзі де мұнда шығар.

Осыны ойлап бекініп тұрды сонда,
Таң намаздың мезгілі болды сонда.
Манағы шалма ораған молда шығып,
Мәсжидке азан айта жүрді сонда.

Мәсжидке азан айта молда кетті,
Қағира ойлап тұрды мұндай кепті.
Молда шеше таһаратқа шықпай тұрып,
Алтын тастап көрейін жолға депті.

Осылай тәуекелді қылады енді,
Екі жүз алтын қойды жолына енді.
Алтын, күміс, ақ жүзік абырауын,
Жолығуға бір себеп болар дейді.

Өзі барып таса жерге тұрады енді,
Тасалап тұрды барып бойын енді.
Сол уақытта қолына құман алып,
Молда шеше таһаратқа шыға келді.

Таһаратқа шықты сонда молда шешең,
Сопылық дағуасында болған шешең.
Өзің дағы көзіңді салмас па едің,
Алтынның шашылғанын жолда көрсең.

Молда шешең алтынды тұрды қарап,
Кімнен түсіп қалды деп тамашалап.
Құманын жерге қойып тұрып-тұрып,
Алтынның бірін қоймай алды санап.

Мұның бәрін Қағира көріп жатты,
Алтындарын алғанын біліп жатты.
Молда шеше үйіне келгеннен соң,
Қағира жасырынып үйге қайтты.

Қағира пәтеріне келеді енді,
Сондай нәрсе көрдім деп үндемеді.
Таймұс та мұнан сөзді сұрамайды,
Әйтеуір бір нәрсенің жөнін білді.

Ол күні үйде жатты тысқа шықпай,
Таймұс та бірге отырды һеш нәрсе ұқпай.
Таймұстың көкірегінде қайғысы көп,
Ойнайды Қағира да көңілін жықпай.

Түн өтіп, болып еді таңның алды,
Екі жүз алтын санап тағы да алды.
Молда шеше үйінің сарайына,
Кешегі таса жерге тағы барды.

Таң намаздың мезгілі тағы болды,
Молда тұрып мәсжидке барады енді.
Молда шеше шығатын уақытында
Екі жүз алтын жолға салады енді.

Молда шеше алтынға төте келді,
Не қылып жатқан алтын жолда, — деді.
«Күнде кімнен түсіп қалады бұл,
Бар шығар бір уақиға мұнда», — деді.

Алтынның бірін қоймай алды шеше,
Алып тұрып қалтаға салды шеше.
Тahарат алған құманын қолына ұстап,
Қайтадан өз үйіне кірді шеше.

Алтынды алып молда шеше үйге кірді,
Қағира жасырынып жүре берді.
Пәтерге ойнап-күліп қайтып келіп,
Һеш нәрсе бұл жөнінен сөйлемеді.

Таймұспен бірге отырды күліп-ойнап,
Һеш нәрсе сөйлемейді түбін ойлап.
Жолықпаса сездірмей қояйын деп,
Таймұсқа сыр айтпайды түбін ойлап.

Күн батқан соң жатысты төсегіне,
Бір-ақ күн қалды енді есебіне.
Тағы екі жүз алтынды санап алып,
Қағира келді және кешегі үйге.

Келді де жасырынды орынына,
Көңлінде молда шешеге жолығуда.
Қағираның біледі көзі жетіп,
Молда шеше бір себеп болуына.

Таң намаздың мезгілі тағы болды,
Молда тұрып мәсжидке барады енді.
Молда шеше шығатын мезгілінде
Екі жүз алтын жолға салады енді.

Молда шеше тahаратқа шығады енді,
Алтынды жолда жатқан көзі көрді.
«Күнде-күнде не қылып жатқан алтын,
Бұл жерде бар шығар мағына енді».

Молда шеше алтынды қолына алды,
«Бейшара бір ғаріптің мұңы бар-ды,
Аузы жетпей жүрген бір ғаріп шығар,
Бейшара маған қайдан жолығады?!»

— Бұл алтынның иесі, қайда тұрсың,
Аузың жетпей бір ақыл сайлап жүрсің.
Ысырап қылып көшеге малың шашып,
Бейшара, қандай ниет ойлап жүрсің?

Кім де болсаң, сен маған көрін, — дейді,
Не мұңың бар, білейін жөнін, — дейді.
Мұқтажың бар болса жеткізермін,
Мұңыңды айт, бейшара, келіп енді.

Қағира естіп мұны түрегелді,
Молда шеше сол шақта көреді енді.
Не де болса өлімге басын байлап,
Молда шеше жанына келеді енді.

Сәлем беріп алдына жуық келді,
Қол қусырып тағзымын қылып келді.
Сұлу сипат, әдебі бәрі түгел,
Молда шеше ұнатып сынап көрді.

Молда шеше сұрайды Қағирадан:
— Алтынды жолға шашқан не қылған жан?
Не мұқтажың бар еді, сөйлеші енді,
Не уақиға іс болды, жаным, саған?

Қағира сонда айтты мұңын-зарын,
Бастан-аяқ қалдырмай сөздің бәрін.
Мәликенің жолына жан пида ғып,
Сөйлейді бастан-аяқ жүрген мәнін.

Таймұстың мақтау қылып жөнін айтты,
«Мен — оның жолдасы», — деп өзін айтты.
«Үш күн сабақ береді, — деп, — молда шеше»,
Уәзірдің жария салған сөзін айтты.

Молда шеше айтады: — Ғаріп, — дейді,
Әуре болып жүресің нағып, — дейді.
Оның жайын айтайын оңашалап,
Кір анау сарайыма барып, — дейді.

Қағира кірді оңаша сарайына,
Жаратқан сиынады Құдайына.
Молда шеше қарайды көз айырмай
Қағираның сипатты шырайына.

Оңаша Қағирадан сұрайды сөз:
— Айтыңыз қандай сенің мұрадыңыз.
Қағира айтты: — Әй, молда шеше,
Әлгіден басқа жоқ-дүр жауабымыз.

— Мен айтайын, әй, балам, тыңда, — дейді,
Мәликеден енді үміт қылма, — деді.
Күні ертеңнен қалдырмай ұзатады,
Оның үшін әуре оған болма, — дейді.

Жөнеліп кетті мүлкі қырық күн бұрын,
Ақылын таба алмадың еркін мұның.
Күйеуі — бір патшаның шаһзадасы
Көрген жоқ Мәликенің көркем нұрын.

Күйеуі Мәликені көрген емес,
Дидарын бірінің-бірі білген емес.
Үйде жатып алдырған бір данышпан,
Қалыңдық ойнауға да келген емес.

Һешкімге көрінбей қайт, жаным, — дейді,
Бұл жұмысқа келмейді мәнің, — дейді.
Бір елде текке өлесің, — деген шақта,
Қағира сөз сөйлейді тағы да енді.

— Мұңым сол сізге айтқан, молда шеше,
Әрине іс бітпейді мұнда, шеше.
Армансыз дүниеде болар едім,
Бір қабат жолықтырсаң қызға, шеше.

Бір қабат қыз Таймұсты көрсе, — дейді,
Қандайын бір-бірінің білсе, — дейді.
Қыз қызығып бұрылмай кете берсе,
Таймұстың арманы жоқ өлсе, — дейді.

— Иә, жаным, бұл жауабың анық шын,
Мен айтайын сөзімнің барлық шынын.
Таймұс түгіл, өзіңнің дидарыңа
Мен дағы қызығып тұрмын, жарықтығым.

Сонда дағы бұл істің жөні болмас,
Болмас істі бастауға енді болмас.
Уа, дариға, ертерек жолықпадың,
Уақыт өтіп кеткен соң енді болмас.

— Мәлике қамданып тұр жөнелуге,
Болмайды енді мұнда бөгелуге.
Біздің дағы көңіліміз дауалансын,
Себепкер болсаң, тақсыр, бір көруге.

— Таймұспенен рас дост болсаң, — дейді,
Достық[тың] уағдасында тұрсаң, — дейді.
Көрінуге бір себеп болар едім,
Достың үшін жаныңды қисаң, — дейді.

— Достыма жаным пида, молда шеше,
Шүбһәлі ол жағынан болма, шеше.
Мәликені көре алмай қайтқанымша,
Арман жоқ көріп өлсем мен де, шеше.

[— Дос үшін жаның қиса[ң] сен өлімге,
Ант берейін өлімге көнуіңе.
Достық үшін жаныңды рас қисаң,
Мен де бір ақыл айтайын көруіңе.

— Молда шеше, достыма жаным құрбан,
Достым үшін өлімнен мойным бұрман.
Тәуекел деп өлімге басын байлап,
Ант беріп уағда қылды аятпенен.]

— Киімімді киіп ал менің, — дейді,
Жүзіңді һешкім көрмесін сенің, — дейді.
Басыңа бүркеп менің пердемді сал,
Айтайын Мәликенің жөнін, — дейді.

Бүркеніп қақпаға бар тура, — дейді,
Төрт күзетші даяр тұр сонда, — дейді.
Сені көріп есікті аша берер,
Жүзіңді һеш адамға бұрма, — дейді.

Ар жағында сарай бар алтын қақпа,
Тура жүр, көзің салма бөтен жаққа.
Үш кісі күзетші бар аңдып тұрған,
Есікті аша берер көрген шақта.

Бөгелмей ішкері кір, қадам басып,
Алдыңнан қыз шығады, қалма сасып.
Қолыңнан ұстап таққа мінгізеді,
Алады сонда сенің пердеңді ашып.

Пердеңді ашып қыз көрсе сені, жаным,
Біткені сол арада демің, жаным.
Қыз қылышқа ұмтылса шабамын деп,
Аузыңа алып айтып тұр мені, жаным.

Әгар барсаң өлмеймін деп ойлама,
Жылдам бар, уақыт өтер, енді ойлама.
Жаныңнан қорықсаң барма, ей, шырағым,
Ақыл жоқ мұнан басқа, көп ойлама.

— Молда шеше, мұныңа құлдық, — дейді,
Алдыңызға біз келген мұңлық, — дейді.
Ажалсыз пенде, шеше, өлмес деген,
Дос үшін жанды пида қылдық, — дейді.

Молда шеше киімін алды киіп,
Дос үшін өлмек болды жанын қиып.
Күзетшілер есікті аша берді,
Бөгелместен ілгері барды кіріп.

Алдында алтын қақпа тағы көрді,
Қақпаға тура жүріп барып еді.
Күзетшілер қақпаны ашқаннан соң,
Бөгелместен ілгері тағы кірді.

Мәлике ар жағынан келді жетіп,
Молда шеше келді деп қызмет етіп.
Қолынан ұстап таққа мінгізеді,
Пердесін алайын деп тұрды күтіп.

Басындағы пердесін алады қыз,
Ұстазының бетіне қарады қыз.
Қараса, танымайтын бөтен кісі,
Көргеннен таң-тамаша болады қыз.

Мәликенің ашуы келеді енді,
Бөтен кісі екенін біледі енді.
«Қайдан келген мұндай жат кісі,» — деп,
«Не ғажап, не тамаша мұнда,» — дейді.

Мәлике түрегелді ашуланып,
Қылышын қолына алды қатуланып.
— Сен менің сарайыма қайдан келдің?
Ақырды: тастайын, — деп, — басыңды алып.

Қағира айтты: — Дат, — деді, — патшазада,
Басымда бар деп тұрсың қанша баға.
Басымды кесуіңнен қашуым жоқ,
Сөзім бар айта келген падишаға.

— Датым бар деп сөйлеме, надан, — дейді,
Сенімен сөйлесуге харам, — дейді.
Үндемей отыр бірақ мойынсұнып,
Басыңды қылышпенен шабам, — дейді.

— Ей, Мәлике, олай ашу қылма, — дейді,
Менің айтқан датымды тыңда, — дейді.
Мен де өзіңдей патшаның баласымын,
Молда шеше жіберген мұнда, — дейді.

— Молда шеше жіберсе мұнда, — дейді,
Айт та қайт, мұнда бекер тұрма, — дейді.
Тыстағы күзетшілер тірі қоймас,
Айт дағы жұмысыңды бөгелме енді.

— Айтайын жұмысымды, ашуың бас,
Бұл ашудың үстінде айтып болмас.
Арызымды айтайын қалай көріп,
Қолыңда қылышың бар өткір алмас.

Мәлике ашуынан сонда қайтты,
Қылышын қынға салып бұл сөзді айтты:
— Молда шеше сұрайын қызметі үшін,
Жұмысың мұнда келген не? — деп айтты.

Қағира сөз сөйлейді бастан-аяқ,
Қорқып, сасып, бөгеліп жасқанбай-ақ.
Таймұстың ғашық болып іздегенін,
Сөйлейді бастан-аяқ тастамай-ақ.

Мәликенің ашуы тағы келді,
Ақырды: қоймайын, — деп, — жаныңды енді.
Үстіңдегі молда шеше киіміне,
Басың кессем, жұғады-ау қаның, — дейді.

— Өлсем дағы айтайын жөнім, — дейді,
Бұл үйге іздеп келгенім — өлім, — дейді.
Әдейі іздеп келген соң сонша жерден,
Таймұсқа жалғыз қабат көрін, — дейді.

— Таймұстың мақтайсың сен көркін, — дейді,
Қырық күн болды кеткелі мүлкім, — дейді.
Падишаның баласы Таймұс түгіл,
Өзіңнің де ұнап тұр қалпың, — дейді.

Үндеме дедім ғой мен, есер жігіт,
Енді қылыш басыңды кесер, жігіт.
Өңде-түсте көрмеген адамына
Неге ғашық болады бекер жігіт.

— Әгар көрсең Таймұстың жүзін, — дейді,
Өзің де байқар едің сөзін, — дейді.
Жалғыз қабат жүзіне көзің түссе,
Қалмайсың ғашық болмай өзің, — дейді.

Мәлике айтты: — Не керек, мезгіл өтті,
Қырық күн болды жөнелтті біздің мүлікті.
Ертеңнен қалдырмай ұзатады,
Көре алмас енді Таймұс бізді, — депті.

— Алыстан Таймұс сені іздеп келген,
Мәликенің теңдесі іздеп келген.
Алмасам да жолығып жүзін көріп,
Бір қабат қағысар ма сөз деп келген.

Алыстан әдейі іздеп келген саған,
Таймұсты кемсітпейді көрген адам.
Бір қабат көрінудің жөнін тауып,
Көріну жөн болмас па білген адам.

Мәлике Қағираға жауап берді:
— Мені іздеп келсе Таймұс әгар, — дейді.
Бір қабат ебін тауып жолығар ем,
Орнына сен жаныңды қисаң, — дейді.

Қағира айтты: — Көнеміз, не десеңіз,
Жаным қиям достым үшін, өл десеңіз.
Ант беріп, ая оқып, нандырайын,
Ауызша айтқан сөзге сенбесеңіз.

Ант беріп, ая оқып, иландырды,
— Бас тартып бөгелмеспін мұнан, — дейді.
Қылыш шауып, мылтықпен атса дағы,
Достым үшін мойнымды бұрман, — дейді.

Мәлике айтты: — Қағира, тыңда, — дейді,
Уағдаңнан мойныңды бұрма, — дейді.
Достың үшін жаныңды рас қисаң,
Уағдаңды енді хиләф қылма, — дейді.

Атам мені жөнелтер ертең ерте,
Қаратпас сөйлестіріп төңірекке.
Атам патша жұртына әмір қылса,
Жалғыз жан бұйрығынан жүрмес шетке.

Өзімнің опат болған тапқан анам,
Қабірде кебіндеулі жатқан анам.
Бұл күнде шешем өгей болса дағы,
Кем көрмес өзі тапқан жас баладан.

Қабірде жатыр тапқан ғаріп анам,
Жылаймын әр уақытта сағынғаннан.
Жөнелтерде атамнан ұлықсат сұрап,
Келермін «Йасин» оқып барып оған.

Ақ күмбезді анамның қабірі бар,
Есігін тартса ашылып-жабылар.
Тірі жанға көрінбей түнде барып,
Сол күмбездің ішінде табылыңдар.

Дариға, жолықпадың көптен бері,
Айныма осы қылған серттен, — дейді.
Анамның қабіріне барған шақта,
Жаныма жалғыз кісі ертпен, — дейді.

Атамнан осылай сұрап ұлықсат алсам,
Анамның қабіріне жалғыз барсам,
Зираттан мен болып қайтып келіп,
Кетесің ұзатылып, мұны ұйғарсаң.

Мен мұнда Таймұспенен қалсам, — дейді,
Сен онда ұзатылып барсаң, — дейді.
Сезілген соң қоймайды сені тірі,
Мойныңа осы өлімді алсаң, — дейді.

Мен мұнда қалған шақта сен өлерсің,
Өзің өліп қалған соң не көрерсің.
Өлмеймін деп ойлама осы жолдан,
Достыңмен арыздасып жөнелерсің.

Достың үшін жаның қисаң өлімге,
Ант бересің өліміңе шын көнуге.
Осы өлімнен қорықсаң тез, жылдам қайт,
Уақыт жоқ Таймұсқа енді көрінуге.

Қағира айтты: — Достыма жаным құрбан,
Достым үшін өлімнен мойным бұрман.
Қыз болып ұзатылып кету үшін,
Ант беріп, аят оқып уағда қылам.

Мәлике тағы айтады Қағираға:
— Молда шешем білмесін мұны және.
Бұ сырды жалғыз адам сезбесін, — деп,
Бұған да ант байлады уағдаға.

Қағира бұл сөзді айтып шығып кетті,
Уағдасын бекітіп ұғып кетті.
Манағыдай киінген бойыменен
Молда шеше қасына кіріп кепті.

Молда шеше кірген соң оны көрді,
Көріп жауап сұрайды тағы да енді.
— Мәликеге жолығып жөніңді айтып,
Аман-есен келдің бе, жаным? — дейді.

— Молда шеше, мен келдім есен-аман,
Мұндай тарлық көргем жоқ неше заман.
Ажал жетпей кеудеден жан шықпайды,
Киімің себеп болды, шеше, маған.

Пердеменен үйіне еніп едім,
Пердемді ашып жамалын көріп едім.
Қыз қылышқа ұмтылды «шабамын» деп,
Сіздің киім болмаса өліп едім.

Сіздің киім болған соң көңлі қайтты,
Кейін қайтып қылыштан қолын тартты.
«Молда шешем киіміне қан жұғад деп,
Ұстазым ренжид», — деп бұл сөзді айтты.

Соның үшін келдім мен аман, — дейді,
Бұ жалғанда разымын саған, — дейді.
Баруға енді келмес шамамыз деп,
Қайтайын, ұлықсат бер маған, — дейді.

Молда шеше сонда айтты: — Жаным, балам,
Мен осының айтып ем жайын саған.
Алты жүз жолға шашқан алтыныңды
Қалдырмай түгендеп ал бәрін тамам.

Алты жүз алтындарын санады енді,
Қалдырмай бәрін санап алады енді.
Уағдасын Мәликемен бітірген соң,
Таймұсқа пәтердегі барады енді.

Таймұсқа келіп айтты көргендерін,
Мәликемен сөйлесіп келгендерін.
Қыз болып ұзатылып кету үшін,
Тағы да айтты уағда бергендерін.

— Мәликемен қаласың мұнда, — дейді,
Қыз болып мен кетемін анда, — дейді.
Ішінде ақ күмбездің тосып жатып,
Сол жерде жолығамыз қызға, — дейді.

Қағираның жауабын білді Таймұс,
Енді керек қылмайды қызды Таймұс.
Бір қыз үшін достынан айрылуға,
Бұл істі жөн көрмейді енді Таймұс.

— Қыз маған керегі енді болмас, — дейді,
Дүниеге сізсіз көңлім тынбас, — дейді.
Бір сағат жүзің көрмей шыдамаймын,
Қой, достым, қайғың ішке сыймас, — дейді.

Қызға ғашық болғам жоқ бұрын, — дейді,
Бұл қыздың көргенім жоқ түрін, — дейді.
Бір қыз үшін айрылып жан достымнан,
Соғұрлы керегі не маған, — дейді.

Мұндай бір қыз табылар елімізден,
Қалмайық, тез қайтайық, жөніміздең.
Сыртынан ғашық болып іңкәрланбай,
Бұл қызды шығарайық көңлімізден.

Қағира: — Мәликемен уағдам біткен, — дейді,
Енді қайтып болмайды серттен, — дейді.
Әдейі іздеп келген соң қызды алайық,
Мен онда біржолата кетпен, — дейді.

Ажалсыз жан шықпайды, достым, — дейді,
Менен қорықпа, көңілді хош қыл, — дейді.
Тірі болсам келемін бір айналып,
Қырық күндей осы тамда тосқыл, — дейді.

Таймұс та бұл жауапқа мойындады,
Қағира мойындатпай қоя алмады.
Ішінен достын қимай айтса дағы,
Іздеген мағшұғы сол ойындағы.

Таймұс пенен Қағира келді тамға,
Көрінбей жасырынып бір адамға.
Там ішіне бекініп түнде келіп,
Сыр білдіріп, сездірмей тірі жанға.

Таң атып уақыт жетті мезгілінде,
Патша тұрды уағдасымен өз жөнінде.
«Ертерек Мәликені жөнелтем», — деп,
Мұны ойлап тұрып еді көңілінде.

Қызының сарайына келді патша,
Келіп қызының дидарын көрді патша:
— Алланың бұйрығымен жөнелтемін,
Жыламай киін, балам, — дейді патша.

— Әй, әке, киімімді кисем, — дейді,
Алланың бұйрығына көнсем, — дейді.
Бүгін жақсы сапарға жүрмек болсам,
Сұрайын бір тілекті берсең, — дейді.

Патша айтты қызына: — Балам, — дейді,
Не берсем де келеді шамам, — дейді.
Тілейтін тілегіңнің айтшы жөнін,
Берейін тілегіңді тамам, — дейді.

— Құдайдың бұйрығына мен көнейін,
Үйімнен рұқсат алып жөнелейін.
Рұқсат берсең, анамның қабіріне
«Йасин» оқып бағыштап мен келейін.

Зиратқа мен барайын жалғыз өзім,
Жақсы-жаман шыға ма лебіз сөзім.
Жылап-сықтап көңлімді басар едім,
Көрмесем сол уақытта жанның жүзін.

Сұраған мақсұт мирас, осы жайым,
Тілек алып көңілді хош қылайын.
Көштің алды жөнеліп шыға тұрсын,
Соңынан өзім барып қосылайын.

Патша мұны ұнатып ұйғарады,
Патшаның жарлығынан кім қалады.
Жұртымен амандастырып, көрістіріп,
Ұзатып қызын үйден шығарады.

Қызын үйден шығарды біржолата,
Амандасып көрісті қыз бен ата.
Жұртымен амандастырып, көрістіріп,
Жіберді анасының зиратына.

Қыз да кетті зиратқа жалғыз өзі,
Осылай рұқсат қылды ханның өзі.
Анасының басына «Йасин» оқып,
Келмекші болып кетті аның өзі.

Көш шығып шаһарынан жөнеледі,
Шешесінің қабіріне қыз келеді.
Там ішінде отырған екі жігіт
Таймұс пенен Қағираны қыз көреді.

Таймұсты көрген жерден болды ғашық,
Тағат қылып тұрмады көңлін басып.
Іші-бауыры елжіреп оттай жанып,
Не дерін де біле алмай тұрды сасып.

Таймұс та Мәликенің нұрын көріп,
Көрісті қарсы келіп қадам басып.
Ғашығы екеуінің бірдей болып,
Отырды қол ұстасып көңлі тасып.

Мәлике сонда айтты Қағираға:
— Бұл істің жөні болды-ау енді нешік?
Қағира айтты: — Қам жеме, Мәликежан,
Бір жөнін берер маған Хақ Тағала.

Қыз болып мен кетейін орыныңа,
Алла нәсіп әйласын жолығуға.
Күнінде осы тамға бір қатынап,
Уағда қыл қырық күн мұнда болуыңа.

Қырық күн мені тосыңдар осы тамда,
Тірі болсам келермін уағдамда.
Күндіз барып пәтерден тамақ ішіп,
Сыр білдірмей жүріңдер тірі жанға.

Қырық күнде келмей қалсам, мен өлгенім,
Дүниеде достым үшін не көрмедім.
Қырық күннен бір күн асса, қарайлама,
Жөн болмас жолдан қалып бөгелгенің.

Осы сөзбен уағда қылады енді,
Жәрдем бер деп Алладан сұрады енді.
Мәликенің киімін киіп алып,
Қағира Мәликеше болады енді.

Қыз киімін киіп ап атқа мінді,
Ұзатқан қыздың түсті қалпына енді.
Қырық күнде келермін деп уағдаласып,
Жөнелді достын тастап артына енді.

Таймұс пенен Мәлике тамда қалды,
Досы үшін жылап енді қайғыланды.
Қыздың көші бөгеліп тосып тұрған,
Бөгелмей сол бойымен көшке барды.

Жөнеліп көшіменен бірге кетті,
Бұл сырды жалғыз адам сезбей кетті.
Пердені ашып көрінбей тірі жанға,
Бірнеше күнде шаһарына әзер жетті.

Келіншек болып түсті Қағира онда,
Алдынан хабар барды бұрын онда.
Алдындағы «күйеудің» қарындасы
Бар қызы падишаның тағы да онда.

Алдынан бұ қыз шықты жеңгесінің,
Қисабы көп, не керек өңгесінің.
Жүзін көріп Құдайға шүкір қылды
Өзі көркем Мәликедей теңдесінің.

Енгізді арнап салған сарайына,
Көрген жан таң қалады шырайына.
Ішінен әлде қандай [болады деп,
Қағира сиынады Құдайына].

Күйеуі [естіп мұны қамданады,
Салтанатын түзетіп сәнденеді].
Үйде жатып алдырған [келіншегін]
Оңаша көремін деп [ойға алады].

Қағира мұны естіп [біледі] енді,
Арасында хабаршы жүреді енді.
[Жаңа түскен келіншек] арыз қылып,
Атасынан бір тілек тіледі енді.

— [Алыс жолдан мен келдім] жүдеп, — дейді,
Оның үшін тілеймін тілек, — дейді.
Бұ күнде [балаңызға] көрінуге
Қорғанады сескеніп жүрек, — дейді.

Тынығып өз-өзіме келсем екен,
Бұрынғы шырайыма енсем екен.
Бір жеті күн тынығып [шырайланып],
Мұнан кейін балаңызды көрсем екен.

Атасы келін сөзін қабыл қылды,
— Тілегін алсын балам тағы, — дейді.
Жеті күн өтпей жүзін көрмесін, — деп,
Падиша баласына әмір қылды.

Жеті күн тоқтады енді хан баласы,
Ханның жалғыз ардақты шаһзадасы.
Жеті күн өткенінше қыз-келіншек
Жеті күн тынықпақшы — уағдасы.

Жеті күн қыз-келіншек жатты бірге,
Оңаша зинатлаған алтынды үйде.
Хан қызының қасында қырық қызы бар,
Бұлар басқа жатады астыңғы үйде.

Қағира бірге жатты хан қызымен,
Ханның қызы ай-шолпан жұлдызымен.
Күнде бір қыз айтады хикая сөз,
Бұлайша уағдаласты қыздарменен.

Бұл қыздар хикая айтар білгенінше,
Келіншектің көңілі сүйгенінше.
Күнде бір қыз айтады хикая сөз,
Талықсып ұйқы көзге келгенінше.

Кеңеспен таң атқаны білінбейді,
Қағира сөз тыңдауға ерінбейді.
Кеңеспен таңды-таңға ұластырып,
Қыздардың көзі ұйқыға ілінбейді.

Бұл ұйқы қалжыратты барша қызды,
Қағирамен бірге жатты патша қызы.
Бір күн түн көзі ұйқыға барған шақта,
Жеңешең ыңғайлап жүр ханшаңызды.

Оянып қыз сескеніп түрегелді,
— Әй, жеңеше, не тамаша мұның, — дейді.
Оның да кеудесінде жаны жоқ па,
Алған соң бір ыңғайлап жібермеді.

— Сөзімді тыңда, — дейді, — ханның қызы,
Болатын жеңешеңнің һәр мінезі.
Әуелі мұрат хасыл болып өтсін,
Айтылар содан кейін мағынасы.

Не керек, сөйтіп өтті мұрат хасыл,
Отқа түсіп шыққан соң болат жасыл.
Енді бөтен күйеуге барар бет жоқ,
Қалмады хан қызында ұят асыл.

Бұ қыз бұрын күйеуге берілмеген,
Һеш адамға дидары көрінбеген.
Қыздың мүлкі бұзылып қалды ғапыл,
Аң-таң болып отырды соққандай сең.

Қыз сонда Қағирадан сөз сұрайды:
— Неге маған айтпадың осы жайды.
Сен менің нақ сүйген жарым болсаң,
Құда түсе еліме кім барыпты?

— Мен айтайын, сен ұғып тыңда, — дейді,
Сөзден бөтен көңіліңді бұрма, — дейді.
Патшаның жалғыз ұғлы — Қағирамын,
Келтірген атаң өзі мұнда, — дейді.

Патшаның қызы едің ардақтаған,
Айттырам деп елші салды һәр тараптан.
Атаң сені күйеуге бермеймін деп,
Салдырған аулақ сарай арнап саған.

Айттырмаған елші жоқ тамам елден,
Қанша патшазадалар саған келген.
Атаң соның біреуін қабыл көрмей,
Алланың бұйрығымен маған берген.

Қырық күн бұрын жібергем қалың малың,
Мен емес пе Қағира сенің жарың.
Күйеу бармай қыз іздеп келе ме екен,
Осыны ойламастан не қылғаның?

Атаң маған келін боп келсін деген,
Келген соң бірін-бірі көрсін деген.
Бірін-бірі ұнатып қабыл алса,
Бұлайша ынтымаққа енсін деген.

Көрінбей кетсін деген тірі жанға,
Көрінсе душар болар бір дұшпанға.
Ерсең жүр, ермесең ерік өзіңде,
Бұл басылған сүйекке біздің таңба.

Атаңның өсиеті осы қылған,
Себебі бұл: дұшпаннан шошынғаннан.
Ендігісін өзің біл не қылсаң да,
Күнә жоқ іздеп келіп қосылғаннан.

Маған ерсең, жүресің түнде, — дейді,
Көріспей біз кетеміз елге, — дейді.
Қағираны көңілі ұнатқан соң,
Қыз дағы даярланды жүруге енді.

Екеуі асыл киім киіп алды,
Неше түрлі бұйымды жиып алды.
Қыз шашын төбесіне түйіп алып,
Екеуі екі арғымақ мініп алды.

Бір татса бес күн қарын ашпайтұғын
Торсыққа бал-шекерді құйып алды.
Шаһардан түнде шықты екі шаһизат,
Тәуекел деп Аллаға сиынады.

Тәуекел деп жөнелді екі шаһизат,
Мінгені екеуінің — арғымақ ат.
Бұлар осы жөнімен бара тұрсын,
Сөйлейін тағы артында бір ауыз хат.

Ұйқысы келгеннен соң қыздар жатты,
Қанша мезгіл болғанын білмей қапты.
Сәскелікте патшаның уәзірлері
Жоқтады шарбақтағы арғымақты.

Қызметшілер арғымақты жүрді қарап,
Қарады жан-жағынан шаһарды аралап.
Қыз сарайының қақпасы ашық жатыр,
Қарасып бұлар жүрді тамашалап.

[Қызметшілер арғымақты іздеп жүрді,
Терезенің тұсынан дүбірлейді.
Бұлардың дүбірлеген дыбыстары
Үйдегі жатқан қыздарға білінеді.

Қыздар шықса, қақпасы ашық жатыр,
Қарауылшылар һәр жерден тез қарап жүр.
Ашық жатқан қақпаны көргеннен соң,
Қайтадан үйге кірді сасып пақыр.

Қыздар келді ханшаның бөлмесіне,
Ханшаға мұнан хабар бермесін бе?!
Жүгіріп келсе, қыз бенен келіншек жоқ,
Көп қыздар мұны келіп көрмесін бе].

Қыздар барып қарауылшыға хабар берді,
Патша да бұл хабарды сезеді енді.
Бір түнде ғайып болды қыз бен келін,
Патша іздеп қайдан тапсын мұны енді?!

Патшаның ғайып болды қыз, келіні,
Һешкімге білінбейді мұның жөні.
Мен түгіл, патша іздеп таба алмайды,
Қояйын сонымен мен де мұны.

Келеді Қағирадан енді кеңес,
Бұлардың кеткен жөнін адам білмес.
Өнермен патша қызын алып қайтты,
Хақ жандырған шырағы сөндірілмес.

Қағира қызбен қашып жөнеледі,
Бір жөнеліп алған соң бөгелмеді.
Қағира тура жөнін білгеннен соң,
Баяғы там түбіне келеді енді.

Зираттың бұлар келді түбіне енді,
Ханның қызы һеш нәрсе білмей келді.
Алдында Таймұс пенен Мәлике тұр,
Бұлардың ісін Тәңірім жөндей берді.

Таймұс пенен Қағира көріседі,
Бірінің-бірі бетінен өбіседі.
Көрісіп отырысып көңіл тынып,
Сұрасып хал-жайларын біліседі.

Сол күні отыз тоғыз күн болған екен,
Таң атса қырық күн уағда толған екен.
Күндіз барып пәтерден тамақ ішіп,
Түнінде тамға қонып тұрған екен.

Сол күні Таймұс жылап отыр екен,
Келмеді деп көңілі қорқуда екен.
Бұл уақытта Қағира жолығысты,
Жүрмекке бір күннен соң тұрған екен.

Бір-бірін есен көріп амандасты,
Хан қызына сыр айтып тамамдасты.
Бұл төртеуінің көрік-сипаттарын
Қиыстырып сипаттап біле алмас-ты.

Отырып ақылдасты төрт асылзат,
Төртеуінің мінгені — арғымақ ат.
Тәуекел деп жөнелді тағы түнде,
Төртеуі де ханзада асыл әулад.

Жолықты ғашық болып бір-біріне,
Өлшеулі жан болмайды бұл төртіне.
Екеуі екі патшаның қызын алып,
Қағира мен Таймұс келді өз еліне.

Патшаның айы-күні туады енді,
Естіген жұрт қисапсыз қуанды енді.
Өзінің қол астының халқын жинап,
Таң қалғандай ұлық той қылды енді.

Таймұсты Қағирамен жаздым мен де,
Һәркімнің мақсұт болар көңілінде.
Осындай мүддесі бар құрбыларым,
Мұратқа жетіңіздер бәріңіз де.

Осылай бұл қиссаны жаздым тамам,
Һәрқашан медет берсін Хақ Тағалам.
Қатасы болмайды емес, бар да шығар,
Бұл тұста көңіл шіркін борсаладың.

Сөз жаздым бір-екі ауыз аяғына,
Риза боп екі жастың талабына.
Мен әлімше осылай сөз қосушы,
Кеңесіп ақылдасып қаламыма.

Падиша той қылады жиып халқын,
Ауызбен айтып болмас оның қалпын.
Бозбала, зердең болса осындай қыл,
Ілгерірек ұмытылып, іздеп талпын.

Болмайды іздегенге табылмас іс,
Іждағатың болмаса, үмітің кес.
«Өнерді үйрен дағы жирен» деген,
Не қылды Қағира мен мына Таймұс.

Сөзімнің енді аяғы болды тамам,
Шаршамас ауыз бен тіл, қол мен қалам.
Назымлап жаздым мұны мұхтасарлап,
Түйінді жазбаққа да келер шамам.

حکایت سلیم جان

Хикаят Сәлімжан

Жазайын қалам алып қисса сөзді,
Жазған жан ғаріптіктен жаһан кезді.
Жазайын қисса қылып Сәлімжанды,
Құдайым есен қылса енді бізді.

Өлеңге жазып едім талай істі,
Нәсір сөз қисса екен, көзім түсті.
Сәлімжанның қиссасын оқып едім,
Әні жоқ құр сөз екен, ішім пысты.

Табылар өлең деген қалам алсаң,
Қисса сөз шырын болар өлең қылсам.
Өлеңге аударайын Сәлімжанды,
Жамағат, бір азырақ құлақ салсаң.

Назым қылып жіберейін жұртқа жайып,
Адамға үлкен дұшпан жаман зайып.
Бұзылған әйелдерге ғибрат болсын,
Жарандар, бұ сөзіме қылма айып.

Өлеңде бисмилла айтпақ бұйрық жоқ,
Сөзімді жұрт тыңдаса, көңілім тоқ.
Жүсіпбек сөз бастасын Сәлімжаннан,
Тыңдап тұр құлақ салып, жамағат көп.

Жарандар, бұ сөзіме құлақ салғын,
Ескі сөз өлең қылып хатқа салдым.
Бұзық қатын істері қандай екен,
Бұ сөзді естіген жан, ғибрат алғын.

Біздерге үлгі болған өткен ерлер,
Тыңдағын құлақ салып, әй, жарандар.
Сүлеймен атты бір бай болған екен,
Қайратты екен шаһарда бек саудагер.

Сүлейменнің малының қисабы жоқ,
Бек данышпан кісі еді ақылы көп.
Жомарттығы өзінің асқан екен,
Ғарібі мен қасірге рақымды бек.

Сөйлескен жан қасынан кетер емес,
Ол шаһарда онан бай өтер емес.
Әгар мақтап байлығын айтар болсам,
Жалаң үйі бір күнге бітер емес.

Бар екен Сүлейменнің үш жүз құлы,
Өзінің Құда берген көп-ті пұлы.
Өзі көргелі пенденің көңілін жықпас,
Сүлейменнің бар еді жалғыз ұғылы.

Сәлімжан аты екен ол баланың,
Қызығын көп көрмеді ата-ананың.
Сүлейменнің байлығы жаннан асқан,
Ішіне сарай салған он қаланың.

Дәулеті шаһарынан артық болды,
Сүлеймен мал мен басқа көңілі толды.
Қыз айттырмақ болды да баласына,
Сүлеймен аралады тамам елді.

Өзіндей бір байға кеп құда түсті,
Қалың малға мың тілла пұл берісті.
Ежеғабыл қылған соң құда түсіп,
Сәлімжанды күйеу қып жіберісті.

Сәлімжан қайынында төрт күн жатты,
Атасының қаһары тым-ақ қатты.
Тамаша, ойындары біткеннен соң,
Сәлімжан бесінші күн үйіне қайтты.

Сүлеймен дәулеті асқан қаласынан,
Істің түбін ойлап жүр данасынан.
— Аман ба, алған қызың жаман ба? — деп,
Сүлеймен жауап сұрды баласынан.

Шын айтпаса атасы болар емес,
— Әй, балам, менің сөзім жақсы келмес.
— Несіне жасырайын, әй, жан ата,
Ол қызы қатын екен, аман емес.

— О қызды таста енді, балам, — деді,
Көңілімнен кетсін менім сәнам, — деді.
Әй, балам, менің сөзім мақұл көрсең,
Талақ хат қазір жазып салам, — деді.

Әй, балам, ол бәледен құтыл, — деді,
Зарарын көрмей тұрып күтін, — деді.
Жақсы қыз тағы тауып әперемін,
Мың тілладан мен кештім бүтін, — деді.

Сәлімжан «жарар» деді мақұл көріп,
Талақ хатын жіберді жазып беріп.
Сәлімжанды тағы да қайындатты,
Таңдап жүріп бір сұлу қыз айттырып.

Мың тілла қалың малға берді тағы,
Жаһанда Сүлейменнің артық бағы.
Қыз қойнына жіберді Сәлімжанды,
Той, тамаша істерін қылды дағы.

Сәлімжан жатты қызбен төрт күн ұдай,
Дәулетті берген кәміл Жаппар Құдай.
Сәлімжан үйге қайтып келгеннен соң,
Атасы жауап сұрды бұрынғыдай:

— Әй, балам, құп тыңлағын менің сөзім,
Сүйер қозым, жалғызым сенің өзің.
Сұрайын деп мен келдім сізден жауап,
Айтып бер оңашада ашып көзім.

Әй, балам, алған жарың аман ба екен,
Малым кетіп далаға жаман ба екен?
Жақсы, жаман болса да жасырмай айт,
Малымыз халал болар заман ба екен?

— Бұ қыз да жаман екен, аман емес,
Әй, ата, мен айтайын сізге кеңес.
Атасы не сұраса айтып берер,
Сәлімжан һеш нәрседен уайым жемес.

— Жаман болса мұны да таста, балам,
Атаң айтқан сөзінен аспа, балам.
Екі мың тіллам бекер кетпекші екен,
Қыз тауып әперемін, саспа, балам.

Ата сөзін Сәлімжан мақұл көрді,
Сәлімжанды ол қызға жібермеді.
Атасының жауабын екі қылмай,
Сәлімжан халұғ хатын жазып берді.

Екі мың тілла бекер кетті дейді,
Сүлеймен айтқан сертке жетті дейді.
Қыз тауып баласына әперем деп,
Сүлеймен ел қыдырып кетті дейді.

Сырын айтпай көп елді аралапты,
Аман қызды һеш жерден таба алмапты.
Бір байдың сұлу қызын көрді дағы,
Осы қыз аман ғой деп шамалапты.

Не қылса Құдай қылар һәрбір істі,
Сүлейменнің қыздардан аузы пісті.
Не болса да әйтеуір тәуекел деп,
Мың тілла қаражат қып құда түсті.

Қызға тағы жіберді Сәлімжанды,
Қыз қойнында үш-төрт күн қонып қалды.
Сәлімжан үйге қайтып барғаннан соң,
Оңаша үйге атасын шақырып алды.

Бай қылды Сүлейменді бар Құдайым,
Ісінің түбін ойлап жүр қылып уайым.
— Аман ба, — деп, — шырағым, жаман ба? — деп,
Сүлеймен сұрды ұғылынан қыздың жайын.

— Әй, ата, бұ қыз тағы емес аман,
Сұраған сөздің шынын айтсам тамам.
— Олай болса мұны да таста, — деді,
Он қызғаша келеді менің шамам.

Атасы айтты: — Мұны да алма, балам,
Залымды алып бәлеге қалма, балам.
Елден тауып жақсы қыз әперермін,
Малымды аман қылса Алла Тағалам.

Сәлімжан тыңлап отыр мына сөзді,
Ішінде қимай отыр осы қызды.
— Әй, ата, бұ қызды мен тастамаймын,
Бір іске бастаған-ды Құдай бізді.

Әй, ата, бір тәуекел қылалық біз,
Осымен не де болса тұралық біз.
Құда нәсіп қылмаса пәк қыз маған,
Енді басты қай жаққа ұралық біз.

Құданың бергеніне разыман,
«Таста» деген сөзіңе наразыман.
Енді мұны «таста» деп қинамаңыз,
Сөзімнің тұрған жерін айттым саған.

Амалсыз атасы да разы болды,
Ол қызды үйлеріне алып келді.
Үйіне алып келген соң ол келіні
Ата-анаға бек жақсы қызмет қылды.

Келіннің бек әдепті болды өзі,
Сүйікті болды жұртқа һәр мінезі.
Сүлеймен бұ келінді бек ұнатты,
Жібектей талдап қойған айтқан сөзі.

Сүлеймен бұ келінге разы болды,
Тағдыр жетіп өзінің қатыны өлді.
Сүлейменнің өзі де қатты ауырып,
Хәлден кетіп бір күні өлмек болды.

Кеселі Сүлейменнің қатты болды,
«Өлемін» деп, жанынан қорқыныш қылды.
«Өсиеттерім қалдырып кетемін», — деп,
Шақырып ол келінді қасына алды:

— Әй, келінім, біздерге жетті ажал,
Өсиет сөз айтамын құп ұғып ал.
Ол баламның ақылы аз ғана еді,
Сіздер менің сөзіме құлағың сал.

Бар еді маңдайымда жалғыз ұғылым,
Қисапсыз Құда берген көп-ті пұлым.
Ақылым ұғылыма айтсам ұқпас деймін,
Сөзімді махкам тыңдап тұр, келінім.

Өзіңе белгілі үлкен бақшамыз бар,
Сарай толған бақшада ақшамыз бар.
Жүз жыл ауқат болады өздеріңе,
Сол сарайдың есігін тапсаңыздар.

Мынау балам малына еге болмас,
Кедей болсам өлем деп ойына алмас.
Сәлімжанға көрсетпей өзің бақкыл,
Жүз жыл жатып жесең де ада болмас.

Бақшаның күншығыс жақ пұшпағында,
Жалғыз тас белгісі бар қақпағында.
Осы күнде бар дағы белгілеп кел,
Мына кілтіні қолыңа ұстағын да.

Ұғылым білсе, ойлаймын сарып қылұр деп,
Көрінген адамдарды қарық қылұр деп.
Ақылың кем болса да есіңіз бар,
Ойлаймын һәр нәрсені парық қылұр деп.

Мұны айтып келінімен бақұлдасты,
Зар жылап, келін көзден төкті жасты.
«Жалғыз ұғылым Құдайға тапсырдым», — деп,
Сүлеймен ахиретке қадам басты.

Сүлеймен тағдыр жетіп дүние салды,
Сәлімжан атасы өліп жетім қалды.
«Атама разы Алла қыламын», — деп,
Сәлімжан бес жүз молда жиып алды.

Көп малды молдаларға инғам қылды,
Жаназалап атасын дәпін қылды.
Атасының зорынан жүрген байғұс,
Мәнсіз малға Сәлімжан ие болды.

Сарып қыла бастады енді малды,
Тамам ел Сәлімжанның сырын алды.
Қисапсыз орынсыз қып мал шашқан соң,
Сәлімжан «ақымақ мырза» деп атанды.

Өзіне дұрыс достар бек көбейді,
Мазақтап һәркім күнде пұл сұрайды.
Мейлі мың, мейлі бес жүз сұраса да,
Қажет деп сұрағанын қайырмайды.

Құдайым Сәлімжанды әуере етті,
Келген жан не керегін алып кетті.
Күні-түні арақ ішіп, құмар ойнап,
Атаның ауыр дәулет бәрі бітті.

Сәлімжан малы, пұлын тамам қылды,
Таппайды өзі тағы жалғыз пұлды.
Үйін, түзін һәммасын бітірген соң,
Барында қорасы мен бақша қалды.

Қалмады Сәлімжанда жалғыз тиын,
Малымен бірге кетті жиған бұйым.
«Құмар ойнап, мырзалық қыламын», — деп,
Жалаңаш қалды таппай жалғыз киім.

Сатарға пұлы түгіл, бұйым да жоқ,
Үстіне киетұғын киім де жоқ.
Жағарға от, татарға дәм таба алмай,
Аш жатты үш күн, үш түн, дүние боқ.

Сәлімжан айтты бір күн қатынына:
— Бір іс келіп тұр бүгін ақылыма,
Бай күнімде мың-мыңнан ақша берген
Барайыншы көңілдес жақыныма.

Бұ сөзді айтып үйінен шығып кетті,
Мың теңге алған біреуге барып жетті.
Сәлімжанды көрген соң анадайдан,
«Кесапаты келед» деп қашып кетті.

Өзі бұрын мың-мыңнан ақша берген,
Пұл тілеп һәрқайсының соңына ерген.
«Кесапатың тиер» деп өзін ұрды,
Атасының дәулетін көзі көрген:

«Атаңнан қалдың сансыз малыменен,
Қу сорлы үміт қып жүрсің енді неден?
Жақын келме, Сәлімжан, таяқ жерсің,
Кесапатың тиеді, бездік сенен».

Жалғыз тиын таба алмай қайтып кетті,
Нәр татпастан арада үш күн өтті.
Қатын сонда айтады Сәлімжанға:
— Енді аштан өлетін уақыт жетті.

Бізде барда көп бердік сұрағанға,
Бір тиын таба алмадық бұ заманда.
Фалақшы атты дүкенші бір мырза бар,
Бір қайыр қылады сол барсаң анда.

Өзі Сираф баласы мырза, — дейді,
Құдайың һәр ісіңе ырза, — дейді.
Есіттім, мүсәпірді ренжітпейді,
Жайыңды айт сонда барып, тұрма, — дейді.

Жомарт жоқ деп есітемін онан өзге,
Жайыңды айтсаң, бір нәрсе берер бізге.
«Барайын» деп үйінен шығып кетті,
Сәлімжан мақұл көріп мына сөзге.

Сәлімжан Сираф ұғылын іздеп тапты,
Қарыны ашып дәрмені кеткен қатты.
Ол Сирафтың ұғылына арыз қылып,
Сәлімжан уақиғасын баян етті.

Бес тілла Сираф ұғлы берді сонда,
Жүдеген Сәлімжанды көрді сонда.
Базардан тамақ алып ауқат қылып,
Таусылғанша ауқат қылып тұрды сонда.

Оны тауысып тағы үш күн аш отырды,
Қатыны тағы бір күн іс бұйырды:
— Құр қайтарып жібере қоймас деймін,
Тағы Сираф ұғылына барғыл, — дейді.

Ол Сирафтың ұғылына тағы барды,
Баян қылды Сәлімжан арыз-халді:
— Үш күннен бері ашпыз тағам татпай,
Бір рақым қылыңыз, — деп айтып салды.

Он тілла берді тағы оған алып,
Ол біткенше ішіп-жеп тұрды барып.
Және бес күн екеуі аш отырды,
Он тілланы бітіріп тауысып алып.

— Фалақшыға тағы бар, — дейді қатын,
Жалынсаң салар, — дейді, — мархабатын.
Барсаң тағы бір рақым қылар бізге,
Жұрт мақтап артық дейді мұрауатын.

Бұ сөзбенен Сәлімжан шығып кетті,
Сирафтың баласына барып жетті.
— Бес күн болды heш тағам татпадық біз,
Және достық, шапағат қылғыл, — депті.

Фалақшы және берді қырық тілланы,
Расхотқа ұстай берді тағы оны.
Базардан тамақтарын келтірген соң,
Сәлімжанға айтады қатын тағы.

Қатын айтты: — Әй, мырза, тыңла сөзім,
Бұ жомарт Сираф ұғылын көрді көзің.
Сираф ұғылы бізге көп достық қылды,
Шақырып қонақ қылғыл оның өзін.

Бізге ол қылып жүр ғой көп достылық,
Болмайды heш адамда ондай қылық.
Сәлімжан шақыруға кетті сонда,
Қатынының жауабын мақұл көріп.

Сәлімжан сөз сөйлейді сонда барып:
— Әй, достым, құлағың сал, ашына қариб.
Зияпатқа шақыра келдім сізді,
Әй, жомарт, рақым еткіл мәртланып.

— Құп, мақұл, барам, — деді, — күн батқан соң,
Кеш батып дүкенімді мен жапқан соң.
Сәлімжан бек қуанып үйге қайтты,
Барамын үйіңізге деп айтқан соң.

Қонаққа келді досты кешке жақын,
Сәлімжан қыла берді зияпатын.
— Тағам алып кіргенге оңай болсын,
Есікті ашып қой, — деп айтты қатын.

Сәлімжан сонда есігін ашып қойды,
«Бұ қалай?» деп сонда бір ойлайды ойды.
«Дастарқанды жай» дейді, ас келтірді,
Сәлімжан мейманымен асап, тойды.

Сол уақытта жеміс піскен мезгіл екен,
Неше түрлі жемістер түгел екен.
Сәлімжанды шақырып қатын айтты:
— Жеміс берсең қонаққа болмас па екен.

Бақшаға бар қолыңа сауыт алып,
Жаңа піскен жемістер келгіл алып.
Жемістерден достымыз татып кетсін,
Дастарқанмен алдына қойғын салып.

Сәлімжан қатын сөзін мақұл көрді,
Көңіліне және ойлайды хайал ойды.
«Бір хикая бар шығар қатында» деп,
Есігінің аз жерін ашып қойды.

Сәлімжан ол жарықтан қарап тұрды,
Қатын Сираф ұғылына жетіп барды.
Барып қатын құшақтап Сираф ұғылын,
Бетінен шарт еткізіп сүйіп алды.

Мұны көріп Сәлімжан жүре берді,
Сауытқа жемістерден салып алды.
Ьеш нәрсені көрмеген адамдай боп,
Екі сауыт жемісті алып келді.

Сираф ұғылы қатынмен құшақтасты,
«Ойнармыз асап-ішіп, — деді, — асты».
Тамақты жеп отырып қалтасынан
Екі сауыт арақты алды досты.

— Сәлімжан, көп болды сіз ішпегелі,
Бұ нәрсе саған таңсық болды әлі.
Сыйлау қылып мен сізге ап келдім, — деп,
Стаканға толтырып құйды оны.

«Құп болар» деп Сәлімжан тысқа шықты,
Сақтанып бұл арада хайла қыпты.
Алқымына бір месті байлап алып,
Қасына мейманының қайтып кепті.

Сәлімжанға мейманы береді арақ,
Меске құйып береді теріс қарап.
Сәлімжан хайла қылды бір ұрттамай,
Ішті деп білмей отыр ұғылы Сираф.

Екі сауыт арақты тамам қылды,
Сәлімжан мас болғандай жығылды енді.
Мисле өлген адамдай жатыр сұлап,
Қозғаса қатын келіп Сәлімжанды.

Сираф ұғылы айтады: — Пұрсат болды,
Екі рүмке ақылсыз қылар еді.
Өлмей тірі қалуы екі талай,
Екі сауыт һәммасын тамам қылды.

Бұ сөзді естіп қатын тұрды қарғып,
Мейманын құшақтайды жүгіріп барып.
Бұл екеуі мәслихат қыла берді,
Сәлімжан тыңлап жатыр құлақ салып.

Қатын айтты: — Әй, жаным, мен сенікі,
Тыңдасаң мақұл көріп сен менікі.
Бөкөрімді жас күнде сен алып ең,
Енді саған тиемін, алғын, — деді.

Қазына да аласың, мені алсаң,
Бақшада көрсетейін алып барсаң.
Шам жандырып бақшаға барды бұлар,
Сәлімжан бірге жүрді, құлақ салсаң.

Олар барып бақшаға ене берді,
Сәлімжан да артынан ере берді.
От өзінде болған соң көрмеділер,
Сәлімжан не қылғанын көре берді.

Қазына сарай есігін ашты қатын,
Сәлімжан қасына кеп тұрды жақын.
Түбіне олар барғанда көзін салса,
Алтын тас кеспек-кеспек толған алтын.

Алтын, күміс, гауһар тас, зүмруд, жақұт,
Дүр, маржан, лағыл тас, меруерт, ақық.
Ішінде ол екеуі аралап жүр,
Сәлімжан есігінде көрді бағып.

Сәлімжан көріп алып қайта жүрді,
Белгілеп жан-жағына қарап тұрды.
Олардан үйге қайтып бұрын келіп,
Баяғы орынына жата берді.

Бұлар көріп қазынаны үйге келді,
Әңгіме қып көргенін сөйлей келді.
«Қайын атам кеткен, — деп, — маған беріп»,
Ол қатын Сирафовқа баян қылды.

— Ұғылына білгізбеген атам мұны,
Есігін бағып жүрмін күндіз-түні.
Ұғылым көрсе, мұны да ада қылар,
Көрсетпей сен еріңе сақта, — деді.

Бұ күнгеше еріме көрсетпедім,
Сіздің берген ақшамен жан сақтадым.
Әгар мені алсаңыз пұрсат тауып,
Қатын қылған төзімді бек ақтадың.

Әй, мырза, бір мәслихат құралық біз,
Осы малдың пайдасын көрелік біз.
Біз екеуміз қосылып жұфұтланып,
Тірілік мұратымды қылалық біз.

Өлмей әгар осынан тұрса ерім,
Саттырамын бұ тұрған қора, жерім.
Өзің ал бұ қораны жатқа бермей,
Сонан соң тіптен оңай айрыларым.

Бұ үйді не де болса сіз алыңыз,
Үй-жай сізге болсын бар малымыз.
Онан соң мен тұрмаймын оның бірлән,
Ашылар сіздің бірлән мұратымыз.

Бұ сөзді мақұл көрді Сираф ұғылы,
Қазынада көрген соң сансыз пұлды.
Ғишратқа қатынменен жатты кіріп,
Сәлімжан сабыр қылып бәрін білді.

Қатын мен жігіт жатыр ойнап-күліп,
Сәлімжан жатыр тыңлап бәрін біліп.
Күн шыққаш дүкеніне тұрып кетті,
Сираф ұғылы мұратын хасыл қылып.

Сәлімжан қозғалмастан жата берді,
Жігіттер, көрдіңдер ме мұндай ерді?!
Һеш нәрсе білмегендей жатып-жатып,
Намаздігер алдында түрегелді.

Сәлімжан сипап отыр басы-көзін:
«Көп ұйықтап қалыппын-ау, — деді, — өзім».
Қатын айтты алдына жетіп келіп:
— Мұнша неге былғадың өзіңді-өзің?

Қонақ қылдың басында адамдай боп,
Мұнша неге көп іштің надандай боп.
Бір күн, бір түн мас болып, талып жатып,
Жаңа тұрдың сандалып қабандай боп.

Қонағың қатты өкпелеп кетті саған,
Түк білмей өзің талып жаттың һәман.
— Өкпелесе ол қонақ, барсын, — деді,
Бір жазармын өкпесін болсам аман.

Түрегеліп Сәлімжан киді киім,
Базардан тамақ ішті салып тиын.
Қатынмен бірге тамақ ішпес болды,
Сақтық қылып Сәлімжан мұнан кейін.

Бір күні Сәлімжанның қасына кеп,
Қатын сөйлей бастады әңгіме-кеп.
— Бір насихат айтайын, ерім, саған,
Ашуланбай сөзімді тыңласаң, — деп.

Сәлімжан айтты: — Сөйле мәслихатың,
Кеңесте ашу бар ма, ақымақ қатын.
Мұны естіп айтады қатын сонда:
— Міне, менің айтатын мәслихатым:

Үйімізді саталық мың тіллаға,
Кім болса да алады бұ бағаға.
Аш, мұқтаж болғанымыз жарамайды,
Жар салалық сатуға бұ қалаға.

Бір қора тағы алармыз бес жүзіне,
Бір дүкен тағы ашалық өзгесіне.
Нәпақаланып тұрармыз соныңменен,
Айт десеңіз, әпендім, міне әңгіме.

Сәлімжан айтты: — Мұның мақұл кеңес,
Бұ сөзді ұнатпаған адам емес.
Шаһарға жар салайын харидарға,
Бұ істі қандай кісі мақұл демес.

Сәлімжан һәр көшеге хабар қылды,
Бұ сөзді шаһар халқы бәрі білді.
Пәлен күні саудасы дегеннен соң,
Айтқан уағда күніне жұрт жиылды.

Сираф ұғылы ішінде о да келді,
Харидарлар қораға баға қылды.
Жүз тілладан жоғары өрлей айтып,
Тоғыз жүзге шықты да тоқтап тұрды.

Сираф ұғылы мың тілла беріп салды,
Тілла беріп қораны алып алды.
Сәлімжан айтты Сираф баласына:
— Құп жақсы, менің жұртым сізге қалды.

Қорамды сіз алғаның жақсы болды,
Екі ай маған рұқсат бергін енді.
Екі айдан соң берейін өзіңізге,
Сонда келіп үйіңді алғын, — деді.

— Екі ай түгіл, бір жыл тұр маған десең,
Өкпелеңіз, үйімді бергін десем.
Достың үйі өзіме болсын дедім,
Өзіңнің ықтиярың қашан берсең.

Хат-қағаз қылып берді ақшаны алып,
Тарасып кетті үйіне барша халық.
Сираф ұғылы о дағы қайтып кетті,
Сәлімжанға бірталай уақыт салып.

Үйінде тұрды бұлар бір аптадай,
Бір күні қатын ашу қып бұрақтады-ай.
Сәлімжан жалынғансып қатынына:
— Не жаздым, не өкпең бар, айтшы, — деді-ай.

Қатын айтты: — Ашуым көп-ті саған,
Ата малын бітірдің бәрін тамам.
Мың тіллаға қораны тағы саттың,
Бермедің мың тілладан бірін маған.

Қораны сатып, алдың мың тілланы,
Бес күнде сап қыларсың тағы оны.
Бір сағат та тұрмаймын сенің бірлән,
Айырып жіберіңіз енді мені.

— Зорлап ұстап тұрмаймын кетем десең,
Басқа жерде мұратқа жетем десең.
Тілеген жеріңе бар, рұқсат бердім,
Кете бер бір мың тілла тауып берсең.

Кете бергін, әй, қатын, бердім рұқсат,
Менен кетіп жаныңыз тапсын рахат.
Қатын сонда оңаша үйге барып,
Сирафтың баласына жазады хат.

«Барған соң оқып көргін жазған хатым,
Мен сіздің болдым енді жамағатың.
Мың тілла тауып бер де, кете бер деп,
Берді ерім бүгін маған миһлатын.

Сирафтың баласына ғиззатлымыз,
Мың тілла беріп маған жіберіңіз.
Уағдасын беріп мұнан құтылайын,
Сарай толған қазынамен мені алыңыз».

Берген адам ол хатты елтіп берді,
Ол хатты Сираф ұғылы оқып көрді.
«Қатынға алып барып беріңіз» деп,
Сираф ұғылы мың тілла санап берді.

Тілланы алып кетті келген кісі,
Бұлармен һеш адамның жоқ-ты ісі.
Қатын қолға тілланы алған шақта,
Шақырды «мұнда кел» деп Сәлімжанды.

Шақырып қасына алды Сәлімжанды,
— Тілеген мың тіллаңыз міне, — деді.
Тілегіңді мен бердім, әй, Сәлімжан,
Тез заман енді мені айыр, — деді.

Сәлімжан мың тілла қолына алды,
Имам молда алдына шақырып алды.
Халұғ хатын қолына жазып беріп,
Шығарып ол қатынды жіберді енді.

Сәлімжан сонда үйінде жалғыз қалды,
Жалғыз өзі отырып ой ойлады.
Атасы Сүлейменнің қимас досты
Сахауадин есімді бай бар еді.

Бай еді Сахауадин дәулеті көп,
Соған жүрді Сәлімжан барайын деп.
Атамның жаннан артық досты еді,
Насихат сол кісіден алайын деп.

Сәлімжан бай үйіне барып түсті,
Сахауадин байменен құп көрісті.
Мейманхана үйіне ертіп барып,
Жібек кілем үстіне отырысты.

Сахауадин бай айтты: — Достым ұғлы,
Бәрәк Алла, хош мұнда келдің, — деді.
Аман-есен айтысып отырған соң,
Сәлімжанды бек күтіп сыйлайды енді.

Сахауадин байменен тағам жеді,
Сәлімжан сыр мәслихат сөйлей берді.
Бастан-аяқ қалдырмай сырын айтып,
Жүз түйе жабылып бер деп тілейді енді.

— Атамның ғазиз досты жаннан артық,
Сізді мен іздеп келдім ата тартып.
Жүз түйеге сыйғандай қазынам бар,
Мұнда көшіп келейін сонымды артып.

Мұнда артып келейін алтынымды,
Үйім сатып, шығардым қатынымды.
Өз көңіліме келгенін мен сөйледім,
Енді сіз үйретіңіз ақылыңды.

Сахауадин бай мұны жарар деді,
Сәлімжан айтқан сөзін мақұл көрді.
— Жүз түйені артыңнан жіберейін,
Өзің бұрын үйіңе барғын, — деді.

Сәлімжан сонда қайтып кетті үйіне,
Атасына қисапсыз біткен дүние.
Өзі келіп үйіне түспестен-ақ,
Қырық жігітпен келіпті бір жүз түйе.

Бақшаға алып барды жүз түйесін,
Балталап қазынаның бұзды есігін.
Алтын, күміс, гауһар тас, жақұттарды,
Қырық жігіт қабылдап алды қазынасын.

Қабылдады түйелерге артқандай қып,
Шамалады түйеге тартқандай қып.
Қазынада тұқ қоймай алып кетті,
Құлатып түйе қора шапқандай қып.

Көшіп кетті Сәлімжан жұртын тастап,
Жүз түйе алтын, күміс, асыл аспап.
Бұлар көшіп келген соң, Сахауадин,
Сарайға алып кірді көшті бастап.

Сарайға алып кірді алтын-күмістерін,
Бітіріп болды әбден жұмыстарын.
Сәлімжанды бек сыйлап қызмет етіп,
Сахауадин бастады кеңестерін.

Сахауадин айтады: — Жаным балам,
Сенде жоқ халал жұфұт, ата-анаң.
Менің де ұғылым жоқ, жалғыз қыз бар,
Саған ата, маған ұғыл керек, балам.

Маған сіз бала болғын, Сәлімжаным,
Достымның жалғыз ұғылы тәнде жаным.
Жалғыз қызымды ал дағы бала болғын,
Мен өлсем, сіздердікі — жиған малым.

Сәлімжан бұ жауапты мақұл көрді,
Сөзіне атасының бек шат болды.
— Бәрәк Алла, разымын, жан ата, — деп,
Алдына Сәлімжан кеп тағзым қылды.

Сәлімжан: — Ата, разы болдым, — деді,
Мен разы, Құда разы болсын, — деді.
Сондан жаным шыққанша тілеуқорың,
Дұғашыңмын, қызметкер құлың, — деді.

Той қылды қырық күнгеше Сахауадин,
Қырық күндей тарқатпады шаһар халқын.
Некаһтап Гүлжауһарын Сәлімжанға,
Береді екеуіне барша малын.

Той тарқатып бай келді Сәлімжанға:
— Сізден бай жоқ, ұғыл, қызым, бұ жаһанда,
Жатып ішіп, жатып же екеуіңіз,
Базарға шық, жалықсаң анда-манда.

Мен тірлікте сендердің қызметкерің,
Қасында Гүлжауһарың махбүб жарың.
Жүз жыл жатып жесең де ада болмас
Дәулетің Құда берген, балаларым.

Сәлімжан ата сөзін жарар деді,
Гүлжауһар жұфұтысымен ғишрат құрды.
Мұнан бұрын үш қызы қатын шығып,
Анық пәк халал қызды жаңа көрді.

Сахауадин саудасын қыла берді,
Сәлімжанды саудаға жібермеді.
Атасының көңілінде қиялы бұл,
Мал шашып бұрынғысын қылар деді.

Сәлімжан мұратына жетеді енді,
Қызбенен ғейіш-ғишрат етеді енді.
Құда берген нығметке қарық болып,
Бұл арада үш-төрт жыл өтеді енді.

Қатынмен енді айтайын Сираф ұғылын,
Қатын мен үйге берді барлық пұлын.
Сәлімжанның екеуі үйіне келіп,
Көреді қазынаның тұрған жерін.

Сираф ұғылы сарайды келіп көрді,
Қазына жоқ, көрді құлап жатқан жерді.
Сираф ұғылы күйініп қапаланып,
Қатынды шашынан алып сабай берді.

— Қайда, — дейді, — екі мың тіллам менің,
Көрсеткен қазынаң қайда маған сенің?
Қатын дағы зар еңіреп шыңғырады,
«Кетті-ау, — деп, — уа, дариға, шыбын жаным».

Таяққа қатын сонда ашынады,
Қатынның қаны судай шашылады.
Сақалынан берік ұстап Сираф ұғылын,
Жабысып өрмекшідей асылады.

— Мен ерімнен айрылдым саған еріп,
Мен разы боламын неңді көріп.
Бүйткенше біржола өлейін, — деп,
Тістеп алып тастады ерінін жұлып.

Екеуі де боялды қызыл қанға,
Тамам жұрт мұны көріп қалды таңға.
Момынға қастық қылған екі залым
Сол жерде күлкі болды барша жанға.

Жылайды ойран болып Сираф ұғылы,
Еріні жоқ, шығып тұрды тіс пен тілі.
Құла түзге қаңғырып кетті жылап,
Қазынаға исініп кетті пұлы.

Екі мың тілла еді құрап тұрған,
Азғырып сап қылды ғой Құдай ұрған.
Қатын тағы жылайды онан көріп,
— Орнымнан қаңғырттың, — деп, — тыныш тұрған.

Харамзатқа еріп болдым хараб,
Азғырып ойран қылды ұғылы Сираф.
Ерімнен һәм малымнан айрылдым, — деп,
«Уа хусрата» деп қатын кетті жылап.

Екеуі екі жақта жаһан кезді,
Соғысып бір-біріңден бірі безді.
Бұлар хараб бұл жақта бола тұрсын,
Сәлімжаннан сөйлейін енді сөзді.

Сәлімжан мағишатта төрт жыл тұрды,
Махаббат жыры бірлән дәурен сүрді.
Іші пысып жалығып шыдай алмай,
Қатынына бір күні бір гәп ұрды.

— Мағшұғым, әй, қатыным, халал жұфұтым,
Бекер жүргені жарай ма ер жігіттің.
Мен саудаға шығайын базаршымен,
Атаңнан жауап тілеп арыз еткін.

Ішім пысып жалықтым шыдай алмай,
Жүргенім елден ұят сауда қылмай.
Шын шаһарға баруға рұқсат берсін,
Атаңнан тіле барып мойын бұрмай.

Гүлжауһар атасына жетіп келді,
Күйеуінің арызын тіледі енді.
Қызы келіп арыз қып тілеген соң,
Атасы һәм бұ сөзді мақұл көрді.

Сахауадин: — Құп болұр, барсын, — деді,
Жол-жарағын тамамдап алсын, — деді.
Керуендер шығар күні таяу қалды,
Түйелерін даярлап тұрсын, — деді.

Керуендер жүгін артып шықты бір күн,
Керуенбасы байлармен тұрды бес күн.
Керуенбасын үйіне шақырып алып,
Бір күні мейман қылды Сахауадин.

Бай сонда керуенбасынан өтінді ғұзыр:
— Күйеуім алыс жолды көрмеген-дұр.
Жол рәсімін үйретіп саудасына,
Һәрқашан күйеуіме көз болып жүр.

Керуенмен мұны айтып уағдаласты,
Керуенмен Сәлімжан жолға түсті.
Байлар келіп көштерін қосып жатып,
Арасына бірнеше күндер кешті.

Бұлар сонда неше күн жүрді жолмен,
Бір нәрсе жылтырайды жырақ жерден.
Ол нәрсе жылтыраған көрінгенде,
Керуенбасы Сәлімжанға жетіп келген.

Сәлімжанға айтады керуенбасы:
— Жылтыраған нәрсеге сен қарашы,
Көрдіңіз [бе?] — деп еді, «көрдім» деді,
Бір тұл кемпір сарайы, — деді, — осы.

Жалғыз тұрған жапанға сарай салып,
Жанында жоқ өзінен басқа халық.
Үйіне барып қонған адамдарды
Жібереді малын, жанын жиып алып.

Өзі сұм, мекер қаршық жаннан асқан,
Мекерлеп талай жанның малын басқан.
Елді жеп, өзі әбден бай болған соң,
Үйінің бәрі гауһар мен асыл тастан.

Елтімеслер етеді жақын барсаң,
Әбден құрып шығасыз қонып қалсаң.
«Бір күнше қонып кет» деп шақырады,
Әсілі бір бұрылмаңыз, тілімді алсаң.

Мұны айтып керуенбасы жүріп кетті,
Керуендер ол сарайға жақын жетті.
Керуеннің һәрқайсына кемпір келіп,
«Бір күнше қонып кет» деп ғұзыр етті.

Керуеннің қарамайды һешбірісі,
Жалынса да кемпірдің болмады ісі.
Өзге керуен баршасы өткеннен соң,
Сәлімжанның көші екен кейінгісі.

Сәлімжан келді көшпен бірге жүріп,
Кемпір келіп жалынды оны көріп.
Шыр айналып жалынып қон деген соң,
Сәлімжан қонбақ болды рақымы келіп.

Кемпірге қонбақ болып көшін бұрды,
Сәлімжанда жүз түйе мал бар еді.
Жолдасынан бұрылып қонбақ болып,
Кемпірдің қорасына келіп кірді.

Кемпір келіп қораға кигіз жайды,
Жүк үйетін жерлерін тазалайды.
Жүгін шешіп болған соң, самауырмен
Алдына алып келіп қойды шайды.

Кигізге шөгереді түйелерін,
Қатты жер ауыр тартып тізелерін.
«Байбатшаның жігіттерін сыйлап тұр» деп,
Өз алдына қояды қызметкерін.

Сәлімжанды сарайға алып кірді,
Алдына түрлі алуан ас келтірді.
Жалғыз өзін бір жерде зияпаттап,
Бек жақсы қызмет етіп күтіп тұрды.

Ұйқыға жатпақ болды тағамды жеп,
Кемпір келіп сөйлейді әңгіме-кеп:
— Сіз соны көремісіз, әй, байбатша,
Менің бек бір ғажайып мішім бар, — деп.

Әй, байбатша, менің бір мысығым бар,
Бек тамаша мысықтың өнері бар.
Таң атқанша қолынан тастамайды,
Шам жандырып қолына берсең әгар.

Сәлімжан айтты: — Жалған айтпа мұнша,
Мысық қайтіп шам ұстар таң атқанша?
— Нанбасаң бәс қылайық осы сөзге,
Мысық шамды ұстаса, әй, байбатша.

Ерегісіп екеуі бәйгі тікті,
Кемпір барып мысығын алып кепті.
Жүз түйеден жүгімен бәйгі қылып,
Мысыққа отырғызып шам беріпті.

Сәлімжанға түнімен ермек болды,
Ол мысықтың өнерін көрмек болды.
Мысық шамды ұстаса таң атқанша,
Жүз түйесін жүгімен бермек болды.

Мысыққа отырғызды шам ұстатып,
Өздері ұйықтамаққа қалды жатып.
Мысық шамды қозғалмай ұстап отыр,
Дүние жарық болғанша, таңлар атып.

Сәлімжан бұ хикметке таңға қалды,
Ұстамаса жүз түйе жүк алмақ еді.
Өзі уағда қылған соң, амалы не,
Сәлімжан сорлы болып кетеді енді.

Амалсыз ол Сәлімжан шықты тысқа,
Бұза алмай уағдасын кетті босқа.
Бар малынан айрылып жұрдай болып,
Қосылды қуып барып көп жолдасқа.

«Менің айтқан тілімді алмадың» деп,
Керуендер көп сөктілер ортаға алып.
«Менің айтқан тілімді алмадың» деп,
Керуенбасы ақырды айқай салып.

Амалы не, мұны да Құдай қылды,
Тамақ беріп һәрқайсы алып жүрді.
Бірнеше күн арада сапар қылып,
Керуендер бір шаһарға барып кірді.

Керуендер алып барған малын сатты,
Сәлімжанды сөгеді бәрі қатты.
Ол шаһардан алатын малын алып,
Бір күні керуендер елге қайтты.

Керуендер елдеріне жүрмек болды,
Жүргін деп Сәлімжанға бәрі келді.
Сәлімжан ел-жұртынан ұялғаннан,
Сол шаһарда еліне бармай қалды.

Әлқисса, Сәлімжан қайын атасы, һәм анасы, һәм жұфұты Гүлжауһарға «Әлхүкму — хүкму Алла» деп өтініп, сәлем жазып жіберген хатының жауабы:

Азаматтар, жарандар,
Мен бір жауап айтайын,
Құлақ салып қараңдар.
Сахауадин қайын атам,
Гүлжауһар жұфұтыма
Хатымды алып барыңдар.
Қайын атама сәлем де,
Бәлант дәулет иесі.
Жұртына әли, һимматлы,
Дерттерімнің дауасы,

Болды бізге бұ күні
Ақылының киесі.
Һәм мейірбан, шапағатты
Қайын енеме сәлем де.
Біз ғаріптің көп болды
Сіздерге қылған күнәсі,
Сабыр қылып һәр іске,
Болар ма Тәңірім панасы,
Жеткізер бізді де бейішке,
Пірлердің болып дұғасы.

Гүлжауһарға сәлем де,
Дауасы дертті бағырымның.
Сондай болмас жұфұтысы,
Халалзаты һәркімнің.
Біле алмай қалдым арманда,
Мекері болды кемпірдің,
Көруге жүзін ұялдым
Ағайын, жұрт, халқымның.
Сабыр қылып тұралық,
Рахман Алла жарылқап,
Қайырын бергей артының.

Мейір, шапағатты атам-анам,
Мен перзентің, сіз панам.
Қаталық қылған ісіме
Көңілімде қайғы, көп сәнам.
Алыс жерде жүрсем де,
Сіздерден қатты ұялып,
Ақылымды күнде ұштанам.
Мендей рәсуа болмас-ты
Бұ дүниеде һеш адам.
Қарап тұрсам, дүние-ай,
Һешбір жанда жоқ екен,
Менің бұл болған мүпталам.

Бағырымның сыздар жарасы,
Бітер күні бар ма екен
Ішімде дертім жарасы.

Иншалла, жеткізер,
Сабырлық қылғыл, ата-анам,
Он сегіз мың ғаламның
Жаратқан әділ патшасы.
Ғарық болып жүзсек жарай-дүр
Сабырлықтың дариясы.

Сіздерге арыз өтіндім,
Атам-анам менен халалым.
Тірлігімде тиген жоқ
Һеш пендеге залалым.
Һешкімге сырың паш қылма,
Сіздерден менің тілегім.
Хақ ниетімен құр қалдым,
Ажуз кемпір бармас ем,
Әуелде білсем аларын.
Тәуекел қылсақ өзіне,
Нәсіп қылар қайтадан
Иләһи Зұлжалатым.

Керуендер амандасып жүріп кетті,
Неше күнде һиратқа барып жетті.
Сахауадин байға кеп керуенбасы
Сәлімжанның жіберген хатын елітті.

Өзі жоқ, хатын керуен алып келді,
Ата-анасы, жұфұтысы оқып білді.
Құданың тағдырына разы болып,
Ата-анасы, жұфұтысы сабыр қылды.

Тапсырды керуенбасы аманатын,
Оқыды сол мазмұнда жазған хатын.
Гүлжауһар ішінен қайғырады,
Ғаріптік көреді деп ғаламатын.

Өзі жоқ, Сәлімжанның хаты барды,
Ата-анасы айтқанын қабыл алды.
Ата-ана, ел-жұртынан ұялғаннан,
Сәлімжан өзі жалғыз мұнда қалды.

Керуеннен қалып базарды аралайды,
Жылайды көріп тұрып һәр сарайды.
Енді бір байға қызмет қылайын деп,
Отырып бір көшеде ой ойлайды.

Һәр байларға сөйлесті қызмет үшін,
Һешкім алмай қыдырды шаһар ішін.
Бір аспазға кірісті қызметкер боп,
Ас пісіріп қызметін қылмақ үшін.

Сәлімжан бір аспазға қызмет етті,
Гүлжауһардан сөйлеймін енді кепті.
Һешкімге кесірлігін паш қылмастан,
Бұ уақиғадан соң арада бір жыл өтті.

Екінші жыл және керуен шықпақ болды,
Гүлжауһар Сахауадин байға келді.
«Мархабатты, шапағатты, әй, ата», — деп,
Алдына қол қусырып, арыз қылды.

Бай айтты: — Көзім нұры, жүрек, бағырым,
Бар еді айтатұғын не арызың?
Тірлігімде тіліңді қайырмаймын,
Не тілесең, тілегің қабыл қылдым.

— Әй, ата, арызымды тыңласаң құп,
Қолыма мал беріңіз жүз түйе жүк.
Бір жылдай қапа болдық сыр шығармай,
Шер тарқатып келейін базар шығып.

Бір жылдай қам-ғасада тұрдық жылай,
Жүз түйе мал, әй, ата, келдім сұрай.
Ер киімін киініп барып келсем,
Мұратымға жеткізгей Жаппар Құдай.

Жақсының атқан оғы тастан қайтпас,
Гүлжауһар ақылы зерек, сырын айтпас.
Көңіл сыры күйеуін ап келмекте,
Мұнан өзге ішінде нәрсе ойламас.

Атасы Сахауадин: — Мақұл, — деді,
Балам, бұ айтқаның ақыл, — деді.
Несіп болса, күйеуіңді алып келгіл,
Бір жұртта болып жүр ғой сәйіл, — деді.

Жүгін артып тіркеді түйелерін,
Гүлжауһар киді еркек киімдерін.
Гүлжауһар бір Аллаға тәуекел деп,
Түйенің күтіп тұрды иелерін.

Бір күні байбатшалар бәрі жүрді,
Гүлжауһар арасына о да кірді.
Бір Аллаға тапсырып ата-анасы,
«Қош болғыл» деп артына қарап тұрды.

Байлар келіп артынан жетті көшке,
Қылғаны ойын-сауық ерте-кеште.
Керуенбасы келеді Гүлжауһарға
Мекер кемпір сарайы көрінгеште.

— Байбатша, сізді бұрын көргенім жоқ,
Бұ жолдың сіз мәнісін білгенің жоқ.
Бір тұл қаршық сарайы анау тұрған,
Жақын барсаң, күйдірер қып-қызыл шоқ.

Бұ кемпір хараб қылған талай жанды,
Жап-жалаңаш жіберген көп адамды.
Жүз түйесін жүгімен алып қалған
Сахауадин күйеуі Сәлімжанды.

Байбатша, ол кемпірге бара көрме,
Барамын деп бәлеге қала көрме.
Тілімді алмай айрылсаң малдарыңнан,
Өз обалың өзіңе, менен көрме.

Гүлжауһар мына сөзді ұғып алды,
Кемпірдің осы екенін біліп алды.
Баяғы кемпір келіп керуендерге,
«Қонып кет» деп айналып көп жалынды.

Керуендер тыңламастан жүріп кетті,
Гүлжауһар да кемпірге келіп жетті.
Кемпір келіп «үйіме қон» деген соң,
Гүлжауһар қорасына кіріп кетті.

Гүлжауһарға қу кемпір болды бәйек,
Түйесін шөгереді кигіз жайып.
Малайларын кіргізді бір сарайға,
Дастарқанмен алдына тағам қойып.

Гүлжауһарды бір үйге алып кірді,
Алдына көпір кемпір зыр жүгірді.
Алуан-алуан нығметтер зияпаттап,
Гүлжауһарды бек жақсы күтіп тұрды.

Гүлжауһарды бек жақсы құрмет етті,
Тағамнан соң жататын уақты жетті.
Кемпір айтты: — Байбатша, бір мысығым бар,
Бек өнерлі сіз соны көрсең, — депті.

Қолына ұстатсаңыз жандырып шам,
Сірә, бір тастамайды атқанша таң.
Гүлжауһар айтты: — Жалған сөйлемеңіз,
Ондай іс қыла алмайды тілсіз хайуан.

Кемпір айтты: — Осыған бәс қылайық,
Отыра ма, мысықты біз сыналық.
Мақұл десең, байбатша, осы сөзді,
Жүз түйе жүгіменен біз салалық.

Жүз түйені сен де сал жүгіменен,
Ұстамаса, жүз түйе жүк алғын менен.
Таң атқанша тастамай ұстап тұрса,
Жүз түйені жүгімен алдым сенен.

Осы сөзге кемпірмен уағда етті,
Мысыққа шам ұстатып отыртты.
Бір тамаша осыған қылайын деп,
Гүлжауһар өзі тысқа шығып кетті.

Гүлжауһар тысқа шығып жүкке келді,
Бір тышқаны бар еді асыранды.
Темір қапас ішінде салулы еді,
Етегімен жасырып алып келді.

Білгізбестен отырды төрге барып,
Мысық отыр қолына шамын алып.
Мысығына бұрыннан сенімді,
Кемпір кетті келем деп үйге барып.

Кемпір сонда үйіне шығып кетті,
Тышқанды олай-былай жылмаңдатты.
Қапастағы тышқанды көргеннен соң,
Мысықтың көзі от боп есі кетті.

Қапастағы тышқанды мысық көрді
Тышқанды көріп мысық жүгірді енді.
Бір тесікті көрсетіп Гүлжауһары,
Тышқанды шығарды да қоя берді.

Тышқан қашты қапастан қарғып түсіп,
Тышқанды алып жемекке қуды мысық.
Тышқанды ұстаймын деп қуғанында,
Шамы қалды қолынан жерге түсіп.

Мысық қуды тышқанды есі кетіп,
Қашты тышқан тесікке кіріп кетіп.
Шамыменен мысықтың бір ісі жоқ,
Мысық отыр тесіктің аузын күтіп.

Гүлжауһар шақырады кемпірді енді,
Шақырған соң қу кемпір жетіп келді.
Мысық отыр жайына, шамы жерде,
Мұны кемпір келген соң көреді енді.

— Әй, кемпір, мысық қайда, шамың қайда?
Қарашы, шамың жерде жатыр жайға.
Кемпір сонда қайран боп қарап тұрды,
Қылғанын біле алмады нешік хайла.

— Амал не, өзім ұтсам жақсы көрем,
Ұсталған соң уағдамды мен де берем.
Кемпір сонда ішінен деп ойлайды,
Бұрынғы ұтқандарым болды керім.

Гүлжауһар айтты: — Келтір уағдаңды,
Кемпір сонда шақырды қызметкерді.
Даладан жүз түйені айдап келіп,
Жігіттерге ол кемпір әмір қылды.

Жүз түйесін даладан айдап келді,
Гүлжауһарға: — Санаңыз қанша? — деді.
Гүлжауһардың айтқанына жеткізе алмай,
Қазынасында бір тиын қалмайды енді.

Жетпіс түйе жүк болды барлық малы,
Отыз түйе бос қалды жетпей бұлы.
Бағалап бұйымдарын тағы салып,
Жалғыз-ақ құр сомпайып үйі қалды.

Он түйеге жетпеді сонда дағы,
Гүлжауһарға Құданың берген бағы.
Он түйеге жүк жетпей тұрғаннан соң,
Ойы алтын алмаққа келді тағы.

Гүлжауһар айтты: — Үйіңді бұзба бекер,
Тоқсан түйе жүк дағы бізге жетер.
Үйіңді бұзбай-ақ қой, разы болдым,
Үйіңді бұзғаннан соң жайың кетер.

Тоқсан түйе қазынасын алып кетті,
Аз сомаменен артық деп қисап етті.
Екі жүз түйе жүгі малыменен
Керуендерді артынан қуып жетті.

Керуендерге қосылмай бөлек жүрді,
Алдындағы шаһарға барып кірді.
Гүлжауһар басқа жерден пәтер алып,
Тағы да ол шаһарда бөлек тұрды.

Бір сарайға кіргізді жүгін шешіп,
Рахаттанып отырды шайын ішіп.
«Атымды егерле» деп әмір қылды,
Көңіліне Гүлжауһардың бір ой түсіп.

Егері Гүлжауһардың алтын еді,
Һәр жеріне асыл тас салған еді.
Таң қалғандай нақышын көрген адам,
Мың екі жүз тіллаға алған еді.

Сол егерін ерлеп атқа салып,
Жөнелді Гүлжауһар мініп алып.
Есікшіге келді де жауап қылды,
Патшаның сарайына жетіп барып.

— Әй, жігіт, падишаға барып келші,
Бізден хабар патшаға салып келші.
Патшаға айтатұғын арызым бар,
Рұқсат патшаңыздан алып келші.

Һираттан келген мен бір саудагермін,
Патшаға арыз айта келіп тұрмын.
Патшаңыз кіргізе ме, кіргізбей ме,
Әмірін бажай қылалық, сұрап бергін.

«Құп болұр» деп қызметші үйге кірді,
Падишадан барды да жауап сұрды.
Падиша хазіреті есіткен соң,
«Құп, мұнда саудагерді жібер», — деді.

Барған жігіт патшадан қайтып келді,
«Патша рұқсат берді» деп айтып келді.
Аттан түсіп Гүлжауһар әдеп бірлән
Тағзым қылып патшаға кіріп келді.

Гүлжауһар падишаға келді кіріп,
Фусахат тілі бірлән сәлем беріп.
Бастан-аяқ патшаны мақтап еді,
Падиша қайран қалды мұны көріп.

Патша оның сөзіне қайран қалды,
Фусахат тілі мұнша қандай жан-ды.
Бек қатты разы болып патша бұған:
— Жоғары шығып, саудагер, отыр, — деді.

Гүлжауһар жоғары шыға отырды енді,
Жүгініп отыра қалып дұға қылды.
Бұ дағы бір патшаның ұғылы ма деп,
Падиша Гүлжауһарға тахсин қылды.

Падиша айтты: — Кім болұр өзің атың,
Қай жұрттан, есітелік асылзатың.
Қандай жанның ұғылысың, кімсің, балам,
Қолыңда алып жүрген бар ма хатың?

— Әй, патша, мекенім һират шаһар,
Екі жүз түйелімен қылдым сапар.
Өз атым Тахауадин деп айтады,
Атамыз Сахауадин, сұрсаң әгар.

Екі жүз түйе жүгі мал ап келдім,
Сіздей әділ патшаны қалап келдім.
Қанша бажы тиісті болар екен,
Сегіз жүз мың тіллам бар, санап келдім.

Өз қолымнан берейін өзіңізге,
Қанша бажы аласыз, айтсаң бізге.
Тамғашы жасауылдан тұһмат көрмей,
Өзім беріп кеткелі келдім сізге.

Падиша Гүлжауһарға разы болды,
Қош фусахат тілімен мақтап еді.
Падиша қатты разы болғаннан соң,
— Бір тиын сізге бажы салман, — деді.

Мен сізден бажы, алтын, пұл алмадым,
Бір тиын сізге бажы сала алмадым.
Сіз маған қатты қызмет қылдың келіп,
Сол қылған қызметіңді халалдадым.

Падиша айтты: — Бұл сөзді білгіл, — деді,
Он күн өзің саудаңды қылғыл, — деді.
Өзге жанға бір сауда қылғызбаймын,
Сен саудаңды бітіріп болғыл, — деді.

Өзге жанды қояйын мен тоқтатып,
Он күндей өзің қылғын сауда-саттық.
Сізден кейін өзге жан сауда қылсын,
Ол уақытта тамаша қыл жайға жатып.

Гүлжауһарды падиша құрмет қылды,
Бек қатты падишаға тағзым қылды.
Гүлжауһар атқа мініп һәр көшеден,
Һәр жерден Сәлімжанды қарайды енді.

Қарайды Сәлімжанды һәр көшеден,
Таба алмай жатты келіп бір көшеден.
Ертең тағы базардан қарап жүріп,
Көреді бір аспаздың дүкенінен.

Гүлжауһар Сәлімжанды танып тұрды,
Алдына қарсы келіп сәлем берді.
Гүлжауһардың сәлемін бұ Сәлімжан
Ізетпен қол қусырып сәлем алды.

Кигені үстіндегі майлы шапан,
Мейлінше өзі жүдеп біткен әбден.
Баста ескі бөркі бар, жалаң аяқ,
Жаздай етік кимеген қара табан.

— Бір табағы пұлы не бұ палауың,
Бағасы болсын деймін өз қалауың.
Сәлімжан «елу тиын» деген еді,
Гүлжауһар айтты: — Екі тілла алың.

Сәлімжан мақұл көріп бек қуанды,
Бір табаққа екі сом баға қылды.
— Кешке сағат жетіде бір табақ ас,
Мақұл десең, өзіңіз ап кел, — деді.

Өзің алып келіңіз, мақұл десең,
Алмаймын, әгар өзің ап келмесең.
Пәлен жерде сарайда пәтерім бар,
Екі тілла аласың асты жесем.

Гүлжауһар мұны айтып жүріп кетті,
Сәлімжан палау асты әзір етті.
Қожайыны Сәлімжанның бұ палауын:
— Кімге істеп бересің? — деп жетіп кепті.

— Мұны істеген жайымды айтайын мен,
Әй, байым, құлақ салып тыңлағын сен.
Пәлен сарайға байбатша келген екен,
Екі алтынға бір табақ ас бер деген.

Бұ палауды беремін соған елтіп,
Ап кел деген уағдасы қалды жетіп.
Бір табақ ас пісіріп ап жөнелді,
Байыңа үшбу сөзді мағлұм етіп.

Бұ сырды байы мақұл көрді дейді,
Дастарқанға орап алып жүрді дейді.
Сәлімжан есік ашып «мінеки» деп,
«Тағамды алыңыз» деп тұрды дейді.

Гүлжауһар айтты сонда: — Жүр, кел бері,
Кереует тақыт еді жатқан жері.
Үсті жаман, шарығы былғаныпты,
Кіре алмай ұялып тұр қайран ері.

— Әй, байбатша, табақты алыңыз дер,
Ғаріпке көзіңізді салыңыз дер.
Мен кіріп шарығыммен басып кетсем,
Кілем, көрпең боқ болар бірталай жер.

Гүлжауһар айтты тағы Сәлімжанға:
— Табақты алып кеп қой дастарқанға.
Былғанса, менің көрпем былғанады,
Көп сөйлемей ап кеп қой, — деді сонда.

Ұялып ұрысқан соң зорға кірді,
Алдына байбатшаның ап кеп берді.
Дастарқанның үстіне қойды дағы,
Көтінен кейін қарап жүре берді.

Гүлжауһар «отыр» деді Сәлім ерге,
— Екеуміз бұ тағамды желік бірге.
Сәлімжан қатты ұялып кейін тұрып,
— Сияғым бар ма, — деді, — бірге жерге.

Гүлжауһар: — Отыр, — деді, — бірге желік,
Тілімді қайтарасың нені біліп.
Тілімді екіншіде қайтармағыл,
Палау маған беріп тұр күнде ап келіп.

Сәлімжан ақырған соң мақұл көрді,
Ұялып қорыққан соң зорға отырды.
«Бисмилла» деп табақты ортаға алып,
Екеуі екі жақта асай берді.

Тағамын жеп болған соң дұға етті,
«Ертең тағы келгін» деп уағда етті.
Екі тілла Гүлжауһар бергеннен соң,
«Мақұл» деп қожасына қайтып кетті.

Сәлімжан бұ жауапты мақұл деді,
Байына екі тілла ап кеп берді.
«Ертең тағы ап кел» деген сөзін,
Мұны тағы байына айтып келді.

Уақтысында Сәлімжан тағы апарды,
Гүлжауһар «бері ап кел» деп бас көтерді.
«Ап кеп қойып, өзің де же» деген соң,
Екеуі дастарқанға бірге отырды.

Гүлжауһар екі тілла тағы берді,
«Ертең тағы бұл уақта ап кел», — деді.
Ертең тағы Сәлімжан алып барса,
«Өзің де же, кел мұнда отыр», — деді.

Тағамды жеп тағы да дұға қылды,
Гүлжауһар Сәлімжаннан жауап сұрды:
— Бұ шаһарда туғанбысың, тұрғанбысың,
Жөніңді, жігіт, маған айтшы, — деді.

Сәлімжан айтты сонда мәні-жайын:
— Һираттан айдап келген бар Құдайым.
Құдай мені қаңғыртқан бір адаммын,
Ол жайымды сізге айтып не қылайын.

— Әй, жігіт, айтпайтұғын не жайың бар,
Не қылса өз тағдыры Қадір, Жаппар.
Бұ шаһарға неге кеп, қайтпай қалдың,
Һираттың жұрты тоқтық үлкен шаһар.

Сәлімжан айтты сонда бар сырыны,
Басынан жақсы-жаман өткен күнді.
Малын алып кемпірдің қаңғыртқанын,
Баян қылды дүниеде көргеніні.

Гүлжауһар айтты: — Соңғы қатыныңыз,
Тұғры ма еді қатынмен ақылыңыз.
Жақсы көруші ме еді өзіңізді,
Махаббат қандай еді жақыныңыз?

— Әй, байбатша, несіне мақтанайын,
Жұфұтым бек білуші еді менің жайым.
Мен үшін жанын пида қылушы еді,
Онан артық көп мақтап не қылайын.

Бар еді өз атамнан қалған малым,
Сол малға ие болып тұр халалым.
Бұ мехнатта бір күн де қоймас еді,
Гүлжауһар жұфұтым менің білсе халім.

Гүлжауһар бұ сөздерін естіп тұрды,
«Моншаға барыңыз» деп әмір қылды.
— Шашыңды, мұртыңменен тазалатып,
Әбден өзің моншада жуын, — деді.

Әй, жігіт, бұ шаһарға болдың саяқ,
Жайыңды естіп мен сені кеттім аяп.
Үстіңдегі лыпаңды сонда тастап,
Киіп кел бұ киімді бастан-аяқ.

Қайтып мұнда келіңіз тазаланып,
Бұ шаһарда жүріпсіз назаланып.
Тағы сізден сұрайтын мәслихат бар,
Жайланып отырғызып қасыма алып.

Сәлімжанның тап өзі болып келді,
Көңілі бек жақсы болып толып келді.
— Онан кейін айтайын мәслихатым,
Байыңа қисап беріп келгін, — деді.

Сізді аспазға тұрмаймын лайық көріп,
Бекер қапа болмаңыз мұнда тұрып.
Асылы, нәсілінің һәммасын сұрап білдім,
Көңіліңді көтеріп жүр маған еріп.

Хақыңды артық бердім үш есе қып,
Қайтып кел деп жіберді кешікпе деп.
Бара салып баймен қисаптасып,
Шығып келді аспаздан тек құтылып.

Сауда бітіп Гүлжауһар қайтар болды,
Төрт жүз түйе жүк малды артар болды.
Екі жүзден бірге-бір пайда қылып,
Гүлжауһар саудасына көңілі толды.

Гүлжауһар келіп тұрды пәтеріне,
Өзінің қайтпақ болды шаһарына.
Сәлімжанға айтады: — Барамысыз,
Алып қайтсам өзімнің шаһарыма.

— Әй, байбатша, мен сырымды айттым сізге,
Баратұғын бетім жоқ елімізге.
Жүз түйе жүк малменен шығып едім,
Ұялмай қайтіп барамын шаһарымызға.

— Жүз түйе малың болса, барамысың,
Жүз түйе жүк мал берсем, аламысың?
Бұ шаһарға қалыпсыз үйір болып,
Барам деген сөзіңнен танамысың?

— Қолымда жүз түйе жүк малым болса,
Үйімде Гүлжауһардай жарым болса,
Бір сағат та тұрмас ем бұ шаһарда,
Ұялмай елге барар халім болса.

— Ниетің дұрыс болса сенің әгар,
Қолымда төрт жүз түйе жүк малым бар.
Жүз түйе жүк мал саған берейін мен,
Жүруіңнің жарағын қылғыл даяр.

Сәлімжан айтты: — Жүз түйе мал берсең бізге,
Бір тоқтамай кетер ем үйімізге.
Бүгін маған берсеңіз жүз түйе мал,
Үйге барғаш берер ем өзіңізге.

Гүлжауһар айтты: — Малым бар төрт жүз түйе,
Жүз түйесін мен сізге қылдым һибе.
Хат жазып қолын қойып һибе қылды,
Сәлімжан жүз түйеге болды ие.

Сонан соң қайтпақ болды елге бұлар,
Сәлімжан да Гүлжауһарға дұға қылар.
Түйесіне жүктерін артып алып,
Һираттың шаһарына жөнелділер.

Арада бірнеше күн сапар қылды,
Һиратқа бір күндерде жақын келді.
Шаһарға екі күндік жер қалғанда,
Гүлжауһар Сәлімжанмен озбақ болды.

Екеуі озып кетті көшті тастап,
Келеді бір-бірінің сөзін қостап.
Сәлімжан қарап тұрса, өз үйіне
Жолдасы келе жатыр тура бастап.

Қораға келіп бұлар аттан түсті,
Қызметкерлер келді де ат байласты.
Мейманхана үйіне кіргізген соң,
Жайланып үйге кіріп отырысты.

Гүлжауһар өз үйіне кетіп қалды,
Мейманханада Сәлімжан жалғыз қалды.
Қараса отырғаны — өзінің үйі,
«Қатыным менің қайда?» деп қайран қалды.

«Қатыным мені білсе, келер еді,
Бөтен бір адам ғой деп көрінбейді.
Қасымда бірге келген бұ жолдасым,
Қайын атамның кісісі екен, — деді.

Қайын атам алып кел [деп] айтқан екен,
Сол себептен мені алып қайтқан екен.
Сәлімжанды ап кел деп жіберген соң,
Сол үшін жүз түйе жүк берген екен».

Ата-анасына Гүлжауһар амандасты,
Жыласып амандасып мауқын басты.
«Қасымда еріп келген кісім бар», — деп,
Гүлжауһар мейманына тіледі асты.

Мейманға һәр алуан нығмет берді,
Сәлімжан тағам жеді һәрбір түрлі.
Тағам жеп хош зияпат қылғаннан соң,
Ұйқыға жататұғын уақты келді.

Гүлжауһар үйге барып төсек салды,
Ол үйге Сәлімжанды шақырып алды.
Сәлімжанды ап келіп отырғызып,
Сахауадин байға кеп хабар салды.

Гүлжауһар айтты: — Тыңла, ата-анам,
Үйіне келіп отыр күйеу балаң.
Күйеуіңді ертіп алып келдім,
Біздерге жәрдем қылып Алла Тағалам.

Өзім ертіп ап келдім күйеуіңіз,
Жаман-жақсы болса да сүйеуіміз.
Біздің үйге жүріңіз, ата-ана,
Бар дағы балаңызбен көрісіңіз.

Ата-анасын жіберіп тұрды кейін,
Кейін қалып әйелше киді киім.
Ата-анасы көрісіп болған халде,
Көріспекке бұ дағы келді бейім.

Гүлжауһар сонда үстіне келді кіріп,
Сәлімжан қайран қалды мұны көріп.
Көзі үйреніп қалған соң танымай ма,
Бір-екі айдай келген соң бірге жүріп.

Гүлжауһар келді сонда қойынын ашып,
Қайта бастан көрісті, құшақтасып.
Шад хиррам болдылар Сахауадин,
Көрісіп амандасты бек жыласып.

Амандасып қайтып кетті ата-анасы,
Рақымды екеуінің құп панасы.
Сонда келіп танытты Сәлімжанға,
Гүлжауһардың артықша бұл данасы.

Сәлімжан мен Гүлжауһар бұ да жатты,
Ойындары сонан соң болды тәтті.
Гүлжауһар мен Сәлімжан ғишрат құрып,
Екеуі ұйықтамастан таңдар атты.

Таң атқаш Сахауадин ойлайды ойды,
Жұртын жиып айдап кеп қойлар сойды.
Қыз, күйеуі саламат қосылғанға
Қуанысып қырық күндей қылды тойды.

Қырық күн ұдай көп жұртқа тойлар етті,
Той біткен соң ел-жұрты тарқап кетті.
Сәлімжан мен Гүлжауһар екеулері
Жомарт бай боп дүниеден дәурен етті.

Сәлімжанның көп болды балалары,
Мұқым жұрт құрмет етті қалалары.
Алланың тағдырымен Сәлімжанның
Рихлат етті ата менен аналары.

Сәлімжанда екі бес ұғылы болды,
Мал мен басқа Сәлімжан бірдей толды.
Бес ұғылы бес шаһар болғаннан соң,
Дүниеден тоқсан жаста сапар қылды.

Жолықты көп қасіретке Сираф ұғылы,
Қолында болмай кетті жалғыз пұлы,
Сәлімжаннан айырған қатынымен
Дүниеден қайыр тілеп өтті күні.

Екеуі күндіз-түні ұрысар болды,
Бұларға захмат жаза қатты болды.
Шаһарға бұлар үлкен әңгіме боп,
Жұртқа мақал, шаһарға сөз боп қалды.

Сол қатын дүниеден өтті жылап,
Мехнат бірлән һәркімнен қайыр сұрап.
Һәр күнде келіп жүрді Сәлімжанға,
Көзін сүзіп есікте тамақ тілеп.

Бар мақал: «жақсы қатын — жан азығы,
Жаман қатын деседі — бас қазығы».
Ойнасымен бірігіп қастық қылды,
Сәлімжанның жоқ еді һеш жазығы.

Деніңнің кемелі бір жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Тіл байлайтын арбаушы шайтандайын,
Жаман қатын көрсетер кесапатын.

Пенденің Қадір Алла білер халін,
Жазумен ада қылмас сөздің бәрін.
Тәңірі берген жел сөзім таусылмайды,
Байлайын бұл арада мұхтасарын.

Аяғын тамам қылдым бұ қиссаның,
Тоғыз қисса шығардым өз қисабым.

Біздерге өлең деген оңай нәрсе,
Бізге де рақмет айтар һәркім көрсе.
Жаратқан рахман екен рақымы мол,
Пендесін есіркейді жылай берсе.

Таммат тамам.

قصه مرخوب

Хикаят Марғұба қатын

Әуелде мен айтайын аузубилла,
Айтайын аз әңгіме, мұны тыңла.
Бүгін көрген таңда жоқ болып кетті,
Бұ заман бұзылып тұр жылдан-жылға.

Бір күні бұ қиссаны өзім көрдім,
Неше күнде жан қинап жазып едім.
Адамзатқа бір ғибрат бола ма деп,
Паш етіп өлең қылып жазып едім.

Мұны жаздым қолыма қалам алып,
Кітаптан көріп жаздым мұны анық.
Бар екен Түркістанның шаһарында,
Сұрасаң, аты оның — Мұрат Салық.

Бір қатыны бар екен Марғұба атты,
Көркем, бойы сипатты, салтанатты.
Рузе, намаз оқиды, өзі халал,
Ер әмірінен шықпайтұғын асыл затты.

Өзі сопы ер еді дінін күткен,
Һәр пенде ықылас бірлән Хаққа жеткен.
«Қағбаға тауап қылып келемін» деп,
Бейшара қажы баруға ниет еткен.

Ойлайды қажыға барып келейін деп,
Раузасын Пайғамбардың көрейін деп.
Әулие, машайыққа зиярат қылып,
Топырағына жүзімді сүртейін деп.

Қажыға барған күнәдан болады пәк,
Қажын қабыл қылсын бір Ақ.
Қатынын інісіне тапсырады,
Мен сөйлейін, жамағат, салсаң құлақ.

Қажы парыз болады малы барға,
Нәсіп болсын һәр мүмін мұсылманға.
Екі дүние рахатын бірдей берсін,
«Лә иләһа иллә Алла» деген жанға.

Тапсырдым алғанымды, Құдай, саған,
Тірі көрсет көзіме есен-аман.
Қатынын тапсырады інісіне:
— Әл-ауқатын біліп тұр һәр күн таман.

Інім, келіп біліп жүр әл-ауқатын,
Марғұба зар жылайды ғаріп қатын.
Інісі қабыл көрді айтқан сөзін,
Тапсырған ағасының аманатын.

Мұрат Салық жұртыменен амандасты,
Амандасып жыласып арыздасты.
Бақылдасып жұртпенен зар жыласып,
Жүрмек бол[ып Қағбаға қадам басты][*].

Бұ сөзім осы жерде тұра тұрсын,
Мұрат Салық аяңдап жүре тұрсын.
Ағасының тапсырған уағдасыменен
Інісі жеңгесінден хабар білсін.

Інісі келіп-кетіп жүреді екен,
Һәр күнде әл-ауқатын біледі екен.
Ішер тамақ, киімін, отын-суын,
Керек-жарақ нәрсесін береді екен.

Бір күні жеңгесіне келді дейді,
Керек-жарақ нәрсесін берді дейді.

[*] Мағынасы түсініксіз осы жол 1911 жылғы басылымнан алынды.

Марғұба шашын тарап отыр екен,
Дидарын жеңгесін[ің] көрді дейді.

Көрді де ашық болды Марғұбаны,
Ашықтықтан қиналды ғаріп жаны.
Жеңгесіне бір күні арызын айтты,
Тыңдасаңыз, айтайын сізге аны.

Жігіттің кеудесіне шайтан кірді,
Марғұбаға һәр күні келіп жүрді.
«Қойныңа ал» деп айтады жеңгесіне,
Көңілдегі дерттерін айтып салды.

— Жүзің көріп мен саған болдым ашық,
Арызымды айтайын аузым ашып.
Тұрсам естен кетпейсің, түнде түстен,
Сарғайдым зағыпырандай өңім қашып.

Ішім от, сыртым түтін көрмей жүрсем,
Дертіме біраз дәрмен жүзің көрсем.
Дүниеде һеш армансыз болар едім,
Қойныңда бір күн жатып ойнап-күлсем.

Шынымен ашық болдым саған, — дейді,
Тапсырды сені маған ағам, — дейді.
Һеш сабырлық, қалмады менде дәрмен,
Бір жауабың енді бер маған, — дейді.

Ғаріп қатын есітті мұндай сөзді,
Есітіп қайнысынан күдер үзді.
— Құдайдан мұны айтарға қорықпаймысың,
Аманат деп тапсырды саған бізді.

Аманат деп тапсырды ағаң, — дейді,
Бұл ниет мұсылманға жаман, — дейді.
Құдайдан қорық, ұял Пайғамбардан,
Мұндай сөзді есіттірме маған, — дейді.

Шайтан сенің көңліге кірген шығар,
Көңілді шайтан бұзып жүрген шығар.
Тәубе қыл, бұл ниетің жаман болар,
Құдай біліп сырыңды тұрған шығар.

Құдайдан қорқып, ұял адамзаттан,
Тәубе қылып қайт, жаным, бұл ниеттен.
Ақыретте береміз не деп жауап,
Ынсапсыз, қорықпаймысың ақыреттен.

Қайнысы бұ сөзді естіп ашуланды,
Қасына жеңгесіне жетіп барды.
— Сені жұртқа масқара қыламын, –деп,
Өлтірем, — деп қатынға қорқу салды.

Көңліңді қоспадың маған, — дейді,
Көп ашу көрсетермін саған, — дейді.
Қылармын жұртқа сені мен масқара,
Кел, мойнымнан құшақта жылдам, — дейді.

Мұны естіп жылайды ғаріп қатын,
Қайнысының есітті жаманатын.
Құдайға сиынады «сақтай гөр» деп,
— Мен бермеймін ағаңның аманатын.

Өлім артық дүниеде жаман аттан,
Жан есенде бермеймін аманаттан.
Тұр, кет менім қасымнан, жүзіқара,
Мен қорықпай зина қылман аманаттан.

Қайнысын шығарыпты үйден айдап:
— Білгеніңді қыл маған күн-түн ойлап.
Ашуланып көзіне қандар толып,
Жігіт шықты үйінен көңлі қалып.

Қайнысы жеңгесіне ашуланды,
Біраз іс қылармын [деп] көңліне алды.
Мендей қорлы дүниеде болмасын деп,
Құданың құдіретіне қайран қалды.

Төрт жігітке беріпті алтын-күміс,
— Басыма түсіп тұр ғой мынау бір іс.
Жеңгем зина қылды деп мен айтайын,
Қазы алдында куәһ болып тандырмаңыз.

Көңлінен тауфиқ қашып, шайтан кірді,
Қазыға айтайын деп кері жүрді.
Дарбазаға төрт жігіт алып келіп,
Қазыға арыз-нама жазып берді.

Арыз-нама ішінде жазған мұны:
«Жеңгем ойнас қылар-ды күні-түні.
Көзбен көрген төрт кісі куәһым бар,
Айтқалы алып келдім сізге аны.

Арыз қылдым, әй, тақсыр, сізге келіп,
Айтпасам күнәһ болар көзім көріп.
Төрт адамның куәлік сөзіменен,
Қатынды алдырыпты хүкім қылып.

Қайнысы, даукер төрт жігіт куәһ болды,
Ұрып ғаріп қатынды алып келді.
Шариғат хүкімі бірлән жан берген соң,
«Тасқа тұтып, өлтір» деп хүкім қылды.

Қатынды белбуардан көмді дейді,
Көп халайық отырған көрді дейді.
Жиылған адамзаттың қисабы жоқ,
Қолдарына бір-бір тас берді дейді.

Шариғат хүкім бірлән таспен атып,
Жұрт тарқап үйлеріне кетті қайтып.
Төбе болды қатынға үйілген тас,
Бір күнәһ бейшараға қылды қайтіп.

— Құдай өзі сақтасын һәр бәледен,
Тәңірі салса не көрмес ғаріп адам.
Адамзат не көрмейді, Құдай салса,
Пенде оңбас және де қаһарына алса.

Құдай-а, бастан күнәһым асқан шығар,
Зинадан ғаріп көңлім қашқан шығар.
Құдай-а, сізге аян барлық сырым,
Періштелер жазуға жазған шығар.

Ыбраһымға жақпадың Намруд отын,
Сақтадың Пайғамбарды қалған жетім.
Ысмайылға көк қошқар құрбан бердің,
Құдай-а, менім сенден бар үмітім.

Жүсіпке Зылиханы қауыштырдың,
Жетпіс жылда Жақыпқа табыстырдың.
Жүністі балық жұтты дариядан,
Құдіретіңменен һәр істің бәрін көрдің.

Айубты қырық жыл құрттар жеген етті,
Мұнша мехнат бергенге шүкір етті.
Құдайым, құдіретіңе бел байлап мен,
Жақыннан бүгін маған мехнат жетті.

Жер-көкке патша қылдың Сүлейменді,
Әміріне қараттың һәрбір жанды.
Құдіретіңе бір ісі душар болып,
Патшалықтан айырылып аз күн жатты.

Атам жоқ қаһарланып айғай салса,
Анам [жоқ] жалғыздықта қасына алса.
Біз түгіл, пайғамбарлар һәлак болған,
Жүз мың шүкір, Құдайым һәрне салса.

Иә, Алла, аман көрсет алғанымды,
Арман қалдым артынан қалғанымды.
Құдай өзі Падишаһ бермес пе екен,
Ақыретке сатайын жалғанымды.

Үмітім көп, Құдай-а, сенден, — дейді,
Тәубе қылдым, қабыл қыл менден, — дейді.
Бұ мехнаттан ғарібіңе халастық бер,
Рахматыңнан үмітім үзбен, — дейді.

Құдай-а, саған мағлұм бар күнәһым,
Бір өзіңе жетпесе менім аһым.
Патшалықпен білесің барша істі,
Сенен басқа кім білер менім халім?

Тәңірім, саған тапсырдым ғаріп басым,
Қалмады жылай-жылай көзде жасым.
Ғаріп қатын Құдайға жылағанда,
Қорғасындай балқытты қара тасын.

Құдай-а, үмітім көп менім сенен,
Тәубе қылдым, қабыл қыл ғаріп менен.
Әнбия, әулиенің құрметіне
Өлгенше рахматыңнан күдер үзбен.

Зар қылып бір Құдайға жылап жатыр,
Тас астында қу жанын қинап жатыр.
Құдайға бір күнәһлі іс қылдым ба, — деп,
Өзінің не қылғанын сынап жатыр.

Сақтай гөр, Қадір Ием, ғаріп жанды,
Жолменен бір ғараби пайда болды.
Қараңғыда жолменен келе жатса,
Зарлаған құлағына дауыс келді.

Ол дауысқа бұл адам құлақ салды,
Бір адам зар жылайды, қайран қалды.
Қатынның даусын естіп, көңлі еріп,
Үйген тастың жанына жетіп барды.

Келіп тұрды ол адам тас жанына,
Жығлаған құлақ салды налашына.
Құданың құдіретіне қайран қалды,
Жылаған тас балқыды көз жасына.

Түйеден түсіп жігіт келіп қалды,
Жерде үйіліп жатқан тасты алды.
Тасты ақтарып қараса, бір адам бар,
Ғараб қазып ақтарып тартып алды.

Ғараб сұрды қатыннан: — Неткен жан сен,
Не жазалы дүниеде мұсылман сен?
Не күнәһдан қылдылар сізді мұнша,
Жасырмай сырыңды айт, тілімді алсаң.

— Бейкүнәһ залымдардан жедім таяқ,
Сырдың бәрін сөйлейін бастан-аяқ.
Бастан кешкен сөйлейді барлық сырын,
Қайғыны Тәңірім салды аямай-ақ.

Жасырмай айтты қатын сырдың бәрін,
Қайнысы өтірік жала қылғандарын.
Дұшпандықпенен залымдар қазыға айтып,
Таспенен бейшараны ұрғандарын.

Жігіт қатын сөзіне нанды дейді,
Есіркеп, көзіне жас алды дейді.
Басы-көзі қатынның бәрі жара болған,
Көркіне көріп қайран қалды дейді.

Таң қалды мұның көріп нұрлы жүзін,
Енді айтады қатынға арыз сөзін:
— Некаһ қылып алайын қатындыққа,
Ризалықпенен маған ти сенің өзің.

Қабыл қылып алайын сені, — дейді,
Сен қабыл қылар болсаң мені, — дейді.
Риза болсаң, алайын некаһ қылып,
Ерден ердің болмайды кемі, — дейді.

Ашық болдым мен сіздің өзіңізге,
Туған айдай балқыған жүзіңізге.
Ерге тимек қатынға ұят емес,
Мойын қой, ғаріп қатын, сөзімізге.

Жігітке сөз айтады сонда қатын,
— Сақта деген қатынға ер аманатын.
Бір қатынға екі ер дұрыс па екен,
Пайғамбардың ойлап көр шариғатын.

Менім ерім қазірде тірі, — дейді,
Меккеде қажылардың бірі, — дейді.
Байы тірі қатынға ерге тимек
Шариғатта дұрыс па, сұра? — дейді.

Жігіт айтқан сөзіне тәубе қылды,
Шариғаттың әміріне мойынсұнды.
— Қияметтік сен маған қарындас бол,
Үйіме алып барайын өзіңді енді.

Айтқаның дұрыс кірді құлағыма,
Таң қалдым әлгі айтқан жауабыңа.
Есен келсе, еріңе мен тапсырып,
Бейшара, аз қалайын сауабыңа.

Түйеге мінгізді де, алып жүрді,
Түнде жүріп алдылар талай жерді.
«Бір бейшара ап келдім, қатыным», — деп,
Марғұбаны үйіне алып кірді.

Қатыны таң қалады сөздеріне,
Туған айдай балқыған жүздеріне.
Марғұба айтты басынан кешкендерін,
[Аяғаннан] жас толды көздеріне.

Тапсырды қатынына Марғұбаны,
Сөзіне Марғұбаның бұлар нанды.
— Тамағын тоқ, киімін көк қылғайсың,
Сыйлаған сауап дейді мұндай жанды.

Жігіт сөзін қатыны қабыл көрді,
Киер киім, ішерге тамақ берді.
Дұшпандардың шарындан Құдай сақтап,
Рахат көріп біраз күн дәурен сүрді.

Бұл рахаттан өтеді талай заман,
Ғарібін Тәңірім сақтап есен-аман.
Марғұбаны асыраған ғарабидің
Бір інісі бар еді залым жаман.

Ғарабидің бар еді бір інісі,
Ата-анасы бар еді жақсы кісі.
Марғұбаны көрді де ашық болды,
Пендеге не қылса да Тәңірім ісі.

Көрді де Марғұбаны ашық болды,
Сарғайып күннен-күнге жүзі солды.
Дәтіне hешбір ылаж таба алмады,
Бір күні Марғұбаға мағлұм қылды.

— Саған ашық болыппын мен бейшара,
Жүректе дертім болды пара-пара.
Сенен себеп болмаса халім кетті,
Бұ дертіме бір дәрмен қылып қара.

Мағшұғым сен бол[масаң], халім хараб,
Дүниеде дидарыңды қылдым талап.
Ішім оттай күйеді сабырым кетіп,
Кел енді, жауабың бер маған қарап.

Ішім оттай күйеді, сыртым — түтін,
Айтарға аузым бармас, ақылым бүтін.
Хормысың, ғұлманбысың, мүсін бейіштегі,
Бермеспін бұ дүниеге жарты бетің.

Ішім оттай күйеді, жүре алмаймын,
Халім жоқ, сені көрмей тұра алмаймын.
Марғұбажан, кел енді жауабың бер,
Бұ дертке өзге дауа қыла алмаймын.

Марғұба айтқан сөзін ұғып алды,
Жігіттің жауабына құлақ салды.
Бір бәледен құтылдым деген кезде
Бейшара бір бәлеге тағы қалды.

— Әй, жігіт, сөзің қабыл болмас, — дейді,
Марғұба бұ тіліңді алмас, — дейді.
Тәубе қыл, күнәhлі іске көңіл қойма,
Менен дауа дертіңге болмас, — дейді.

Мен бір жүрген дүниеде әуарамын,
Жын ұрғандай шерменде диуанамын.
Қорлық-зорлық дүниеде көріп жүрген
Ел-жұртынан айырылған бейшарамын.

Жауап берді жігітке қатын ғаріп:
— Тәубе қыл, жақсы ниет көңліңе алып.
Мен басымды Тәңірге тапсырғанмын,
Дүниеде зина қылман, білсең анық.

Жігіт қатын сөзіне қайран қалды,
Сөзіне Марғұбаның ашуланды.
«Сені жұртқа масқара қылайын» деп,
Һәрбір түрлі қатынға қорқу салды.

— Жұртқа сені қылайын мен масқара,
Сөзіме құлағың қой, бермен қара.
Не өлтіріп қоярмын, не күйдіріп,
Әгар мойын қоймасаң, әй, бейшара.

— Құдай-а, сиынамын саған, — дейді,
Есіттірме сөзіңді маған, — дейді.
Өлсем, жақын болармын Құдайыма,
Өйткенше иман берсін маған, — дейді.

Жігіт кетті үйіне қатынға ашуланып,
Дұшпандықты сол жерде ойына алып.
Марғұба жалғыз Хаққа жалбарады,
Іші қайнап, жүрегі оттай жанып.

Ойлайды: — Марғұбаны өлтірейін,
Басына бір жамандық келтірейін.
Бір бөлені қатынға көрсетейін,
Бұған мен жігіттігім білдірейін.

Әуелі бисмилла-дүр сөздің басы,
Балаға қорған болар ата-анасы.
Марғұбаны асыраған ғарабидің
Сүт еметұғын бар еді бір баласы.

Бар еді ғарабидің жалғыз ұғлы,
Жалғызым деп сүйеді күні-түні.
Андан басқа жоқ еді һеш перзенті,
Жақсылар, құлағың сал, тыңла мұны.

Ол жігіт бұғазлады бұ баланы,
Бір түнде күнәһысы жоқ бейшараны.
Қан қылды Марғұбаның қолы-басын,
Айтайын, тыңласаңыз, сіздерге аны.

Марғұба білмей мұны ұйықтап жатыр,
Бейкүнәһ бұғазланды бала пақыр.
Қанды пышақ жастыққа тығып қойып,
Білдірмей шығып кетті жігіт кәпір.

Таң атқан соң баршасы тұрды дейді,
Өліп жатқан баланы көрді дейді.
Қолы-басы қан болған Марғұбаның
Ата-анасы қасына келді дейді.

Марғұбаның көрділер қолы-басын,
Пышақ көріп төктілер көздің жасын.
— Не үшін бұғазладың жалғызымды,
Сен едің қияметтік қарындасым?

Ұрдылар Марғұбаны қатты жаман,
Кімге опа қылады шолақ заман.
Перзент үшін шыдамай көп ұрдылар,
Һәр бәледен сақтасын Тәңірім аман.

Көп соқты бейкүнәдан Марғұбаны,
Қиналды бейшараның ғаріп жаны.
Тәңірі салса көнбейтін амал бар ма,
Күнәсіз ренжітті бейшараны.

— Сені алып үйіме келдім, — дейді,
Тамақ-киім құрметтеп бердім, — дейді.
Мұндай үлкен біздерге қастық қылдың,
Біз саған не жамандық қылдық, — дейді.

Марғұба зары қылды жасын төгіп,
Бір Аллаға жылайды белін бүгіп.
Ғаріптерге Құдайым жармын деген,
Болар ма, әй, жамағат, аны сөгіп.

Ғаріптен көңлі сыныҚ болар ма екен,
Ғаріпті жан есіне алар ма екен.
Қайғысы бар адамдар қарсы келсе,
Ғаріптердің сөзіне нанар ма екен?!

Марғұба қатын налаш қылды дейді,
Жақсы-жаман һәр істі көрді дейді.
«Бұл істен бейкүнәмін, нансаңыз, — деп,
Көзіне аққан жастар толды дейді.

Көзінің алды толды аққан жасқа,
Жаман ниет ойлама қарындасқа.
Не падиша, дүниеде кедей болса,
Не келмес Тәңірім салса ғаріп басқа.

Марғұба айтты: — Бұл істен жоқ күнәһым,
Сырым саған мағлұм-дүр, бар Құдайым.
Дүниеде мұңлы ғаріп-бейшарамын,
Белгілі өзіңізге менім жайым.

Алла білер пенденің һәр күнәһын,
Саған мағлұм бұл істі қылмағаным.
Қолдан ұстап «кешір» деп Марғұбаға,
Ғараб айтты: — Әй, қатын, айналайын.

Мінезі қатынымның жаман, — дейді,
Ренжітсем күнәһ болұр маған, — дейді.
Мұнан кетіп бар енді өзге жерге,
Төрт жүз алтын берейін саған, — дейді.

Төрт жүз алтын береді «хараж қыл» деп,
— Мұндан бөтен бір жерде барып тұр, — деп,
Мұнда тұрсаң қатынның тілі тиер,
Жөнелтті бейшараны «разы бол» деп.

Амандасып Марғұба кетті дейді,
Көкіректе қайғысы көп-ті дейді.
Бір күн, бір түн пиада жүріп қатын,
Бір шаһардың қасына жетті дейді.

Таң атқан соң шаһарға кірді дейді,
Көше бірлән аяңдап жүрді дейді.
Қайран қалып келеді ғаріп қатын,
Жиылған көп халайық көрді дейді.

Базарда жиылып тұра сансыз адам,
Марғұба келе жатыр оған таман.
— Халайықтар жиылған себеп не? — деп,
Ғаріп қатын сұрайды бір адамнан.

— Патшаның бір жігітте хақысы көп,
Борышын төлейтұғын һеш пұлы жоқ.
Хақыңды бермедің деп ашуланып,
Дарға алып келді жігітті асамын деп.

Тамашаға жиылған көп адамдар,
Шаһарда кәпір, жүһүд, мұсылмандар.
Дарға асылған жігітті көреміз деп,
Жиылған мәнісі сол бүткіл жандар.

Марғұба дар түбіне келді дейді,
Қарызы бар жігітті көрді дейді.
«Қарызыңыз қанша?» деп сұрады да,
Төрт жүз алтын ұлыққа берді дейді.

Жігітті жіберділер алтын алып,
Жомартына қатынның қайран қалып.
Бейшара өлімнен құтылған соң,
Аяғын құшақтайды жігіт барып.

Ол жігіт Марғұбаның көрді жүзін,
Құлдық қылып қатынға айтты сөзін.
Марғұбаны көрген соң ашық болды,
Һеш бұрмастан қарайды екі көзін.

Көрді де Марғұбаны ашық болды,
Көзіне қан аралас жастар толды.
«Саған ашық болдым» деп жүзіқара,
Ұялмай Марғұбаға арыз қылды.

— Көрдім де ашық болдым мен бейшара,
Жүрегім бұзылып тұр пара-пара.
Қылдай белден қысайын, қызыл жүздім,
Бетіңнен бір сүйейін, бермен қара.

Қатын айтты: — Ынсабың бар ма сенің,
Қайғы бірлән тұтанар менің жаным.
Алтын беріп өлімнен алып едім,
Құтылғанда айтқаның мынау сенің.

Жігіт айтты: — Сен мені сатып алдың,
Жүзің көріп бәлеге енді қалдым.
Өлсем тыныш болар ем бұнан дағы,
Сен мені судан алып, отқа салдың.

Сен мені судан алып, салдың отқа,
Өлген адам жолықпас жаманатқа.
Өлсем мен бұ бәлені көрер ме едім,
Туған соң өлім анық адамзатқа.

— Басымды, Тәңірім, саған бердім, — дейді,
Құтылмайтұғын бәлеге қалдым, — дейді.
Іздегенім бұл ма еді ғаріп басым,
Өзіме бәле сатып алдым, — дейді.

Өлімнен сатып алдым малым беріп,
«Зина қыл» деп айтасың маған келіп.
Ақыреттің күнінде Кәрім сұрса,
Недей жауап бересің анда тұрып?

«Зина қыл» деп айтасың маған, — дейді,
«Тәубе қыл» деп айтамын саған, — дейді.
Ондайдан Тәңірім қылсын аман дейді, –
Махшарда зина қылған жаман, — дейді.

Жігіт айтты: — Қосылмай қалман, — дейді,
Құлағым ондай сөзге салман, — дейді.
Өзім өлмей, болмаса сені өлтірмей,
Жаным барда артыңнан қалман, — дейді.

Жүріп кетті Марғұба мұнан тұрып,
Келе жатыр соңынан жігіт еріп.
Қатын қашып, артынан жігіт қуып,
Жетеді бір күн, бір түн қуып жүріп.

Марғұба келді дария жағасына,
Сиынды медет бер деп Алласына.
Жүретін уақытында әзір болған
Жолықты керуендердің кемесіне.

Қатын келіп кемеге кірді дейді,
Соңынан жігіт қуып келді дейді.
— Қашып келген бұл қатын менім күңім,
Алсаңыздар, сатамын соны, — дейді.

Керуенбасы қатынның жүзін көрді,
Ақылы кәміл, зипа жүзді, нұрлы дейді.
Жігітті керуенбасы қасына алып,
Жігітке бір жүз діллa санап берді.

Көнді қатын күң болып сатылғанға,
Жігіттің жапасынан құтылғанға.
Құдайға шүкір қылды ғаріп қатын,
Бірқатар жолықтым деп мұсылманға.

Жігіт қалды, керуендер жөнеп кетті,
Көп емес, бұл арада бір күн өтті.
Оңаша үйге шақырып, қасына алып,
Керуенбасы қатыннан көңілін айтты.

— Мен сені сатып алдым, малым беріп,
Кел, мойнымнан құшақта, бермен келіп.
Ай жүзің бұ жаһанды жарық қылар,
Мен саған ашық болдым жүзің көріп.

Көргеннен соң мен сені алдым сатып,
Бойыңға, күн жүзіңе болдым ашық.
Белден құшып, қарағым, беттен сүйіп,
Кел, төсек сал, жаталық құшақтасып.

Марғұба мұны естіп жылайды енді,
Құдайдан медет бер деп сұрайды енді.
«Мен ғаріпті сақта» деп зары қылып,
Тәңіріден тілеп тілек тілейді енді.

Марғұба айтты: — Айтайын сырым сізге,
Намахрамсың, қарама жүзімізге.
Мен біреудің некаһты қатынымын,
Һеш қатасыз наныңыз сөзімізге.

Бір қатын екі ерге бара ма екен,
Ер қатынын өзге ер ала ма екен?!
Байы тірі қатынды алам деген
Шариғатқа һеш дұрыс бола ма екен?!

— Малым беріп, күң қылып алдым сатып,
Мен сені қоямын ба былшылдатып.
Көнбесең де еркіңе қоямын ба,
Өз мауқымды басайын алып жатып.

Керуенбасы қатынға қолын салды,
Жағын ұрып, шашынан ұстап алды.
Көзіне қан аралас жастар толып,
Құдайға зарлық қылып айғай салды.

— Әуелі жад етемін Тәңірім заты,
Қиналды бейшараның ғаріп жаны.
Зина бірлән дүниеде әсар қылып,
Шерменде махшар күнде қылма мені.

Иләһи, барлық сырым мағлұм менім,
Зұлымдардан қалмады жаным менім.
Өзің жәрдем қылмасаң ғарібіңе,
Қалмады осы күнде халім менім.

Марғұба налаш қылып қылды зары,
Жиылды кемедегі жұрттың бәрі.
Бейшараның жылаған зарлығына
Қайран қалған секілді баршалары.

Жиылып керуен бәрі келді дейді,
Дидарын Марғұбаның көрді дейді.
Жүз де болса керуен, мың да болса,
Көрген соң бәрі ашық болды дейді.

Бәрі ашық болдылар жүзін көріп,
Таласты Марғұбаға бәрі келіп.
«Бұрын бәле бір еді, мың болды» деп,
Ғаріптің зәресі ұшты мұны көріп.

— Сиынар сенен басқа, адамым жоқ,
Тәңірім, жәрдем қылмасаң, амалым жоқ.
Өзің рақым қылмасаң ғарібіңе,
Бұлардан құтылатын дәрменім жоқ.

Иләһи, рақым әйла, иә, Құдайым,
Сенен басқа мен кімге сиғынайын.
Құдіретіңменен, Құдайым, жанымды ал,
Залымдар бәлесінден құтылайын.

Құдай-а, сен медеткер тар жерлерде,
Өзің жәрдем қылып ең һәр жерлерде.
Құдай-а, фазылың бірлән рақым әйла,
Қастығы көп дұшпанның бар жерлерде.

Сенен басқа һеш жерге барарым жоқ,
Халім нешік боларын білерім жоқ.
Қайғы бірлән жаралдым, Падишаһым,
Залымдарға һеш қуат қыларым жоқ.

Жанымды ал, айырма иманымнан,
Халал жолға жанымды қиғанымнан.
Зина бірлән дүниеде шерменде етіп,
Махшарда мақрұм қылма дидарыңнан.

Марғұба Құдайына жылайды енді,
Баршасы да мұның зарын тыңлайды енді:
— Құдайымнан болмаса әгар себеп,
Адамнан рақым, шапағат қылмайды енді.

Иләһи, тілек менден, себеп сенден,
Бұ жерде үмітім жоқ һеш адамдан.
Құдіретіңменен ғарібке халастық бер,
Жаһанда мұңды болмас бұ күн менден.

Тіледі бір Тәңірден қолын жайып,
Қылмадым бір жақсы іс сізге лайық.
Рақым [ет], Падишаһ, күнәһымды кешіре гөр,
Өзіме-өзім қылдым жүз мың айып.

Тілегін Құдай қабыл қылды дейді,
Түтінге дария жүзі толды дейді.
Күн күркіреп, аспаннан қар, мұз жауып,
Қиямет дария жүзі болды дейді.

Бұларға Қадір Ием қаһар қылды,
Аспаннан бір бөлек от хазір болды.
Дарияның ішінде Құданың құдіретімен
Адамның бәрі күйіп күлдей болды.
Тыңлайтұғын әңгіме жаңа жетті,
От күйдіріп адамзат жанып кетті.
Кемедегі алтындар аман қалып,
Адам қалмай бәрі де жанып бітті.

Марғұба жалғыз қалып аман дейді,
Кімге опа қылады заман дейді.
Құдайым барша жанға тауфиқ берсін,
Бұзықтық мұсылманға жаман дейді.

— Құдайым, рақым, шапағат қылдың маған,
Жүз мың шүкір қылайын, Ием, саған.
Шүкір қылып сәждеге қойды басын,
Көзінен жастар ақты қуанғаннан.

Құдайға мың шүкірлік қылды дейді,
Күн тағы баяғыдай болды дейді.
Неше күндер ағызып мұны дария,
Бір шаһардың қасына келді дейді.

Марғұба төңірекке көзін салды,
Сиынып Алла атын аузына алды.
«Бір бөлеге тағы да кез болмайын» [деп],
Еркек киім үстіне киіп алды.

Шаһарға дария бірлән келді кеме,
Марғұбадан өзге жоқ жанды неме.
Шаһар халқы таң қалды мұны көріп,
Құданың құдіретіне пәлен деме.

Таң қалды көп адамдар мұны көріп,
Сөйлесті Марғұбаға бәрі келіп.
— Өзге адамдар қайда? — деп сұрадылар,
Келесің бұл шаһарға қайдан жүріп?

Қатын айтты: — Алып бар ханыңызға,
Кемеге күзетші қой малымызға.
Хан алдында сөйлейін көргенімді,
Бәрің сонда қанарсың мәнімізге.

Күзетші кемесіне қойды дейді,
Марғұбаны ханға алып келді дейді.
Марғұбаны ордаға алып кіріп,
Баршасы ханға сәлем берді дейді.

— Біз бір адам алып келдік сізге, — дейді,
Сұрасақ, сөз айтпайды бізге, — дейді.
Бір кеменің ішінде жалғыз келді,
Бұл жұрттың адамынан өзге, — дейді.

— Арызды сізге айтайын, тақсыр ханым,
Құп тыңла бұл сөзімді, мұсылманым.
Бастан кешкен айтады барлық сырын,
Инаныңыз үшбу-дүр менім мәнім.

Хабарым осы, сөзім жоқ өзге, — дейді,
Бір кеме мал ап келдім сізге, — дейді.
Қазынаңа бәрін де босатып ал,
Осы мал керек емес бізге, — дейді.

Тәңірім сені хан қылған дәулет беріп,
Мен тұрмын бір кеме мал алып келіп.
Құдайың берген халал қазынасы
Жиып бәрін ал, барып көзің көріп.

Таң қалды Марғұбаның сөздеріне,
Есітіп қайғы кірді өздеріне.
Өзі сопы, падиша әділ туған,
Есіркеп жас алады көздеріне.

Марғұбаменен падиша барды дейді,
Түгелдеп малдың бәрін алды дейді.
Алтын, күміс, асылдың қисабы жоқ,
Көрген адам қайран боп қалды дейді.

Түгендеп малдың бәрін алды дейді,
Падиша ордаға алып барды дейді.
«Біреудің хақы менде қалмасын», — деп,
Хан оңаша сарайға салды дейді.

Малдың бәрін түгелдеп салды хатқа,
Қиянат бола ма деп аманатқа.
Жерден тауып алғанды олжа көріп,
Қалмайын ақыретте жаманатқа.

Хан айтты: — Сөйле енді маған, — дейді,
Һеш адам қастық қылмас саған, — дейді.
Қорықпай сөйле, ғаріп, біз тыңлалық,
Бәлелерден құтылдың аман, — дейді.

Ойлағаның, әй, ғаріп, сөйле бізге,
Көп малменен қайтарайын еліңізге.
Не десең де айтқаның қабыл болсын,
Құдай үшін қылайын құрмет сізге.

Мінезім бар ғаріпті сөйлейтұғын,
Ғаріпті һәр кез көңлім қимайтұғын.
Ғаріптер де Құданың құлы емес пе,
Болар ма ғаріп көңлін ойлайтұғын.

Падиша әділ еді салтанатты,
Һеш жанға қылмайды екен қиянатты.
Ораза, намаз оқиды дінін күтіп,
Өзі сопы хан еді кереметті.

Марғұба айтты: — Тыңлаңыз, тақсыр ханым,
Залымдардан құтылды ғаріп жаным.
Мен бір міскін жаһанда бейшарамын,
Қабыл көрсең айтайын ойлағаным.

Әй, тақсыр, мен айтайын сізге, — дейді,
Үй салдырып беріңіз бізге, — дейді.
Сонда құлдық қылайын Құдайыма,
Жетер ме менім жасым жүзге, — дейді.

Разы үй берсеңіз болар едім,
Тәңіріме күндіз-түні жылар едім.
Ораза, намаз оқып өлгенімше,
Тағат қып құлшылығын қылар едім.

Ниет қылдым сол үйден шықпайын деп,
Дүниенің бұзық сөзін ұқпайын деп.
Күні-түні Құдайға тағат қылып,
Жан бірлән иман қамын жоқтайын деп.

Хан қатынға үй салып берді дейді,
Марғұба ғаріп үйге кірді дейді.
Күндіз-түні Тәңіріге шүкір қылып,
Құлшылық оңаша үйде қылды дейді.

Құдайға тағат қылып жатты дейді,
Дін жолында көп мехнат тартты дейді.
Артық тамақ ішпейді, ұйықтамайды,
Дүниені ақыретке сатты дейді.

Мұсылман иман табар, Алла десе,
Дүниеде ақыреттің қамын жесе.
Тәңірі пенде тілеуін бермей қалмас,
Халал ниет жолында жанын қиса.

Марғұба тағат қылып сонда жатты,
Дүниеде жаман көріп қиянатты.
Ғаріпке дұға қылса қабыл болды,
Құдай берді қатынға кереметті.

Әулие қатын болды ниетінен,
Өзін Хаққа тапсырған құрметінен.
Ақсақ, соқыр, шолақ пенен тілсіз келсе,
Бата алса жазылады бұ қатыннан.

Мұңлы кісі қатынға келеді екен,
Келген жанға батасын береді екен.
Келген жан мұратына бәрі жетіп,
Тәңірім қабыл дұғасын қылады екен.

Ақсақ келіп бата алса, аяқ бітті,
Саңырау келіп бата алса, құлақ бітті.
Жарлы келіп бата алса, малды болды,
Қатынның талай жерге даңқы жетті.

Соқыр келіп бата алса, көзді болды,
Тілсіз келіп бата алса, сөзді болды.
«Әмин» деген дұғасы қабыл болып,
Қатынның жүрек іші нұрға толды.

Есігінде жатады мұңлы кісі,
Рузе, намаз — қатынның қылған ісі.
Есіткен жерде мұңлы heш қалмады,
Мұратына жетеді келген кісі.

Бұл жерде осы сөзім жата берсін,
Марғұба келген жанға бата берсін.
Қаж қылып бес-алты жыл сапар шегіп,
Үйіне Мұрат Салық қайтып келсін.

Мұрат Салық жұртыменен амандасты,
Амандасып сөздерін тамамдасты.
Жүрген-тұрған жерлерін бәрін айтып,
Есендесіп көрісіп мауқын басты.

Мұрат Салық бар сөзін айтып бітті,
Амандасып жұрт тарқап қайтып кетті.
Аманат деп тапсырып кетіп еді,
Інісінен қатынын «қайда?» депті.

— Сұрама ол залымды менен, — дейді,
Сөзімнің қатасы жоқ, инан, — дейді.
Масқара боп дүниеден өтті, — дейді,
Өзіңге берсін Тәңірім иман, — дейді.

Бұзық іс сіз кеткен соң қылды, — дейді,
Шаһар халқы баршасы білді, — дейді.
Шермендені өлтірді таспенен атып,
Залымға қазы хүкім қылды, — дейді.

Мұрат Салық есітіп жағы солды,
Көзіне қан аралас жастар толды.
Қатынын ойына алып жылайды енді,
Алланың құдіретіне мойынсұнды.

Ғаріптің қан-жас болды екі көзі,
Жадына түскен сайын һәр мінезі.
Һеш опасы жоқ екен бұ дүниенің,
Һәр пендесін сақтасын Тәңірім өзі.

Бұл арадан өтеді бір жаз, бір күз,
Баршаға әділ қазы Құдайыңыз.
Не қылсаң да, алдыңа келмей қалмас,
Күнінде келмеді деп асықпаңыз.

Келмей қалмас, жақсылық қылсаң дағы,
Жер жүзіне падиша болсаң дағы.
Дүниеде алдыңға бір келтірүр,
Жаман ниет жолында жүрсең дағы.

Құдайым жалғыз қазы, әділ өзі,
Қатасыз бұрынғының айтқан сөзі.
Марғұбаға өтірік жала қылған
Жігіттің соқыр болды екі көзі.

Адамға ақыл керек, көруге көз,
Естуге құлақ керек, сөйлерге сөз.
Жүрерге аяқ керек, ұстауға қол –
Сол болар сегіз мүше дегеніміз.

Жігіттің көзі кетіп болды ғаріп,
Дәрігерлерге қаратты іздеп барып.
Есіткен жерде дәрігер һеш қоймады
Мұрат Салық інісін қасына алып.

Есіткен жерде дәрігер қоймады енді,
Мұрат Салық бар малын оған берді.
Көп дәрігерге бақтырды алып барып,
Һеш себеп бәрінен де болмайды енді.

Үміт үзіп үйінде жатты бұлар,
Пендеге һәрне істі Тәңірім қылар.
— Бір шаһарда әулие қатын бар, — деп,
Себеп сонан болар, — деп есіттілер.

Бұлар іздеп ойлайды баралық деп,
Тапқан малын алдына салалық деп.
Тәңірім берсе, бір себеп болмас па екен,
Қатынның фатихасын* алалық деп.

Інісін алып жүрді Мұрат Салық,
Шаһар жолын, қатын сұрап алып.
Екі-үш күндей жол бірлән жүрді дағы,
Бір үйге мейман болып қонды барып.

Бұлар келіп бір үйге қонды дейді,
Мейманға түрлі тағам берді дейді.

* Бұл жерде бата мағынасында қолданылған.

— Бірің соқыр, бірің сау жолдас болып,
Қайда кетіп барасыз енді? — дейді.

— Біз шықтық пәлен елге баралық деп,
Әулиеден фатиха алайық деп.
Үшбу інім бір себеп бола ма деп,
Келеміз сол қатынға жылалық деп.

Қуанды мұны естіп оның іші,
Оның дағы бар екен бір інісі.
Аяқ-қолдан айырылып жатыр екен,
Пендеге не қылса да Тәңірім ісі.

О да алып інісін жүрді дейді,
Төртеу бұлар бір жолдас болды дейді.
Неше күндер жол жүріп бейшаралар,
Бір шаһардың ішіне кірді дейді.

Марғұба падишадан алған жігіт,
Өлімнен азат болып қалған жігіт,
«Саған ашық болдым» [деп] Марғұбаға,
Бәлені Марғұбаға салған жігіт.

Қатынды сатып үйінде қалған екен,
Керуеннен жүз діллаңы алған екен.
Марғұба бейшараның қарғысынан
Оған да бір дерт пайда болған екен.

Төртеуіне ол дағы душар болды,
Бір-бірінің сұрасып халін білді.
«Сізге жолдас боламын мен бейшара» [деп],
Бұлар бірлән жүрмекке көңіл қылды.

Бесеуі жолдас болып кетті дейді,
Дариядан кеме [бірлән] өтті дейді.
Жолыққанның бәрінен сұрай-сұрай,
Бір шаһарға айдан соң жетті дейді.

Шаһарға қарадылар көзін салып,
Өзінің үйлеріне қайран қалып.
Есіттілер қатынды осында деп,
Үйін сұрап ғаріптер тапты барып.

Келселер, үйдің алды толған адам,
Бос жер жоқ басатұғын жалғыз қадам.
Бесеуі бір шетінде отырады,
Жүретұғын жөн таппай үйге таман.

Кеш болған соң бата алған қайтты дейді,
Бата алмаған сол жерде жатты дейді.
Таң атқан соң «алыстан келдік біз» деп,
Қатынға бұлар хабар айтты дейді.

Оларды қатын көріп танып отыр,
Ғаріп, міскін батасын алып отыр.
Құдайына шүкірлік тәубе қылып,
Құдіретіне тамаша қалып отыр.

Есіктен бұлар кірді тағзым етіп,
Кіргізділер бұларын кезек ертіп.
— Алыс жолдан келген біз бейшарамыз,
Дұғаңыздан біз келдік үміт етіп.

Марғұба айтқан сөзін тыңлайды енді,
— Сізге дұға қылмаймын мұнда, — дейді.
Патшаның ордасына алып барып,
Батамды мен берейін сонда, — дейді.

Қатыннан ханға хабар барды дейді,
Елін жиып, хан халқын алды дейді.
Түрлі тағам, бәрін де хазірленіп,
Торғын мамық құс төсек салды дейді.

Марғұба тұрып жүрді ханға тамам,
Алдынан қарсы келді мың сан адам.
Жарлыға алтын-күміс хайыр қылып,
Падиша шашу шашты қуанғаннан.

Марғұба үйге таман кірді дейді,
Жұрттардың бәрі сәлем берді дейді.
Мүсәпір есік алдында отыра екен,
— Алып кір үйге соны енді, — дейді.

Ғаріптер үйге кіріп сәлем берді,
Отырған жамағаттың жүзін көрді.
Ұлық-кіші бұлардың бәрі де бар,
Марғұба ғаріптерге «сөйле» дейді.

— Тыңлаңыз бұ сөзімді, ұлық-кіші,
Біздерден дұға тілеп келген кісі.
Күнәһын сөйлесін бұлар әуел,
Бар шығар үлкен күнәһ қылған ісі.

Күнәһларын Құдайым көрген шығар,
Ғаріптер үлкен күнәһ қылған шығар.
Күнәһтан тәубе қылмай жүрген шығар,
Құдайым бұларға дерт берген шығар.

Әуелі бұл күнәһысын айтсын, — дейді,
Тәубе қылып, күнәһтан қайтсын, — дейді.
Мен батамды берейін, иншалла,
Сау-саламат жазылып қайтсын, — дейді.

Айтуға күнәһларын ұялдылар,
Халайық-жамағаттан именділер.
Көп ішінде сөйлеуге қылғандарын
Ғаріптер қатты сасып қиналдылар.

— Айтпасаңыз, мен бата қылман, — дейді,
Енді қайтып бұл үйге кірмен, — дейді.
Қайтамын, — деп Марғұба түрегелді,
Сіздерге, асла, дұға қылман, — дейді.

Марғұба түрегеліп қайтпақ болды,
Падиша, жұрт-жамағат құрмет қылды.
«Айтпасаңыз мен дұға қылман», — дейді,
Ғаріптер ақыр сөзін айтпақ болды.

Қайнысы айтты сырымды айтайын деп:
— Айтайын барлық сырым, тыңлаңыз кеп.
Ақыр енді айтпасам болмайды екен,
Күнәһымды сөйлеуге ұялдым, — деп.

Бәрін де айтты күнәһының білгендерін,
Марғұбаға жалған дуа қылғандарын.
«Жеңгем зина қылды» деп қазыға айтып,
Тас бірлә айтты тағы ұрғандарын.

Бәрін айтты қатынға қылғандарын,
Көңліндегі қалдырмай білгендерін.
Ағасы қаж кеткен соң ашық болып,
Қатынға қойныңа ал деп жүргендерін.

Көнбеген соң қатынға өш болғанын,
Куәһ бол деп төрт жігітке дос болғанын.
Марғұбаға өтірік бәле сайлап,
Бейкүнәһ бейшараға қас болғанын.

Есітіп қайран қалды жұрттың бәрі,
Жиылған үлкен-кіші, көрілері.
Мұны айтып Тәңіріге тәубе қылып,
Ұялғаннан қатынға қылды зары.

Қайнысы бар күнәһысын айтып болды,
Естіген жұрттың бәрі тәубе қылды.
Өткен қалған күнәһын сөйлетуге
Ғарабтың інісіне кезек келді.

Ғараб айтты: — Сен сөйле, інім, — дейді,
Өтірік қоспай сөйле шынын, — дейді.
Сен бейшара, не күнәһ қылып едің,
Бәрін де жасырмайтын күнің, — дейді.

Ол жігіт те сөйлейді жамағатқа:
— Мен де үйдегі қас қылдым аманатқа.
Марғұбаға қылғанын бәрін де айтты:
Қойдым, — деп, — бейшараны жаманатқа.

Бір қатынға мен қатты жаман қылдым,
Қас болып бір қатынға амал қылдым.
Бала өлтіріп қылғанын бәрін де айтты:
Тәңірінің бұл бергенін сонан білдім.

Бір қатынға ашық боп салдым бәле,
Бір баланы бауыздап қылдым жала.
Бейкүнәһ бейшараны ұрып-соқтық,
Жамағат, қылғанымды қара-сөна.

Дарға асылған жігітке кезек келді,
Отырған көп бұлардың сырын білді.
Бір қатынға ол дағы қас қылған[ын]
Амалсыз қайтсін ғаріп сөйлейді енді.

Өлімнен құтқарғанын сатып алып,
Соңынан қалмағанын азап салып.
Сатқанын, қалмағанын, бәрін де айтты,
Жұрт тыңлайды бұл сөзге қайран қалып.

Үш кісі күнәсінің айтты бәрін,
Марғұбаға көп жапа қылғандарын.
Ғаріпті һеш күнәсіз ренжітіп,
Бірін қоймай айттылар білгендерін.

Бұларға жұрт құлағын салып отыр,
Жамағат сөздеріне қанып отыр.
Қатынға қылғанына қайран болып,
Таң-тамаша халайық қалып отыр.

— Сақтаса Тәңірім өзі болар қорған,
Үш залым бір қатынға жапа қылған.
Сол бейшара қатынмын мен Марғұба,
Залымдардың қолынан халас болған.

Бұлардан көп жапалар көрдім, — дейді,
Сиынып бір Аллаға жүрдім, — дейді.
Бейкүнәһ ниетімнің дұрысынан
Жақсылық Тәңірімнен көрдім, — дейді.

Көп жапалар залымдар маған қылды,
Тәңіріден қорықпай бұлар жаман қылды.
Бұл жаһанда бұларды қор-зар қылып,
Мұқтаж боп ақырында маған келді.

Мұрат Салық — халалым, ерім менім,
Түркістан шаһарым болар жерім менім.
Елімнен шығып жүрген мәнім осы,
Қалмады айтылмаған сырым менім.

Құдайға бұлар тәубе қылсын, — дейді,
Жаман ниет көңілден қалсын, — дейді.
Райдан қайтқан адам сауап табар,
Мен батамды берейін, алсын, — дейді.

Марғұба бұған бата беріп отыр,
Жиылған көп жамағат көріп отыр.
Жасырмай сырын айтты бейшаралар,
Құдайдың салғанына көніп отыр.

Батасы Марғұбаның асып отыр,
Көңлінен жаман ниет қалып отыр.
Күйеуі Марғұбаның танымайды,
Марғұба көргеннен-ақ танып отыр.

Қосылып Марғұбаға қалды дейді,
Есіне танған соң алды дейді.
Елден көшіп Марғұба амандасып,
Түркістанның шаһарына барды дейді.

Бақ берді Марғұбаға патша Құдай,
Жанның бәрі ескерсін мұнан былай.
Адамзат өз пиғылынан күнәһ табар,
Құдайдың құдіретінің бәрі осылай.

Марғұба қаңғырыпты талай жаққа,
Қараңызшы Құдайым берген баққа.
Өзінің ниетінің дұрысынан
Отырды Мұрат Салық алтын таққа.

Марғұба тамам болып бітті дейді,
Мұнан соң талай заман өтті дейді.
Түркістан шаһарына патша болып,
Барша мұрат басына жетті дейді.

بالقشی ایله غفریتد قصه

Балықшы илә гиффрит қиссасы

Бір қисса жазайын деп алдым ойға,
Муафиқ айтқандай қып жиын-тойға.
Бұрынғы өткен заманда бір балықшы
Тірлігінде кем болған сиыр-қойға.
Дариядан балық аулап күнін көріп,
Кәсібін қылып жүрді шақтап бойға.

Бейшараның болмапты жалғыз малы,
Жамағат нәпақасы көп-дүр жаны.
Ау салып, балық аулап су жағалап,
Жүреді нашарлықпен құрып халі.

Осындай қисса жазам жаңа кептен,
Мұндай кеңес шыққан жоқ бұрын көптен.
Кім келіп бұ дүниеге, кім кетпейді,
Жан иесі бәріне қаза жеткен.
Сол жігіт нашарлықпен балық аулап,
Зарланып қорлықпенен өмірі өткен.
Күнінде төрт мәртебе ауын салар,
Басқа ризық іздемес төгеректен.
Баласы көп, асырар малы болмай,
Бейшара жоқшылықпен жапа шеккен.
Нендей шаһбаз-сабаздар бұ пәниден
Зарланып, қорлықпенен өтіп кеткен.
Бір күн бесін уақтында ауын салды,
Ризық талап қылып Құдіреттен.

Бейшара нашарлыққа байлап бауын,
Дүние-малға бағалар деннің сауын.

Салған соң біраз ғана тоқтады да,
Балық түскен шығар деп тартыпты ауын.
«Бір Алла, ризығын өзің берші,
Үйімде шулап отыр қанша қауым».

Аудың ұшын байлауға қақты қазық,
Балық түссе болар деп балама азық.
Тартса ауыр, салмағы көп, қозғалмайды,
Шаттанды қарайын деп ауын жазып.

Көп ризық келді деп бір Құдайдан,
Әзірлейді салам деп сауыт-сайман.
Су шетіне шығарса зор[ға] тартып,
Үлкен есек көрінді анадайдан.
Аллаға налыс қылып зарланады,
Харам мақлұқ берді деп маған қайдан.
Өлшеулі халал нәпақам бітті ме деп,
Һәр түрлі ойға кетіп қалды қайран.

Аудан есек шыққанға қайғыланды,
Әуелде кем қылдың деп халал малды.
Әзелде жазған ризық бар шығар деп,
Екінші ауын және суға салды.
Салған соң біраз тоқтап тұрды дағы
Және ауыр күшпенен тартып алды.
Бір жолғысы тас пен шөп оны-мұны,
Бұ нешік хал болды деп қайран қалды.

Үшінші және ауын салды аршып,
Шөп-шарын тазалайды суға малшып.
Бұ жолы уатылған ылғи шөлмек,
Бір босы жоқ ішінің, бәрі балшық.
Бейшара тұқ ала алмай мехнаттанды,
Талайды әурелеген дүние қаршық.

Балықшы зарланады жапаланып,
Үш салып ала алмайды жалғыз балық.
Ғаршының тарапына көзін тігіп,
Жылады шынымменен Хаққа налып.

«Құдай-а, нәпақаланып тұрушы едім,
Күнінде төрт мәртебе ауды салып.
Мен құлың енді қайдан күн көреді,
Өзіңнің әміріңнен мақұрым қалып.
Тамақ жоқ, балам шулап отырған соң,
Барады қасіреті ішім жарып.
Басқадан ризық талап қылмаушы едім,
Жүрсем де кедейлікпен ашып-арып.
Шүкірлік қып айтушы ем хамду-сәна,
Жоқтығыма жүрмеуші ем назаланып.
Жазалы боп қуылсам дәргаһыңнан,
Мен пақыр күнелтемін қайда барып.

Бір Алла, құдіретіңе жалынамын,
Кәсібім кемігенге налынамын.
Ризығым таусылып, күнім бітсе,
Опасыз бұ дүниені не қыламын?!
Балалардың ризығы өз алдына,
Несіне өкініш қып жабығамын.
Ажалым жетпей жүрер күнім болса,
Ризығым кемігенге қамығамын.

Үш салып жалғыз балық ала алмадым,
Сонда да басқа жаққа бара алмадым.
Ауымды мехнаттанып салсам дағы,
Пайдасы жоқ нәрсеге арандадым.
Әгар қазам жетпесе ризық бер,
Сенен басқа жәрдемші таба алмадым.
Төртінші салғанымда нәсіп әйла,
Кез келтір көп балықтың қамалғанын».

Төртінші ауын салды бисмилла деп,
Нығметі кесілгенге уайым жеп.
Қаза жетіп қабірге кіргенімше
Халал кәсіп іздемей тұрмайын тек.
Бұ жолы ауға ілініп келген нәрсе,
Тамаша тыңласаңыз болады кеп,
Ғажап қайран қалғандай қызығы бар,
Келістіріп сөйлесем болады еп.

Бейшара ауын тартты үміт етіп,
Бек ауыр зорға тартты есі кетіп.
Бұрыннан запыс болып қалған байғұс
Қорқып тұр кетеді деп әлдене етіп.
Сүлеймен мөһірімен бекітілген
Бір қызыл бақыр шелек келді жетіп.
Қорғасынды ерітіп мөһір басып,
Ауызын ашылмастай қылған тетік.

Бұ жолғы ілінгені — бақыр шелек,
Ауызынан белгі жоқ, дөп-дөңгелек.
Қызыл мыс бақыр шелек шыққаннан соң,
Деп ойлады: «Көп асыл болса керек.
Ауызы жоқ, қорғасындап мөһір басқан,
Осы күнгі шелектен түрі бөлек.
Ішінен асыл қазына бұйым шықса,
Құдайым алдыңғыны берді төлеп».

Балықшы қуанады шелегіне,
Һәр мұқтаж табылады деп керегіме.
Зарланып бір Аллаға тәубе қылды,
Бұрынғы қайғы-қасірет жемегіне.

Сүйінді шелегінің салмағына,
Күшпенен зорға тартып алғанына.
Бейшара қуанады алтын бар деп,
Көп нығмет ілікті деп қармағыма.
Шелектің іші толған алтын болса,
Қыздарым жүзік салам бармағына.

Шелекте алтын көп деп қылды пікір,
«Құдай-а, өзің кешір, айтсам күпір.
Көп олжа жылағанда кез келтірдің,
Бір Алла, құдіретіңе мың-мың шүкір».

Түбі жоқ, таба алмады аузын қарап,
Бұзатұғын онда жоқ қару-жарақ.
Япырым-ай, мұны нешік қыламын деп,
Ақыл-хайла бойынан кетті тарап.

Жанымда көтерісер кісім жоқ деп,
Жан-жағына қарады алақ-алақ.

«Салмағы көп, тұп-тұтас, ауызы жоқ,
Ішінде алтын болса болдым ғой тоқ.
Бұрынғыдай тағы да шөп-шар болып,
Мехнатты бір нәрсеге болам ба соқ.
Әгарда іші толған алтын болса,
Иттен қор қып таптым ғой, дүние боқ.

Әйтеуір, салмағы көп сүйінгендей,
Шаттанып тұрмын алтын үйілгендей.
Ішінен көп ризық нәсіп әйла,
Дос сүйініп, дұшпаным күйінгендей.
Иә болмаса, бір фитнә тағы шығар
Ішкен асым тамақтан түйілгендей».

Сүлеймен мөһірімен пешеттеген,
Ауызын қорғасынмен көрсетпеген.
Аузын ойға қаратып шелегінің
Пешетін бұзайын деп есептеген.

Пешеттің фентін тауып жыпылдатты,
Тылсымның ашылатын қыбын тапты.
Ішіндегі нәрсесі төгілсін деп,
Аузын төмен қаратып лықылдатты.

Балықшы жүрген байғұс Құдай сақтап,
Ау, сүзгі салып жүрген екі жақтап.
Домалақ бақыр шелек шығып еді,
Бір мүшкіл қиын болды кілтін таппақ.
Мөһір басқан пешетін бұзып еді,
Жер мен көкті кетіпті тұман қаптап.

Қараңғы тұман кетті дүниені алып,
Балықшы қорыққаннан қалды талып.
Тұман боп біраз қаптап тұрды дағы,
Бір ғифрит пері болды жұмарланып.

Перінің аузы үңгірдей, бойы таудай,
Қабағы бұлт секілді тұрған жаумай.
Түрінен жан тітіреп шошынғандай,
Жан-жағын қамап алды құрған аудай.

Аузынан от шашылар көзі жайнап,
Балықшы тұр сиынып «иә, Құдайлап».
Кеудесі мұнарадай, аяғы бір зор терек,
Қабағат сипаты бар көрсе абайлап.

Балықшы қайран қалды есі кетіп,
Олжа деп тұрған байғұс үміт етіп.
«Лә иләһа иллә Алла, Сүлеймен нәби Алла», — деп,
Ғифрит есеңгіреп келді жетіп.

— Әй, нәби, ғафу қыл, — деп келді жылай,
Әміріңнен шықпайын мұнан былай.
Не десең, бұйрығыңды екі қылмай,
Қызметіңде жүрейін ылғи-ұдай.

Балықшы қайран қалды мынау сөзге,
— Таудан да зор перісің көрер көзге.
Сүлеймен өткеніне неше заман,
Манағыдан шықты ғой сөзің өзге.

Мың сегіз жүз жыл болған өткеніне,
Пәниден бақи жайға кеткеніне.
Қашан кеткен патшаны бүгін жоқтап,
Кетпес таңба басқан ба көттеріңе.
Сүлейменнің есімін айтып едім,
Бір ғаламат білгізді беттеріңе.
Есеңгіреп қалыпсың, ақымақ пері,
Қайранмын маған келіп жеткеніңе.
Әгар маған сөйлесең шыныңды айтып,
Құлағымды салайын көптеріңе.

Сүлеймен патша өткелі неше заман,
Өткенін күллі мақұлық білген тамам.

Жан-жануар білгенде сен білмейсің,
Білдіріп уақиғаңды айтшы маған.
Өліп қалған патшадан мұнша қорықтың,
Тірі күнде қандай іс қылған саған.
Мың сегіз жүз жылдан бері қайда жүрдің,
Атын айтса болады күнің қараң.
Хүкім шашып тұрғанда барша жанға,
Сол күнде нағып жүрген жаның аман.
Өлгелі көп жыл болған падишадан
Қасыңда тұрғандай-ақ қорықтың жаман.
Қияпатың өзгеріп түсің қашып,
Жапырақтай қалтырап кетті бағаң.

Сүзгі салып дарияға ауды құрдым,
Алладан ризық сұрап зарлап жүрдім.
Халал нәрсе ауыммен келмесе де,
Иншалла, тәубеге мойным бұрдым.
Түрің жаман ғифрит бір перісің,
Мен сенен зәрем ұшып қорқып тұрмын.

— Сүлеймен өлді десең қуанамын,
Әгар да тірі жүрсе суаламын.
Самандүн мен Сүлеймен не қылмады,
Солардың қасіретімен дуанамын.

Бұ шелекке тылсыммен қылған кілт,
Бекіткен соң жанымнан қылмай үміт.
Сүлейменнің өлгені рас болса,
Көп сүйінші берейін саған, жігіт.

Сүлеймен тірлігінде не қылмаған,
Жанымды қоятын жер табылмаған.
Қанша мені қинаған ұстап алып,
Сонда да айтқанына бағынбағам.
Қандай азап қылса да фентке салып,
Уағда қылған жері[нен] табылмағам.
Қиын-қиын азаппен қинағанда,
Денемнен тер қалған жоқ ағылмаған.

Шелекке салды мені көнбеген соң,
Қаза жетпей қинаумен өлмеген соң.
Тағы тірі шығар деп нанбай тұрмын,
Көзімменен өлгенін көрмеген соң.

Неше жыл жер мен көкте жүрдім қашып,
Самандүн есітіп алды өнері асып.
Шықпастай өмір бойы қапас қылып,
Тасып жүрген көңілімді қойды басып.

Жер жүзіне шығардың себеп болып,
Тылсымдаған шелектің аузын ашып.
Енді сенің шығарған хақың үшін,
Өлтірейін қаныңды судай шашып.

Мен сені айтқаныма келтірермін,
Енді мен жиһанға тентірермін.
Өзің қандай өлімді жақсы көрсең,
Сол өліммен кешікпей өлтірермін.

— Дарияға ау салмасам, азығым не,
Таяғымды сен кессең, қазығым не.
Жақсылыққа жауыздық қыламысың,
Бұлайша өлтіргендей жазығым не?

— Жатып көрдім, дарияның түбі салқын,
Қатын-балам шуласып, қалған халқым,
Дарияға тақ Сүлеймен салған шақта
Бар еді көңілімменен қылған антым.
Неше жүз жыл жатқан соң су түбінде,
Деп едім: «Кім шығарса жүзі жарқын,
Кімде-кім шығарса да, сол уақытта
Олжа қып бермек едім мың-мың алтын».
Ол уақытта шығарған жан болмады,
Шүбһәсіз айтқан сөздің білсең парқын.

Асаф пенен Самандүн алған ұстап,
Неше жыл су түбінде жаттым қыстап.
Дініне кірмеген соң салды мені

Шелектің іші тылсым сыртын мыстап.
Сүлейменнің өлгені рас болса,
Ішімдегі уәжүп-шерді құспақ.

Өнерге қандай махир Асаф батыр,
Самандүн заманында құрған шатыр.
Сүлеймен патша болып тұрғанында
Талайларды шайнады қатыр-қатыр.
Солардан қалай қысас аламын деп,
Ішімде қайғы-шерім толып жатыр.

Олар мені ұшыратқан талай халге,
Ақырында пенде қылып салды тарға.
Сол уақытта: «Шығарған кісі болса,
Мұқтаж қылман деп едім дүние-малға».

Мұнан соң неше жүз жыл тағы жаттым,
Су түбінде бұйырған тағам таттым.
Осындай азап тарттым, аушы батыр,
Жолына жүрмеймін деп шариғаттың.

Неше жыл хайла іздедім шыбын жанға,
Шығарса бай қылам деп дүние-малға.
Жер жүзінде көмілген алтындар көп,
Берем деп уағда қылдым шығарғанға.

Һеш адам ол уақытта кез болмады,
Жалғыз жатып айтқаным сөз болмады.
Орным — шелек, жатқаным — судың түбі,
Жарықты көретұғын көз болмады.

Тағы да неше жүз жыл жаттым зарлап,
Кез болып сен бұл тұста салдың қармақ.
Сені Тәңірім кез қылды бүгін маған,
Уағда қып жатқанымда өлімді арнап.

Босанып Қап тауынан ассам, — дедім,
Судан шығып жер жүзін бассам, — дедім.

Әгар судан шығарса мені біреу,
Басын кесіп қандарын шашсам, — дедім.

Сонан соң тілегімді қабыл қылған,
Тағы да неше жүз жыл суда тұрғам.
Күн-түн зарлап қажыдым су түбінде,
Қабыл болмай қылсам да жанды құрбан.

Тілегім енді қабыл болды бүгін,
Мекен қылып жатып ем судың түбін.
Тез енді жұмысыңды бітірейін,
Өзің біліп тұрсың ба өлім түрін?
Бейшара, қарап тұрмай иманыңды айт,
Қараңғы болады енді жарық күнің.
Сүйегіңді шайнасам нандай қылып,
Нам, нышан дүниеде қалмас түгің.

Балықшы қорыққаннан жылайды зар,
Көзіне бұ кең дүние көрініп тар:
— Өлтіремін десең де қолың жетпес,
Әгар да болса маған Тәңірім жар.
Қазам жетпей өлтірем деп ойласаң,
Көпір малғұн, бетіңде жоқ екен ар.
Арманда боп кетпейін қанымды артып,
Нанымды һәр нәрсенің дәлелі бар.

Құдайым иман берсе, өлімің — той,
Сен сықылды көпірге қыр емес ой.
Таңда махшар жеріне барған шақта,
Жақсы менен жаманнан көрінер бой.
Нанатұғын көрсет те дәлеліңді,
Бір сағат қоймай менім көзімді жой.
Кінәсіз қан арқалап кеткеніңше
Және менім жазамды мойныма қой.

Көп заман мен өлімді білгеніме,
Мың шүкір аз күн тірі жүргеніме.
Жаныңды мың берсең де, мен нанбаймын
Осы шелек ішіне кіргеніңе.

Айтқызбай арызымды қойдың тыйып,
Бойыңа ашуыңды тұрсың жиып.
Үлкен таудай ғифрит бір перісің,
Бұ шелекте сен жаттың нағып сыйып.

Сен өзің душар болып келдің қырдан,
Қызықтың олжа екен деп мұнда тұрған.
Хақиқат сенің мұның рас болса,
Мың қабат өлтірсең де мойным бұрман.

Нанбаймын, қайта кірмей шелегіңе,
Дәлел тап мың сегіз жүз жыл қорегіңе.
Көзімше бұ шелекке қайта кірсең,
Маған дағы тірліктің керегі не?!

Кетпейін қапа болып мен де арманда,
Мәңгі тұрған кісі жоқ бұ жалғанда.
Қаным қарыз қылмайын мойыныңа,
Тағдыр жетіп махшарға сен барғанда.

Мені өлтірме өтірік-жалғанменен,
Сен де оңбассың тірі боп қалғанменен.
Шелекке қайта кіріп дәлел көрсет,
Қапа болып кетпейін арманменен.

Ғифрит ажиз болды жауап таппай,
Сасқанынан қарап тұрды кірпік қақпай.
Әйтеуір балықшыны сендіруге
Шелекке кірмек болды ауыз саппай.

Сонан соң пері бу боп аспанға ұшты,
Хайласы балықшының қалай күшті!
Қауіпсіз шелегіне қайта кіріп,
Қор болып пері тағы қолға түсті.

Шелекке алдап кіргізді дию итті,
Пенде қылып баяғыдай салды кілтті.
«Аққа зауал жоқ» деген осы емес пе,
Балықшы аман, ғифрит болды күпті.

Періні қалай алдап қамап алды,
Кім осал деп айтады бұл жігітті.
Пенде қылып қайта қамап алғаннан соң,
Пері дағы жанынан үзді үмітті.
Қорғасынды мөһірлеп басқаннан соң,
Балықшының мақсұты тамам бітті.

Сүлейменнің пешетін басты мықтап,
Енді пері мұңданды жылап-сықтап.
Шелекті төмен тасқа домалатты,
Қақалғанның үстіне жұдырықтап.

— Шелегің әуел жатқан саған сарай,
Енді тірі шығуың екіталай.
Жақсылыққа жамандық қылатын ит,
Арсыз, малғұн, бұл күнде жайың қалай?

Сүлеймен патша кеткен белгі тағып,
Пешеттеп аузына мөһір қағып.
Жазасыз өлтіремін деп тұрғанда,
Қысылып ем маңдайдан терім ағып.
Ақырын қайырлы қып берді Құдай,
Сабыр қып іс ақырын тұрдым бағып.
Жазығым жоқ кісімін, өлтірем деп,
Мен енді жіберейін отқа жағып.

Тас байлап жіберейін суға тастап,
Жамандықты шығардың өзің бастап.
Пиғылыңды көрген соң суға салған,
Білген екен біздерден бұрынғы асхаб.
Мені сен өлтірем деп ақырайдың,
Құдайым жаратқандай маған хастап.
Әгарда сені өлтіріп өнер қылсам,
Паш қылып уәжіп болды жұртқа шашпақ.
Тәңірім аяған соң құтылдырды,
Шын зарлап жылап ем көзді жастап.

Дүниеге мұқтаж болман денім сауда,
Шыға салып кіргіздің қалың қауға.

Қапаста жатқан сені шығарам деп,
Саламат жүрген басым қалды дауға.
Сені кім керек қылып іздер еді,
Шыққаннан көрінбестен кетсең тауға.
Екі жүз пұт тас байлап суға тастап,
Шықпастай қып қояйын шырмап бауға.
Балықшы байғұстарды әуерелеп
Сен залым ілігерсің тағы да ауға.

Енді бәлем шығаршы дыбысыңды,
Іші харам, бұзайын ыдысыңды.
Зәрре-қадар жақсылық саған болмас,
Жиһандағы жисаң да білісіңді.
Қиямет-қайымғаша шықпастай қып,
Біржола бітірейін жұмысыңды.
«Қылғанға қылған сауап» деген сөз бар,
Мыс қылуға ойладың күмісімді.

Балықшы азабынан арылады,
Перінің кең дүниесі тарылады.
Өз қолынан ықтияр кеткеннен соң,
Зарланып енді пері жалынады.

Пері көпір жалынды қатты зарлап:
— Әуелде іс қылмадым артын барлап.
Енді мені шығарсаң жер жүзіне,
Қалауыңды бердірем айтсаң таңлап.
Шарт уағда қылайын қас қылмасқа,

Алланың атын бұзып кетпен алдап.
Қараңғы қиын жердің дәмін таттым,
Шығарсаң күн көрер ем жаным жалдап.
Жақсылық қылған саған қастық қылдым,
Бойымнан ақыл кетіп Құдай қарғап.

Маған қандай іс қылсаң, саған сауап,
Жақсылықты білмеген мен бір парнақ.
Көп әжір тақ аласың ғафу қылсаң,
Әйтеуір пақырлығым саған салмақ.

Бұ күнде мен бір пақыр сіздің қолда,
Бастасаң ерік сенде ізгі жолға.
Отқа, суға салсаң да ықтиярың,
Қамалдым шықпастай боп берік торға.
Ғафу қылып шығарсаң шартқа сеніп,
Сенің де басар еді ісің оңға.
Мана тарпаң болсам да бас білмейтін,
Нансаң, болдым бұ күнде судай жорға.

Сен себеп боп қапастан құтқарғанда,
Талай қата жаман сөз айттым сонда.
Өзімнің тәкаппарлық күпірімден,
Жығылдым шыға алмастай терең орға.
Қолыңнан келіп тұрған пақырларға
Мархабат қылмаймын деп асы болма.

Рақым қылып бір шығар енді мені,
Қайғысыз бай қылайын мен де сені.
Шығарсаң пақырлығың тамам кетіп,
Көрмеген тамашалар болар еді.

Басыңа дәулет құсы қонар еді,
Қойны-қонышың ақшаға толар еді.
Тәңірінің беруіне мен себеп боп,
Мехнат кетіп бақытың оңар еді.
Кешегі кедей мұндай болыпты деп,
Дос сүйініп, дұшпаның солар еді.

— Бәдбақыт, мана сен қандай едің,
Желдегі лапылдаған шамдай едің.
Айтқан сөз құлағыңа кірмейтұғын
Тейфсіз даладағы аңдай едің.

Зор қата енді сені шығаруым,
Көрсетуің һәрбір түрді буын-буын.
Қабағат пиғылыңды көргенден соң,
Мен дағы жамандықтың тіктім туын.
Жер жүзінде жүруің қиын болар,
Өлмеймін деп ішсең де мәңгі суын.

— Балықшы, мен қылмадым жақсы амал,
Фитнәға ішім толған менім самал.
Ғұзырымды қабыл қыл рақым әйлап,
Ант етейін қылмасқа һешбір залал.

Алимнен кем көрмейін енді сені,
Байытайын, дүние ғой адам жемі.
Залал түгіл, қисапсыз мал берейін,
Ант қылдырып Аллаға тапсыр мені.
Мархабат қып шығарсаң бұ шелектен,
Байлығыңның патшадан болмас кемі.

— Мен сені босатпаймын, қорқып қалғам,
Шыққың келіп жатыр ма айтып жалған.
Иунан патша, уәзірі мен бір хакимі
Үшеуінің кеңесі көпке барған.
Уәзірінің падиша тілін алып,
Ақырында хакимге бүлік салған.
Біздің дағы арамыз соларға ұқсап,
Аяғы болып кетер онан да арман.

— Ол қандай хикая еді, айтып қара,
Айтар адам емессің сөзді шала.
Аллаға тапсыр мені, қастық қылсам,
Зәредей көңілімде жоқ бұ күнде ала.
Әлгі айтқан кеңесіңді баяндашы,
Әншейін қылып қоймай бітеу жара.
Көңілді тоқтатарлық ғибрат па екен,
Ықыласпенен тыңлайын құлақ сала.

Қисса Иунан патша

Рұмда Иунан деген бір патша өткен,
Пақырға қайыр қылып малын төккен.
Қызметкер әскерінің қисабы жоқ,
Жау батып келе алмайды төңіректен.

Өзі әділ, қайырлы, дәулеті көп,
Соларға да қатадан қаза жеткен.

Алапес ауру болды бір күн патша,
Нәзір етіп тіленді Құдіреттен.

Тәбиптерді жидырып қол астынан,
Дәрігерлер білгенінше дауа еткен.
Ауруына һеш дауа қонбаған соң,
Зар жылап падишаның есі кеткен.

Патша жүр қорыққаннан есеңгіреп,
Дұға қылып зарлайды елі тілеп.
Қайыры, әділдігі көп болған соң,
Қайғырып жылап жүрді жұрты жүдеп.

Падишаның ауруы оңалмады,
Мақсұты ойына алған бола алмады.
Тәбипті қол астынан жиса дағы,
Бойына қылған дауа қона алмады.

Бақсы-балгер жиылды талай жерден,
Шипасы табылмайды дәрігерлерден.
Жазылса падишадан олжа алуға
Неше түрлі өнерпаз іздеп келген.
Енді патша өледі деп тұрғанда,
Бір кәрі тәбип келді бөтен елден.
Роя есімді бір хакимі
Кісі екен тәбиптігі бойға сіңген.

Бір кәрі тәбип екен жиһан кезген,
Мал-мүлік, үйі-түзден тамам безген.
Өз бетімен келіпті бұл шаһарға,
Падишаның ауруын келіп сезген.

Көзі жетпес ғайыптың қалайына,
Аурудың дауа қылған талайына.
Көптен бері ауру деп естіген соң,
Патшаның іздеп барды сарайына.
— Рұқсат болса, науқасын көрер ем, — деп,
Тәбип: хабар айт, — деді малайына.

Падишаға малайы хабар берді:
— Тәңірі оңдаса, бір үлкен дәрігер келді.
Кіруге рұқсат сұрап қапқада тұр,
Аралап көрген, білем, талай елді.
Қияпаты зиада басқалардан,
Тақсыр-ау, көрген жерден мысы жеңді.

Хакимге Иунан патша: — Келсін, — деді,
Сарайға бисмилла деп енсін, — деді.
Науқасымның мәнісін көрсін дағы,
Тәуекел деп дауасын берсін, — деді.
Жазылсам, дүние-малын аямаймын,
Бұл айтқан уағдама сенсін, — деді.

Патшаның құзырына келді хаким,
Талайға дәрігерлікпен болған жақын.
Бұған пәлен дауаны жасаймын деп,
Науқасың алапес деп соқты кәпін.

— Бір дауа жасап берем ішкендей қып,
Ішіңдегі ауру піскендей қып.
Тағы да бір сауытқа дәрі салып,
Ғұсыл қылып жуынып түскендей қып.

Моншаға түс, қолыңа ал дағы су,
Жазылсаң белгі беріп шығады бу.
Моншада әбден балқып терлеген соң,
Мына берген дәрімен тәніңді жу.

Патша айтты: — Көңіліңді жай қылайын,
Бұлақ суын ағызып май қылайын.
Өзіңе қияметтік азық беріп,
Туысқан-туғаныңды бай қылайын.

Тәбиптер сізден бұрын баққан қанша,
Риза едім жазып барлық малым алса.
Дүние-мал, алтын-күміс, қазынам көп,
Аяман бұл аурудан жаным қалса.

Әгарда шипа болса берген дәрің,
Тақсыр, сізден аяман малдың бәрін.
Әулетіңнің бәрін де бай қыламын,
Ғұмырында көрместей дүние тарын.
Иншалла, дүние-мал табылғандай,
Шипа боп берген дәрің, қалса жаным.
Бастан тәж, астымнан тақ алсаңыз да,
Роя хаким, сенің ықтиярың.

Қарады талиғысын қолына алып,
Қатер жоқ талиғыда жүзі жарық.
Науқасына тиісті дауа жасап,
Ішкізді падишаға ерте барып.
Моншаға түскенден соң тәнің жу деп,
Бір дәрі және берді суға салып.

Моншаға кірді дәрі ішкеннен соң,
Көп ішті тәбип ішін [деп] күштеген соң.
Суға салған дәрімен тәнін жуды,
Әбден терлеп моншаға түскеннен соң.

Жазылды берген дәрі шипа болып,
Қайғы кетті, падишаға шаттық толып.
Жұрт құрметтеп көтерді ұлықтап,
Тәбип те дәуірледі бақыт қонып.

Падиша өзі тұрып орын берді,
Той қылды жиып алып тамам елді.
Патша өзі бас боп, елі-жұрты
Тік тұрып құрметте[ді] бұл дәрігерді.

Інжуді арқалатты сандығымен,
Падиша көп төгілді барлығымен.
Он алты мың теңгелік берді арғымақ
Үстінде алтындаған жабдығымен.

Мұнан көпке тұрарлық арғымағы,
Тасыды жазылған соң сынбай сағы.
Дүниені бір тиындай ойына алмай,

Мал мен мүлік мұнан да көп берді тағы.
Ұзатылған қыздай қып ырғап-жырғап
Хакимді қайтарар болды шағы.

Тәбипті жақсылармен таныстырды,
Бұрынғы дәрігерлермен салыстырды.
Хакимге бергенге іші күйіп,
Патшаға бір уәзір кеп шағыстырды.

Роя хаким ғалым екен,
Ғалымдығы халыққа мәлім екен.
Падишаның бергенін көре алмайды,
Ол уәзір бір күншіл залым екен.

— Тәбипке бердің, тақсыр, мұнша малды,
Бұл бір ғаяр сиқырмен алдап алды.
Шүбһәсіз білдім мұның дұшпандығын,
Алдап жүрген бір залым барша жанды.
Жансыз келіп шаһарды аралап жүр,
Қалай деп көру үшін біздің халді.
Келуге қандай жағы ыңғайлы деп,
Шаһардың жан-жағына көзін салды.
Мұның дұшпан екендігін білдім кәміл,
Мен дағы кітап қарап аштым балды.
Көп қазына алған соң сөйтіп жүріп,
Бұ залым өнеріне бек шаттанды.

Бұған ихсан қылдыңыз, тақсыр патша,
Сиқырменен самғап жүр жүйрік атша.
Біздің сөзге түбінде инанұр жұрт,
Қырылып дұшпандықтың дәмін татса.
Әлі де жіберместен өлтіріңіз,
Біздің ел һәлак болар қарап жатса.
Тақсыр, мен анық білдім дұшпандығын,
Инанбай өлтіртіңіз жауап қатса.

Уәзірге жауап берді патша сонда:
— Сен қызметкер едің ғой біздің қолда,
Науқасыма муафиқ дауа жасап,

Шипа болды дәрісі бастап оңға.
Ауру зағип адамға мархабат қып,
Бұл өзі жүрген адам тура жолда.
Һешбір жанға жамандық ойламады,
Хаким өзі ғалым, үлкен молда.
Хасадтықпен айтасың, залым уәзір,
Сөзіңменен мазлұмды салман орға.

Сен залым, бір мазлұмды жамандайсың,
Мұнан артық тәбипті таба алмайсың.
Нақақтан хакимге іс қылдырсаң,
Түбінде бір пәлеге арандайсың.

Күншілік көрінеді сенің мұның,
Шын емес бұл турада айтқан тілің.
Науқасыма дауасы қонғандан соң,
Бұл тәбиптің үстінде жаны-тәнім.
Өзі ғалым хаким қас қыла ма,
Сен айтып тұрған жоқсың сөздің шынын.
Қайтадан миуа шашып, жеміс шықты,
Бақшадағы қуарып қалған гүлім.
Қазасыз ауруыма себеп болды,
Мұндай қызмет қылмайды туған інім.
Сен залым, бұ бергенді күндеп жүрсің,
Көп емес берсем дағы ердің құнын.

Жақсы көрдім, науқастан жазылған соң,
Не болам өсек сөзге аздырылған соң.
Енді мұндай хаким қолға түспес,
Шыға алмас бір терең ор қазылған соң.

Сен залым, көре алмайсың бергенімді,
Жұрт не дейді тіліңе ергенімді.
Ай басына екі мың ділда беріп,
Бекке басшы билетем жерлерімді.
Тәбиптер мен хакимге басшы қылып,
Қызметіне қоямын сейірлерімді.
Қиямет-қайымғаша ұмытпаспын
Бұл дәрігерден жақсылық көргенімді.

Өзінің жүрген байғұс пайдасына,
Тірліктің амал қылып хайласына.
Өзіме жақын хаким мұны қылам,
Көзің жетсін уағдадан таймасыма.
Тірлігімде дүниеге мұқтаж қылмай,
Уәзипасын арттырам ай басына.

Осы тәбип болып тұр жақыным да,
Әмір мағруф иесі мағқұлым да.
Секілді парсыдағы Синд патша,
Өкінішке қалмаймын ахиретте.

Әй, уәзір, көп ой керек қылған іске,
Қайырлы тағбир керек көрген түске.
Әуелінде миға салмай Синд патша
Ақырында қалған сондай өкінішке.

Күншілдікке келеді сенің сөзің,
Дәрігер себеп болғанын көрді көзің.
Ақырын тағайындап фаһимдамай,
Өкінішке салмаймын өзімді-өзім.

— Падишаһым хакимге нанған екен,
Бұл тәбиптің бақыты жанған екен.
Дәулетінің жартысын бөліп беріп,
Ықыласын дәрігерге салған екен.
Неше түрлі хайланың аузын ашып,
Сиқырменен ақылыңды алған екен.
Парсының Синд деген падишасы
Қалайша өкінішке қалған екен?

Біз дағы есітейік, қылшы баян,
Менім сізге достығым Тәңірге аян.
Орынсыз бұл дұшпанға берген малың,
Қияметте болады жылан-шаян.

Патша Синдбад хикаясы

Синдбад есімінде патша болған,
Неше түрлі өнерге іші толған.
Дәулеті көп, ниеті ізгі болып,
Пақырларға қайырын берген қолдан.
Мәжіліс қып жұрт алдынан тұрғаннан соң,
Аң аулап қызық көрген сапар жолдан.
Патшалық қызметін ада қылып,
Құс салып ау аулады оң мен солға.

Түзу мылтық, жүйрік ат, қыран сұңқар,
Ғейіш-ғишрат, құшқаны — бір сұлу жар.
Тулаққа әбден толып үйретілген
Жан құтылмас ақиық бүркіті бар.

Бүркіттің алқа салған мойынына,
Үйренген неше түрлі ойынына.
Бір күні киік аулап шықты түзге,
Бүркіттің жемін тығып қойынына.

Бүркітінің алқасын алтындаған,
Салмақ жоқ резеңке тартылмаған.
Бүркітін бір киікке жібергенде
Алқаға орап тоқтатып қарқындаған.
Падиша ләшкерімен келгенінде
Мақтанғандай қаранып саңқылдаған.

Киікке жіберген соң бүркіт жетті,
Алысып тоқтата алмай жапа шекті.
Енді айырылып қалады деп тұрғанда
Алқаға орап тоқтатқан көрді кепті.
Кімде-кім ұстаймын деп айырылса,
Падиша өлтірем деп әмір етті.
Патшаның өзі жазып жатқанында
Алқадан сыпырылып киік кетті.

Сыпырылып киік шықты алқасынан,
Екпінмен бүркіт түсті шалқасынан.

Падиша ұстаймын деп өзі айырылып,
Ұялғаннан тер шықты арқасынан.

Патшаның тәкаппарлық айтқан сөзі,
Шариғатқа хиләф іс бұл мінезі.
Басқа біреу айырылса қас қылмаққа,
Бұ пиғылды көріп тұр жұрттың көзі.

Кімді өлтірер екен деп күлісті жұрт,
Киіктен падишаның айырылды өзі.
Ашуланып бүркітін ала шапты,
Халыққа көрінген соң арамбезі.

Падиша жұрт күлгенге ашуланды,
Өлтірем деп айырылып қашырғанды.
Падишаның көзіне ашуынан
Бұ дүние қып-қызыл боп жасылданды.
Бұ күлгеннің бәрін де өлтірермін,
Қоярмын жалынып кеп бас ұрғанды.

Киікті ашуланып кетті қуып,
Күлген соң ләшкеріне көңілі суып.
Жете алмай басқа халық қалды кейін,
Падиша арғымақпен жетті жуық.
Неше жерден жаралап бүркіт жетіп,
Шықпастай алқасымен алды буып.

Падиша алды-артына қарамады,
Бойындағы қаһары тарамады.
Киікке ашуланып жеткен бүркіт
Қайтып адам болмастай жаралады.

Киікті бұғаздады келгеннен соң,
Әлсіз қып бүркіт ұстап бергеннен соң.
Бір биік ағаш бар екен жақын жерде,
Саясында отырды терлеген соң.
Күн ыссы, бек шөлдеді дымы құрып,
Кейіді һешбір адам ермеген соң.

Падиша шөлдеген соң ыза боп жүр,
Ол жерден сусын таппас берсе де пұл.
Ағаштың бас жағына көзін салса,
Тамаша бал секілді су тамып тұр.

Қойынынан алды патша алтын кесе,
Тап осындай шөлдемес талқан жесе.
Кесесін тосып тұрып толтырған соң,
Бүркіт қағып төгіпті ішем десе.

Кесесін тағы тосты аққан суға,
Не екені білінбей тұр қалың нуда.
Тамаша жапырағы қалың екен,
Қараса, ағаш басы мұнар буда.

«Бүркітім ішіп қансын толғаннан соң,
Тәңірім шарап берді оңдаған соң.
Құдай-а, мың шүкірлік бергеніңе,
Өлем деп ем hеш нәрсе болмаған соң.

Тәңірім сусын берді шөлдегенде,
Өліп ем бұл ағашты көрмегенде.
Сусыннан халім зағип болып еді,
Өлген балық жолықты өлмегенге.

Нәсіп берді амалым Хаққа жағып,
Ағаштан аққан суды көрдім бағып».
Кесесін тосып еді қазір толды,
Тиылмай манағы су тағы да ағып.
Әуел бүркіт ішсін деп тосып еді,
Ішпестен төкті жерге тағы қағып.

Бүркіттің төккеніне ашуланды,
Қынындағы қылышқа қолын салды.
Бұл мақұлық қадірімді білмеді деп,
Бүркітті қылышпенен салып қалды.
Топшыдан қылыш тиіп үзіп түсті,
Ақылы зайыл болып бүркіт талды.

Әуелі шөлдеді деп бердім бұған,
Балды төкті сары майдай толықсыған.
Балды төккен жазасын тартып өзі,
Басына ашылмастай түсті тұман.

Ықыласты тәубе керек жастағыға,
Хас жаман қас қылады қастағыға.
Ишара қылды бүркіт падишаға,
Ағаштың қарашы деп бас жағына.

Өтер ме тіл үйренген бүркіт мұнан,
Мен дағы өлгеніңе қайғы қылам.
Падиша жоғарыға көзін салса,
Ұялап балалаған үлкен жылан.

Көзі жетті бір қаза боларына,
Тірі болса бақ дәулет қонарына.
Бүркітін ашуменен шауып салды,
Еріксе алып шығатын сонарына.
Балдай боп тамып тұрған заһары екен,
Анықтап қарап тұрса жоғарыға.

Бір үлкен жылан екен мекен қылған,
Балалап келеді екен талай жылдан.
Екі рет бүркіт біліп төккен екен,
Жыланның заһары екен ағып тұрған.
Өлейін деп жатса, достық қылып,
Ишарат қылған екен кет деп мұнан.
Тілсіз мақұлық болса да бүркіт байғұс,
Достығымен қылды ғой жанын құрбан.

Әуелде ашуланып қылыш салған,
Ақырында өкінішке патша қалған.
Шала-жансар бүркітін орап алып,
Падиша ләшкеріне қайтып барған.
Ақырын фаһимдамай қылыш шапты,
Кімді қапа қылмаған дүние жалған?!
Әскерге ишаратпен бақұлдасып,

Бәрінен де ризалық фатиха* алған.
Жазығы жоқ бүркітін шауып салды,
Ішпедім деп өкініп аққан балдан.

Патша жұртқа сөйледі уақиғаны,
Ағаштың заһар екен аққан балы.
Жиылған көп халыққа амандасып,
Бүркіттің көп кешікпей шықты жаны.

Көргенін тамамдады мұндағыға,
Кімнің көзі жетеді сырдағыға.
Іс ақырын байқамай ғапылдықпен,
Падиша көп өкінді қылғанына.
Падиша бармақ шайнап көп өкінді
Бүркітін қылышпенен ұрғанына.

Ғапылдық һешбір жанға пайда бермес,
Бұ пәни қуғанменен адамға ермес.
Күтінбесең шығады түтін деген,
Өткен іс өкінгенмен қайтып келмес.

Өз басыңды қасіретке сал дейсің бе,
Тәңірім бұзақыға жар дейсің бе.
Жазығы жоқ өлтіріп хакимді,
Ақырында өкінішке қал дейсің бе,
Дос бүркітін қас көріп өзі өлтірген
Парсыдағы Синдбад шаһ бар дейсің бе?!

Бүркітін Синдбад шаһ өлтіргені,
Себеп болып қазаны келтіргені.
— Менім айтқан сөзіме сенбедің, — деп,
Уәзір жын ұрғандай селкілдеді.

Патша айтты: — Хакимге сен бір дұшпан,
Басына түссін десең бір зымыстан,
Бұл дәрігерге сен қастық қыла берсең,
Бәлем, сен де қалмассың бір қылыштан.

* Бұл жерде бата мағынасында қолданылған.

Қой, уәзір, бақытыңа құзғын түсіп,
Үміт қып тұзақ құрсаң бұлбұл құстан.
Жал-жаяны көпсініп жүрген болсаң,
Ақырында жапалақ боп жерсің тышқан.
Хакимді қоймасаң жамандауды,
Бір суық тер бар шығар сені қысқан.

Тіліңді бұл турада ала алмаймын,
Жазасыз машақатты сала алмаймын.
Дос бүркітін өлтірген жазығы жоқ,
Сол секілді өкінішке қала алмаймын.

Сонда уәзір сөйлейді кеңес бастап:
— Менім айтқан сөзімді кеттің тастап,
Бір тамаша хикая мен де айтайын,
Құлақ салып тыңлаңыз, жамиғ асхаб.
Жанымның ашығанын білмеді патша,
Өлім жөнін айтады маған хастап.
Жасымнан қызмет қылған жолдас едім,
Мен де Хаққа жылармын көзім жастап.

Сонда дағы сөйлейін бір хикая,
Естіген кеңес қылсын жұртқа жая.
Патшаның мұрты маған қисайған соң,
Айтатұғын сөзімнен тұрман тая.
Жасынан қызмет қылған жолдасым деп
Хақтығым мағлұм болса, өзің ая.

Сонда да бір хикая айтпай болмас,
Жазасызды жамандап адам оңбас.
Бұл хакимден heш залал көргенім жоқ,
Әйтеуір ниетіне көңілім толмас.
Пұрсат тауып құтылып кеткенден соң,
Қайта келер елінен алып жолдас.

Қайта келсе, мүлкіңнен мақұрым етер,
Жау әкелсе еліңнің тынышы кетер.
Сізді өлтіріп кете ме деп қорқамын,
Өзім зиян көргем жоқ, айтпан бекер.

Жаным ашып айтамын қауіп қылып,
Сіздің қалған дәулет те маған жетер.

Көзің жетсін һеш қайғы жемесіме,
Мұнан былай һеш нәрсе демесіме.
Тақсыр-ау, осы сіздің уақиғаңыз
Бір уәзірдің ұқсайды кеңесіне.

— Сөйлеші, ол кеңесің қандай екен,
Жақсы болса ләззаты балдай екен.
Қазасыз ауруыма себеп болды,
Дәрігерімнің достығы жандай екен.

Тақсыр патша, болмады сөздің пұлы,
Нанымсыз хамду-сәна айтқан сөзі.
Жүйрік ат, қыран құсшыл саятқа хош
Бар екен бір патшаның жалғыз ұлы.

Балуан, өнері көп, өзі мерген,
Аң аулап, жиһан кезіп қызық көрген.
Қайда барса жанынан қалмай жүр деп,
Тағайындап бір уәзір қосып берген.
Қай тарапқа барса да айырылмай,
Ол уәзір қызмет қылып қасына ерген.

Уәзір менен байбатша шығыпты аңға,
Жиһан кезген жолығар һәрбір халге.
Тамаша, жан көрмеген бір хайуанға
Екеуін кез қылыпты жалғыз Алла.
Уәзір байбатшаға «қу» деп айтты,
Ұстап ап көрсетейік дейді ханға.
Ұстап алып көрейік тамашалап,
Тәңірім кез қылған соң мұндай жанға.
Жан көрмеген ғажайып хайуан екен,
Атыңның бар шабысын аяп қалма.
Уәзірдің тілін алып қуып еді,
Ол хайуан соғып қашты жардан-жарға.
Алдындан ұзап қашып кетпеген соң,
Қоя беріп кететін заман бар ма.

Салдыр-гүлдір етеді қашқан сайын,
Секілденіп жадағай салған арба.

Уәзірдің тілін алып кетті қуып,
Ұзатпай байбатша да жетті жуық.
Енді ұстаймын дегенде алыстайды,
Байбатшаның қалыпты көңілі суып.

Алдынан жан көрмеген хайуан қашты,
Аралап қашып келеді тау мен тасты.
Иә ұзап, иә болмаса ұстатпайды,
Байбатшаның көңілін қайғы басты.
Жете алмай жолдасынан тағы айрылып,
Қан аралас көзінен төкті жасты.
Жолдасын іздеп табар ауқаты жоқ,
Талай жыныс қарағай белден асты.
Қуғанына жете алмай адасқан соң,
Елсіз жерде өлем деп жаман састы.

Тау-тастан хайуан шықты сахараға,
Теп-тегіс қашып шықты бір далаға.
Қарағай, қайың, тау-тастан басы айналып,
Жөн табу қиын болды жас балаға.

Әуелде уәзір бірге қарасады,
Аң аулау саятшыға жарасады.
Қарағай, қайың, тау-тасты айыра алмай,
Тегіс жерге шыққан соң адасады.
Байбатша ол хайуанды қуғанында
Кейде алыстап, кей жерде жанасады.

Тал түсте адастырып кетті хайуан,
Тамашаны көрсетіп алуан-алуан.
Кетуінен жан қорықпай тұрар емес,
Қанша мықты болса батыр, балуан.

Адасып хайуаннан қалды қайран,
Жасырынар жері жоқ тегіс майдан.
Жерінің тегістігін осыдан біл,

Жұмыртқа тау көрінер анадайдан.
«Ел таппай қазам жетіп өлемін бе,
Бұл секілді мақұлықты қудым қайдан?!»

Әуелде жақындаған қуғанында,
Алыстайды сойылмен ұрғанында.
Далада бір сұлу қыз көрінеді,
Қайран болып алаңдап тұрғанында.

Адасты зар-сәркардан қайран болып,
Қасіреттеніп көңілі қалды солып.
Көңілі аумай ол аял тұрар емес,
Қандай пенде болса да ақылы толық.

Байбатша қызға келді есін жиып,
Көрген жан кетер емес көзі қиып.
Қыз қосына келген соң жауаптасты,
«Жалғыз неге жүрсің?» — деп сөзін түйіп.

— Мұнда жалғыз отырсың не себептен,
Қарасам, жан көрмеймін төңіректен.
Көрген жерден ғашықтық пайда болды,
Дүниеде сұлу бар ма сенен өткен.

Кім боласың, мәніңді баяндашы,
Сені көріп ғашық боп есім кеткен.
Бір хайуанды қуып кеп айырылып,
Бұ жерде нәсіп болып саған жеткем.
«Жолдасым ұйықтағанда кетіпті», — деп,
Қыз жылап жауап беріп жасын төккен.
— Бұл жерге көп керуен кеп қонып еді,
Мен қатты ұйықтаған соң көшіп кеткен.
Құдайым сені маған кез келтірді,
Өлем деп отырғанда қасіреттен.
Кел, екеуіміз кетейік бірге ілесіп,
Тәңірім өзі оңдасын шыққан беттен.

Екеуі мінгесіп ап жөнеледі,
Құшақтасып, өбісіп кенеледі.

«Түзге отыр[ып] алайын, тоқтай тұр», — деп,
Аттан түсіп сұлу қыз бөгеледі.

Қыз кетті көрінбейтін таса жерге,
Тиген залым білемін талай ахирге.
Көп кешігіп, келмеді, күтіп тұрды
Байбатша, ғашықтықпен болып пенде.
Қараса да көзіне көрінбейді,
Хайлалап сиқырменен тартқан перде.

Қайда кетіп қалды деп іздеп барды
Бір қараңғы үңгірге жаққан шамды.
Перінің қатыны екен баласы көп,
«Бұ қалай тамаша?» — деп көзін салды.
Түрі жаман періні көргеннен соң,
Қояр жер таба алмады шыбын жанды.

Ес қалмай қайта шықты даласына,
Қашып жетер шама жоқ қаласына.
«Сендерге тамақ тауып әкелдім», — деп,
Кеңес қып отыр екен баласына.
— Жесеңдер тоярсың, балаларым,
Қарасам сол жігіттің шамасына.
Мен адамзат порымымен көрінгенде
Көзін салмас ата мен анасына.

Жас жігіт қолға түсті семіз емес,
Өзімен біразырақ құрдым кеңес.
Тағы барып көрінсем адам болып,
Маған ғашық, тіпті де пері демес.
Ғашық оты ішіне әбден кірген,
Ата-ана, ел-жұртым деп қайғы жемес.

Аң аулап шығып едім сахараға,
Семіз емес кез болдым жас балаға.
Ұстап алып сояйық кешіктірмей,
Жылдам кел, шыққаннан соң мен далаға.
Байбатша осы сөзді естіген соң,
Зар жылады түстім деп мұпталаға.

Байбатша қалтырады қорқып жаны,
Есі ауды атқа мінер болмай халі.
Есеңгіреп атына мінгенінде
Үңгірден шыға келді ғашық жары.

Үңгірден сөйлеп шықты сұлу қыз боп,
Суыған байбатшаның іші мұз боп.
Қашып кетер ауқаты болмаған соң,
Ылаж жоқ тұрды жаннан үмітсіз боп.

— Құрметтеп мінгізіп ең алдыңызға,
Көңіліңді бөтен ойға салдыңыз ба.
Атқа мініп алыпсың қашатындай,
Кешікті деп өкпелеп қалдыңыз ба?

Байбатша, кез болдыңыз біздей затқа,
Қосылсаң өмір бойы көңілің шатта.
Бұл жерге дұшпан келіп қас қыла алмас,
Неден қорқып шошынып міндің атқа?
Сізден басқа кісіні, ойлансаңыз,
Көз салып мен де алмаспын ілтипатқа.

Байбатша айтты: — Тыңлашы, әй, сұлу жар,
Аузыңнан шыққан лебіз шекер мен бал.
Көргенде есім қалмай ғашықтандым,
Бұ сөзіме инанып құлағың сал.
Сол себептен асыға атқа міндім,
Бұл жерде қорқатұғын дұшпаным бар.
Бір көргенге қырық күн сәлем деген,
Мархаматың тигізіп есіңізге ал.
Бұрынғы дос дегенім дұшпан шығып,
Көзіме көрініп тұр кең дүние тар.

Қатын айтты: — Адамзат бос болады,
Аз нәрседен көңілі хош болады.
Не себептен қорқасың ақылың кетіп,
Дұшпаныңа мал берсең дос болады.

— Ақылды өз шамамша көп ойлаймын,
Өзіме пайдалы ма деп ойлаймын.
Менім қорқып тұрғаным жан дұшпаны,
Мал берсем де болмайды деп ойлаймын.

Жаным шошып қорқады соның үшін,
Соғыс қылып құтылар жоқ-дүр күшім.
Сен себепші боп дұшпаннан құтқармасаң,
Бұл жерде қазам жетіп құрыр мысым.
Дұшпан сөзін құлағым естіген соң,
Қаным қашып кетіп-дүр менім түсім.

Қатын айтты: — Мазлұмсың сен бұл күнде,
Сиынып хамду-сәна келтір тілге,
Сақтағушы бір Алла сақтар сені,
Тазаруғ қылыңыз күндіз-түнде.

Ар-рахман, ар-рахим сақтар Алла,
Менім айтқан сөзімді бекер білме.
Менім айтқан тіліммен тәубе қылып,
Пасық пасад іс қылып ойнап-күлме.

Саламат үйіңе қайт менен аман,
Бұл жерде толып жатыр дию, қабан.
Мен сені қастық қылмай жөнелтейін,
Махшарда жолдас хақы дейді жаман.
Ықылас көңіліңменен жалбарынсаң,
Пәледен есен сақтар Хақ Тағалаң.
Бөгелмей енді жылдам кетші мұннан,
Жеймін деп қазір келер менің балам.

Мен өзім бір диюдың қатынымын,
Осы жүрген перінің батылымын.
Дінім батил болса да, өзім дию,
Халқы түзу кісінің жақынымын.
Айтқанымды ұмытпай жалбарып жүр,
Өсиет айтушының ақырымын.

Бұл жерде көп кешікпей жөнел енді,
Жаныңның аманына кенел енді.
Дұшпан көп қастық қылса мұнан былай,
Болысып бұған тиме деймін енді.
Тимеймін деп бір уағда қылғаннан соң,
Бал болса да етіңді жемен енді.

Жалбарынып қылып жүр Хаққа тәубе,
Сиынсаң сені бермес Тәңірің жауға.
Жастықтың әуесіне мағрұр болып,
Әйел көрсең нәпсінің сөзіне аума.
Мен барып балаларды тоқтатайын,
Жөнел енді жаныңды қылып сауға.
Сиқырменен аң болған диюлер көп,
Байқап жүр киік аулап шықсаң тауға.

Мұны айтып үңгіріне кетті кіріп,
Байбатша шүкірлік қып кетті жүріп.
Есен-сау шаһарына қайтып барды,
Содырсыз мазлұмдықтың қадірін біліп.

Байбатша жақсылықтан аянбады,
Нәпсіге еріп жастыққа таянбады.
Аң аулап қанша мехнат көргендігін
Қалдырмай атасына баяндады.

Осындай көп мехнат көрдім жолда,
Уәзірді жолдас қыл деп бердің қолға.
Уәзірдің қиянаты көп екен деп,
Баласы падишаға айтты сонда.
Мұнан былай сапарға ертіп шықсам,
Уәзір ұшыратар мұнан молға.
Уәзірдің тілін алып хайуан қуып,
Пері толған кез болдым қазған орға.
Қаза кейін болған соң қалдым аман,
Шырмалып қала жаздым құрған торға.
Уәзірдің қиянаты көп болады,
Жолдасының шығармас ісін оңға.

Уәзір Иунан патшаға сөз сөйледі,
Мәшинесін жүргізіп оң мен солға.

Уәзір бұ қиссаны тамамдады,
Өзін-өзі патшаға жамандады.
Хиләф іс уәзірде көп екен деп,
Тағы патша дәрігерін амандады.
Қатерлі науқасына дауа қылған
Тәбиптен һешбір қата таба алмады,
Олай-бұлай айтса да мәшинелеп,
Бұ жолы уәзір тілін ала алмады.

Уәзір айтты: — Тақсыр-ау, бұ сөзге бақ,
Тірлікпен мініп тұрсың алтыннан тақ.
Науқасыңнан тірілтіп дауа қылды,
Енді бір дәрі берсе өлуің хақ.
Сіз өлсеңіз мал менен басың кеміп,
Құриды деп айтамын бақ пен аруақ.
Дәрігер маған һеш нәрсе қылған емес,
Жаным ашып айтамын болсын деп сақ.
Мың күнгі ұжмақтан бір күн тірлік,
Мүмкін болса тірліктің қанділін жақ.

Бұл жерде адам білмес алыс елі,
Пиғылы көрінбейді ел дәрігері.
Қандай қиын аурудан тірілдірді,
Көңіліңізге келмей ме осы жері.
Тірілтуден өлтіру оңай жұмыс,
Осы жерін білмегенге шығар тірі.
Сізге келіп сиқырмен жақын болды,
Ішкенім ас болмайды сонан бері.

Сізді өлтіріп бір күні кетер қашып,
Өлтірдім деп мақтанар аруаш шашып.
Сіз өлсеңіз жетімдік көреміз деп,
Соның үшін жылаймын жаным ашып.
Өлгеніңіз жайылса һәр тарапқа,
Шаһарыңды кетпей ме дұшпан басып.

Қорлық, кемдік көрмедік заманында,
Бір рия жоқ еді амалында.
Жолдасым қастық айтпас деп ойласаң,
Дәрігерден құтылыңыз аманында.
Сізді өлтіріп елінен жау әкелсе,
Қалмаймыз [ба] дұшпанның табанында.

Бұ залым елді байқап көре келген,
Нәсібін сиқырменен теріп желден.
Осының кесапаты тимей қалмас,
Кешіктірмей жіберші қуып елден.

Сізді өлтіріп елінен әкелер жау,
Сіз білмейсіз, аңдыған дұшпаның қау.
Пиғылы жаман бір залым көрінеді,
Құтылыңыз тұрғанда басыңыз сау.
Бұл шаһардың ішінде тәбип тұрса,
Даяр тұрған секілді құрылған ау.

Мен сізге мұнан былай айтпаймын сөз,
Мұның сиқыр екенін көріп тұр көз.
Бұ шаһардан тәбипті шығармасаң,
Енді, тақсыр, тірліктен үмітіңді үз.
Бірін қабыл қылмадың, тақсыр патша,
Жан ашып хақ ниетпен айтсақ та біз.
Бұрынғы достарыңды дұшпан көріп,
Бұл дәрігердің тұсында безіндіңіз.

«Бұ қалай?» деп падиша ойға кірді,
«Мұнша шошып дәрігердің несін білді.
Мұның бір жаман пиғылын білген шығар,
Бұл уәзір де білетін һәрбір тілді.

Дәрігерді өлтіртуге болды құмар,
Тәбип өлсе, уәзірдің көңілі тынар.
Бөтен патша құзырынан келген болып,
Елді байқап жүруі рас шығар.

Ел байқап жүрген шығар хаким болып,
Қайырын алып жүрген пақыр болып.
Бір күні пұрсат тауып мені өлтірер,
Өтірік жүрген шығар жақын болып.
Күн бұрын мұны өлтіріп күтінейік,
Алданып қалған жаман қатын болып,
Бір ғаяр сиқыршының тіліне еріп,
Мал-мүліктен айрылмайын тақыр болып».

Падиша осылайша ойға кетті,
Азғырып мақсұтына уәзір жетті.
Ақырында өлтіруге қаулы қылды,
Әуелде көп мал беріп құрмет етті.
Падиша азғырылып көңлі ауды,
Уәзір сөйлеген соң талай кепті.

Уәзір падишаны азғырады,
Дұшпан деп терең орды қаздырады.
Қатерлі науқасына дауа қылған
Нақақтан хакимді жазғырады.
«Тез өлтірсең науқасың оңалады», — деп,
Падишаны қуантып мәз қылады.

— Тәбипті құзырыңа алдырыңыз,
Көп олжа беремін деп нандырыңыз.
Бір кәлима жауапқа келтірместен,
Бейнеттерге қылышты салдырыңыз.
Бұ ғаяр сиқыршының басын алып,
Фитнәдан жұртыңды тыныш қалдырыңыз.
Жауаптассаң кетеді хайла тауып,
Келген жерден ақылын тандырыңыз.
Ол өлсе, кеткен ауру қайта келмес,
Сөйтіп тірлік шырағын жандырыңыз.

Өлтірмесең, науқасың қайта келер,
Ғұмырыңша оңбайтын бәле берер.
«Иттен қор қып қойдым, — деп, — падишаны»,
Бұл дәрігердің өсегі аттай желер.
Сиқырын өз еркімен жүргізген соң,

Шаһардан қанша халық соңына ерер.
Сиқырлап барша жанды алғаннан соң,
Бізде қуат бола ма нәсіп терер.
Падиша өлтіруге уағда қылды,
Тәптіш қып қарамайтын неткен жан-ды.
Атқаны тиіп, айтқаны келгеннен соң,
Ішкені ас боп уәзірдің көңілі тынды.

Уәзіріне шаттанды Иунан патша,
Өкінер нақақ жала дәмін татса.
Шағыстыра қайрайды уәзір және,
Құтылып кетеді деп жауап қатса.
Патша тілін алған соң шағыстырған,
Уәзір сыланғайды жүйрік атша.

Шақырып хакимді алып келді,
«Сен дұшпан екенсің» деп жауап берді.
— Басқа бір падишадан көп мал алып,
Байқау үшін келіпсің біздің халді.

Шаһарға сиқырмен от жақтырмақсың,
Басымды дұшпандарға қақтырмақсың.
Ел шамасын аралап көріп алып,
Еліңнен жау әкеліп шаптырмақсың.
Тағы да дәрі беріп мені өлтіріп,
Қалғандардың ақылын таптырмақсың.
Сенің дұшпан екеніңді білген біреу,
Сол хабарды есітіп болдым жүдеу.

Көп еді хаким деп қылған сыйым,
Құрметтеп күндіз-түні қылдым жиын.
Өліп жатқан ауруды тірілткенде,
Өлтіру енді саған болмас қиын.
Енді сені өлтірем — құтылу жоқ,
Әгар тірі жіберсем, кетер күйім.
Қолыңнан не де болса келсе керек,
Сиқыршы екеніңе жеткен миым.

Хаким мұны естіп зәресі ұшты,
Ақылы бастан кетіп талып түсті.
— Тақсыр-ау, мені нақақ өлтірме, — деп,
Көзінен жасын төгіп жерді құшты.
Жалынса да рақым қылар емес,
Ылаж жоқ, бір Алланың әмірі күшті.

— Ауруыңа себеп боп келдім жетіп,
Науқасың жеңген екен кебің кетіп.
Қатерлі науқасыңа себеп болғам,
Құдайдан қорықпайсың ба ынсап етіп.

Тақсыр-ау, маған уағдаң жалған ба екен,
Олжаны сізден алдап алған ба екем.
Әуелде ықыласың жақсы-ақ еді,
Көңліңе шайтан ағуа салған ба екен.
Дауаны науқасыңа қылған шақта,
Сол кезде күшім келмей қалған ба екен?

Бұл күнде маған сенің күшің келер,
Кісім жоқ Хақтан басқа менім сенер.
Әзелдегі өлшеулі ғұмырым бітсе,
Алланың әміріне пенде көнер.
Жазығы жоқ қинасаң нақақ мені,
Саған дағы Тәңірім һәлак берер.
Ауруыңды көрген соң рақым қылып,
Хақ ниетпен тіленіп қылдым өнер.

Осындай ақ көңілді қылма қара,
Саламат жүрегіме салма жара.
Тәптіштемей іс қылсаң надандықпен,
Махшарда жаза берер Хақ Тағала.
Падиша болсаң дағы, ақылың жоқ,
Надандыққа жеңгіздің бара-бара.
Жақсылықты білмеген сен бір дорақ,
Бір ақымақ көліп болсаң не-дүр шара?!

— Қой, хаким, не десең де амандық жоқ,
Өлімнен басқа саған жамандық жоқ.

Сенімді бір уәзірім білген кәміл,
Көңіліңде, хаким, сенің халалдық жоқ.

Өлмей тірі қалмасын хаким білді,
Дегенін қылдырған соң уәзір күлді.
«Жалғыз сағат тоқтатпай дарға ас», — деп,
«Өлтір» деп жендеттерге өмір қылды.

Хаким айтты: — Сабыр қып біраз тоқта,
Сонан соң қылыш қайрап, оғыңды оқта.
Ажал келсе, бөгелмен жалғыз сағат,
Туғаннан риза боп кигем ноқта.
Хақ ниет дәрігерлікпен жүрген жанмын,
Иншалла, сатылман дүние боққа.
Жақсылыққа жамандық қылып тұрсың,
Тәңірім сендей кез қылып ақылы жоққа.

Тауфиқты жақсыларда қанағат бар,
Ақылы жоқ ақымақта жаманат бар.
Соларды иесіне тапсырайын,
Жанымда борыш болар аманат бар.

Мен барып борыштардан құтылайын,
Қиямет азабынан сытылайын.
Ипташпен бақұлдасып, борышын беріп,
Қолыңа қайта келіп тұтылайын.

Елге барып келейін бақұлдасып,
Бұрынғы ипташтармен жақындасып.
Мен өлгенде әкеңнің құны бітсе,
Өлімді даярлап қой ақылдасып.

Борыш беріп келейін ада болып,
Мен келгенше ақылдас қала болып.
Әуелде жақсы әділ патша деп ем,
Ақырында кеттің ғой бала болып.

Бір кәліп үріп жүрген болдың кәміл,
Семірсе иесіне бермес дамыл.

Сен секілді ақымаққа ақылы жоқ
Уәзірдің уәсуәсі болды қабыл.
Бұлайша ақылды адам іс қылмайды,
Ақырын тәптіш етіп қылар сабыр.

Ақыл дария болғанда, өнер — қайық,
Тірлікте дәрігерлікті жүрдім жайып.
Кез келіп науқасыңа дауа қылып,
Мен сенің дәулетіңе қалдым байып.
Қас қылсаң да мен саған сый қылайын,
Ойымда бір нәрсе бар сізге лайық.
Нақақтан өлуіме көзім жетті,
Ақымақтың тұзағына түстім тайып.

Ол нәрсем патшаларға жарасқандай,
Мұра деп шаһзадалар таласқандай.
Ауызбен айтып болман тамашасын,
Есінен көрген адам адасқандай.

Қас қылып өлтірсең де берем сізге,
Өлсем қалсын бір ғибрат басқан ізде.
Фаһимлап іс ақырын тәптіш қылмай,
Нақақтан бір жаланы жаптың бізге.
Қанымды Тәңірі алдында тергесермін,
Әйтеуір бір өлім бар келсем жүзге.
Жазығым жоқ, өлтірсең нақақ мені,
Жетуің ғайып болар келер күзге.

Елімде алыс-беріс жұмысым көп,
Өлімге жыламаймын уайым жеп.
Қатын-бала, үйіме өсиет айтып,
Рұқсат сұрап тұрмын келейін деп.
Әзелдегі тағдырға тәбділ болмас,
Аз күн тірі жүргенім болмайды сеп.

Ол хаким бір шынар терек еді,
Ғұмырында харам нәрсе жемеп еді.
Жаһит қып халалдығын айтса дағы,
Патша қанша айтса да елемеді.

— Біраз күн рұқсат қылып жіберейін,
Берем деген нәрсеңіз немене еді?
— Артымда мирас болып қалатұғын,
Бір жақсы асыл нәрсе керек еді.
Ол айтқаным бір кітап бек тамаша,
Қазасыз ауруға себеп еді.
Көрсең, ғажайып қыласың болып қайран, –
Онан басқа һеш нәрсе демеп еді.

Ол нәрсем бір тамаша кітап өзі,
Ләззатты таңдайынан кетпес сөзі.
Ауру баққан дәрігерлер жазып алып,
Қайран қалып тұратын көрсе көзі.

«Ендеше, барып кел» деп рұқсат берді,
Қасына қосып берді бес уәзірді.
Қанша күн қасіретпенен сапар жүріп,
Өзінің шаһарына жетіп келді.
Алыс-беріс құтылып борышынан,
Жиып ап бақұлдасты тамам елді.

— Қайран жұрт, бауырларым, енді есен бол,
Нақақтан өлемін деп қасіретім мол.
Бақұл болып кешіңдер, халқым, маған,
Бұ пәниден бақиға тартамын жол.
«Тастамай қайта мұнда алып кел», — деп,
Ылғи балуан қосты ғой қасыма қол.

Бақұл бол, енді көрмен, қайран халқым,
Жүзімді қияметте қылсын жарқын.
Рақымсыз Иунан патша бір ит екен,
Жақсы менен жаманның білмес парқын.
Нақақтан жазығым жоқ мені өлтірсе,
Не болған естірсіздер оның да артын.

Дұғадан тастамаңыз, қайран елім,
Әлденешік алдымда барар жерім.
Тағдырға әзелдегі өкініш жоқ,
Жалғанмен өлгеніме сынды белім.

Иншалла, білген жан жамандамас,
Жастарға аға, қарияға болғам көлбін*.

Еліне амандасып қайтты жылап,
Кейде жүріп кетеді, кейде құлап.
Артындағы ағайын-бауырлары
Көп жылап, көз жастары болды бұлақ.
Уағдасымен өлімге қарсы келді,
Секілденіп құны жоқ жетім лақ.
«Жазықсыз мені, тақсыр, өлтірме», — деп
Патшаға айтып көрді сипап-сылап.
«Өлтір» деп рақым қылмай әмір етті,
Сөнуіне кез болып жанған шырақ.

Патша рақым қылмады жалынса да,
Уағда қылған жерінен табылса да.
«Кісі қадірін білмейтін итсің», — деді,
Болмайтынын білген соң нағылса да.
— Тәңірім рақым қылып жарылқаса,
Дүние кеңіп кетер, тарылса да.
Мені өлтірсең, сен дағы бай қалмассың,
Біткен кесір бойыңнан арылса да.

Жазықсыз мені өлтірсең, боларсың зар,
Жаһаннамда болады орның тар.
Мен саған қандай достық қылып едім,
Малғұн залым, жоқ екен бетіңде ар.
Орнына келтір сол айтқанымды,
Өлтірсең тапсыратын жұмысым бар.
Бұғазлап қаным жерге тамызбайтын
Қолыңа тосатұғын бір табақ ал.
Кісесінен шығарып алып берді:
— Аққан қанның ішіне бу тұзды сал.
Тұз бенен қан қосылса жауап айтар,
Әгарда болса маған Тәңірім жар.

Сөз сөйлер тірліктегі өзімдей боп,
Қаным қалар кебіннің бөзіндей боп.

* Күшік мағынасында алынған.

Доспын ба, дұшпанмын ба қаным сөйлер,
Бірақ денем тірілмес көзімдей боп.
Ақтығымды есітіп жылар жұртың,
Тұрғаннан соң хакимнің сөзіндей боп.

Сол шақта кітапты оқы қолыңа алып,
Достығымнан көресің көзің салып.
Мұталаға қылғанда алты қағаз,
Тамаша боп тұрасың қайран қалып.
Алты бетте білген соң ақтығымды,
Өзің де күйінерсің ішің жанып.

Алты бетті ақтарып әбден қара,
Ақтығымды білдірер Хақ Тағала.
Халалдығым білінсе, өкінерсің,
Жаным шығып кеткен соң болмас.

«Тез мұның басын кес», — деп әмір етті,
Хаким Хақ әміріне сабыр етті.
Хакимнің зәредей жазығы жоқ,
Патша тәптіш қылмады, жөбір етті.
Ақыры падишаға жақсы болмас,
Дұшпан көріп досына зәбір етті.

Жендеттердің қолына табақ берді,
Кісесінен тұз алып жалап берді.
«Баршаңыз ақтығыма куә бол», — деп,
Жиылған жамағатқа қарап берді.
«Мұталаға қылсын», — деп қайта-қайта
Кітапты падишаға қалап берді.
«Өлгеніңше қолыңнан шығарма», — деп,
Мың ділдаға кітабын балап берді.

Бұғазлап бек қинады шыбын жанды,
Табаққа бірге салды тұз бен қанды.
Жауап айта бастады тұз бенен қан,
Есітіп жиылған жұрт ғажаптанды.
Жазығы жоқ өлді деп зарлаған соң,
Кейбір адам биһұш боп естен танды.

Қан мен тұзды сайратып жанды адамдай,
Падишаның алдына алып барды.
Өлімінің себебін көремін деп,
Кітапты оқиын деп қолына алды.

Нақақтан хакимнің қанын шашты,
Уәзірдің тілін алып қара басты.
Бір қағаз, екі қағаз, үш қағаз деп,
Тілімен қолын сулап кітап ашты.

Жазықсыз жасап салды тәбип ерді,
Тірлікте сайран қылған талай жерді.
Бес қағаз, алты қағаз деген шақта
Падиша да ah-үh деп жанын берді.

Патша өлген соң сөйлеуден тоқталды қан,
«Патшаға бұ да аз», — деді жиылған жан.
«Хаким, орның ұжмақ болсын», — десіп,
Дұғаға қол көтерді дін мұсылман.

Себебін сөйлеп еді тіл берген соң,
Қан менен тұз тоқталды патша өлген соң.
Өлсе де, хакимнің арманы жоқ,
Артында халалдығын жұрт көрген соң.

Падиша қиянатпен бұзған түсін,
Хакимге падишалық салды күшін.
Кітабының қағазын заһарменен
Бояған екен қысас алмақ үшін.

Заһарменен бояған қағаздарын,
Нақақ жерге жұтқызбай сабаз қанын.
«Тақсыр-ау, орның ұжмақ болсын», — десіп,
Жиылып жұрт оқыды намаздарын.

Хаким тірлікте де шыққан төрге,
Бақыты қарсы жүрген биік өрге.
Көмуге қарамастан жұрт тарқады,
Патшаны шүйгітсін деп көрден-көрге.

«Пиғылы падишаның жаман еді,
Харамға семіретін қабан еді.
Өлгенде қан арқалап кетті хайуан,
Тірлікте бір пасық адам еді».

Сол жерден осылай деп жұрт тарады,
Енді мұндай тәбипті кім табады.
Нақақ адам өлтіріп қан жүктеді,
Патшаға болды деп іс жаманаты.
Тәбип шаһид болды деп жазығы жоқ,
Ел тексеріп өлшеді екі араны.
Балықшы ғифритке баяндады,
Осылайша болған деп сөз тамамы.

— Патшаның, не десек те, кінә өзінен,
Басқаны адам демей бір өзінен.
Қайта кіріп кіріптар болғандығың,
Малғұн ғифрит, өзіңнің мінезіңнен.

Өлтірсем, саған қылған сыйым болар,
Отқа жақсам, не түрлі күйің болар.
Өлмесең мехнатпенен күнің өтсін,
Жаның шықса, жаһаннам үйің болар.
Жазығым жоқ, өлтірем деген сөзің,
Дию малғұн, кеудеге түйін болар.
Нам, нышаның қалмасын күйдірейін,
Енді тірі жүруің қиын болар.

— Ол күнде не демедім есім кетіп,
Жарық дүние көрген соң қуаныш етіп.
Ол күнде сені өлтірем десем дағы,
Бұл күнде не қылсаң да сенде тетік.
Қолыңдағы нашарға жақсылық қыл,
Осы күнде сенің тұр күшің жетіп.

Күшің жетіп тұрғанда мархамат қыл,
Пақырға инғам қылғанның сауабын біл.
Өлгеніңше таусылмас мал берейін,
Ғұмырың болса дағы неше жүз жыл.

Шүбһәсіз байлығыңа себеп болам,
Пайдасы жоқ демеңіз айтылған тіл.

Дию айтты: — Бір босат мені, — деді,
Мұңсыз бай қылар едім сені, — деді.
Ант қылдырып бір шығар бұ шелектен
Көрмеген тамашалар болар еді.
Мың қабат ант қылдырып бір шығарсаң,
Басыңа дәулет құсы қонар еді.

— Мен енді босатайын сені, — деді,
Саған Хақ душар қылған мені, — деді.
Ант қыл, енді шелектің ауызын ашам,
Көзіме көрсетесің нені, — деді.

Сонда дию ант қылды неше қабат:
— Ғафу ет, мен қылғанмын саған ағат.
Тәкаппар менмендіктің дәмін таттым,
Қол созбан жамандыққа жалғыз сағат.

Балықшы шелегінің аузын ашты,
Ғифрит жер жүзіне тұман шашты.
Таудай болып ғифрит келгенінде
Балықшы зәресі ұшып құты қашты.

Балықшы қалтырады зәресі ұшып,
Қабағат түрі жаман дию күшің.
Жалынды «ант қылғансың, қас қылма» деп,
Бұрынғы қылған ісі еске түсіп.
Қорыққанын дию хайуан білгеннен соң,
Күліпті балықшының мойнын құшып.

— Айда, жүр, етегімнен ұста, — дейді,
Менен қорықпа тап осы тұста, — дейді.
Мехнатпенен табылған мал қайырлы,
Қолыма қазір сал деп қыспа, — дейді.
Жапа шекпей тезінен мал табылса,
Баяндамас ғұмыры қысқа, — дейді.

Балықшының шаһарын басып жүрді,
Көрінген тауға таман асып жүрді.
Ауын ұстап қолына соңына ерді,
Әлдеқандай қылад деп сасып жүрді.
Кісі көрсе бір қастық қыла ма деп,
Һешбір жанға жоламай қашып жүрді.

Шаһардың тап қасында бір биік тау,
Балықшы ойлап келед қайтсам деп сау.
Таулардың ортасында бір терең көл,
Ішінде көрініп жүр балығы қау.
Төрт түрлі балық көрді бек тамаша,
Ғифрит бұйрық қылды салшы деп ау.

— Су түсті ағы да бар, қызыл, сары,
Суы терең тамаша биік жары.
Төрт түрліден төрт балық ауға түссе,
Ғұмырыңша көп болар дүние-малы.
Кеше жүрген балықшы байыды деп,
Шаһардың қайран қалар барша жаны.

Тез енді көп тоқтамай ауыңды сал,
Көп түссе жіберіп төртеуін ал.
Төрт балықты қолыңа ұста дағы,
Тарту қылып патшаға сен алып бар.

Тау мен көлді білдірме һешбір жанға,
Қай күнде төрт балықтан артық алма.
Керегінде төртеуден алып тұрсаң,
Тіпті мұқтаж болмайсың дүние-малға.

Балықшы ауын салып тартты жылдам,
Әуелде не болам деп қайғы қылған.
Төрт түрліден төрт балық әкелген соң,
Балықшының иланып көңілі тынған.
Ғифрит амандасып ғайып болды,
Балықшыға тез енді кет деп мұндан.

Ғифрит кетуінде амандасты,
Балықшыдай қимады замандасты.
— Кеше-күн ренжіп көрген мехнатыңды,
Мен саған қылған ісім хәдден асты.
Мың сегіз жүз жыл хафис боп жатқаннан соң,
Миым ашып шыққан соң қылдым қасты.
Жер жүзінен білмеймін жүрер жолды,
Жол түгіл, танымаймын тау менен тасты.
Тұрған жерін бір теуіп кіріп кетті,
Енді маған артық деп жердің асты.
Кетсем дағы тілімді алып жүр деп,
Кетерінде бір уыс топырақ шашты.

Кетерінде өсиетін айтып кетті,
Жер астына сапарды тартып кетті.
Төрт түрлі аудан балық жазып алып,
Балықшы шаһарына қайтып кетті.
Бір шелекке су құйып балық салды,
Өлмеген соң бетіне қалқып кетті.
«Тартуға сізге әкелдім», — деген соң,
Патшаның тұла бойы балқып кетті.

Тарту деген көрсетті сөздің салтын,
Тамаша қайран қалды жиып халқын.
Атын атап падиша әкелген соң,
Қолына санап берді төрт жүз алтын.

Балықшы бек қуанды алтын алып,
Тағы да балық алмақ ауын салып.
Аллаға мың шүкірлік тәубе қылды,
Кез қылдың деп жүргенде өліп-талып.
Үйіне желдей көшіп барды дейді,
Базардан киім, тамақ сатып алып.
— Қатын-балам, таусылса уайым жоқ,
Ау салып әкелермін тағы барып.

Балықшы халал екен, Құдай берді,
Қорықпай ғифриттің соңына ерді.

Тамаша падишада балық бар деп,
Жиылып көру үшін елі келді.

Мәнісін баян қылып айтайық біз,
Жамағат, құлақ салып есітіңіз.
Рұмның падишасы һәдие қылып
Бұл патшаға беріпті бір сұлу қыз.

Патшаға: — Бұл сыйымды алсын, — дейді,
Өнерпаз жарысына салсын, — дейді.
Жер үстінде білмеген өнері жоқ,
Менің айтқан тілімді алсын, — дейді.

Бұл патша һәдиесін қабыл алды,
Бек қыздың сипатына қайран қалды.
Әйелдің сыналуы тағамнан деп,
«Балықты пісірсін» деп хабар салды.

Қызға беріп жіберді төрт балықты,
Түсі басқа, денесі бір қалыпты.
Пешке от жағып, табаға майды салып,
Бисмилла деп балықты қолға алыпты.

Сыртын қырып балықтың ішін жарды,
Суға жуып тазалап, қолына алды.
Күйдірмей баптап мұны пісірем деп,
Табада қайнап тұрған майға салды.

Күйдірмей пісіретін парқын біліп,
Балыққа қайран қалды сөйтіп жүріп.
Ас үйдің бір бұрышы көтеріліп,
Тамаша бір сұлу қыз келді кіріп.

Тамаша сұлу екен бұ келген қыз,
Менсініп мына қызға айтпайды сөз.
— Бұрынғы уағдада тұрсыңдар ма,
Қатын боп кеттіңдер ме уағдасыз.

Сонда балық табадан көтерді бас:
— Қатын болдық бұзылсақ, мұның рас.
Сен тұрсаң уағдада, біз де тұрдық,
Әуелде байлағанбыз уағданы тас.

«Ендеше, жарайды» деп шығып кетті,
Сиқыр оқып білгенін қылып кетті.
Балықтың һәрқайсысын бір-бір түртіп,
Табаға таяқ ұшын тығып кетті.

Мына қыз есі кетіп қалды талып,
Әуелде тұрып еді қайран қалып.
Есін жиып қараса табаға қыз,
Көмір болып балықтар кеткен жанып.

Осындай көрді бұ қыз тамашаны,
Есік жоқ, үй бұрышын кім ашады?!
Бұрыштан бөгелместен шығып кетті,
Теңдесіп сол қызбен кім таласады?!
Патшаға не деп жауап айтамын деп,
Ұялып ақылынан адасады.
Сонда қыз өзіне-өзі ақылдасты,
«Патшаға не деп айтсам жарасады?»

Манағы қыз бүлікті салып кетті,
Мұнда қалып мына қыз жапа шекті.
Һеш адам біле алған жоқ мұның мәнін,
Табадағы балықты көмір етті.
Балық көмір болған соң дал болды қыз,
Патша әлі білген жоқ мұндай кепті.
Балықтың пісер уақыты болды ғой деп
Патша бір уәзіріне әмір етті.

Жұмсаған соң уәзір келді жетіп,
Келсе, қыз отыр екен есі кетіп.
— Төрт балықтың бағасы төрт жүз алтын,
Патшаға білдіремін нешік етіп.
Бай қызы, патша қызы болмасам да,
Өнермен жетіліп ем кәсіп етіп.

Ақыл айт, жақсы келдің, уәзір, маған,
Мың шүкір, душар етті мені саған.
Өлгенше қылайын қызметіңді,
Сұрап ал ашуланса падишадан.

Бүлдірдім келмей жатып мұнша істі,
Өнері мына қыздың болды күшті.
Тым болмаса, білмедім кім екенін,
Қапаланып күйігім ішке түсті.

Бір Құдайға мағлұм, ісім таза,
Кінә қылсам махшарда болар жаза.
Мүдірмей бәйге алып ем неше топтан,
Тағдыр ғой, бұл уақытта болды қаза.
Зарланып, мұңын айтып уәзірге,
Отырды қыз бейшара болып наза.

Есітпейді айтса да уәзір қызға:
— Тоқтай тұр, күйінген боп түсің бұзба.
Әгар да бұл айтқаның шын болмаса,
Сен дағы толтырдың ғой ішті мұзға.

Бұл қыздың осы айтқаны жалған шығар,
Бір жерге балықты алып барған шығар.
Жалғыз тиын өз пұлы болмаған соң,
Көп алтын балық сатып алған шығар.

Көз көрмеген нәрсеге нанбау керек,
Ғайыпты жарамайды пәлен демек.
Тағы бір төрт жүз алтын шығын болды,
Дәлелсіз қайда бар-мыс қайғы жемек.

Уәзір қызға айтады: — Саспа, — дейді,
Бұ сырды һешбір жанға шашпа, — дейді.
Бар болса балықтан тағы әкелем,
Бір жаққа өзің қорқып қашпа, — дейді.

Уәзір балықшыға барды жетіп,
Қыздың зары уәзірге кеткен өтіп.

Арманда боп қыз байқұс жылаған соң,
Уәзір жүр аяғаннан құрмет етіп.

Уәзір балықшыға келді жетіп,
Балықшы сәлем берді құрмет етіп.
— Төрт балық тағы бізге керек болды,
Балықшы шошып қалды кейпі кетіп.

— Шошыма, әй, балықшы, менен, — деді,
Балық алған патшамыз сенен, — деді.
Алып кел төрт балықты тағы сондай,
Бағасын және санап берем, — деді.

— Бөлек ғой басқалардан біздің балық,
Мұндай балық алған жоқ өзге халық.
Сабыр қып біздің үйде отырсаңыз,
Алып келіп берейін өзім барып.
Балықшы шығып кетті ауын алып,
Уәзір күтіп отыр қайран қалып.

Барысымен төрт балық тағы ілігіп,
Уәзірге береді алып келіп.
Көзбе-көз пісіртейін балықты деп,
Әкелді төрт жүз алтын санап беріп.

Балықтың қарамады бағасына,
Құрмет қып мұсылманның баласына.
Ішін жарып, май құйып, отын жақты,
Бұрынғыдай сап қойды табасына.
Армансыз енді мұнан болайын деп,
Қыз байғұс та хош болды ағасына.
Тағы келіп сол залым қала ма деп,
Қарап тұр балық піскен шамасына.

Балық тағы пісуге жақындады,
Майы қайнап табада сақылдады.
Екеуі бірдей қарап тұрды пешке,
Берік болып тұруды мақұлдады.

Сол уақытта бұрыштан қыз кеп кірді,
Күзетіп тұрса дағы ғапыл қалды.
Келген соң жай тұрмайды баяғы қыз,
Табадағы балыққа көзін салды.
Баяғы сөзін айтып түртіп еді,
Табада көмір болып балық жанды.
Көзімен тамашаны көргенден соң,
Уәзір есі кетіп қайран қалды.

Бұрыштан қыз шыққанға қайран қалды,
Көріп тұрған уәзір естен танды.
Бір ауыз тілге келмей шығып кетті,
Қызды қор қып бүлдіріп мұнша малды.
Мына қыздың жазығы болмады деп,
Уәзір тағы табаны қолына алды.
Піскен шығар, алып кел деген кісі
Көп айналып патшаға қайтып барды.
Осындай бір тамаша іс көрдім деп,
Қалдырмай уақиғасын айтып салды.
«Япырым-ай, көрмеген іс көп екен», — деп,
Падиша естіген соң ғажаптанды.
«Қазір жылдам тезінен алып кел», — деп,
Шақыртып балықшыны қасына алды.
Бұл істі тегіс көзден көрейік деп,
Шаһардан бірсыпыра жиды жанды.

— Балықшы, тағы да әкел балығыңды,
Ақша берем, бұзбаймын қалыбыңды.
Бұрынғыдай балықтан біз шатассақ,
Жасырмай-ақ сөйлерсің анығыңды.

Балықшы шығып кетті сонымен,
Бұрынғы баратұғын жолыменен.
Тағы ілікті төрт балық кешікпестен,
Патшаға алып барды қолыменен.

Патша қызға: — Балықты пісір, — деді,
Нешік болар көрейін ісің, — деді.
Уақиғаны көзбенен көреміз деп,

Теп-тегіс жиылып тұр кісі, — деді.
Уәзір мен сені әуре қылған қызды
Көрейік те біз дағы түсін, — деді.
Баяғыдай табаға майын жағып,
Қыз дағы пісірудің қамын жеді.
— Балық пісті, кешікпей келеді қыз,
Қамалап тұрсын, патша, жаның, — деді.

Балық пісе бастады қайнап таба,
Бәрі пешті аңдып тұр ортаға ала.
Көзбенен тамашаны көреміз деп,
Қатын-қалаш, жиылған бала-шаға.
Ас үйдің бір бұрышы көтеріліп,
Бір ғараб кіріп келді түсі қара.

Қыз емес, бұл жолғысы бір ғараб шал,
Көрмеген шалды көріп болады дал.
Қолында жасыл таяқ, түсі суық,
Ұстауға халайықта болмады хал.

Бұ да келіп уағданы саудалады,
Иттифағы бір болса жауды алады.
Бұ да айтып әуелгі қыздың сөзін,
Балықты таяғымен аударады.
Жамағат есеңгіреп қарап тұрды,
Әуелде ұстаймыз деп қауғалады.

Бұған дағы балықтар көтерді бас,
Қыздан да бұған қойды артық ықылас.
— Уағдадан тайды деп бізді ойлама,
Өнеріңді көрсетіп халыққа шаш.
Ұстау түгіл, қозғалар шамасы жоқ,
Қарап тұр жиылған жұрт болғандай мас.
Балықты көмір қылды түртіп-түртіп,
Онан басқа адамға қылмайды қас.

Көрген халық сасып тұр есі кетіп,
Шал шықты кірген жерін тесік етіп.
«Жауапсыз мұнша халық қала бердік,

Білеміз енді мұны нешік етіп?!
Сиқыры не десек те басым білем,
Жай жерді жүре берді есік етіп».

Балықшыға падиша: — Кел, — деп еді,
Бұл іске себепші сен, — деп еді.
Балықты алып жүрсің қандай жерден,
Жауапты шыныңменен бер, — деп еді.
Көрмеген бір тамаша душар болып,
Біле алмай дал болып тұр ел, — деп еді.

Тәптіштеу енді маған болды лазым,
Дүниенің жисам дағы өнерпазын.
Бұл істің бар мәнісін біле алмасам,
Қайғымен өтер менім қысы-жазым.

Шыныңды айт, алып жүрсің қандай жерден,
Шаһарда адам бар ма саған ерген?
Балық алып жүргенде қыз бен шалды,
Балықшы, жерің бар ма көзің көрген?

— Бір көлге мен ауымды салушы едім,
Мехнатпен таудан асып барушы едім.
Төрт тау бар маңайында тірі [жан] жоқ,
Көлде жүрген балықты алушы едім.

Таудан басқа жанды жан болмаушы еді,
Ау салсам балықтар кеп тулаушы еді.
Балығы көп болса да артық түспей,
Құдайым төрт балықтан оңдаушы еді.

Бұларды мұнан бұрын көргенім жоқ,
Балықтан басқа кәсіп тергенім жоқ.
Бұл балықтың кеңесі толып жатыр,
Жалғыз-ақ бұл турада өлгенім жоқ.

Тамаша төрт биік тау, ортасы көл,
Көремін десең, тақсыр, жұртыңды бұл

Тау мен көлдің көр дағы тамашасын,
Сиқырлар қастық қылса, армансыз бол.

— Шаһардан қандай екен алыстығы,
Қыз бен шалдың болмады таныстығы.
Жүріңдер, тау мен көлді біз көрейік,
Білгеннің болмас, сірә, намыстығы.

— Балығы, көрсең, тақсыр, мол, — деп айтты,
Жаныңызға көп ертпе құл, — деп айтты.
Бүгінге шейін нағып көрмей жүрсіз,
Шаһардан жарты сағаттық жол, — деп айтты.

Төрт түрлі балығы көп жүреді ойнап,
Суы терең тоқтамас найза бойлап.
Бұ секілді тамаша іс көрген соң,
Патшаларға лайық біліп қоймақ.

Шаһардың сол жағында көл менен тау,
Қыз бенен қара ғараб көрінді жау.
Төрт таудың ортасында терең көл бар,
Тамаша балығы көп саламын ау.

Мен жүрмін сонан, тақсыр, балық алып,
Құданың құдіретіне қайран қалып.
Төрт таудың ортасында терең су бар,
Сонан балық аламын ауды салып.
Құдай берген ғайыптан қазына деп,
Қуанып алып жүрмін олжаланып.
Мен ау салсам, түседі кідірместен,
Нанбасаңыз, көріп тұр өзің барып.

Балықшы басшы болды мұнша елге,
Бұрын жоқ, пайда болған тау мен көлге.
Атадан бері қарай көрмеген тау,
Бұ қалай су түсіпті жапан шөлге?

Жігітке ерді патша еліменен,
Таулар тұр ортасында көліменен.

Көрмеген бұрын таулар пайда бопты,
Тау көшіп келе ме екен жеріменен?!
Төс секілді жазық жер тау болыпты,
Жын әкеліп тастай ма періменен?!

Еліне патша айтты: — Тарайық, — деп,
Мұнда тұрмай шаһарға барайық, — деп.
Жасырын ел жатқан соң түнде шығып,
Хабарды сөйтіп мұнан алайық, — деп.

Елі сонда бұл ақылды жарар дейді,
— Сіз айтқан соң, халайық тарар, — дейді.
Сияғы тау мен көлдің келіспейді,
Қорықпай қандай адам барар?! — дейді.
Әгар жүрсе жансыз боп түнде біреу,
Хабарды тау мен көлден алар, — дейді.

Ел қайтып шаһарына жақындасты,
Падиша уәзірлерге ақылдасты:
— Беліме қылыш байлап атқа мініп,
Араласам қайтеді тау мен тасты.
Тағдыры бір Алланың екі болмас,
Кімде-кім қыла қалса маған қасты.
Тәуекел тамам болмай ер оңбайды,
Әмірсіз һешбір нәрсе қыла алмас-ты.

Сұрасты бір-бірінен тұрған адам:
«Бұл жерде тау жоқ дейтін ата-бабаң.
Тау өсіп көл болғалы балық түсіп,
Көрген бар ма, болды екен қанша заман.
Жан тітіреп адамзат қорыққандай,
Сөйлеші білгендерің мұны тамам.
Қыз бен ғараб бұлардың иесі ғой,
Құтылсақ жарар еді есен-аман.
Сиқырменен шаһарды көмір қылар,
Тауға таман баспаңдар жалғыз қадам.
Қыз бен ғараб қалайша іс қып кетті,
Адам деп көз сап бізге қарамаған».

Һәрбіреуден һәр түрлі сөз шыққан соң,
Балықшы есі кетіп қорықты жаман.
«Елге қорқыныш қауіпті іс көрсетіп,
Маған қылып кетті ғой ғифрит надан.
Елге бөлек іс түссе бұл себепті,
Қор болып өлемін ғой кетіп бағам.

Маған малғұн ғифрит қылып кетті,
Өзін жерге көрсетпей тығып кетті.
Сүлеймен жоқ ұстайтын енді соны,
Көңілі біржолата тынып кетті».

Падиша ақылы көп қайғы қылмас,
Тірлігімде дұшпаннан сағым сынбас.
Уәзір ағзамды шақырып алып,
— Бұл істі тәптіштемей көңілім тынбас.
Бір адамға білдірме кеткенімді,
Мен келгенше кісімен болма сырлас.
Бұл істі тағайындап келгенімше,
Сұраса да айтпаңыз құрбы-құрдас.

Падиша атқа мінді «иә, Құдайлап»,
Түнде жүріп барады қылыш байлап.
Бір ғажайып көрінсе түнде маған,
Қалайша іс қылам деп ақыл сайлап.

Көл мен тауды күзетті түнде шығып,
Көрсетпей патшалығын қойды тығып.
Хабарды мұнан қайтіп аламын деп,
Аралап тау ішінде жүрді бұғып.
«Тағдырға тәбділ болмас» деген сөзді
Бұрын неше ғалымнан алған ұғып.
«Құдай оңдап сиқырдың басын кессем,
Қолыма һешбір нәрсе қалмас жұғып».

Бір дыбыс түні бойы біле алмады,
Һеш нәрсе шабытында ойламады.
Тауға шығып қарады таң алдында,
Шаһарға босқа қайтып жүре алмады.

«Һеш нәрсе білмей қайтсам болды қорлық,
Мына сиқыр еліме қылар зорлық.
Бір дыбыс, жанды нәрсе біле алмадым,
Кезек-кезек төрт тауға шықтым орғып.

Құдай-а, бір нәрсені білдір маған,
Балық ойнап, көл суы сылдырлаған.
Онан басқа һеш нәрсе біле алмадым,
Дұрыс па көңілімді тындырмаған».
Таң мезгілі болғанда қарап тұрса,
Бір нәрсе көрінеді бұлдырлаған.

Падиша жүріп кетті соған қарай,
Бұл қараның болады жайы қалай.
Падиша қорықпастан қарап көрсе,
Қара мәрмәр тасынан бір зор сарай.

Бір ағла сарай екен өзі берік,
Тамашалап тұрады патша келіп.
Үш мәртебе есігін шалдырлатты,
Бір адам келе ме деп маған серік.
Есігін ашуланып тартып кірді,
Һешбір жан болмаса да келген еріп.
— Бұл сарайдың иесі болсаң, келші,
Кім болсаң да білуге болдым жерік.

Сарайдың іші көркем жайнап тұрған,
Қаранып жан-жағына мойнын бұрған.
Зейнеті тамаша екен жан көрмеген,
Ортасына жібектен шатыр құрған.

Сарайдың төрт бұрышында арыстанлар,
Аузын ашып ойнасып жарысқанлар.
Аузынан аққан сулар бал секілді,
Мұның мәнін білмесе данышпанлар.

Һәр түрлі иісті ағаш, құстар сайрап,
Падиша қарап тұрды тамаша әйлап.

Зейнетін адам айтып бітіре алмас,
Жұпар иісі шығып тұр іші жайнап.

Тамашалап падиша қылды сайран,
Ішінің зейнетіне қалды қайран.
Қараса бұрышына көз жетпейді,
Сарайдың ортасы кең үлкен майдан.
«Дариға-ай, қорлықпенен өлдім ғой», — деп,
Қайғылы дауыс шықты анадайдан.
Аяқпен батып адам басар емес,
Ішіне жібек, атлас кілем жайған.

Патша шыққан дауысты тұрды барлап,
Не жауап айтса дағы білгін аңлап.
Дауыс шыққан жағынан іздеп барды,
Енді мұнан жарамас ғапыл қалмақ.
Қараса, бір алтын тақ құрулы тұр,
Падиша білейін деп тұрды жандап.
«Дүниеден қорлықпен өттім ғой», — деп,
Үстінде бір жас жігіт отыр зарлап.
Қараса, жартысы адам, жартысы тас,
Нағылса да түскен жан ауыр салмақ.
Падиша шыдай алмай сөз сұрады:
— Кеткен, — деп, — қандай адам сені қарғап?

Патша келіп жігітке сәлем берді,
Сәлемін алғаннан соң жақын келді.
— Тұрып тағзым қылуға аяғым жоқ,
Тақсыр, айып қылмаңыз мендей ерді.
— Төрт тау биік, терең көл балығы көп,
Білесің бе, — деп сұрады, — мұндай жерді?
Сонда жігіт жылады төгіп жасын,
Зарлап-зарлап төменге салды басын.
«Жаныма келіңіз» деп қылды ишарат,
Патшаға көрсетуге ықыласын.
«Тамаша көрерсіз, — деп, — жақындасаң»,
Жас жігіт зарланады жұлып шашын.

— Тау мен көл сенен, жігіт, сұрағаным,
Тауды аңдып андан шаршап тұраладым.
Алтыннан арыстан жасап тамаша етіп,
Жиыпсың сарайыңа ұнағанын.
Бұ сарайдың иесі сіз болсаңыз,
Бұ қалай көздің жасын бұлағаның?
Мұнша неге қайғырып аһ ұрасың,
Жүрегімді күйдірді жылағаның.

— Әй, тақсыр, білем десең қасыма кел,
Көрсеңіз, екі түрлі бөксе мен бел.
Мен де сіздей тақ мінген патша едім,
Баянсыз болды соққан бір қызыл жел.
Әділ боп һеш адамға зәбір қылмай,
Патша боп билеп едім төрт түрлі ел.

Етегін ашты жігіт көріңіз деп,
Бұ дертіме бір шипа беріңіз деп.
Кеудесі адам, бөксесі қап-қара тас,
Жауап берді осындай еріңіз деп.

Қараса, кеудесі адам, бөксесі тас,
Не айтарын білмей патша болып тұр мас.
Падиша көргеннен соң аяп кетіп,
Зар жылады көзінен ағызып жас.

Жігіттер, мына ғажап есті кепті,
Падиша аяғаннан налыс етті.
— Жүріп құрмет қылатын дәрменім жоқ,
Бір рақым маған, тақсыр, қылшы, — депті.
Басы сау, бөксесі тас, қозғалмайды,
Көргеннен соң аяп патша қайғы жепті.
«Құдай-а, қуат беріп білдір маған,
Бұл байғұс қандай жаннан жапа шекті».

Падиша жақын келіп амандасты,
Түн болса да жүз көріп дидарласты.
Қор болып қозғала алмай отыр екен,
Көрген соң бек аяды замандасты.

— Уақиғаң бірін қоймай сөйле, — дейді,
Бөксеңіз қалайшадан болған тасты?
Қолымнан келсе сені босатайын,
Айт маған, қандай адам қылған қасты?

— Айтайын, сұрасаңыз уақиғамды,
Алмай қойды құр қинап шыбын жанды.
Сөйлейін бірін қоймай көргенімнің,
Сен аяп босататын қылсаң қамды.
Не өлмей, не тірілмей зарлап тұрған,
Құдай мендей қылмасын мұсылманды.

Өзім әділ, hешбір жан тимеп еді,
Көңілім харамдықты сүймеп еді.
Атам Мұхаммед жетпіс жыл таққа мініп,
Әділ боп Суд шаһарын билеп еді.

Атам опат болған соң міндім таққа,
Әділдікпен келуші ем ынтымаққа.
Құрметтеп патша қылып сыйлаған соң,
Шүкірлік қылушы едім берген баққа.
Аталас ағайынды бір қыз болды,
Ондай сұлу жоқ еді біздің тапта.
Сол қызға жан-діліммен ғашық болдым,
Бойда ақылым қалмайды көрген шақта.
Мал беріп некаһ қылып алғаннан соң,
Екеуміз тату болдық нағылсақ та.
Мұратыма жеткен соң ойыма алған,
Тәубе қылып мен жүрдім жалғыз Хаққа.

Осылай бір-бірімізге болдық құмар,
Жүз көріп дидарлассақ көңіл тынар.
Өзім әділ, залалым жоқ болған соң,
Бірді-жарым дұшпаным қойдай ығар.
Жарты сағат көрмесек тұра алмаймыз,
Осымен бес жыл өтті ұмар-жұмар.
Ақырында, мінеки, жапа тарттық,
Әйелге иланғанның көзі шығар.
Тыңлап дәмін татыңыз мына кептің,

Ақырында сол қатыннан жапа шектім.
Ит болса да, нәпсісі риза болсын,
Әйелге керегі жоқ ата-тектің.
Тәңірім бір шипасын берсе керек,
Жаным тірі күнінде сізге жеттім.

Мен де сіздей патша едім заманымда,
Әділдік елге қылдым аманымда.
Осы күнде басымның құны кетті,
Жатырмын бір әйелдің табанында.

Мен осындай кез болдым заман сұмға,
Тау мен көл айта алмас деп қайғы қылма.
Өзіңіз де қалдырмай баяндаңыз,
Не іспенен бұл уақытта келдің мұнда?

Сол қатын еді менім жақыным да,
Сонда еді патшалық ақылым да.
Әуелі мен айтайын көргенімді,
Сонан соң сіз сөйлерсіз ақырында.

Мен жүрдім бес жыл бойы ғашық болып,
Көргенде шаттанамын көңлім толып.
Махаббат арамызда артық болды,
Тигізбей желге-күнге жүрдім қорып.
Сырты бүтін болғанда, іші түтін,
Ол залым жүрген екен мені торып.

Төрт қыз бердім күтуші бір басына,
Теңедім құрбы менен құрдасына.
Көрмесем жарты сағат тұра алмаймын,
Үйден шықсам ертемін мен қасыма.
Тақ міну, жұрт аралау қиын болды,
Иланып қаламын деп ұрғашыға.
Қызметкер қыздарға қаңқу кірді,
Падиша иланды деп болмашыға.

Моншаға түсті қатын бір күн барып,
Жуынып келемін деп тазаланып.

Қатын қашан моншадан келеді деп,
Есікке мен отырдым көзім салып.
Қыздар тұр желбіземен жел жіберіп,
Мен жаттым алтын тақта рахаттанып.
Ол қыздар мені сонда ұйықтады деп,
Өздері кеңес құрды қайран қалып.
— Махаббаты артады падишаның,
Ол ғаярды көргенде өліп-талып.

Мәнісін бұл залымның білмейді ғой,
Білсе әгар бұлайша боп жүрмейді ғой.
Дүние-ай, уақиғаны көрер еді,
Соңынан аңдып барып кірмейді ғой.
Әгар да сол іспенен қолға түссе,
Жүрегін қанжарменен тілмейді ғой.

Көңілін патша десе тас қылады,
Күндіз жақсы, түн болса қас қылады.
Жатарда ас артынан шәрбат беріп,
Ішіне дәрі қосып мас қылады.

Ішпесе жарар еді хайла тауып,
Білдірмей мұны жүр ғой қылып сауық.
Осындай падишаны көзі қиып,
Жүр екен қандай жанмен көңілі ауып.
Бұ ғаяр түн болғанда шығып кетіп,
Жүреді падишадан қылмай қауіп.

Моншадан қатын келді сұлу қыздай,
Білдірмей мен отырмын түсім бұзбай.
Анығын білейін деп шыдап тұрдым,
Қасірет ішке түсті болып мұздай.

Ас келді, тағам іштік күліп-ойнап,
Білдірмей жүреді екен залым тойлап.
Көрсетпей, көзін алдап төгейін деп,
Шәрбат келсе отырдым бұрын ойлап.

Сол уақытта шәрбат келді, қолыма алдым,
Ғаярдың көзін алдап төге салдым.
Кешікпей төсек салды жатайық деп,
Өтірік ұйықтаған боп жатып қалдым.
«Ұйықтады» деп тілдеді мені қатын,
«Япырым-ай бұ қалай?!» деп ғажаптандым.
Уақиғасын білгенше шыдай алмай,
Жарылып кетем бе деп қайғыландым.
Мені тілдеп түзеліп үйден шықты,
Артынан мен де шығып аңдып бардым.

Киім киіп жөнелді үйден шығып,
Қозғалмай айтқан сөзін жаттым ұғып.
Шаһардан шыға тартты тауға таман,
Көрінбей көре-көре бардым бұғып.

Жөнелді қашан сенен құтылам деп,
Ғашыққа қашан барып тұтылам деп.
Әуреленіп мас қылып шала өлтіріп,
Күнде зорға бұл иттен құтылам деп.

Үйден шығып қатыным тауға кеткен,
Ол тауды қара ғараб мекен еткен.
Балшықтан салған үйге кірді барып,
Мамық пен атластан жапа шеккен.
Тастан жастық, қамыстан төсегі бар,
Көлден кетіп осындай шөлге жеткен.

Еңкейіп кірді барып есігінен,
Қарадым төбедегі тесігінен.
Жатса мамық, ішкені бал мен шарап,
Осындай қашып жүрген нәсібінен.
Алтын үйден қашады балшық үйге,
Шошыған баладай-ақ бесігінен.
Көңлі ауса жаманнан жерімейді,
Ұрғашының білемін кәсібінен.

Мұны қылған әйелге сенім бар ма,
Өзін-өзі бұлайша салған тарға.

Есектің аяғындай қолдары бар,
Жиренбей барар емес ғарабтарға.
Құрметті төсегінен тұрып кетті,
Тас жастық барып жатты шөп пен шарға.
Ғарабтың қолын ұстап, сүйді бетін,
«Құдай-а, жеткіздің, — деп, — сүйген жарға».
— Бәдбақыт, мұнша неге кешіктің? — деп,
Ғараб сонда ақырды діні қарға.

Ңәркімдер жатып қалды ғашығымен,
Әйелдің мен қалыппын жасығымен.
Қайратты жақсы ұрғашы тауып алам,
Мен сендей әуреленбей хасифимен.

Қарай-қарай жолыңа көзім талды,
Сені күтіп тағамым суып қалды.
Ғашықтары келген соң уағдасында,
Менен басқа ғарабтар бек шаттанды.

Байымнан сені жақсы көрем деуші ең,
Жолыңда құрбан болып өлем деуші ең.
Бүгін неге кешіктің, бәдбақыт,
Бәрінен күнде бұрын келем деуші ең.

Ол шошқаны көрдің бе менен артық,
Дәулетін қимадың ба жатқан шалқып.
Нәпсің разы болған соң, көңілің тынып,
Шаттанып қайтушы едің қаздай қалқып.
Бұ дүниені есіңнен шығарушы ең,
Мен қызмет қылғанда бойың балқып.
Бұрын дәм татысқаннан шыдап тұрмын,
Өлтірмек болып едім сені тарпып.

Менен артық көресің залымыңды,
Бұрынғы бұзбай жүр сен қалыбыңды.
Жолға қарап сарғайтып зарықтырдың,
Бүгін түнде білдім ғой анығыңды.
Көз алдыңда біреумен бірге жатып,
Солай қылып алайын қарығымды.

Қадірсіз сүтке тиген күшіктей қып,
Жанбастай қып сөндірем жарығыңды.

Сонда қатын жалынды қалқасына,
Тел емген қойды бағлан марқасына.
— Мас қылып жаңа ұйықтап зорға шықтым,
Бір жастық тастай беріп арқасына.

Сіз гауһар, мен бір нашар пиаламын,
Мен сізге қызмет қылсам сый аламын.
Ол итті ерте мас қып кетер едім,
Көріп қалса шаһардан ұяламын.
Мен кешігіп қалғанға зарығыпсың,
Жолыма қарай-қарай талығыпсың.
Желпініп біразырақ деміңді алшы,
Мен итке ашуланып барығыпсың.

Жолыңа, қалқам, құрбан шыбын жаным,
Қосылған ғашық болып мейірбаным.
Маңдайдан бұршақ-бұршақ терім ақты,
Осы емес пе ұялып қысылғаным.

Ғашығым, көзің жетпес сырдағыға,
Сабыр қылып шыдаймын ұрғаныңа.
Сенімен жалғыз сағат ойнап-күлсем,
Көзімді салмаушы едім қырдағыға.
Алтын-күміс қазынаны қисап қылмай,
Мен риза едім ғой мұндағыға.
Ел билеп, таққа мініп тұрса дағы,
Мен оны теңгермеймін тырнағыңа.
Ұрыспақ түгіл, басымды кессең дағы,
Армансызбын жарасам құрбаныңа.
Мас қылып шыққанымша сол болады,
Ашуланба кешігіп тұрғаныма.

Сен едің көзім нұрым, ғашық жарым,
Қаз ілген жібек баулы ақ сұңқарым.
Сен қуарсаң, мен кімге сүйенемін,
Мехнатпен өткені ғой шыбын жаным.

Есімнен кетпейтұғын қызметің бар,
Не болар сенен кетіп менің халім.

Жалынып қолын салды мойынына,
Бір жатсам арманым жоқ қойыныңа.
Қарағым, ұрыспалық пышақ қайрап,
Шыдаймын құрбан болып союыңа.

Білсемші енді, қалқам, ашуыңды,
Ашулансаң білесің жасуымды.
Тірлікте сені қиып қайтіп кетем,
Көргенмін дариядай боп тасуыңды.

Ұрысқанын тоқтатты сонда ғараб,
Бойынан ашу шығып кетті тарап.
Ғараб ит жылы жүзін бергеннен соң,
Жылтылдап арғымақтай тұрды жарап.
Киім шешіп, қойнына кіріп барды,
Бетіне ол залымның қарап-қарап.
Риза қылып сұрады қатын сонда:
— Жейтін тамақ, ішетін бар ма шарап?

— Пісіп тұрған табада үш-төрт тышқан,
Кешігіп қалып келдің көп жұмыстан.
Ана жерде бір кесе боза тұрған,
Сен үшін іздеп тапқам һәрбір тұстан.
Іш те, же, жылдамырақ жұмыс бітсін,
Сол үшін ренжітіп сені қысқам.

Жұмысым кәдуілгі өзің білген,
Сағатында бір жолмен он бес жүргем.
Деуші едің соны дағы азға санап,
Дүниенің қызығы ойнап-күлген.

Ішіп-жеп мәз болады қатын сонда,
Қуанады басты деп ісім оңға.
«Бол, жылдам, шәһуетім қозғалды», — деп,
Шаттанып іш киімін алды қолға.

Қайда барсаң ерік деп малғұн ғараб,
Айдаһарын жіберді салып жолға.

— Мінеки, шаттандырдың, қалқатайым,
Мұның бірін қылмайды алған байың.
Ол ғаяр гүл-гүл жайнап құлпырады,
Айдаһар ілгерірек басқан сайын.
— Бұл секілді қызметті кім қылады,
Мен сенен құрбандық боп айналайын.
Дүние-мал, патшалықты тастағаным
Осың ғой, өзгені мен не қылайын.

Екеуі ұйықтап қалды көңілі тынып,
Падиша қасіреттенді қайғы қылып.
Қатынды сонда дағы іші қимай,
Жөнелдім ғараб итке қылыш тығып.

Ғарабты қылышпенен тіліп-тіліп,
Ол үйде көп тоқтамай кеттім шығып.
Үйіме қасіреттен зорға жетіп,
Бұрынғы орынымда жаттым бұғып.

Мас болған секілденіп жаттым құлап,
Көзім көріп қатынды келдім сынап.
Түсіне адам қарап тұрар емес,
Қатыным таң атқан соң келді жылап.
Мұрыныма дәрі иіскетіп тірілтіп ап,
Білдірмей жылтылдап жүр сипап-сылап.

Қарасам, шашын кесіп қара киген,
Қарамайды кісідей беті күйген.
Құрт аурудан меңдіген адамдай боп,
Аяғын баса алмайды имең-имең.
Білмеген боп қатыннан сөз сұрадым:
— Қандай адам екен, — деп, — саған тиген?

Ас ішпей, сөз айта алмай қамығасың,
Көзіңнің жасын төгіп ағыласың.

Бас есен, бауыр бүтін күні бүгін,
Сен бүгін не себептен жабығасың?
Мен патша, сен ханымсың арманың жоқ,
Мұқтажсыз іздегенге табыласың.
Мен бүгін саған қайран қалып тұрмын,
Есіңнен ауық-ауық жаңыласың.

Бір жерің ауырды ма деп сұрадым,
Аяған болып қамын жеп сұрадым.
Жаныңа батып тұр ма ауруың,
Баса алмай өксігіңді көп жыладың.

— Бір қайғы біздің басқа келген, — дейді,
Қайғыны тағдырменен көргем, — дейді.
Сұрасаңыз, айтайын, тақсыр патша,
Біздің бір жақынымыз өлген, — дейді.
Рұқсат берсең келейін дұға қылып,
Қадірсіз бір орынға көмген, — дейді.
— Жақының болса, барып көңліңді бас,
Әлдеқашан рұқсат бергем, — дейді.

Рұқсат, дұға қып кел олай болса,
Іштен шер шығарып кел, қайғы толса.
Ауруға шалынып бұзыларсың,
Қасіретпен зағиптанып ақылың солса.
Олайша жақыныңнан қаза болса,
Қамдап бар салатұғын аза болса.
Қайғы-шер адамзатты бұзад деген,
Қан жұтып, ас-су ішпей наза болса.

Сонда қатын жөнелді үйден шығып,
Қалт қылмай падиша жүр сөзін ұғып.
«Қасқа қас жарасады» дегенменен,
Залымның патша қойды туын жығып.
Өлі-тірі екенін жан білмейді,
Падиша кетіп еді қанжар тығып.
Падиша білмеген боп бір жыл жүрді,
Қалай рет болар деп ақыл қылып.

— Шаһардан ұсталарды алдырыңыз,
Тамақ беріп сусынға қандырыңыз.
Ықыласты көңліңменен көрсең жақсы,
Бір зират жақын жерге салдырыңыз.

Күнде-күнде баруға бірталай жер,
Жаяу жүрсем маңдайдан шығады тер.
Сүйегін жақын жерге алып келсем,
Іштен қайғы, кеудемнен шығады шер.
Үйден шыға дұға қып отырайын
Бір зират жақын жерге салдырып бер.

Іші шатыр, сырт жағы болсын сарай,
Дұға қылып тұрайын қарай-қарай.
Сүйегін өзім барып әкелейін,
Қасыма ертпей барып жалғыз малай.
Бір адамға білдірмей түнде әкелем,
Жалғыз барып үйрендім талай-талай.

— Жарайды, бір зиратты салдырайын,
Шаһардан ұсталарды алдырайын.
Ниетің мен дегенде судан таза,
Көңіліңді не себептен қалдырайын.

Сүйегін алып келіп жақынға қой,
Бар шығар көңіліңде һәр қиял-ой.
Ел жиып жақыныңа дұға қылдыр,
Сиыр, жылқы, көп қылып түйеден сой.

Жақсы зират салдырдым тілін алып,
Ақыры не болар деп көзім салып.
Үй қасына зиратты салғаныма,
Шаһар халқы жүреді қайран қалып.
Мені алдап салдырдым деп шаттанса да,
Ас ішіп, ұйқы көрмес күйіп-жанып.
Ғаярдың ғашықтығы естен шықпай,
Түнде зиярат қылады ашып-арып.
Қол астымда төрт түрлі ел бар еді,
Сиқырмен қылып қойды су мен балық.

Шаһарды тау, бөксемді тас қып қойды,
Сол көрген тамашаңыз біздің халық.
Сиқырды көп оқыған ғаяр екен,
Қапы болып отырмын назаланып.
Сізге де кесапаты тимей қалмас,
Тақсыр-ау, көзім көрді, бәрі де анық.
Күнде азап қылады үш уақыт,
Қайғы, қасірет барады ішім жарып.

Ұсталар зират салды күн-түн қатып,
Біз хақы алмайық деп қарап жатып.
Мұны, тақсыр, қайтесің деп сұрауға,
Ьеш адам келе алмайды менен батып.
Кешіктірмей тезінен салып бердім,
Іші зейнет, сырт жағын жақсылатып.

— Біткен соң, сүйекті әкеп салам, — дейді,
Сонан соң көңілім болмас алаң, — дейді.
Шаруасынан қалмасын жігіттерің,
Құпия жалғыз өзім барам, — дейді.
Жалғыз шамам келмесе әкелуге,
Сол жерден біреу тауып алам, — дейді.

Ертең келді, мен жалғыз бардым, — дейді,
Дұға қылып сауапқа қалдым, — дейді.
Жақын жерден жүрейін дұға қылып,
Зиратқа бүгін әкеп салдым, — дейді.

Зиратқа ерте кетіп, кеш келеді,
Көрмеген нәрселерді дестеледі.
Нағылып жүрген ісін жан білмейді,
Менен де артық оны ескереді.

Оқиды бір түрлі оқу судай ағып,
Қатынды жүрген жан жоқ істен қағып.
Бәйнімен бұ ғаярды қоя беріп,
Білінбей мен артынан бардым бағып.
Сығаласам, там іші толған шыны,
Құшақтап отыр екен дәрі жағып.

Ләззатты тағам алып барған екен,
Жей ме деп үмітті боп алған екен.
Жарадан сау жері жоқ, пара-пара,
Қылыштан жаны шықпай қалған екен.
Ауру болып көрсетіп өзін маған,
Залымның қылған ісі жалған екен.
Тірілер деп жүр екен дәрі жағып,
Көңілі бұ ғаярдың арман екен.

Мұрнына иіскетеді бал мен шекер,
Демін алса, ішіне иісі кетер.
Бұлайша нәр алдырып ойлайды екен,
Жазылып тұратұғын күні жетер.
Жара көп, сөйлейтұғын тілден қалған,
Жері жоқ тіріліктен үміт етер.
Бұрынғы ғашықтығы естен кетпей,
Әншейін әуреленіп жүрген бекер.

Ғараб өлсе, өлуге отыр даяр,
Қара киіп зарланып, шашын жаяр.
Жарадан жазылмасын біле қалса,
Ол залым көрінбейді жанын аяр.
Ұмытпайтын қызметің бар еді деп,
Жер бауырлап жығылды залым ғаяр.

Жылайды ғашығым деп бәйіт айтып,
Сені көрсем тұратын бойым балқып.
Оны-мұны жоқты айтып былшылдайды,
Тірлікте ұмытам деп сені қайтіп.

Ойнаған ғейіш-ғишрат сафаларын,
Айтады менен көрген жапа-кәрін.
Жүрген-тұрған ісінің бәрін айтып,
Ah-yh деп шығарды қапаларын.

Мен сонда шыдамадым ашуланып,
Қолыма жетіп бардым қылыш алып.
Менен келген екенін сонда біліп,

Аузынан шықты жалын, оттар жанып.
— Бұл іс сенен келгенін бұрын білсем,
Қаныңды ішпеймін бе ішің жарып.
Бір әфсүн оқып еді маған қарап,
Сол жерде жығылыппын естен танып.
Есім жисам, бөксем тас, кеудем адам,
Дәрменім жоқ, отырдым көзім салып.

Тылсым оқып, жоқ жерден көл шығарып,
Шаһарды тау, кісімді қылды балық.
Қамшымен дүре соғып, қылмен есіп,
Азап тартып отырмын мехнаттанып.

Шаһар тау мен көл болды, не-дүр шара,
Адамды балық қылды жүзіқара.
Төрт түрлі қол астымда ел бар еді,
Баяндап біразырақ айтқам мана.
Ысады қылдан көйлек кигізіп ап,
Етімнің сау жері жоқ, бәрі жара.
Мені қинап қайтқан соң азап қылып,
Су жұтып баяндайды бара сала.

— Тақсыр-ау, бұған дауа болар ма екен,
Зағиптанған көңілім толар ма екен.
Тәңірім шипа беріп сауықтырса,
Баяғы бақыт қайта қонар ма екен.
Кіндіктен төменгі жер қап-қара тас,
Мен дағы адам болып оңар ма екем?!

Жазылсам, адам болып толар едім,
Құстай ұшып тауларға қонар едім.
Жазылып, кедей болып ас сұрасам,
Ел билеп тақ мінгендей болар едім.

Жазасында ел неден шикі болды,
Шаһардың қандай қылған кейпі болды.
Мына қылған ісіне жаным күйіп,
Бұрын қайғым бір еді, екі болды.

— Сабыр ет, іс ақырын оңдар Құдай,
Балам, күнің өтіпті жылай-жылай.
Қатынның басын кесіп өлтірмесем,
Тірі болып жүрмейін мұнан былай.

Барайын, тура жолын сілте, балам,
Ғарабтың бітірейін ісін тамам.
Қысасты қияметке күйе бермей,
Сиқыршы қатыныңның басын алам.
Балықты адам, тауларды шаһар қылам,
Құлым деп жәрдем қылса Хақ Тағалам.
Ғұмырың таусылмаса жазудағы,
Бүйтіп тас боп отырсаң, кетер бағаң.

— Мекені мен салдырған тамда деймін,
Тақсыр-ау, қапы қалмай аңды деймін.
Сиқыры күшті, ғаярдың айласы көп,
Әй, ата, тіл алсаңыз, барма деймін.
Көзі көрсе, бір іске ұрындырар,
Сау күніңде жолыңнан қалма деймін.
Бір сілтеуге шамаңды келтірмейді,
Қолыңызға қылышты алма деймін.

Тау мен балық барыңыз көліңізге,
Аман күнде қайтыңыз еліңізге.
Маған азап қылады қазір келіп,
Көп кешікпей жүре бер еліңізге.

Азапты мен тартайын бұрын көнген,
Қазаға қарсы жүрме, тұрып төрден.
Бір ауыз кәлимаға келтірмейді,
Бір адам сау қоймайды тамам елден.
Тез жөнел енді, тақсыр, келіп қалар,
Көрінбей асып кетші ана белден.

Келетұғын уақыты болды жақын,
Сиқырға әбден піскен ғаяр қатын.
Мен үшін сол залымнан өліп кетсең,
Тағы менде қалмай ма сенің хақың.

Жасырынды бір жерге патша сонда,
Ерлік қысып падиша тұрды зорға.
Патша келіп зиратқа кіріп алды,
Қинаймын деп кеткенде қатын онда.
Өз киімін падиша шешіп тастап,
Ғарабты жалаңаштап алды қолға.
Бөліп-бөліп құдыққа салды апарып,
«Сен залым, жата тұр, — деп, — терең орда».
Ғарабтың орнына кеп жатып алды,
Түсін бояп кіріп жүр молдан-молға.
«Құдай-а, өз жанымды құрбан қылдым,
Тұтқындарды босатсаң түскен торға.
Тілегімді бергенің, жалғыз Алла,
Пақырлардың шығарсаң ісін оңға».
Зиратта жанып тұрған алтын қанділ,
Хош иістер бұрқырап тұр оң мен солда.
Ыңқылдап ғараб болып жатып алды,
Тәуекел, кірістім деп сапар жолға.
Бір ғаяр сиқыры көп залым дейді,
Өзіне-өзі айтады «ғапыл болма».

Қарайтып түсін бояп болды ғараб,
Тәуекел, бір сапарға қылды талап.
Зират іші зейнетті тамаша екен,
Ішінде толып жатыр арақ-шарап.
Ғарабтың бар киімін киіп алып,
Күртесіне оранып отыр қарап.
Ғаяр келсе, қалайша іс қылам деп,
Падишаның зейіні отыр тарап.
Онан бұрын мен қамдап қалайын деп,
Даярлап тығып қойды қару-жарақ.

Киім мен атын тықты берік жерге,
Төңірі оңдап, бақыт берсін кемеңгерге.
Патшаның зығырданы қайнап отыр,
Азап қып жатыр ғой деп қайран ерге.

Малғұн барып жігітке салды таяқ,
Ұрып-ұрып өлімге кетті таяп.

Япырым-ай, енді бұған не іс қылам деп,
Там ішінде падиша отыр аяп.

Ұрып-ұрып білгенін қылып келді,
Азабына көңілі тынып келді.
«Сен үшін қанша қинап ұрдым ғой», — деп,
Мақтанып ғараб бар деп күліп келді.
«Қарағым, тәуір болсаң, дыбыс бер», — деп,
Көрпеге жақынырақ жүріп келді.

Аурулар даусындай қып ah-yh деп,
«Лә хаула уа лә қууата иллә билләh» деп дыбыс берді.
Ғарабты сөйледі деп есі кетіп,
Шаттанып құшақтады қара жерді.
— Байыңа қылған азап маған боп тұр,
Қайтадан адам қылмасаң сондай ерді.

Әй, бәдбақыт, фахиш, бұзық қатын,
Сенен болды бұ мехнат-машақатым.
Ол бейшара азаптан құтылмаса,
Менім де қабыл болмас мінәжатым.
Оған қылған азабың маған болып,
Тәңірім алып жатыр оның датын.

Бар, соны адам қылып қайтып келші,
Жазылса қуанғанын айтып келші.
Жазылса, адам болып кетсе жүріп,
Қайтарда һәр түрлі күй тартып келші.

Қуанып қатын тысқа шығып кетті,
Әфсүн оқып жігітке барып жетті.
Ғарабқа бір шипасы бола ма деп,
Жігітті бір үшкіріп адам етті.

Қатынның қуаныш төгілді балағынан,
Шаттанып ас жұрмейді тамағынан.
Айтқанын қылғандан соң жазылар деп,
Үмітті боп келеді қарағынан.

— Байыңды адам қылып жібердің бе,
Шүкір, тәуір болдым ғой манағыдан.

— Адам қылып жібердім сенің үшін,
Тірлікте көрмен деп ем оның түсін.
Бір кесе су шашып ем, адам болды,
Қалай қылсам сиқырға жетер күшім.
Не десең де, көңіліңді қалдырмаспын,
Сен өлсең құрымай ма менім мысым.
Адам қылып жайына қоя бердім,
Ол үшін бейнет тартып көрсең қысым.

Байымды ол пәледен азат қылдым,
Әуелде сенің үшін азап қылдым.
Бөксесін тас, кеудесін адам қылып,
Не өлтірмей, не тірілтпей азап қылдым.

— Дұрыс, патшаны азат қылдың, елі қайда,
Тау мен көл жарамайды, қалса жайға.
Шаһар елін түсірсең қалыбына,
Бір шыбындай жаныма болар пайда.
Солар маған бәддұға қылған сайын,
Жаныма шаншылады болып найза.
Оларды адам қылмасаң, жазылмаймын,
Балық боп елі жатыр терең сайда.

Бар, соларды адам қыл мені десең,
Мен үшін қасіреттеніп қайғы жесең.
Шаһар елі бұрынғы болса орнында,
Бұл жарадан жазылам аман-есен.
Жылдам баршы, жаныма қадалып тұр,
Бұрынғыдай жайланып қалма кешең.
Қияметте ақ сүтін кешпес саған,
Солардың ішінде бар әке-шешең.

Қуанды, болды ғой деп шаттық заман,
Жөнелді тау мен балық көлге таман.
Қосылар ғашығыммен күн болды деп,
Бұрынғыдан асығып басты қадам.

Бір сауыт суға үшкіріп шашып еді,
Тау, шаһар, балық пен көл болды адам.

— Айтқаның бәрін қылдым, шаттан, қалқам,
Жарадан жазылдың ба есен-аман?
Бәрін дағы сиқырдан халас қылдым,
Бір себеп бола ма деп, қалқам, саған.
Сен үшін шыбын жанды қинап жүрмін,
Қор болып кетеді деп менің бағам.
Манағы уағдаменен тәуір болсаң,
Енді сен дидарыңды көрсет маған.
Үш күн жатып өлгенім келді міне,
Сен өлсең болып еді күнім қараң.
Көрмегелі бірталай заман болды,
Қолымнан біразырақ жеші тағам.
Шығаршы, бір сүйейін, сағындым ғой,
Қолыңды, ұстауға келсе шамаң.

— Бұ дүние өтіп кетер бір қызыл жел,
Қор болды сиқырыңмен бірталай ел.
Құшақтасып басайық мауқымызды,
Жамалыңды көрейін қасыма кел.

Қуанып малғұн ғаяр жетіп барды,
Жасырып патша қолға қанжар алды.
Өзіне емін-еркін келтіріп ап,
Қақ бастан қанжарменен салып қалды.
Сиқырлауға шамасын келтірмеді,
Өткір қанжар ғаярды екі жарды.
Падиша бөліп-бөліп тастап еді,
Өкіріп қиналуға шықты жаны.

Ғаярды кескіледі бөліп-бөліп,
Пәледен құтылды жұрт қатын өліп.
Қойдай маңырап, қозыдай шулады жұрт,
Сиқыршының өлгенін бәрі көріп.

Зираттан патша шықты маң-маң басып,
Дұшпанын өлтірген соң судай тасып.

Жігітті барып көрем деп ойласа,
Даярланып тұр екен есік ашып.
Патшаның қолын сүйіп дұға қылды,
Жылады патшаменен құшақтасып.
— Ел болып қызметіңді ұмытпаспыз,
Халас қылдың жерімнен жатқан жасып.
Құтылдырған патшаны көреміз деп,
Жұрттың бәрі көруге болды асық.

Бір сиқыршы шаһарға бүлік салған,
Адам жоқ сиқырынан аман қалған.
Сіз себепші болмасаң, тақсыр патша,
Қорлықпен өтіп еді дүние жалған.
Залым ғаяр қатыннан жапа көріп,
Өліп кетсем көп еді бойымда арман.
Күллі шаһар қорлықпен өтер еді,
Әгар сізден болмаса бізге жәрдем.
Орныңыз ұжмақ болсын ахиретте,
Себепшіміз дұшпаннан тартып алған.
Бихамдулла, хақ екен һимматіңіз,
Көп жанды айырдыңыз бір ажалдан.
Жан иесі бәрі сізге дұға қып тұр,
Сиқыршы құтқарған соң діні қардан.
Амандасып шаттықты білдіруге,
Тақсыр-ау, ұнамай ма елге барған.

Шаттықты білдірейік елге барып,
Бір ғаяр қылып еді бәрін ғаріп.
Олар дағы қуанып жүрген шығар,
Сиқырлап елдің бәрін қылған балық.
Қандай адам сиқырдан құтқарды деп,
Көруге тұрған шығар құмарланып.
Күллі мүмін, мұсылман қор боп еді,
Залымнан өпердіңіз бізге қарық.
Тәңірі артық жаратқан жан екенсің,
Тақсыр-ау, шарапатың кеткен дарып.

— Бұл жерден тура қайтып барам елге,
Біздің жұрт та бек құмар тау мен көлге.

Қашан келіп хабарды береді деп,
Қарап тұр елдің бәрі шығып белге.

Бұ ғажапты біздің ел көрген бәрі,
Тамашалап көз салған жас пен кәрі.
Естуге құмар болып тұрған шығар,
Жарамас жүре берсем мұнан ары.

Уәзір менен бектерім қалған қарап,
Тез қайтармын деп едім тамашалап.
Асығып «патша қашан келеді» деп,
Бұ күнде тұрған шығар кетпей тарап.

Шаһарға сіз барыңыз, қайтайын мен,
Сапар жол елге таман тартайын мен.
Мұнан қызық тамаша іс бола ма,
Бұл көрген уақиғамды айтайын мен.

Сонда жігіт қызмет қып қусырды қол:
— Құдай берген кісісіз, өнерің мол,
Сиқырдың күшіменен келіп тұрсыз,
Бұл жерден шаһарыңыз бір жылдық жол.

Бір түнде сиқырменен келіп тұрсыз,
Жәрдемді біз пақырға беріп тұрсыз.
Біздің үйге жүріңіз қонақ болып,
Барша жұрттың қуанышын көріп тұрсыз.

Мейман қып алып келді сарайына,
Қызмет қып тік тұр деді малайына.
Патшаға алтын-күміс сый әкел деп,
Елінің хабар айтты талайына.

Той қылып неше күндей дуылдасты,
Бұл тойдан жақсы-жаман құтылмас-ты.
Елі келіп жиылып амандасып,
Қойдай маңырап, қозыдай шуылдасты.

Патшаға құрып берді алтын шатыр,
Мың теңгеге шатырдың пұлы татыр.
Зор қатерден құтқарған себепші деп,
Падишаға қисапсыз беріп жатыр.

Сонда [жігіт] патшаға сөйледі сөз:
— Сізден жәрдем болғанын көрді ғой көз.
Әгарда сіз болмасаң, тақсыр, бізге,
Бұйырмай қалып еді үш қабат бөз.
Тәңір айдап тірлігіме себеп болдың,
Осы күнде атам да, анам да сіз.
Алладан тағдырда қаза жетпеген соң,
Тақсыр, сіз себепші боп жолықтыңыз.
Қиямет күнінде ұмытылмас
Жақсылық сізден, тақсыр, көргеніміз.
Сізбен бірге кетеміз, ұнатсаңыз,
Бұл елде сенсіз, тақсыр, тұрмаймыз біз.

Тақсыр, сізден тиді ғой көп мархабат,
Сиқыршыны өлтіріп әпердің дат.
Ада қылып болмаспыз хақыңызды,
Ел боп қызмет қылсақ та неше қабат.
Дүниені тәрік қылып сізбен барып,
Енді қалған ғұмырымда қылсам тағат.
Басқа мүйіз шыққан жоқ онымен,
Патша болып ел билеп кидім жанат.
Ғафур, әр-рахман Падиша* ғафу қылар,
Көп қате жастығымда қылдым ағат.
Мен сізді ата-анамнан көрдім жақын,
Сізден қалып тұрмаймын жалғыз сағат.
Жігіттен мұндай мадақ есіткен соң,
Патша да судай тасып болыпты шат.

— Тағат қылсаң, махшарда пұл боларсың,
Ықыласпен тәубе қылсаң құл боларсың.
Менен туған ұғыл түгіл, қызым да жоқ,
Еріп барсаң өзіме ұл боларсың.

* Падиша деп Алла Тағаланы айтып отыр.

Қияметтік бала бол маған өзің,
Көңілімді хош қылды айтқан сөзің.
Өзімменен бірге жүр шаһарыма,
Бұл елде қорлығыңды көрді көзім.

Құп көріп жігіт сонда шақыртты елін,
— Сиқырменен тас болғанда сынған белім.
Қажыға барып тәуап қып тұрам сонда,
Алтын-күміс, мал шығар маған телім.
Мұндағыға бірдей қып бөліңіздер,
Нәпақаланып тұрарлық кетім-келім.

Тегіс жиды шаһардағы жамағатты,
Бектеріне тапсырды аманатты.
Бар малын әділдікпен екі бөліп,
Жолға керек азықты әзірлетті.

Бірігіп патшаменен түсті жолға,
Жолға керек пұл, азық алды қолға.
Дұға қылып тіледі қолын жайып,
«Құдай-а, сапарымды өзің оңда».

Жиылды бірі қалмай тамам елі,
Әуелде балық болған тау мен көлі.
«Жанымызға себепші, тақсыр-ау», — деп,
Патшаны көзі қимай сынды белі.

Жылайды падишаны бәрі қимай,
Ағызып көздерінің жасын тыймай.
Олжаны бас-басына беріп жатыр,
Далаға һәр түрлік мал кетті сыймай.

Падиша қайтамын деп рұқсат алды,
Кетемін дегеніне қайғыланды.
Падишаны бұл шаһар нағып қисын,
Қасіретінен құтқарып шаттық салды.
Қонағын риза қылып жөнелтуге
Аямай әкеп жатыр дүние-малды.

Айрылып амандасу қиын болды,
Артынан падиша[ның] шулап қалды.

Рұқсат алып падиша елге қайтты,
Жол жүріп көп әскермен шеру тартты.
Ел сый қылып берген соң тастасын ба,
Түйеге алтын-күміс қазына артты.

— Сый қылып көп беріпті һәр түрлі мал,
Бұл берген һәдиені сен қабыл ал.
Падиша амандасып жөнелгенде,
Қиыспай ел сандалып болады дал.
— Тақсыр-ау, не берсек те көп болмайды,
Жанымыз қысылғанда болғансың жал.

Ат-айғыр мыңға толды биесімен,
Олжаны көп беріпті жүйесімен.
Алтын менен күмістен қазына артып,
Бұ дағы мыңға боп тұрды тақиясымен.
Қой, сиырдың қисабы бір болмады,
Бағатын бас-басына иесімен.

Берген соң һәдие қып бәрін де алды,
Падиша амандасып жолға салды.
Баяғы балық болған көп халайық,
Қия алмай бәрі шулап жылап қалды.
— Сіз кеткен соң, тақсыр-ау, не боламыз,
Хабар алып біліп тұр біздің халді.
Алдыңғы елден сөйлейік енді хабар,
Патша айдап келе берсін мұнша малды.
Таң ата келемін деп кеткен патша
Келе алмай, жұрттың қарап көзі талды.

Падиша түнде кеткен келе алмады,
Хабарды елге келіп бере алмады.
Тау, көл, балық, падиша — бәрі де жоқ,
Таң атқан соң ел бірін көре алмады.

Сандалып ел адасты ақылынан,
Сұрады келді ме деп қатынынан.
Ел адамы, уәзірлер жаман сасып,
Жан-жақтан хабар алды жақынынан.

Жиылды падишаның жақындары,
Қайғырып жылап тұрды жұрттың бәрі.
Елге құт, әділетті патша еді деп,
Өлеміз деп жылады жас пен кәрі.
Һеш адам қолы жеткен зарықпаған,
Аузынан шыққан сөзі болған дәрі.

Бас қосып ел іздеуге қойды бетін,
Сұрау сап аралауға жердің шетін.
Шұбырып нашарлары тозып кетті,
Ел кезіп шығаруға іштен дертін.

Есінен ел адасты жылауменен,
Патшаны таба алмады сұрауменен.
Зілзала, мең-зең болып жүре берді,
Біреудің ісі болмай біреуменен.
Зияпат қанша жанмен келе жатыр,
Ісі жоқ падишаның жүдеуменен.

Патша жақын көргенін мақұлдады,
Жек көргенін қасына шақырмады.
Есен-аман сапарда бір жыл жүріп,
Падиша өз еліне жақындады.

Сүйінші ал деп шапқыншы жіберді елге,
Келе жатыр еңбегі кетпей желге.
Падиша тірі ғайып бола тұрсын,
Ел ғажап көшіп кеткен тау мен көлге.

Бір күні падишадан хабар келді,
Сүйінші алды қуантып тамам елді.
Зарыққан падишаңыз табылды деп,
Уәзірлер жиылсын деп хабар берді.

Есітіп жұрт жиылып құмдай болды,
Неше ауру, ақсақтар тыңдай болды.
«Ел ұрысыз болмайды» дегендейін,
Там-тұм жүрген залымдар жымдай болды.
Есі шығып қуанып шаттық толып,
Нашарлардың бір малы мыңдай болды.

Алдынан елі шықты атты-жаяу,
Патша да жақындады елге таяу.
Қуанып шаттанысып күліп-ойнап,
Көңілінде нашарлардың болмай қаяу.

Падиша аман көрді тамам елді,
Нашарлар қуанғаннан жылап берді.
Олжаның біреуін де өзі алмады,
Нашардың бас-басына бөліп берді.
Олжаның азы-көбін сонан байқа,
Нашарлар қатар үйге бір теңелді.

Ел тегіс бай боп тұрды біраз заман,
Падиша келгенден соң есен-аман.
Қайырлы әділ патша — елдің құты,
Қайғысыз байып тұрды жұрты тамам.

Жиылған уәзір, қария, ғұламалар,
Әділ патша жұртына шаттық салар.
Жас, кәрі, қатын, [бала] — бәрі келді,
Қасына еріп келгендер қайран қалар.

Көп олжа беріп жатыр талайына,
Елі қамап сыймады маңайына.
Көрісіп, амандасып болғандан соң,
Падиша алып келді сарайына.
Жеті күндей той қылды жұртын жиып,
Маңайынан кетпейді елі қиып.
Қасына еріп келгендер қайран қалды,
Қалай жүрген өнер деп бойға сыйып.

Бұрынғыдан артық боп бақыт қонып,
Патшаның дәрежесі болды биік.
Көп сеніп осы әділ болады деп,
Әуелден патша қойған халқы сүйіп.

Қуанып, жұрт мәз болды ойнап-күліп,
Патшаны аман көрген соң көңлі тынып.
Кешегі Суд шаһарына жіберіпті
Өзінің бір уәзірін патша қылып.

Жіберді балықшыны уәзір етіп,
Балықшы да қуанды есі кетіп.
Бір жылдай орта жолда сапар жүріп,
Есен-сау Суд шаһарына барды жетіп.

Барған соң балықшыны құрметке алды:
— Сиқырдан құтқардың, — деп, — барша жанды.
Себепші жанымызға сіз болдыңыз,
Падишаға білдіріп біздің халді.
Ұлықтық құрметіңіз өз алдына,
Біз сізден аямаспыз дүние-малды.

Уәзір тұрды бек әділ патша болып,
Балықшы уәзір болды бақыт қонып.
Патшаның өз елінден қайғы кетті,
Патшасы аман келген соң шаттық толып.

Мархабат үлкен патша айтып тұрды,
Шаһар аты һәр тарапқа кетіп тұрды.
Сыртынан қойдай бағып, көзін салып,
Екі елге әділдігі жетіп тұрды.
Адамдар бір-біріне қас қылмасқа
Ант қылып уағданы бекіттірді.

Достарын шаттандырып күлдіріпті,
Хүкімін һәр орынға жүрдіріпті.
Суд елінен еріп келген жас патшаны
Өзіне қияметтік ұл қылыпты.

Екі жылда жиыпты есін зорға,
Сиқырмен залым қатын бұлдіріпті.

Тағы да елін жиып, қылды тойды,
Аямайды һәр түліктен малын сойды.
Падиша қартайған соң тақтан түсіп,
Орнына бұл жігітті патша қойды.
Бұ дағы заманында әділ болып,
Залым менен тентектің көзін жойды.

Алдыңғы атасының жолын қуды,
Бұ дағы әділдікке тікті туды.
Еліндегі нашарға мархабат қып,
Халалдықтың жолына белін буды.
Жасындағы күнәні тазартуға
Тәубенің дариясына төнін жуды.
Әділдіктің қаһарын көргенден соң,
Елі қойды дауласып, таласуды.
Һәр пендеге әділдік, тәубе керек,
Көріп тұрып өлтірер, ішпей уды.

Бұ қисса тамам болды осыменен,
Қайғысыз көңілінің хошыменен.
Әділдік қылмақ түгіл, бұ күнгі адам
Өзінің араз болар досыменен.

«Әлфу ләйла» кітабынан көрдім мұны,
Бір сөзін артық қылмай жаздым шыны.
Ұзартып өтірікпенен ажарласам,
Оқыған сөгер дедім Құдай құлы.
Кітаппен салыстырып көрсе біреу,
Өтірік шықса, болмас деп сөздің пұлы.

Өлең қылып шығарған Иазид атым,
Мұндайды өлең қылмақ бар әдетім.
Баспаға жіберсем деп ирадам бар,
Ұнаса оқушыға жазған хатым.
Қазанда Хұсайынов баспашыға
Кішілікпен өтінген бар қажетім.

Таныс болғым келеді қиссаменен,
Сіздермен қылмасам да сауда-сатым.
Қисса жазып жіберіп жыл-жыл сайын,
Жай қазақтан сіздерге болсам батым.

Атым — Иазид, Қонайдың баласымын,
Аз өнер ағып кеткен саласымын.
Тұрғушы пақырлықтың мақамында,
Ифтиқадты мүмінге қарашымын.
Бір жерден естілмеген кеңес келсе,
Құп көріп, қабыл етіп аласымын.

Ақылымның қарамаймын толысына,
Кеңестің жаным құмар сонысына.
Ішкенім ас болмайды қолыма алсам,
Қиссаны қондырмасам қонысына.
Көкшетау оязының қазағымын,
Қарайтын Мезгіл ескі болысына.

Қабыл болса менен, фарағым бар,
Жел тимесе, жағулы шырағым бар.
Зейінім жетіп, дәм тату нәсіп болса,
Тоқталмай ағып жатқан бұлағым бар.

Анда-санда бір көріп шаттанамын,
Дарияда пісіп тұрған құрағым бар.
Баспа қылып жіберсең қайта маған,
Екінші нөмір ауылда тұрағым бар.

Шүһрәтім зор емес кісі білер,
Зағиппын ризықты Хақтан тілер.
Кішілікпен, Хұсайынов, өтінемін,
Өзіме, мүмкін [болса], басып жібер.

Арзанның аз болады қақсам шоты,
Ізгілікті болмайды адам моты.
Осы жүрген пенденің пиғылдарын
Тамамдап жеткізе алмас сайрап тоты.

Көп қылып жаңа қисса жіберермін,
Сіздерден келіп тұрса расхоты.

Өнер іздеп таба алмай жүрмін азып,
Алтын бар деген жерді белден қазып.
Иншалла, жаңа қисса жіберермін,
Құдайым ғұмыр берсе, тағы жазып.

Жүрмеймін ел аралап, нәпсіге еріп,
Тұрамын бала оқытып, нәсіп теріп.
Кітаптан жат мәселе көзім көрсе,
Қисса қып шығаруға болдым жерік.
Пайда жоқ артық сөзде дегенменен,
Көп жазбаушы ем тұрса да өнер керіп.
Мирас болып қалсын деп енді ойладым,
Өнерді тұрған шақта Тәңірім беріп.
Бір жылда неше қабат жіберер ем,
Біраз сый қызыққандай тұрса келіп.
Еңбегімді берер деп жіберемін,
Жібермеймін болуға пайда сирек.

Тәртіпсіз болса сөзім, елерсіздер,
Қатасын оқып көріп күлерсіздер.
Қатасыз пенде болмас Хақтан өзге,
Айыптамай қатасын түзерсіздер.
Аты-жөн мен жайымды мағлұм еттім,
Ақырын өздеріңіз білерсіздер.

Жарар еді ибарасы түзу болса,
Қуанам мисрағысы кәміл толса.
Бір хабар, Хұсайынов, жіберерсіз,
Әгар ұнап кеудеңе сөзім қонса.

Ұнаса, бастырыңыз жұртқа жайып,
Бір жаңа қисса екен деп қалсын байып.
Бұл ұнаса, жіберем тағы жазып,
Тірлікте уағдамнан кетпен тайып.
Фукетін алып тастап басыңыздар,
Сіздер кеме болғанда, біз бір қайық.

Қанша жібер десеңіз, сөз табылар,
Басуға жазған қисса болса лайық.
Тәпсірден екі қисса жазып едім,
Жібергем жоқ, көрсеңіз, таңғажайып.

Тірлікте қолдан келер қисса жағы,
Жүйрікпін елде жүрген сынбай сағы.
Бұл ұнап, баспа болып еңбек келсе,
Кешікпей жіберермін оны тағы.

Хұсайынов, мұны сізге арнағаным,
Сіз болдың баспашыдан таңдағаным.
Жібер деп пошта арқылы хат салсаңыз,
Жалған боп бермей қалмас қамдағаным.
Қиссам көп ел ішінде жазба болған,
Аллаға аян бір тиын алмағаным.
Пайдасыз зарыққаннан сізге жаздым,
Бұл себеп, мәнімді айтып зарлағаным.
Сізден дағы қалай боп қайтады деп,
Даяр екі қиссаны салмағаным.
Мархабатты кісі деп естіген соң,
Алыстан сіз болдыңыз қармағаным.
Қазанда баспашылар көп болса да,
Сізден басқа кісіге бармағаным.

Ассаламуәлейкүм, Хұсайынов,
Оқып, қарап, басыңыз, көрсеңіз құп.
Ұнаса, еңбегімді зайық қылма,
Сіздерге ол аз нәрсе болмайды жүк.
Оқып көріп, орама қайтарарсыз,
Ұнамаса, сіздерден алмайын түк.

Жақсы көрем һәдие бергеніңді,
Білдірдім халал кәсіп тергенімді.
Қиссам ұнап басылса құзырыңызда,
Берер деп үмітім бар еңбегімді.

Ұнаса құзырыңызда бастырылсын,
Бір есім бізге хатпен жапсырылсын.

Һәдие, иә нұсқасы жіберілсе,
Көкшетауда Жүсіпке тапсырылсын.

Байбатша Жүсіп мырза бин Нұрым,
Мағлұм кісі сіздерге мұнан бұрын.
Тәңірім мал мен бақты тегіс беріп,
Дәрежелі мырзамыз алған орын.
Муафиқ бір һәдие жібересіз,
Бастырсаңыз көрген соң оқып түрін.

Жазылды аяғына «Кірпіш сарай»,
Тәптіш қылып қарарсыз жабы қалай.
Елдегі тыңдағандар ұнататын,
Қиссаны жазғанымда бұрын талай.
Бұ жолы қызыққандай еңбек келсе,
Болдық қой мұнан былай сізге малай.

Қисса кірпіш сарай

Хал келсе, біраз ғана жазайын кеп,
Жарамайды білгенге отыру тек.
Әбу Хафиз имамның риуаяты,
Әбу Мансұр қалпеден есіттім деп.
Ғибрат қылып имамдар тастап кеткен,
Халыққа шашып айтпасақ көрмей ме жек.
Дүние пәни һешкімге пайда бермес,
Талай әділ патша өткен, нешелер бек.

Бұ дүние жолдас болмас әке десем,
Жолдас деп ғибадатқа болма кешік.
Бір сағат уақыт жетсе тоқтатпайды,
Жүз жыл бай, мың жыл батыр, болсаң көсем.
Тағдыр жетсе бір қадам баса алмайсың,
Насихат сөйлейтұғын болсаң шешен.
Ғибадат Хаққа құлдық қылу керек,
Саламат жүрген күнде аман-есен.
Өлгенден соң болмайды тәубең қабыл,
Пайда жоқ мың жыл ұдай қайғы жесең.

Білгенге бұ дүниенің достығы жоқ,
Ғапылдардың дүниесіз хоштығы жоқ.
Алдаумен тәубе қылмай ғапыл ұқса,
Азаптан жалғыз сағат бостығы жоқ.

Жалғанның көрген бар ма жақындығын,
Білгізлер бір сайқал қатындығын.
Имамдар мысал қылып айтқан соны,
Баянсыз бұ дүниенің ғапылдығын.
Дүниені жолдас көріп тағат қылмай,
Пенденің аз ғұмыр мен батырлығын.
Бос барса ғибадатсыз ғапылдықпен,
Білмейді таңдайына татырлығын.

Бұ пәни қызықтырып қылады мас,
Ақырында қылады топырақ пен тас.
Әбу Мансұр айтқанынан есіттім деп,
Риуаят қылады Әбу Хафиз.

Айтамын Әбу Хафиз айтқан сөзін,
Ғапылдыға дүние берер жылы жүзін.
«Раунақул-Мәжәлис» кітабынан
Олардың риуаятын көрді көзім.

Хафиздің риуаятын көзім көрген,
Көңілімді көрген шақта сөзі бөлген.
Азырақ көргенімді баяндайын,
Бәни Ысрайыл елінен бір ер өлген.

Талайды қаза айырар бауырынан,
Ағайын бірге туған ауылынан.
Белгілі инабатты адам екен,
Тақуарақ күллі Ысрайыл қауымынан.

Тағдырды жазған өлшеп Хақ Тағала,
Махфузда Хақ жазғаны болмас шала.
Бірдей қып мал мен мүлкін бөліп алды,
Артында қалған екен екі бала.

Һешкімге опа қылмас дүние шіркін,
Қазалы өтіп жатыр дүркін-дүркін.
Қазына, үй-жабдығын керек-жарақ,
Мәслихатпен бөліпті мал мен мүлкін.

Кімдерді жоқ қылмаған өлім деген,
Нәрсені бекер дейміз көрінбеген.
Дақ болып жалғыз сарай қалған екен,
Екеуінің ортасында бөлінбеген.

Жамағат, инаныңыз өлім үшін,
Тағат қыл тірлігіңде жетсе күшің.
Өзгесін ынтымақпен бөлсе дағы,
Сол сарай екеуінің бұзды түсін.

Бек көркем сарай екен зейнеттеген,
Біріне-бірі қимай қайғы жеген.
Неше заһид әуеліне ауып кеткен,
Кімдерді бұзбас дейсің дүние деген.

Екі бала таласты сол сарайға,
Тыныштықпенен тұрмады қарап жайға.
«Үлкеннің жолы да үлкен, ол алсын», — деп,
Кішісі ынтымақпен тұру қайда?!

Сарай үшін екеуі кірді дауға,
Ұрыс, жанжал көбейіп болды қауға.
Қылыш сілтеп, өлтіріп тастаймыз деп,
Бірін-бірі алады омырауға.

Бұ дүние сұм талайды бүлдіретін,
Біреуге қасірет, біреуді күлдіретін.
Өзін-өзі берік қып ұстамаса,
Талайды қисық жолмен жүрдіретін.

Кірпіштен салған екен ол сарайды,
Ішінен өткізіпті бірталайды.
«Мен үшін екеуіңіз таласпа», — деп,
Сарайдың бір кірпіші зар жылайды.

Өзінің ретіне келмей тұрса,
Кірпіш түгіл, адамға кім қарайды?!
Һәркімнің өз көңіліне ұнаған соң,
Жұртқа қисық болса да бек жарайды.

Кірпіштен салған екен әуел баста,
Һәр түрлі өрнек нақыштап шапқан тасқа.
Екеуінің сарайға таласқаны,
Мәшһүр болып жайылды кәрі-жасқа.

Бір кірпіш сол сарайдан сөйледі анық,
Жансыз кірпіш сөйледі топты жарып.
Екеуінің жанжалы көбейген соң,
Ол сарайға жиылған қанша халық.
Жансыз кірпіш тіл шығып сөйлеген соң,
Жиылған жұрт тыңлады құлақ салып.
— Бұ жалған баяны жоқ жел секілді,
Уақыт жетсе болады бір күн талық.
Өлгенге дүние ергенін көрген бар ма?
Мен үшін дауласпаңдар мехнаттанып.

Мен жайымды сіздерге баяндайын,
Тілесеңдер, сөйлеуден аянбайын.
Дүниеге жайылған соң өлуің хақ,
Бұ дүние заһары көп шаяндайын.

Бұ дүние әуелінде болар басшы,
Ақырында заһары удан ащы.
Кірпіш деп тілімді алмай кетпесеңіз,
Дүниеден ат-тоныңды ала қашшы.

Тыңласаң, адамзаттай кеңесеміз,
Дүние десе құриды емешеміз.
Екі жиһан мақсұды табылады,
Нәпсің үшін уайым жемесеңіз.
Бастан кешкен сөйледім уақиғамды,
Не білер жансыз кірпіш демесеңіз.

Мен де әуелде сіздердей адам едім,
Көз салып һәр тарапқа қарап едім.
Ьешбіреуі ермеді өлген шақта,
Құбылам түзу дүниеге тамам едім.

Тірлігімде бай едім дәулетім көп,
Өлгенімше тоймадым дүниені жеп.
Баянсыз менім көрген дүние болса,
Сарай үшін жанжалды көрмеймін еп.

Дәулетті күтіп тұрмай болдым патша,
Пендеге не жолайды қарап жатса.
Ізденіп құтырады бұ күнгі адам,
Жалғанның ләззатының дәмін татса.

Үш жүз жетпіс жыл патша болып тұрдым,
Тірлігімде кемелге толып тұрдым.
Төңірім бақыт берген соң дүние-малға,
Қатын менен баланы молықтырдым.
Хал-қадар заманымда әділ болып,
Пақыр, міскін, нашарды қорып тұрдым.

Дүниенің ұстатпайтын қашағанмен,
Бұ жалғанға тоймайсың асағанмен.
Жаныңа бір тиындай пайдасы жоқ,
Мал жинап ұзақ ғұмыр жасағанмен.

Патша боп біраз жүрдім қызықпенен,
Жүре ме ұлық болса түзікпенен.
Өлген соң тарттым дәмін дүниенің,
Ғұмырды өткіздім мен бұзықпенен.

Үш жүз жетпіс жылдан соң жетті қаза,
Өлген соң болмады ғой жанда маза.
Дүниеде жандай көрген мал мен бала,
Көп мехнат солар үшін тарттым жаза.

Жанда рахат болмады өлгеннен соң,
Сіздерге айтып тұрмын көргеннен соң.

Дүние үшін, балаларым, жамандаспа,
Біріңе-бірің қиып бермеген соң.
Араңызға бір отты жақпай қалмас,
Бір қызығып дүниеге ергеннен соң.
Көз көргеннен сендерге айтып тұрмын,
Орнына қылған ісім келмеген соң.
Іс сонда мағлұм болып ашылды ғой,
Періште Мәңкір, Нүңкір тергеген соң.

Балалар, айтқан сөздің қадірін біл,
Тірлікте не демейді бұ қызыл тіл.
Сарайға таласқанды қойыңдар да,
Дүние жолдас болмайды, ғибадат қыл.
Жаным рахат көрген жоқ әлі күнге,
Сүйегім топырақ болып жатты жүз жыл.

Бір адам топырағымнан кірпіш соқты,
Өлген соң көрсетті ғой ойда жоқты.
Енді қайта тірілсем бұйрық болып,
Иттен қор қып ұстар ем дүние боқты.

Енді қайта жалғанға келу қайда,
Бірдей құрмет қылар ем жарлы-байға.
Жүз жылдан соң топырағымнан кірпіш соғып,
Ізбес қосып орнатты бір сарайға.
Топыраққа айналып жүз жыл жатып,
Ақырында сарай болдым қалмай жайға.
Қырық жылдан соң сарайдан сынып түстім,
Сынығымды боқтықпен төкті сайға.
Мал мен адам жолы екен төккен жері,
Басылып топырақ болып болдым майда.

Жүз отыз жыл топырақ боп тағы жаттым,
Мен осындай азаптың дәмін таттым.
Мал мен адам басқан соң қорлық көрдім,
Тірліктегі бірі жоқ салтанаттың.
Өлген соң бір тиындай пайдасы жоқ,
Мал жиып тірлігімде күнә таптым.

Жүз отыз жыл топырақ боп көрдім қорлық,
Дүниенің қанын тартып, майын сордық.
Бұ дүние һешбіреуге еріп бармас,
Балалар, бір-біріңе қылма зорлық.

Топыраққа ұрылдым болып балшық,
Дүние талайды алдар кәрі қаршық.
Жүз отыз жыл жатқан соң топырақ болып,
Бір адам кірпіш соқты тағы жаншып.

Ол сенің аталарың кірпіш соққан,
Пенденің көңілі қалмас дүние боқтан.
Ғапыл боп дүние үшін араздаспа,
Ажал жылдам жетеді атқан оқтан.
Амал қып өміріңді өткізіңдер,
Бұ дүние әлі-ақ өтер бар мен жоқтан.

Кірпіш қып бұ сарайға салды мені,
Тірі күнде адамның бар ма кемі.
Үш жүз жыл бұл сарайда мен тұрғалы,
Таласқан бұ уақытта көрдім сені.
Сарай үшін таласпа, екі бала,
Сендерге айтқан сөздің болса емі.

Үш жүз жыл сарай болдым тұқымыңа,
Жомартқа ұжмақ, тамұқ бар бахилға.
Сол маған ие болған атаң қайда,
Дүниенің сендер ерме сиқырына.
Дүниенің жетегіне ере берсең,
Жаһаннамның құлатар шұқырына.

Балалар, бұ сарайға таласпаңдар,
Бұрынғы татулықтан адаспаңдар.
Бір пәле бастарыңа салмай қоймас,
Дүниеге тіл алсаңдар жанаспаңдар.

Балалар, жанжалдаспа сарай үшін,
Бір күні қаза келсе құрыр мысың.

Бір тиын шыбын жанға пайдасы жоқ,
Сұм жалған талайлардың бұзған түсін.
Безерсің, сарай түгіл, мал мен бастан,
Қаза жетіп жаныңа келсе қысым.

Мендей боп бастарыңа бақыт қонса,
Мұқтажсыз бұ дүниеге көңлің толса,
Бір күні алдап жүріп жөнелтеді,
Кәдімгі менім көрген дүние болса.

Дүниеге ерсең бір жал байланарсың,
Тірлігіңде һәр істі хайлаларсың.
Бұйрықты сағатында жетсе қаза,
Қарамай алды-артыңа айдаларсың.
Тірлікте қылған ісің жаман болса,
Тиісті орыныңда жайланарсың.
Пәниден бақи жайға көшсең мендей,
Сендер де топыраққа айналарсың.

Дүниенің әуелі — бақ, ақыры — шоқ,
Жалғанға жолдас болар ақылы жоқ.
Түбінде бір аштыққа кез боларсың,
Қайғысыз осы күнде болсаң да тоқ.
Неше жыл сарай салып әлектенген
Атаңа да ермеген бұ дүние боқ.

Атаң да өтіп кеткен қапы болып,
Енді сендер қашыңдар запы болып.
Уақыт жетсе бір минут тоқтатпайды,
Арқаңда ажалың тұр тапы болып.

Атаңа да бұ сарай қалған ермей,
Өткенді жүр ме, балам, көзің көрмей.
Амал қылмай дүниеге алдандым деп,
Талай ерлер жөнелген еңірей-еңірей.
Осы күнде қарасаң бір нышан жоқ,
Бәрі де болып кеткен қара жердей.
Балалар, тілімді алсаң ғибадат қыл,
Жамандасып дүниенің боғын термей.

Өлшеулі уақытта келсе қаза,
Әкетер жалғыз минут кеңдік бермей.

Балалар, тамам болды менің сөзім,
Миға салып ойлаңдар артын өзің.
«Өлі тілін тірі алмас» деген сөз бар,
Осы айтқанның бәрін де көрді көзім.

Не айтты деп айып етпе жансыз кірпіш,
Насихат айта бермен саған үрдіс.
Жалғанның зұлматы көп адастырар,
Тірлікте адаспайтын жолға тартыс.

Бұ дүние ере берсең адастырар,
Інің түгіл, әкеңмен таластырар.
Үйретіп жетегіне алғаннан соң,
Ақырында Ібіліспенен жанастырар.
Тәубе қыл, жігіттікте ғапыл қалмай,
Азаптан амал сені халас қылар.

Тіл алсаң, таласпаңдар, балаларым,
Насихатты ұстарсың даналарың.
Неше жыл мехнаттанып сарай салған,
Бұрынғы өтіп кеткен бабаларың.
Шайтан жау азғыруға аңдып жүрген,
Дұшпанның қандырмаңдар табаларын.
Сен буылып Ібіліске бір ерген соң,
Айрыларға келе алмас шамаларың.

Азап анық, ғибадат қыла алмасаң,
Өлген менен ғибрат ал, біле алмасаң.
Әйтеуір, бұ дүниенің опасы жоқ,
Балалар, дауласа бер тіл алмасаң.

Тіл алмасаң, түбінде өкінерсің,
Өлген соң шықпастай боп бекінерсің.
Әгар өліп азаптың дәмін татсаң,
Айтқаны шын екен деп секірерсің.

Өзіңе жалған болса өлдім анық,
Бір-бірлеп барып жатыр туған халық.
Дүниенің әуесіне енген жанның,
Тәубесіз өліп кетсе, орны — тамұқ.

Өлген соң өкінсең де пайда бермес,
Қапы болып өткен өмірің қайта келмес.
Тіл алсаң, ақыретке амал жолдас,
Тырнақтап жиған малдан біреуі ермес.

Басыңда өлгеннен соң билік болмас,
Шыбын жан бір ұшқан соң қайта қонбас.
Дүниеде жандай көрген қатын-бала,
Болмайды өлген шақта бірі жолдас.

Мен тамам айтып болдым көргенімді,
Бек көремін дүниеге ергеніңді.
Мал мен бас, жиған мүлікті, қаза келсе,
Қалдырар мекен қылған жерлеріңді.

Қинайды қаза келсе шыбын жанды,
Артыңда қалдырады жиған малды.
Енді өздерің білесің, екі бала,
Мен көрген айтып болдым уақиғамды.

Бұ өлім ойран салған талай ерге,
Һешбір жан кірмей қалмас қара жерге.
Қалдырмай көргенімді тамамдадым,
Өз обалың өзіңе, менен көрме.

Балуан, талай өтті арыстандар,
Зейініменен дүниеге жарысқандар.
Бұ сөзімді ғибрат қып ойласаңдар,
Ақылға ие болған данышпандар.

Сөзімді, ақылы көптер, аңғарарсың,
Тірлікте тәубе қылып жалбарарсың.
Фаһимдап мұнан ғибрат ала алмасаң,
Ас ішіп, отын кесіп, мал бағарсың.

Бұ сөзден ақылы көптер ғибрат алар,
Мирас боп кейінгіге үлгі қалар.
Қиядан сөз көретін жүйрік адам,
Осындай мысал сөзге құлақ салар.

Осымен тамам болды кірпіш сөзі,
Ойласып ала берер hәркім өзі.
Өлім хақ туған жанның баршасына,
Күнә менен сауапты көрер көзі.

Аз сөзден ғибрат алар зейіні барлар,
Қауіп етіп, халалдық қылып Хаққа зарлар.
Алланың азабынан қорқып жаны,
Зарлайды неше мақлұқ, жануарлар.

Жақсының насихаты салған соқпақ,
Тірлікте ізгілікті тапсақ жоқтап.
Кірпіштің айтқан сөзі қабыл болып,
Дауласпай екі бала қалды тоқтап.

Әуелде екі бала көп дауласты,
Насихатпен екеуін кірпіш басты.
Алланың изніменен тілге келіп,
Жансыз кірпіш тоқтатты екі жасты.
Жансыз демей сөзінен ғибрат алып,
Екеуі ынсап етіп татуласты.

Тіл алып тоқтамаса оңбас еді,
Бақ пен дәулет басына қонбас еді.
Кірпіш түгіл, тірі адам зарлап тұрса,
Бұ заманның кісісі болмас еді.

Жазғушы үшбу сөзді Йа менен Зи,
Бұған қос үшінші Иа, төртінші Ди.
Ишарат бір әріппен көрсетсем де,
Өнерпаз фаһимдаса жетеді ми.
Ұнатса жазғанымды өнерпаздар,
Шаттанамын көргендей құрмет пен сый.

Таммат.

قصه تاج بحت خورشهراه قز

Қисса Тәжбақыт—Хоршаһра қыз

Бисмилла деп қаламды алдым қолға,
Өзің сал біз ғаріпті тура жолға.
Жаратқан құдіретімен қанша ғалам,
Сиынбай пендесі де келмес жөнге.

Көңіліме келген сөзді аянбайын,
Өнерге Тәңірім берген кеудем дайын.
Жамағат, құлақ салып тыңласаңыз,
Сөйлейін Хоршаһра қыздың жайын.

Бір патша Жаһанабад болған екен,
Мүкәммал дүниелік толған екен.
Өнерпаз үш баланы Құдай беріп,
Қолына дәулет құсы қонған екен.

Ол патша өзі дана, ақылы кең,
Өзіндей бір патшадан болмайды кем.
Құдайдан үш баланы алған тілеп,
Өлсем малым біреуге болар деп жем.

Падиша сонымен дәурен сүрді,
Барынша ғұмырының қызық көрді.
Аң аулап сейіл құрар шаһзадалар,
Патшаның балаларға көңілі толды.

Үлкені баласының Сағит атты,
Ортаншы — аты Сәбит асылзатты.
Кенжесі Тәжбақыт деп қойған атын,
Өзі дана, сөздері балдан тәтті.

Жетіпті шаһзадалар кәміл жасқа,
Құдайым, берме қайғы ғаріп басқа.
Падиша науқас болып жатып алды,
Көңілі һеш соқпайды ішер асқа.

Науқасы күннен-күнге қатты болды,
Ғаріп жан науқас батып тәтті болды.
Науқас хали жанына батқаннан соң,
Шақырды балаларым келсін деді.

Шақырған соң келіпті балалары,
Бәрі де ақылы кәміл даналары.
Өсиет сөз тыңлатып балаларға,
Былайша жауап қылды бабалары.

— Құлақ сал, балаларым, айтқан сөзім,
Дүниеден аударылды менің жүзім.
Анадан туғаннан соң өлмегің хақ,
Дүниеден кететұрған болды кезім.

Жақсы бол, жаман болма, балаларым,
Бірлік қылсаң бұзылмас қалаларың.
Бірлік қыл, тілімді алып, шырақтарым,
Ашылмас ынтымақпен араларың.

Орныма патша болсын Сағит, — деді,
Уәзір бол сен ағаңа Сәбит, — деді.
Бау-шарбақ Тәжбақытқа болсын, — деді,
Осыған көніңіздер жә деп, — деді.

Тәжбақыт жасы кіші, ақылы мол-ды,
Білетін жас та болса оң мен солды.
Қисап жоқ бау-шарбақта дүние-малға,
Тәжбақыт оны көріп көңлі толды.

Бау-шарбақ «бағ нәғим» болар аты,
Падиша шынжыр балақ асылзатты.
— Артымнан мен өлген соң оқыңдар, — деп,
Мөһірлі балаларға берді хатты.

— Қағазға көз салыңдар, балам, — деді,
Болмаңдар дүние үшін алаң, — деді.
Өсиет үшбу айтқан сөзім сізге,
Амал қыл сол қағазбен тамам, — деді.

Қабыл көр, балаларым, менің сөзім,
Жасартып қайғыменен екі көзін.
Ғаріп пенен пақырға мархабат қыл,
Өтетін дүниеден келді кезім.

— Ей, ата, сөзің қабыл көрдік, — деді,
Ақылға сіздің айтқан көндік, — деді.
Біріміз патша, біріміз уәзір болсақ,
Тәжбақытқа бау-шарбақты бердік, — деді.

Падиша оны естіп қуанады,
Балалары сонымменен жұбанады.
Әзірейіл салды қармақ шыбын жанға,
Дүниеден ақыретке жөнеледі.

Дүниеден патша сонда кетті өтіп,
Құданың бұйрығымен тағдыр жетіп.
Жалғаннан кімдер өлмей қалар дейсің,
Ризық таусылған соң дәмі бітіп.

Дүниеден патша өтіп кетті енді,
Бұйрықпен ажал қуып жетті енді.
«Соңымнан мұны ашып оқыңдар», — деп,
Қағазға бәрін жазып кетті енді.

Қағаз тастап кетеді мөрін басып,
Падиша өлемін деп көңілі жасып.
«Атамыздың қағазын көрейік», — деп,
Бір күні басын қосты ақылдасып.

Қағазды балалары ашып көрді,
Асылзат атасының ақылы мол-ды.
Өсиетін атасының қабыл көрмей,
Сағит патша Сәбитпен көңлі солды.

Қағазында атасы: — Балам, — дейді,
Мен енді ақыретке барам, — дейді.
Жетім менен жесірді жылатпаңыз,
Жылатып алған малың харам, — дейді.

Үш нәрсе мұсылманға парыз, — дейді,
Бұл сөзім сізге айтқан арыз, — дейді.
Ақыретпен ісі жоқ надандарың
Тар лахатқа түскенше мал іздейді.

Сөзімді менің айтқан тастамаңдар,
Және де [жамандыққа] бастамаңдар.
Елде біреу бұзушы залым болса,
Мал үшін оның сөзін қоштамаңдар.

Екінші — сабырлықты әдет әйла,
Балалар, тілімді алсаң, осы[ны] ойла.
Жаным ашып айтамын өсиет қылып,
Бұл сөзім сізге айтқан үлкен пайда.

Үшінші — кісі хақын алмаңыздар,
Қызығып харамға көз салмаңыздар.
Өлген соң ақыретте пұшайман боп,
Жаһаннам ортасында қалмаңыздар.

Патша Сағит бұл сөзді жөн көрмейді,
Айтпаса да бұл сөзді кім білмейді.
Құданың ақылсыз қып жаратқаны,
Атасының айтқанын ем көрмейді.

— Ойлап ем бір патша қызын ал, дейді деп,
Әр жерге асыл орын сал, дейді деп.
Жас уағында жаныңды тәрбиеле,
Қартайған соң боласың шал, дейді деп.

Айтпаса да білуші ем мұның бәрін,
Бұл сөзді қалай жазды, жарандарым.
Атасының айтқанын жөн көрмейді,
Түбінде тартпай қалмас мұның зарын.

Ортаншы Сәбит айтты: — Мен ойлап ем,
Бір жерде көмген малым бар, дейді деп.
Өлер халде сендерге айта алмадым,
Ажалдың жері жақын, тар, дейді деп.

Бұл сөзін жазды бізге атам несін,
Байғұстың тірі күнде алған ба есін.
Білмесек патша болып тұрамыз ба,
Өтетін дүниенің ерте-кешін.

Сәбит күлді бұл сөзді мақұл демей,
Атамның бұл айтқаны ақыл демей.
— Патша болып тақытқа мінгеннен соң,
Кісі жүрмес кісінің хақын жемей.

Кішісі айтты: — Құлақ сал, ей, ағалар,
Әділ болып жол құрсаң жұрт сағалар.
Атаның сөзін тұтпай жаман болсаң,
Дұшпан боп көрінген жан, жұрт табалар.

Атаның бізге пайда бұл сөзі айтқан
Өлген соң пенде бар ма кейін қайтқан.
Ұжмақта болсын орны атамыздың,
Мұсылманға әділдік жөнін таратқан.

Үлкені теріс, кішісі оң көреді,
Теріс көрген қызықты соң көреді.
Тәжбақыт ата сөзін асылдаған,
Түбінде бақ пен тақты меңгереді.

Тәжбақыт дұға қылды атасына,
Ағасының бұл айтқан қатасына.
Атамның бұл айтқаны керек сөз деп,
Қағазын салып алды қалтасына.

Осымен шаһзадалар тұра тұрсын,
Көңілін әр тарапқа бұра тұрсын.
Үндістанның сөз айтам патшасынан,
Жамағат, қандырамын құлақ құрышын.

Хат жазып: үш мырзаны келсін, — депті,
Атасымен достығым білсін, — депті.
Қонақ боп көңіл ашып жатып кетсін,
Азғана сый-құрметім көрсін, — депті.

Құдайым бақ берген соң жастарына,
Кигені алтыннан тәж бастарына.
Жөнелді шақырған соң ата досты,
Ертіп қанша әскер қастарына.

Бәрінен Тәжбақыттың ақылы артық,
Сараңдықпен қалмайды қолын тартып.
Үндістан шаһарына келді бұлар,
Салтанатпен келеді шеру тартып.

Алдарынан шығарды патша кісі,
Не қылса да келеді бардың күші.
Біреу бай, біреу жарлы, біреу төмен,
Бәрін де сол жаратқан Хақтың ісі.

Үшеуі патшаменен амандасты,
Жөн сұрап бастан-аяқ тамамдасты.
Патшасы Жаһанабад келіпті деп,
Халқы ол шаһардың хабарласты.

Сағит мінді патшамен бірге таққа,
Төңірінің кім таласар берген баққа.
Бұл қиссамды бар шығар естімеген,
Ақырын бір тақайын тиянаққа.

Патшада неше күндей көрді қызық,
Қызығын қисса қылдым хатқа сызып.
Ақылы Тәжбақыттың екі есе артық,
Бұл екеуін кетіпті шайтан бұзып.

Үшеуі қонақ болды салтанатты,
Мейман боп бұл патша[да] көп күн жатты.
Қандай патша болсаң да бір өлерсің,
Болмаңыз дүние үшін жаманатты.

Патша бір күн оларға айтты сөзін:
— Мен шақырып, қонаққа келдің өзің.
Атқа мініп сайранға шығыңыздар,
Патшалық бау-шарбағым көрсін көзің.

Патшалық салтанатым көр, — деп айтты,
Сөзіме менің айтқан көн, — деп айтты.
Бар нәрсемді сендерден аямаймын,
Ойға алған нәрсеңді алып кет, — деп айтты.

Мырзалар бау-шарбақты аралайды,
Мұқтаж боп дүние-малға қарамайды.
Сайран қып бау-шарбақты кезіп жүрді,
Һешбір нәрсе алуға жарамайды.

Ағып жатқан бақшаның бұлақтары,
Ат асайтын һәр түрлі құрақтары.
Бақшадағы бұлбұлдың назымындай,
Бір дауысты есітті құлақтары.

Қайран боп бұл дауысқа тұрды бағып,
«Мұндай ғажап бір жерге келдік нағып.
Патша болып тақытта отыр едік,
Әкелді ме, апырым-ай, Тәңірім қағып».

Сағит патша адасты ақылынан,
Ақыл сұрар адасып жақынынан:
«Жаһанабад шаһарында патша едім,
Кем болдым ба мүсәпір, пақырынан».

Жігіттің не болмайды ақылсызы,
Адамның Аллаға аян басқан ізі.
Неше жылдай зарығып тілеп алған
Хоршаһра — патшаның жалғыз қызы.

Қасына қырық қыз нөкер алған екен,
Байлықпен бақшаға орын салған екен.
Ән салған сол қыздардың дауысымен
Сағит патша қайран боп қалған екен.

Пендеге не қылса да Құдай күші,
Құдай салса кім көрмес мұндай істі.
Сағит патша жан-жаққа қарап тұрса,
Шынар ағаш басына көзі түсті.

Сағит келді шығам деп сол ағашқа,
Көңілі інісінен болды басқа.
Биік жерден қарайын көзім салып,
Балалық қылмайтын келдім жасқа.

Шынар ағаш басына шықты барып,
Һәр түрлі тамашаға қайран қалып.
Биік жерге шыққан соң Сағит патша,
Жан-жағына қарайды көзін салып.

Жарандар, падишаның есіт сөзін,
Тамаша қып көп қызға салды көзін.
Ішінде Хоршаһра көзге түсіп,
Дәл өлімге байлайды сонда өзін.

Құс ішінде аққудай,
Жан-жағына қыз қаранды.
Нәзік белі бұралып,
Тоты құстай таранды.
Екі көзі жалтылдап,
Наркескен асыл қанжардай
Ішті жарып барады.

Қыз бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жарқырап,
Патшаның алтын туындай.
Сөйлеген сөзі асыл-ды,
Ақ зәмзәмнің суындай.
Аузынан шыққан лебізі
Сары алтынның буындай.

Құралайын секілді
Екі көздің қарасы.

Тізікте меруерт секілді
Отыз тістің қаласы.
Сымға тартқан күмістей
Он саусақтың саласы.
Сондай-ақ боп туар да
Мұсылманның баласы.
Бақшада жүрген бір қызға
Патшаны әкеп көрсеткен
Құдіретіне қарашы.

Сағит патша бұл қызға болды ғашық,
Қапа болып түсті ғой қадам басып.
Тақта отырған патшаның баласына
Кету қиын болды ғой еліне асып.

Желігіп патша келіп шықты ағашқа,
Түсті ғой мұндай мүшкіл ғаріп басқа.
Ақылынан адасып сонда Сағит,
Қайран болып отырды келіп тасқа.

Сонымен [ол] келді үйге қайтып,
Ғашық болып келді көңіл байытып.
Сағит патша ауру боп жатып алды,
Ішінде қыз күйігі қайғы тартып.

Сәбит уәзір сұрайды нағылды деп,
— Қайтайық, бізді халық сағынды, — деп.
Қонақ болып бұл елге келіп едік,
Не атақ бойымызға тағылды, — деп.

— Айтайын бұл сырымды енді саған,
Күн өтті сол бақшада қатты маған.
Ауру мұнан басқа бойымда жоқ, — [деп],
Жасырып ішкі сырын айтпас тамам.

Уәзір ойлар жалған деп мұның сөзі,
Шынар ағаш басына шықты өзі.
Жан-жаққа мойын бұрып қарағанда,
Шуылдаған дауысқа түсті көзі.

Бұл да келді шығам деп сол ағашқа,
Не келсе де көрем деп ғаріп басқа.
Бұ да көріп хан қызын ғашық болды,
Осындай түсті қайғы жігіт жасқа.

— Келмесем жолықпас ем мұндай дертке,
Өзімді-өзім салдым жанған өртке.
Құдай-а, бұл пәледен құтқара көр, — деп,
Мінәжат қып жылайды Құдіретке.

Сағит патша қасына бұ да жатты,
Бұлардың ғашықтығы болды қатты.
Тәжбақыт екеуінен ақылы мол,
Еш нәрсе ойына алып қозғалмапты.

Сонда да сабыр қылып жата алмады,
Бұл жерде жанға айтуға бата алмады.
Болған соң қыз атасы үлкен патша,
Бұл сөзді оған батып айта алмады.

Үшеуі тағы келді басын қосып,
Келетін Хоршаһра жолын тосып.
Шынар ағаш басына шығамын деп,
Сағит патша жөнелді жоғары ұшып.

Өрмелеп ол ағашқа тағы шықты,
Ғашығы Хоршаһраның жерге тықты.
Бірі уәзір, бірі патша болса дағы,
Ұстаған Тәжбақыттың ісі мықты.

Салды ғой ғашықтықты мұндай ерге,
Қарайды жоғарыдан әрбір жерге.
Ңеш нәрсе бұрынғыдай көрінбейді,
Сырғанап қайта түсті Сағит жерге.

Сағиттан соң ағашқа Сәбит шықты,
Екеуін Хақ Тағала былай қыпты.
Патшаның балаларын бұлай қылған,
Алланың не қылса да өзіне еп-ті.

Тәжбақытқа айтты: — Шық ағаштың басына, — деп,
Шықпай кетпе, келген соң қасына, — деп.
Шығар болсаң, кешікпей тезінен шық,
Көңлің соқпай отыр ғой несіне, — деп.

— Біз патшаның баласымыз салтанатты,
Патша қызын көргеннің көңлі тәтті.
Балаша ағаш басына шығамыз деп,
Көрген жанға болмайық жаманатты.

Неге шықтың ағашқа рұқсатсыз,
Тұбінде пәле болар бізге осы қыз.
Тәжбақыт ақыл қылып айтса дағы,
Бұл сөзіне түспейді екі ақылсыз.

Мен бармаймын біреудің бақшасына,
Тыңламайды ағасы қақсаса да.
Тәжбақыттан көрмейді ағалары,
Тайып кетіп аяғы ақсаса да.

Бұл қызға екі ағасы бірдей ғашық,
Қызды тастап кете алмас еліне асып.
Үшеуінің бұлайша сөйлескенін
Хоршаһра есітіпті хабарласып:

«Бұлар не деп сөйлейді шуылдасып,
Көзіне көрінгенге болып ғашық.
Сағит, Сәбит екеуін арыз қылып,
Атама өлтіртейін дарға асып».
Ұнатты Тәжбақыттың айтқан сөзін,
Сыртынан қыз ғашық боп салды көзін:

«Патшалыққа лайық бұл емес пе,
Патша болған ағасы құл емес пе?!
Үшеуін бір базарға парлап салса,
Екеуінен үш есе бұл емес пе?!»

Қыз ғашық боп көзінен ақты қаны,
Бұрынғыдай болмайды енді сәні.

Осыменен Хоршаһра тұра тұрсын,
Сағит ханнан сөйлейін біраз мәні.

Сонда үшеуі келеді кешке қайтып,
Бұл сырды білдірмей кісіге айтып.
Сағит, Сәбит екеуі бірдей ғашық,
Ғашықтықпен жатады қайғы тартып.

Тәжбақыт мынау іске жетті көзі,
Бұлардың қонақ болып келген кезі.
Ғашығын ағасының білгеннен соң,
Не қыларын білмейді өзін-өзі.

Үндістан патшасының ісі мықты,
Аң аулауға бұларды алып шықты.
Шаһзадалар шығады деп естіген соң,
Көремін деп хан қызы о да ынтықты.

Сағит, Сәбит шығады әуел бастан,
Патша болып бұзылды болмашыдан.
— Айырып әрқайсысын танып бер, — деп,
Хоршаһра сұрайды жолдасынан.

— Үлкені анау Сағит тақта отырған,
Сәбит уәзір оң қол жақта отырған.
Тәжбақыт ең кіші[сі] солындағы,
Жұлдызы не қылса да бақта отырған.

Хоршаһра Тәжбақытты тұрды бағып,
Ғашықтықтан көзінен жасы ағып.
Осындай асыл туған шаһзаданы
Патша қылып қоймайды екен елі нағып?!

Ғашық болып қыз қалды қарай-қарай,
Хан қызын ғашық қылған Хақ Тағала-ай.
Сағит, Сәбит патша боп жүрсе дағы,
Түбінде не болары екіталай.

Сағит хабар сол қыздан алған екен,
Дертіне ғашықтықтың қанған екен.
Тәжбақыттың атынан қағаз жазып,
Алтын құты ішіне салған екен.

Барады ғашық оты ішін жарып,
Жібереді Хоршаһраға қағаз салып.
Бір қыздан он алтын беріп жіберіп еді,
Хоршаһраның қолына тиді барып.

Қағазды оқып көрді құтыны ашып,
Тәжбақыт деп жазыпты мөһір басып.
Ғашығының қағазын оқыған соң,
Жақындық сөз айтады ыңғайласып.

Қыз дағы «Тәжбақыт» деп қағаз жазды,
«Патшаның балалары өнерпаз-ды,
Көзіме, Тәжбақыт, көрінбесең,
Өткізем қайғыменен қыс пен жазды».

Қағаз жазды осылай «Тәжбақыт» деп,
«Мен саған жақындықты көремін еп,
Мен саған бір көргенде болдым ғашық!»
Барлық зарын жазыпты осылай деп.

«Жіберген сәлем айтып келді сөзің,
Ғашықтық қасіретіне түскен кезім.
Болғанда түн жарымы бақшаға кеп,
Ғашық жар[ым], көрсетіп кет маған жүзің».

Мұны жазып құтыға қыз да салды,
Тәжбақытты сағынып ойға қалды.
Елшілікке жүретін бір қызы бар,
Тура Сағит патшаға алып барды.

Хатты оқып патша Сағит шаттанады,
Бұл сөзім түбінде бір жатталады.
Түн жарымы болғанша шыдамайды,
Қас қарайып іңірде аттанады.

Келеді қадам басып айтқан жерге,
Қызды тастап кете алмас қайтып елге.
Келеді жарқ-жұрқ етіп бау-шарбақты,
Алтын қылыш әсеммен тағып белге.

Қуанып түнде келді қадам басып,
Ғашықтықтан келеді көңлі тасып.
Үстінде падишалық киімі жоқ,
Айтысқан жерге келді сөз байласып.

Түн ортасы болғанша тұрды бағып,
Патшалықтан келген жоқ белгі тағып.
«Келемін деп хат жазған патша қызы,
Кешігіп келмеді ғой, жатыр нағып?!»

Жалғыз келіп тұрыпты Сағит батыр,
Белде қылыш, ұстаған қолда шатыр.
Хоршаһраның нөкері аңдып жүрген,
Жалғыз тұрған Сағитқа келе жатыр.

Келіп қыздар Сағитпен амандасты,
Амандасып сөздерін тамамдасты.
Хоршаһраның мұнымыз құрметі деп,
Табақпенен үстіне гауһар шашты.

Тәжбақыт деп Сағитты қайтты алып,
Патша екенін білмейді қыздар танып.
Шуылдасып көп қыздар келе жатыр,
Һәрқайсысы һәр түрлі әнге салып.

Хоршаһра амандасты келіп жуық,
Тану үшін сөйлейді сөзді қуып.
Тәжбақыт емесін білген соң,
Қыздың қалды жаман боп іші суып.

Сағит жақын келеді қызға таман,
Бір-бірін көрісті есен-аман.
Қыз да танып Сағитты, жоламайды,
Қапа болып көңілі болды жаман.

Қыз Сағитты көрген [соң] алыстайды,
Қағаздағы айтқаны болыспайды.
Ғашық болып сыртынан жүрсе дағы,
Бір-біріне жақындап барыспайды.

Сағит патша һәр ойды көп ойлайды,
Баяғы келмеді ауратым деп ойлайды.
Қара қазақ болғаным ар екен деп,
Патшамын деп айтуды еп ойлайды.

— Тәжбақыт боп мен саған жазып ем хат,
Патша десем бола ма деп бір сөзге мат.
Қағазымды құп алып шақырған соң,
Болып еді сонан соң көңілім шат.

Ақырында көрсеттің мұндай істі,
Көңліңе Тәжбақыт деп қайғы түсті.
Танымасаң, мен патша Сағитпын, — деп,
Осылай деп Хоршаһраның мойнын құшты.

Қыз сонда жолдастарын алдырады,
Ұрып-ұрып Сағитты талдырады.
Сүйреттіріп шығартты падишаны,
Сөйтіп көңлін байғұстың қалдырады.

Бақшасынан шығарды иттей теуіп,
Әрең жетті үйіне ерні кеуіп.
Ақылсыз қып Құдайдың жаратқаны,
Патша болып жүрсе де жұртты жиып.

Қорлық көріп адасты ақылынан,
Жалғыз шығып ағайын, жақынынан.
Жаһанабад елінде патша еді,
Кем болып жүр мүсәпір, пақырынан.

Сандалып әрең жетті жатқан үйге,
Сағитты Тәңірім салды мұндай күйге.
Екі көңіл бір жерден шықпаған соң,
Аяғыңнан біреуге өзің тиме.

Сағиттың тұра тұрсын бұл кеңесі,
Патшаның жас баладай болмады есі.
Сәбиттен біраз ғана сөз сөйлейін,
Болмайды игіліктің ерте-кеші.

Сәбит жүр ғашықтықтың тартып зарын,
Патша қызы қор қылды мұның бәрін.
Шаһзададан бір-бірлеп сөз айтайын,
Бұл сөзімді құп тыңла баршаларың.

Хоршаһраның бар еді нөкер қызы,
Жолығуға Сәбиттің келді соған өзі.
Падишаның баласы ғашықтықтан
Сарғайып қайғы-қасірет тартқан кезі.

Қызға келіп жүз ділдәні «алшы» деді,
— Сөзіме менің құлақ салшы, — деді.
Тәжбақыт сізге берген қағазы деп,
Апарып қыз алдына салшы, — деді.

Қағаз бен жүз ділдәні алды дейді,
Қуанып Сәбит сонда қалды дейді.
«Тәжбақыт сізге қағаз жіберді», — деп,
Жүгіріп қыз қасына барды дейді.

Қыз сонда бұл қағазды алды қолға,
Артын ойлап қарайды оң мен солға.
Қанша хайла құрса да Сағит, Сәбит,
Істері екеуінің келмес жөнге.

Қағазды оқып көзінен төкті жасын,
Тәжбақыт деп жастыққа қойды басын.
Жүз ділдәға қызығып басын сатып,
Қарашы нөкер қыздың қылған ісін.

Қағазды Тәжбақыт деп қыз да жазды,
Сағит, Сәбит екеуі жолдан азды.
Соған шейін аузынан сөз шықпаған,
Тәжбақыттай көрмессің өнерпазды.

Қыз жазды: — Сен де ғашық, мен де ғашық,
Көретұрған күн бар ма дидарласып.
Қолыңа бұл қағазым аман тисе,
Бақша ағаштан бір жолық хабарласып.

Нөкер қыз бұл қағазды қолына алды,
Оны дағы теріс жолға Тәңірім салды.
Ақысына жүз ділдә алғаннан соң,
Тура Сәбит уәзірге алып барды.

Сәбит көріп қағазды ашқан екен,
Қуанғаннан бауырына басқан екен.
Хоршаһраның хабарын естіген соң,
Алтын-күміс аямай шашқан екен.

Сәбит уәзір қамданып киінеді,
Елші қыздың ісіне сүйінеді.
Ағасы Сағит патша таяқ жеген,
О дағы жатқан жерде күйінеді.

Сөз байласқан ағашқа келді жетіп,
Хоршаһраның барады қадірі өтіп.
Қасына қырық нөкерін ертіп алып,
Түн ортасы болғанда қыз келді жетіп.

Тәжбақыт деп Сәбитпен амандасты,
Ғашық болған қоспай жүр екі жасты.
Қасындағы қыздары алып келіп,
Алтын табақ үстіне гауһар шашты.

Үйіне ертіп келді күйеудей-ақ,
Тәжбақыт ағасынан көңілі ақ.
«Ақ пейіл ат арымас» деген сөз бар,
Түбінде оған орнар бақ пенен тақ.

Сәбит уәзір бұл іске қайран қалды,
Ғашық оты сандалтып естен танды.
Хоршаһра орнынан тұра келіп,
«Тәжбақыт» деп мойнына қолын салды.

Сәбит қызға ғашық қой, жақындайды,
Өз ісін өздері мақұлдайды.
Сабырсыздық шайтанға жарасады,
Патша қызын «тез бол» деп тақымдайды.

Ғашықтықпен елінен бұлар безді,
Патша қызын алам деп дүние кезді.
Бір ауыз сөзге келмей бүйтеді деп,
Бұл Тәжбақыт емес деп тағы сезді.

Қыз шегініп кетеді кейін қайтып,
Сәбит тұр ойдағы бар сөзін айтып.
Аламын деп ғашық боп келсе дағы,
Рахат көре алмайды бір күн жатып.

Сонда Сәбит һәр ойды көп ойлайды,
Ісім жөнге келмеді деп ойлайды.
Тәжбақыт деп ұрлыққа кіргенімше,
Сәбит уәзірмін деуді еп ойлайды.

— Хоршаһра, өзге қыздан артық затың,
Әуелден патша еді жұрағатым.
Тәжбақыттың атына[н] жазсам дағы,
Сәбит уәзір болады менің атым.

Қыз естіп бұл сөзді ашуланды,
Сәбит уәзір мұны көріп естен танды.
Сағитқа қылғанды бұған да қыл деп,
Шақырып жендеттерін айғай салды.

Бақшадан шығарыпты ұрып-ұрып,
Артына қаратпапты мойнын бұрып.
Қыздардан таяқ жеген Сәбит уәзір
Үйіне барып жетті зорға жүріп.

Хоршаһра ашуланды елші қызға:
— Сен неге мұндай қылдың татқан тұзға?
Ұстаттырып зынданға салдырады,
Үйретпесе болмайды ақылсызға.

Хоршаһра Тәжбақытқа қағаз жазған:
— Екі ағаң бұлайша боп жолдан азған,
Мен саған ынтызармын, ғашық жарым,
Өзіңдей үмітім бар өнерпаздан.

Бұл қағазды алыпты және бір қыз,
Қағазбенен сөйлесті жаз бенен күз.
Сағит, Сәбит екеуі патша еді,
Осы қыздың жөнінен болды ақылсыз.

Сонда қыз қағазды алып барған екен,
Тәжбақыттың алдына салған екен.
Ғашығының қағазын көргеннен соң,
О дағы бек шаттанып қалған екен.

Қағазында жазыпты: — Тәжбақыт, — деп,
Сеніменен жүруді көремін еп.
Неше күннен көзіме көрінесің,
Ғашықтықтың мен жүрмін қайғысын жеп.

Бақша ағаштың қасынан табыс, — деді,
Бір тілдеспей кетуің намыс, — деді.
Сағит, Сәбит екеуі ғашық болып,
Арамызды қылып жүр алыс, — деді.

Тәжбақыт қағаз жазды: — Көңілім сенде,
Сен үшін болып жүрмін мен шерменде.
«Сабыр түбі — сары алтын» деген сөз бар,
Ғашықтықтан қор болған тірі пенде.

Хоршаһра, тілімді алсаң сабыр әйла,
Сабыр қылған һәр нәрсе жанға пайда.
Асыққан ер мұратқа жете алмайды,
Бұрынғы өткен ғашық кетті қайда?!

Тәжбақыттың қағазын кетті алып,
Хоршаһраға көрсетті алып барып.
Ғашығының қағазын көргеннен соң,
Ғашықтықпен жылайды күйіп-жанып.

Тәжбақыт уағда еткен келді жерге,
Мұны тастап кетуі қиын елге.
Тәжбақыт ақылменен іс қылады,
Сағит, Сәбит істері келмес жөнге.

Ақырын түнде келді бақша ағашқа,
Ақыл табар келді ғой кәміл жасқа.
Түн ортасы болғанша тұрды тосып,
Іздеген жұмысы жоқ қыздан басқа.

Қыз да келіп бір мезгілде амандасты,
Көзінен ғашықтықпен төкті жасты.
Тағдырда жазбаған соң амал бар ма,
Аламын деп Сағит, Сәбит қылды қасты.

Қайғыдан құтылды екі ғашық,
Ағасынан алып тұр ақылы асып.
Тағдырда бұған Алла жазған екен,
Екеуі жатып қалды құшақтасып.

Қосылып екі ғашық сөз байласты,
Бір-біріне жақындасып ыңғайласты.
Таңертең Тәжбақытпен амандасып,
Басынан алтын табақ гауһар шашты.

Хоршаһра — тілеп алған жалғыз бала,
Зарыққанда беріпті Хақ Тағала.
Іздеген мұратына жаңа жетті,
Болып еді неше күн көңілі ала.

Тәжбақыт сонымен қайтты үйге,
Түсті ғой екі ағасы түрлі күйге.
Қыз өзіне тимесін білгеннен соң,
Өзің барып пәлеге тидің неге.

Сағит патша бір ойды ойлайды енді,
Тек кетуді еп бойға көрмейді енді.
Патшадан Хоршаһраны сұрайын деп,
Ойланып бір ақылды жөндейді енді.

Сағит келді патшаға сәлем беріп:
— Тақсыр, мені күйеу қыл, қызың беріп,
Мен сізге жағамын деп мақтанбаймын,
Өзің де патшалығым жүрсің көріп.

— Қызымның кімге тисе, еркі өзінде,
Сағит патша, қата жоқ бұл сөзімде.
Ата орнын ұстаған шаһзадалар,
Сендерді жаман демен бұл кезімде.

Өңгеден, Сағит, сені көрем жақын,
Атаңдай боп мен саған айтам ақыл.
Жалғыз қызым өзіне таңдау бердім,
Жылатып не болады алған хақым.

Сағит мұны есітіп кетті қайтып,
Патшаға ойдағы бар сөзін айтып.
Артынан Сәбит келді ол да сұрай,
Патшаның балалары кетті ұлғайып.

— Тақсыр, сізді көруші ек атамыздай,
Теріс болса кешіңіз қатамызды-ай.
Күйеу ғып, тақсыр, бізге қызыңды бер,
Егер жөні келмесе — жазамызды-ай.

— Хоршаһра — жалғыз балам тілеп алған,
Өзіне кімді сүйсе де ерік салғам.
«Болсын ердің малы алам» деген сөз бар,
Нәрсені [не] қыламын оннан қалған.

Мен сені, Сәбит уәзір, жек көрмеймін,
Хоршаһраны беруге көп көрмеймін.
Зарыққанда көргенім жалғыз бала,
Жылатып беруімді еп көрмеймін.

Мұны естіп шығып кетті Сәбит қайтып,
Патшаға ойдағы бар сөзін айтып.
Сағит, Сәбит екеуі бірдей ғашық,
Қасіретімен жатады қайғы тартып.

Патшаға барып жүр деп ағаларын,
Тәжбақыт та біліп жүр мұның бәрін.
Айтайын мен де барып маған бер деп,
Өз-өзімнен айтайын қайғы-зарым.

Тәжбақыт падишаға о да келді,
Қол қусырып алдына сәлем берді.
— Патшаның еркелеткен кенжесімін,
Сізге арыз, қош көрсең айта келдім.

Кенжем деп атам мені еркелеткен,
Һәр тарапқа жасымнан атым кеткен.
Күйеу қылып маған бер Хоршаһраны,
Бұл жырым қызыңа және жеткен.

— Таңдауды бердім қызым бір өзіне,
Тәжбақыт, жалғаны жоқ бұл сөзімде.
Қызымның кімге тисе, өзі білер,
Екі айтып сөйлемеймін бұл кезімде.

Патша ойды сол жерде көп ойлайды,
Бұларға қыз бермеуді еп ойлайды.
Үшеуі бірдей сұрап талас қылған,
Бұлар ақымақ екен ғой деп ойлайды.

Падиша неше күндей салды миға:
«Бұларды шақырып ем әуел сыйға.
Бірі айтпай, үшеуі бірдей айтып,
Кез болдым осындай бір ақылсызға».

Патшаның ойлап тапқан бұл хайласы,
Һәркімнің ойлағаны — өз пайдасы.
Бір патшаның мүлкіндей бағасы бар,
Тылсымды патшаның бар бір айнасы.

Әкелсең берем деп сондай айна,
Бұларға осындай бір тапты хайла.
Тапқаныңа берейін қызымды деп,
Иншалла, осы ақылым болар пайда.

Шақыртып патша үшеуін алдырады,
Алдына айнаны әкеп салдырады.
«Берейін осындай бір айна тапсаң» — деп,
Бұлардың сөйтіп көңлін қалдырады.

Бірің айтсаң, мен де ойлап көрер едім,
Айтқаныңның сөзіне ерер едім.
Үшеуің қабаттаспай, бірің айтсаң,
Бұйрық болса Құдайдан берер едім.

Бұл хабар Хоршаһраға жетті барып,
Патша жүр жалғыз қызын көңліне алып.
Атасының айтқанын естіген соң,
Ғашығым деп жылайды қайғыланып.

Бұл сөзді шаһзадалар көрді мақұл,
— Падиша, бұл айтқаның бізге ақыл,
Алайық өнері асып алғанымыз,
Көрсек те құр көңілмен қызды жақын.

Падиша сөз байласты қолын беріп:
— Қонақ бол деп шақырдым ішім еріп.
Бұйрық болса, беремін тапқаныңа,
Тылсымды сол айнаны алсаң келіп.

Әлде болса ерік бер біреуіңе,
Екеуің жүр біреуіңнің тілеуіңде.
Қонақ бол деп шақырған шаһзадалар,
Ренжимін сіздердің жүдеуіңе.

Бұл сөздің басы әуелі әзіл еді,
Бірі патша, біреуі уәзір еді.
Бұл қыздың жөні маған келеді деп,
Таласуға үшеуі әзір еді.

Қайтты еліне патшамен амандасып,
Уағда қылып сөздерін тамамдасып.
Сағит, Сәбит екеуі қор боп қайтты,
Барам деп қызға түнде жамандасып.

Құдайым, һәр пендені өзің оңда,
Көп қызық көріп қайтты осы жолда.
Хоршаһрадан айтайын біраз кеңес,
Құлақ салып, әлеумет, сөзім тыңда.

Тәжбақыттан айрылып
Хоршаһра қалды күйініп.
Ерлігіне неше күн
Жүріп еді сүйініп.
Атасының уәзірі
Бар еді бір баласы,
Шақырып алып бұл сөзді
Соған айтты қиылып.

— Көп беремін, аласың,
Бір хат жазып беремін,
Бір сауытқа саласың.
Тірі болсаң, бір көрсет
Тілеп алған патшаның
Тәжбақыт деген баласын.

Патша қызы Хоршаһра
Бұлайша қылды хайланы.
Жүз ділдә алып ақыға,
Жігіт қылды пайданы.
Жаһанабад шаһарына
Құдай аман жеткізсе,
Хоршаһра берді саған деп,
Тәжбақытқа бергейсің
Осы берген айнаны.

Айнаны беріп Тәжбақытқа,
Сәлемді қыз көп айтты.
«Аман Құдай жеткізсе,
Дұғай сәлем», — деп айтты.
«Атам білсе өкпелер,
Қылған ісім ұрлық», — [деп],
Өз қамын да жеп айтты.

Елшіге жүрген ер жігіт,
Ділдәні алып кетеді.
Неше күндей жол жүріп,
Жаһанабад шаһарына
Тура барып жетеді.
Терезені ашып қойып,
Патша Сағит отыр екен.
Танымайтын жігіт қой,
Жанынан [келіп] өтеді.

— Мойныңды бұр, жігіт, — деп,
Патша Сағит шақырды.
Қарамай жүре бердің, — деп,
Ұрсып айтты ақылды.
Мойныңды неге бұрмайсың,
Әперетін патшамын
Кісідегі ақыңды.

---------- -------- ---------- *

Патша сөзді жігіттен көп сұрайды:
— Танымайтын жігітсің, түсің басқа,
Қай жердің адамысың? — деп сұрайды.

— Патшамның жұрттан артық салтанаты,
Жерім алыс, Үндістан — шаһарым аты.
Жаһанабад шаһарына алып бар деп,
Бар еді Хоршаһраның берген хаты.

Патша Сағит орнынан ұшып тұрды,
Жігітке «хатың бер» деп мойнын бұрды.
Ақы алып, хат алып келген елші жігіт,
Тәжбақытқа жеткізбей Құдай ұрды.

Патша еріксіз қағазын көрді ашып,
Тәжбақытқа жазыпты мөрін басып.
Хоршаһраның қағазын көргеннен соң,
Падиша қамданады асып-сасып.

* Түпнұсқада бұл жол түсіп қалған.

Жігітті алып барды оңаша үйге,
Падиша тағы түсті мұндай күйге.
Көңілі Хоршаһраның Тәжбақытта,
Жақындап қарамайды мырза-биге.

— Мен саған көп пұл берем, ал, — деп айтты,
Бұл сөзіме құлағың сал, — деп айтты.
Тәжбақытқа бердім деп қағазыңды,
Хоршаһраға мұны айтып бар, — деп айтты.

Патшадан бес жүз ділдә алмақ болды,
Ақы алып бір жағына салмақ болды.
Тәжбақытқа бердім деп қағазыңды,
Мұны айтып Хоршаһраға бармақ болды.

Екеуі сөз байласты ыңғайласып,
Ақы алған соң патшамен жақындасып.
Тәжбақыт боп барам деп Хоршаһраға,
Падиша қамданады асып-сасып.

Орнына патша болып Сәбит қалды,
Һәр пендені һәр жолға Тәңірім салды.
Хоршаһраның жіберген елші жігіт
Тәжбақытты көре алмай қайғыланды.

Қасына бір жүз жігіт әскер алған,
Айдап Құдай бейнетке алып барған.
Патша Сағит осыменен тұра тұрсын,
Хоршаһрадан айтайын кейін қалған.

Әскерменен патша Сағит сол елге асты,
Қолға айна келген соң асып-састы.
«Тәжбақытқа жібердім айнаны», — деп,
Хоршаһра қырық қызбен ақылдасты.

Бұл хабарды білмейді екен жалғыз адам,
Аллаға аян, не қылса да барша ғалам.
«Айнаны құр далаға жібердің», — деп,
Қыздардың шуылдайды бәрі тамам.

Осы елдің кем болдым ба пақырынан,
Бір күнде ақылды едім мағқұлынан.
Қыздың бәрі шуылдап айтқаннан соң,
Хоршаһра тағы адасты ақылынан.

Құдайым қызға бір ой салдырады,
Шуылдап қыздар көңлін қалдырады.
Патшаның әскербасы бір құлы бар,
Жіберіп бір күн соны алдырады.

Хоршаһра соған айтты халі-жайын:
— Бір теріс жолға салды бір Құдайым,
Айнам жаңсақ Сағитқа түспеді ме,
Өзің ойлап таппасаң мұның жайын.

Ақыңа бес жүз ділдә ал, — деп айтты,
Келетін жолын тосып қал, — деп айтты.
Сағит пенен Сәбиттің бірі түссе,
Ұрып-ұрып зынданға сал, — деп айтты.

Ділдәні құл көп алып кетті дейді,
Қайраты көп, һәр іске епті дейді.
Қанша әскер қасына ертіп алып,
Келетін жолын тосып кетті дейді.

Жолында келетұғын тұрды бағып,
Кешігіп келмеді ғой, жатыр нағып.
Қасында қанша әскер шыға келді,
Пар-пардан ат жегісіп қоңырау тағып.

Қосылып екі әскер соғыс салды,
Бұларды көрген адам аң-таң қалды.
Сағиттың қолын қырып көп болған соң,
Патшаны өлтірместен ұстап алды.
Ұстатпай елші жігіт кетті қашып,
Сағит патша қор болды қара басып.
Елші жігіт бара алмай өз еліне,
Жаһанабад еліне кетті асып.

Алып қашты айнаны ұстатпастан,
Бұлардың ісі оңбай жүр әуел бастан.
Сәбит уәзір тақытта отыр екен,
Тура соған кіріпті бұрылмастан.

Тағы апарып Сәбитке берді айнаны,
Мынау жігіт тауып жүр көп хайланы.
Алтын менен күмісті бірдей алып,
Не қылса да қылды ғой көп пайданы.

Сәбит сонда құтының аузын ашты,
Алтын-күміс қуанып жұртқа шашты.
Қанша әскер қасына ертіп алып,
Үндістан шаһарына қарай асты.

Ісімді, жалғыз Құдай, өзің оңда,
Сағит, Сәбит қорлықты көрді жолда.
Хоршаһрадан айтайын біраз кеңес,
Құлақ салып, жамағат, сөзім тыңда.

Құл мақтанып барды да: — Ханыша, — деп,
Сізге қызмет қылуды көрдім ғой еп.
Өзің айтқан сөзіңіз бар емес пе,
Ақыңыз бізде алты жүз ділдә ғой, — деп.

Елші жігіт ұстатпай кетті қашып,
Жаһанабад шаһарына кетті асып.
Әскерінің бәрін де қойдай қырып,
Патша деген Сағитты қалдым басып.

Зындандағы Сағитты көргізеді,
Құлды алып біреуіне кіргізеді.
«Бұл сырды тірі жанға айтпаймын», — деп,
Хоршаһраны солай деп сенгізеді.

Ақысына ділдәні алмақ болды,
Ділдә алып қалтасына салмақ болды.
Тағы айнаны Сәбитке береді деп,
Әскерменен жол тосып қалмақ болды.

Қызық қызмет ханшадан көріп жатыр,
Сұраған-қалағанын алып жатыр.
Жұмысының бәрі сонда қалған соң,
Хоршаһра құл айтқанға көніп жатыр.

Жолына Жаһанабад жатты барып,
Алты жүз ақысына алтын алып.
«Ақыры осы ісімнің не болар?» — деп,
Хоршаһра зарланады қайғыланып.

Қасына әскер алған қанша кісі,
Келеді не қылса да байдың күші.
Сәбит те шыға келді көп әскермен,
Кісіменен жолындағы болмай ісі.

Далада екі әскер соғыс салды,
Ағызды судай қылып қызыл қанды.
Ақы алып, айна апарған елші жігіт
Жаһанабад шаһарына қашып барды.

Сәбитті сол арада ұстап алды,
Екеуін теріс жолға Тәңірім салды.
Патшаның балалары ақылы [аз] боп,
Сағит түскен зынданға алып барды.

Елші де қолға түсті қашып жүрген,
Жаһанабад шаһарында асып жүрген.
Қолға түссем, Хоршаһра өлтіред деп,
Бұ дағы жаннан қорқып сасып жүрген.

Жігітті алып келді жаяу айдап,
Мойнына шынжыр салып қолын байлап.
Өзіңнің қылған ісің өзіңе ем,
Зынданға салып қойды орын сайлап.

Қолына Хоршаһраның түсті айнасы,
Һәркімнің ойлағаны — өз пайдасы.
Білдірмей жұртқа, қырды қанша жанды,
Жарайды қыздың қылған бұл хайласы.

Жалынды құлға тағы: — Айнаны ал, — деп,
Сөзіме менің айтқан құлақ сал, — деп.
Апарып Тәжбақытқа бергейсің, — деп,
Ақыңа не алсаң де менен ал, — деп.

Құл сонда қыз сөзіне көнді дейді,
— Сіздің айтқан сөзің[із] жөн-ді, — дейді.
Айнаны Тәжбақытқа апарам, — деп,
Даярланып атына мінді дейді.

Қызға да бұл ақылды Тәңірім берді,
Ақылы асылзаттың болмас кем-ді.
Жол жүріп неше күндей айнаменен,
Жаһанабад шаһарына құл да келді.

Шаһарда жүре тұрсын келіп құл да,
Сөйлейін Тәжбақыттан сөзім тыңда.
Екі ағасы Үндістан кеткеннен соң,
Тәжбақыт ие болды мұндағы елге.

Тәжбақыт орнын ұстап қалған екен,
Иелікті сол шаһардың алған екен.
Екі ағам айнаны іздеп кетті ғой деп,
О дағы зейін миға салған екен.

Тәжбақыт қор болдық деп көп жылайды,
Бізден бақыт кетті ғой деп жылайды.
Тағдырдағы жазғанға төдбір бар ма,
Айрылдық патшалықтан деп жылайды.

Тәжбақыт бау-шарбағын аралайды,
Мұқтаж боп дүние-малға қарамайды.
Бірі патша, бірі уәзір ағасының
Қылған ісі көңілге жарамайды.

Өзінің бау-шарбағын жүрді кезіп,
Ағасының бұл ісін көңлі сезіп.
Сағит пен Сәбит ғашықтықтан
Мал мен жан, бақ пен тақтан кетті безіп.

Тәжбақыт екеуінен туған зерек,
Бар екен бау-шарбақта жалғыз терек.
Қасына сол теректің келіп еді,
Түбінде жатыр екен жалғыз шелек.

Шелекте көрді жазу жазып қойған,
Құдіретімен сол жерге қазып қойған.
Тәжбақыт ақылды боп ағасынан,
Туғаннан-ақ олардан озып қойған.

Жазыпты: — Көзің сал деп мынау сөзге,
Атаң айтқан өсиеттен күдер үзбе.
Ғұмырыңа жеткендей қазына бар,
Азар болса жетерсің екі жүзге.

Кісі әкеліп теректің түбін қазды,
Не қылса да құдіретімен жазу жазды.
Ата сөзін тұтпаған Сағит, Сәбит,
Сол реттен екеуі жолдан азды.

Қазып біраз барған соң шықты бір жол,
Тәжбақыт салды ақылға, зейіні мол.
Сол жолменен біраз жүріп барып еді,
Көрінді алтын сандық үш кездей зор.

Тәжбақыт мұны көріп қалды қайран,
Сол жердің бәрін көріп қылды сайран.
Сағит, Сәбит екеуі ақылсыз боп,
Бір елге тыныш жатқан салды ойран.

Алып шығып сандықтың аузын ашты,
Бір Алла Тәжбақытқа берген бақты.
Сандықтың іші толған гауһарменен,
Ішінде бір құты мен айна тапты.

Айнаны қолына алып көп қарайды,
Сондай жақсылардан сөз тарайды.
Үндістан патшасында көріп еді,
Апырым-ау, сол айна ма деп қарайды.

Қарап-қарап айнадан тапты жазу,
Жігітке қиын емес жолдан азу.
Екі ағасы қас қылған өзі түсті,
Кісіге жарамайды құр ор қазу.

Қазынаны сол жердегі алды жиып,
Екі ағасы кетті ғой жанын қиып.
Дүниеде қанша хайла болса дағы,
Баршасы сол айнаға тұрған сыйып.

Әркімнің ойлағаны — өз пайдасы,
Патшаның қымбат екен ол айнасы.
Мұндай айна бұларға табылмас деп,
Патшаның ойлап тапқан бір хайласы.

Біреуін патша тауып алған екен,
Біреуі жер астында қалған екен.
Тәжбақыт ата сөзін ұстаған соң,
Құдіретімен сол жерге салған екен.

Тәжбақыт айнаны алып қуанады,
Жылаған жас баладай уанады.
Сағит, Сәбит қас қылған екі ағасы,
Түбінде оның көзі суалады.

Айнаны бұ да қолға алды дейді,
Сандыққа алтын-күміс салды дейді.
Қасына қанша әскер ертіп алып,
Үндістан шаһарына барды дейді.

Құл дағы Хоршаһраға қайтып барды,
Тәжбақыттың келгенін айтып барды.
Берсем дағы айнаны алмады деп,
Қайғылы боп қызға ішін тартып барды.

Хоршаһра қуанады көңлі тасып,
Ішінде ғашық оты араласып.
Сол күні қуанғаннан той қып шықты,
Сүйіншіге һәркімге алтын шашып.

Тәжбақыт падишаға кіріп келді,
Қол қусырып алдына сәлем берді.
— Неше айдай іздедім осы айнаны,
Бармаған жер қоймадым елден-елді.

Патша сонда айнаны көп қарайды,
Осы айна өз айнам ба деп қарайды.
— Мен сіздің айнаңызды ұрламадым,
Мехнатпен көріп келдім бірталайды.

Падиша Тәжбақыттың сөзін ұқты,
Патша ғой жұрт ұстаған ақылы көп-ті.
Алдырып өз айнасын салыстырса,
Екеуі айырықсыз бірдей шықты.

— Айнаны тауып алып келдің маған,
Қызымды берем, — деді, — енді саған.
Табылмас деп айнаны ойлап едім,
Тағдырда жазған шығар Хақ Тағалам.

Оқып неке қосылды екі ғашық,
Патша жатыр қуанып дүние шашып.
Хоршаһра гүл-гүл жанып бара жатыр,
Қосылып ғашығына көңілі тасып.

Неше күндей той қылып болды қызық,
Өлең қылдым қызығын хатқа сызып.
Патша болған ағалары таппаса да,
Алып келді Тәжбақыт қамал бұзып.

Екі ағасын зынданнан алып келді,
Бір жасауыл алдына салып келді.
«Енді бізді дарға асып өлтірер», — деп,
Көңілі жандарынан қалып келді.

Патша оларға сөз қатып қарамайды,
Өздерінің қылғаны жарамайды.
Болса да бұ да өзіндей бұрын патша,
Кісі екен деп бойына баламайды.

Шақыртып патша оларды көп ұрысты,
Қамдарын өздерінің жеп ұрысты.
«Бірің патша болғанда, бірің уәзір,
Ақылың жоқ надандар», — деп ұрысты,
Падиша ұрсып-ұрсып айтты ақыл.
— Тақсыр-ау, ұрыссаңыз да бәрі мақұл.
Әуелі ата сөзін тұтпаймыз деп,
Бұл күнде болып тұрмыз біздер пақыр.

Тәжбақыт падишаның алды қызын,
Жұрт білді ағасының ақылсызын.
— Асар едім сендерді қорлықпенен,
Атаңыздың қимадым татқан тұзын.

Тәжбақыт, сен патша бол орын алып,
Риза болдым ісіңе көңлім толып.
Ата сөзін асыл деп алған үшін,
Дәулет құсы басына жатыр қонып.

Тәжбақыт патша болып мінді таққа,
Төңірім бермей қалмайды көңлі аққа.
Тағы да Үндістанды тұрды билеп,
Жүргізіп әділдікті екі жаққа.

Тәжбақыт осылай қызды алды дейді,
Елге қайтып қызық той салды дейді.
Екі елге жалғыз өзі патша болып,
Екі ағасы уәзір боп қалды дейді.

Сөйледім Үндістанға барған жерін,
Айнамен қызды барып алған жерін.
Жаһанабад, Үндістанға патша болып,
Екі ағасы уәзір боп қалған жерін.

Жаратқан қанша жұртын Хақ Тағалам,
Қарай[ды] бір өзіңе күллі ғалам.
Оқыған, айып етпеңіз біз ғаріпті,
Ішінде жазылмаған көп-ті шалам.

Бұрын дағды қылғаным жоқ қисса жазып,
Азғана еріккен соң алдым қалам.
Қатасы болса, ағалар, кешіріңіз,
Аяғы осыменен болсын тамам.

قصه اوج قز

Қисса үш қыз

Иә, Алла, жан аманат ғаріп құлға,
Салауат мен айтамын Пайғамбарға.
Алладан мен мүсәпір рақым тілеп,
Бір бәйіт шығарайын барша жанға.

Жарандар, көп зар әйла Құдіретке,
Шапағат деп зар жыла Мұхаммедке,
Тәңірім қазы болып сауал сұрса,
Қылғайсың сонда шапағат біз үмбетке.

Өтіпті бізден бұрын Адам, Хауа,
Қорқыныш сол сираттан қыламын ah.
Шahарын Бағдаттың әділ билеп,
Өтіпті Һарон Рашид бір падишah.

Әділ болып Һарон Рашид өтті солар,
Ұжмақтан әділ патша орын алар.
Теп-тегіс адам ұғлы жаралмайды,
Біреу бай болса, біреу жарлы болар.

Осы дүние бізден де өтер, сізден де өтер,
Жазған соң Алла тағдыр пенде не етер.
Һәр түрлі уақиғамен адам ұғлы,
Бір күні керуен-дүние көшіп кетер.

Бағдад сол уақытта үлкен шahар,
Ішінде неше түрлі сарайлар бар.
Кәсіп қылып, жанын жалдап мал табатын
Һәр түрлі жаяу-жәмшік кедейлер бар.

Бір күні бір хаммалшы ерте тұрды,
Жаяулап жүк таситын сол бір ер-ді.
«Көтерер жүк бар ма» деп тұрғанында,
Бек матур бір сұлу қыз жетіп келді.

Үстінде киімі бар алуан-алуан,
Жаратқан Алла Тағала һәр түрлі жан.
«Мұндай жан бұ жаһанға келеді екен»,
Деп хаммал үшбу қызға ғажаптанған.

Сонда қыз хаммалшыға қарсы жүрді,
Кісі деп жүк таситын ойлап білді.
Сипаты он төртінен туған айдай,
Әдеппенен бек мүләйім қыз сөйлейді:

— Ағеке, бізге біраз ерерсіз бе,
Сөзіме тұғры айтқан көнерсіз бе?
Лапкеде біраз алған нәрсеміз бар,
Көтеріп үйге апарып берерсіз бе?

Сол жігіт осы қыздың қасына ерді,
Бір үлкен магазинге алып келді.
Жүктері апаратын шарап екен,
Және алған қанша асыл кеселерді.

Бұл жүкті хаммал сонда арқалады,
Аяңдап қыз соңынан кете барды.
Сарайы падишаның сияқтанған,
Бір үйге сондай әйбат жақындады.

Сол үйдің есігінде қоңырау бар,
Жаратқан һәр түрлі қып Қадір, Жаппар.
Бір шегесін бармағыменен қыз басқанда,
Жабулы есік сонда ашылыптылар.

Қыз сонда хаммалшыменен үйге кірді,
Жүгіріп ар жағынан бір қыз келді.
Еріп келген қыздан бұ қыз сұлу,
Хаммалшы қайран болып қарап тұрды.

Нәрсесін арқасынан түсірділер,
Екі қыз бенен сол үйде хаммалшы бар.
Сол үйдің төр жағынан есік ашып,
Үшінші және бір қыз жетіп келділер.

Екі қыз оны көріп тағзым қылған:
— Нәрсеңіз бұ, ханым әпенді, бұ әкелген.
Бір қарап бұ нәрсені көруіңізге,
Ілтипат назарыңыз болар ма екен?

Хаммалшы оны көріп есі кеткен,
Киімін сары алтынмен зейнетлеткен.
Қаламқас, оймақ ауыз бір перизат,
Туар ма мұндай сұлу адамзаттан.

Жігіттер, бұ сөзім емес жалған,
Ләззатты шырын сөзі шекер, балдан.
Әуелгіше қарағаннан көз ала алмай,
Хаммалшы сонда тұрып таң қалған.

Хаммалдың қарағанын ханым көрді,
Бейшара жүк көтерген үміткер-ді.
— Алған соң өз жайына жүре берсін,
Деп ханым хаммалға бір алтын берді.

Ол хаммал алтын алып және тұрды,
Қыздар һәм шықпағанға қайран болды.
— Алған пұлың азсынып тұрмысың? — деп,
Бір қыз келіп жақындабырақ жауап сұрды.

Хаммал айтты: — Тұрғаным жоқ ақша сұрап,
Сіздерді көріп тұрмын ғажабырақ.
Аз түгіл сіздер берген ақшаңызға
Қызмет енді бір ай қылсақ керек.

Хақымыз біздердің бес-ақ тиын,
Арызды сіздерге айтпақ болды қиын.
Жаннаттан шыққан хордай көрінесіз,
Емессіз біріңізден-бірің кемін.

Тағы да ұстап тұрсыз мұнша дәулет,
Ерлерге және сіздер емес қажет.
«Жақсыны көрмек үшін» деген сөз бар,
Бұ себеп-дұр тұрғаныма, әй, перизат.

Жылмайып ханым әпенді күлді дейді,
Қыздарға қарап жауап берді дейді:
–Жолдастар, шарт айтып, уағда байла,
Бұ хаммал мейман болсын енді, — дейді.

Хаммалға сөз сөйлейді сонда екі қыз:
— Қажет жоқ тек қарап тұрасыңыз.
Ғажайып не ғарайып іс көрсең де,
Айтпайын деп аузыңдан ант беріңіз.

Шарт қылсаң осылайша, қоның, — дейді,
Қонбасаң, әне жүрер жолың, — дейді.
Әгар да ғажапланып сөз сұрасаң,
Өлерсің бекер, өзіңнің сорың, — дейді.

Қуанып сонда хаммал шешті белін,
— Сұрасам іске себеп басым бердім.
Тексеріп істен себеп сұрайтұғын
Шаһардың билеп тұрған патшасы емен.

Бұ сөзге сонда екі қыз жұбаныпты,
Хаммалшы сонда ішінен қуаныпты.
Ісіңе көрген-білген себеп сұрма,
Деп қыздар сол хаммалды қонақ қыпты.

Қонақ болып қыздарға хаммал қалды,
Һәр жерден кеш болған соң панар жанды.
Түсіріп әйнектердің перделерін,
Хаммалға ас беруге даярланды.

Қыздардан ас ішті хаммал сонда,
Бір Құдай, бейшараны өзің оңда.
Ас ішіп, дұға қылып болған соң,
Әкеліп бір домбыра берді қолға.

Қолына сол хаммалшы домбыра алған,
Һәр түрлі күйге шертіп, әнді салған.
Төртеуі мәжіліс қылып отырғанда,
Қоңырау даусы шықты шылдыраған.

Жүгіріп сонда бір қыз барған екен,
Құлағын ақырын ғана салған екен.
Қараса, босағада екі адам тұр,
«Кімсіз?» деп хал-ахуал сұрған екен.

— Мүсәпір мейман едік, әй, перизат,
Айтайын тыңласаңыз аз ғана зат.
Нөмірге кеше келіп түсіп едік,
Іздедік падишаны болып қажет.

Білмейміз пәтеріміз қайда екенін,
Бір Құдай адастырып мұнда келген.
Бүгін түн мұнда болып кетуімізге,
Перизат, бізге рұқсат болар ма екен.

Қыз сонда қайтып келіп айтты сөзді:
— Есікте екі адам тұр сыңар көзді.
— Өз бойын белгілесе қона берсін,
Сіз айтып бекітіңіз сөзіңізді.

Қыз айтты екеуіне «қоныңыз» деп,
Қатты айтып уағдасын сөйлейді көп.
— Ғажайып һәр түрлі ісіміз бар,
Әгар айтсаң һәлак боп өлерсің, — деп.

Екеуі сонда тұрып сөз айтады,
Көп кешігіп тұрмайды, тез айтады:
— Ісіңді тексеруге келгенім жоқ,
Тек орынға мұқтажбыз, — деп айтады.

Екеуі сәлем беріп кіріп келді,
Келді де бір диуанға отырды енді.
Ас ішіп бихұзұрланып отырғанда,
Даладан қоңыраудың даусы келді.

Жүгіріп сонда бір қыз шығады тез,
Есікте бір-екі адам болады кез.
Қыз келіп екеуінен сөз сұраса,
Олар айтты: — Куфалық саудагерміз.

Саудаменен келіп едік Бағдадқа,
Шақырды бізді бір бай зияпатқа.
Адасып сол кісіні таба алмадық,
Сізден тілеп біз тұрмыз бір қонбаққа.

Қыз сонда: — Қонам десең, қон, — деп айтты,
Қонбасаң, әне жүрер жол, — деп айтты.
Ғажайып не ғарайып іс көрсең де,
Себеп сұрсаң һәлаксың сен, — деп айтты.

Саудагер сөйлесіп тұр асыл тасқа,
Жан-жаннан қияпаты оның басқа.
— Ғажайып ісіңіздің керегі жоқ,
Ант беріп көнді дейді сұрамасқа.

Со келген патша еді атқа мінген,
Аралап шаһарларын байқап жүрген.
Дауысын домбыраның естіген соң,
Саудагер болып сонда патша келген.

Екеуі кіріп келді сәлем беріп,
Үш қонақ отыр екен кеңес құрып.
Бесеуі жайланып отырған соң,
Бұларға қыздар берді ас келтіріп.

Қонақтар асты ішіп болды дейді,
Оңғарсын патша Құдай жолды дейді.
Шаршаған алыс жердің адамдары,
Бұларға төсек салып береді енді.

Бұларға сонда бір қыз төсек салған,
Атылас көрпелері һәм торғыннан.
Асқақтатып сол төртеуін жатқызыпты,
Хаммалшыны шақырып қыздар қасына алған.

Ханым айтты: — Әй, хаммал, келші мұнда,
Бір есік бар отырған дәл астыңда.
Тұстағы сол есіктен ары барсаң,
Көрерсің екі қара ат байлаулы тұр.

Аяңдап хаммал сонда жүре берген,
«Сол атты жылдам барып әкел», — деген.
Жетектеп хаммал сонда алып келді,
«Біреуін қара, отқа байла», — деген.

«Біреуін шылбырынан мықтап ұста,
Сұрама, не көрсең де осы тұста».
Бір қыз барып ханымға қамшы әкелді,
Ұрады ат байғұсқа бес жүз қамшы.

Сонда ат шыдай алмай жата қапты,
Көзінен жас, аузынан қандар ақты.
Қамшысын қолынан тастай беріп,
Сол ханым ат мойнынан құшақтайды.

Көзінен ханым сүйді аттың және,
«Амал жоқ, не қылармын, ah, дариға».
Орамал қалтасынан алды ханым,
Аузындан аттың қанын тазаларға.

Бұ атты осылайша қойды байлап,
Бес қонақ тұр бұ іске тамаша әйлап.
Екінші атты және алып келіп,
Оған да бес жүз қамшы ұрды санап.

Оған да ат секірді тағат қылмай,
Тамаша көрдіңдер ме, сірә, мұндай.
Қамшыны қолындан тастай беріп,
Ат мойнын ханым құшты манағыдай.

Әкелді бір табаққа тағам салып,
Меймандар отыр бұған аң-таң қалып.
Екі атпенен ханым әпенді келді дағы,
Адамша тағам жеді ортаға алып.

Шақырып хаммалшыны «қайда?» депті,
— Екі атты алып барып байла, — депті.
Екі атты алып барып байлап қойып,
Айналып сол хаммалшы қайта кепті.

Қыз сонда хаммалға айтты: — Үйықта барып,
Жүк тасып шаршап жүрген сен бір ғаріп.
Қасына төртеуінің келіп еді,
Оған да қойған екен төсек салып.

Хаммалшы қайтып келді ұзақ тұрмай,
«Ұрдың, — деп, — атты неге?» себеп сұрмай.
Қасына төртеуінің келіп еді,
Олар да жатыр екен ұйықтай алмай.

Сол үйде бесеу еді бірге жатқан,
Бұйрықты қыздардан келіп тағам татқан.
Есіктен біреуі келіп сығаласа,
Үш қыздың бірі отырып сырнай тартқан.

Ханым сонда отырып бәйіт айтты,
Биһұш болып сол уақта талып кетті.
Кесеменен бірі барып су әкеліп,
Ханымға талып жатқан су бүркіпті.

Тұрады су бүріккен соң сонда ханым,
Шықпады сонда дағы шыбын жаным.
Ол тұрып орынына отырған соң,
Біреуі және айтты бәйіттерін.

Бәйітті айтып болып ол да талды,
Меймандар оны көріп аң-таң қалды.
Су бүріккенде қонақтар көріп қалды,
Жонында қамшының ізі бар-ды.

О дағы су бүріккен соң түрегелді,
Қонақтар сонда отырып кеңес құрды.
— Осында бір ғажайып хикмет бар,
Әуелі рақымсыз боп екі атты ұрды.

Мойнынан құшақтайды аттың және,
«Амал жоқ, қайтемін, — деп, — ah, дариға».
Аузының қанын сүртіп орамалменен,
Ас жеді бір табақтан үшеуі және.

Онан соң бәйіт айтты әнге салып,
Және де адам тимей қалар талып.
Талады бәйіт айтып екеуі де,
Осыны біз қыздардан бір сұралық.

Жағыпар уәзір тұрып: — Сөз сөйлейміз,
Бәлеге сұраймыз деп болармыз кез.
Әуелде шарт айтып қонып едік,
Бола ма енді дұрыс сұрауымыз?!

Бесеуі бұ сөзді сұрауға ұйғарысты:
— Тексермей қыздан қорқып кетерміз бе?!
Бір өзі хаммалшының он кісілік,
Үш қатын не қылады бесеумізге.

Хаммал сонда ойлайды тұрайын деп,
Ұрса, жұмырықпенен ұрайын деп.
Екі атты әуел баста неге ұрдың?
Онан соң қалғандарын сұрайын деп.

Хаммал келіп қызға айтты: — Әй, банулар,
Байлаулы үй астында екі атың бар.
Мың қамшы екеуіне ұрдың себеп[сіз],
Басында сол аттардың не күнәh бар?

Андан соң қанын сүртіп, көзін сүйдің,
Екінші бір табақтан тағам жедің.
Қайғыға өз басыңды салғаныңша,
Мың қамшы екеуіне неге ұрдың?

Онан соң бәйіт айттың әнге салып,
Біле алмай ес-түсіңді жаттың талып.
Бейнетке өз басыңды салғаныңға,
Мен тұрдым, әй, перизат, қайран қалып.

Сізден соң бір қыз айтты бәйіт және,
Биһұш талып жатты сол бейшара.
Жонында қамшының тасын көрдік,
Сұрамайынша болмады бізге шара.

Осылай сұра деді жолдастарым,
Себебін айтсын деді істің бәрін.
Һәр істі таңғажайып көргеннен соң,
Сұрайды сол себептен меймандарың.

Айтады ханым сонда: — Әй, меймандар,
Рас па бұ хаммалдың айтқан сөздер.
«Рас» деп бәрі бірдей жауап берді:
— Рұқсат сұрамаққа бердік біздер.

Ханым айтты: — Әй, ақымақ жолаушылар,
Һәлак боп істен себеп сұраушылар.
Әуелде шарт айтқан басын беріп,
Уағдаға хиләф қылған алдаушылар.

Деп ханым ашуланып тебініпті,
Қорыққаннан сонда хаммал шегініпті.
Қолында жап-жалаңаш қылышы бар,
Он кісі үй астынан шыға кепті.

Бесеуін он ер ортаға алған,
Қонақтар үміт үзді шыбын жаннан.
— Қайтеміз, мойындарын кесеміз бе?
Деп бұлар ыңғайланып тұра қалған.

Бесеуі жолығыпты мұндай кепке,
Ішінен сиынып тұр Құдіретке.
Жүгініп «дат, тақсыр» деп арыз айтты,
Бейшара хаммал қарап тұрмай текке.

— Әй, тақсыр, бұрын сізге жалшы болдым,
Жетектеп алып келген екі атты ұрдың.
Сұрасам, сол арада сұрамас па ем,
Ақымақ қонақтарға елші болдым.

Адамға өзін бақҡан үлкен пайда,
Тағдырға тәбділ етіп болмас хайла.
Тағы да атамыздан қалды бізге,
«Елшіге өлім болмас» деген қайда?

Ханым айтты: — Күнәһың ғафу қылдым,
Азырақ бүгін бізге қызмет қылдың.
«Елшіге өлім болмас» дегені рас,
Халдерін мен сұрайын сыңар көздің.

Туды ма анасынан соқыр болып,
Мирас па атасынан жүрген еріп.
Көздерің не себептен соқыр болды,
Біреуің жауабын бер жақын келіп.

Біреуі қос соқырдың түрегелді,
Болғанын бір сойқанның енді білді.
Рұқсат сөйлеуіңе деген соң,
Соқырың енді тұрып сөйленеді.

Соқырдың хикаяты

— Сөйлеймін құзырыңда, тақсыр ханым,
Көп еді бұ дүниеде көргендерім.
Сөзіміз хатырыңа қош көрінсе,
Ғафу қып кешіре көр кінәларым.

Мен өзім Мысыр шаһы баласы едім,
Көзінің ағы менен қарасы едім.
Анадан туғанымда көзім бүтін,
Жігіттің өзім теңді сарасы едім.

Атамыз патша болып таққа мінген,
Сөйлейін мен сырымды көрген-білген.
Жасымнан оқу оқып медреседе,
Андан соң оқ ғылымын үйренгем.

Сарайдың қарсы алдында бір мешіт бар,
Ойланба ұлықпын деп, әй, жарандар.

. . .* сығаласам күнде көрем,
Басына мұнараның бір құс қонар.

Бір күні ойыма алдым соны атпақты,
Қолға алдым жасайын деп мылтық оқты.
Есіктен шығып тұрып басып қалдым,
Қасымда сонда тұрған адам жоқ-ты.

Құс атқан үйде тұрып мен бір соры,
Соқырдың бейнет тартар келді жері.
Мешіттің ар жағында болушы еді
Атама жақын тұрған бас уәзірі.

Бұ құсты уәзір дағы көрген екен,
Һәркімге бейнетті Алла берген екен.
Әдейі хастап атқан құсқа тимей,
Уәзірдің бір көзіне тиген екен.

Оқ шығарыпты уәзірдің сыңар көзін,
Тыңдаңыз, тақсыр ханым, айтқан сөзім.
Тәптіштеп оқ иесін іздеп жүріп,
Табылдым мылтық атқан менім өзім.

Уәзір атама айтты арыз сөзді:
— Уәзір қып жақын көрдің, тақсыр, бізді.
Балаңның мылтық атқан оғы тиіп,
Мен болдым сорым қайнап сыңар көзді.

Шақырып атам мені сөйлестірген:
— Пәтшағар, есің шықты сенің неден.
Әдейі хастап бұған атып па едің,
Тиді ме, иә болмаса, қата жерден.

Мен айттым: — Атып едім қонған құсқа,
Тиіпті қаталығымнан бұл байғұсқа.
Бір Алладан басқада қаталық көп,
Бөтен сөз сөйлемедім онан басқа.

* Бір сөз танылмады.

Атам айтты: — Қатамен атқан оқты,
Һәр істе қата қылған күнә жоқ-ты.
Қысасын уәзір менен [ала] алмады,
Шарасыз қайтсін бұған сабыр етті.

Атамыз екеу еді ағайынды,
Сөйлейін бастан кешкен уақиғамды.
Ағасы — Фарун шаһар падишасы,
Жақсылықпен мәшһүр еді, болмас тең-ді.

Бұ дүние іші қуыс тұрған сарай,
Жасымнан қоршылықты көрдім талай.
Бір күні үйде тұрып ойыма алдым,
«Ағамның шаһарына барсам қалай».

Сол күні үйден шығып жүріп кеттім,
Басыма пайда етем деп залал еттім.
Жол жүріп екі-үш күндей арып-ашып,
Ағамның шаһарына келіп жеттім.

Бар еді сол ағамның жалғыз ұғлы,
Сөйлейін, тақсыр ханым, мен мұңымды.
Барсам, ағам сапарға кеткен екен,
Құрметтеп інім сонда күтті мені.

Отырып сонда екеуміз келдік сөзге,
Інім айтты: — Ғұзырым көп, аға, сізге.
Һешкімге паш қылмасаң, сонда айтамын,
Сендіріп қатты уағда берсең бізге.

«Айтпан» деп қатты уағда қылдым сонда,
Сөзімді, әй, жарандар, жақсы тыңда.
Шаһардан ертіп мені алып шығып,
Әкелді ескі қабір зиратына.

Екеуміз сол зиратқа жақын келдік,
Бір үлкен қара тас бар сонда көрдік.
Сол тасты бейнеттеніп әрең зорға
Жылжытып орынынан алып қойдық.

Қарасақ, тас астында бір басқыш бар,
Ақырын сол басқыштан түстік біздер.
Сонда жердің астында гүлдер екен,
Бек матур атқа мінген бір қыз келер.

Мен тұрдым сонда қызды тани алмай,
Қыз екен жаңа өспірім, өрім талдай.
Екеуі аттан түсіп қол ұстасып,
Тоқтамай жүре берді ары қарай.

Інім айтты: — Әй, аға, қош есен бол,
Ғұзырым осы еді сізге айтқан зор.
Өлгенше аузыңнан шығармаңыз,
Сен шығып тасты қайта бекіте көр.

Андан соң тысқа шықтым бек сандалып,
Сол тасты бітеп тындым қайта аударып.
Қайғымның әуел басы осы болды,
Саласың қандай күйге, Жаппар Халық.

Қайғырдым інім сонда қалғанына,
Алланың пенде шыдар салғанына.
Болғанда бағырым паришан, хатирым тар,
Бауырым жер астында қалғанына.

Осыменен қайтып кеттім шаһарыма,
Сөзімнің салсаң құлақ баһарына.
Шаһардың қақпасына кіріп келсем,
Мен қалдым және жұрттың қаһарына.

Ішінде шаһарымның көп әскер бар,
Ойладым тағзым қылып тұрған олар.
Алдан мені көріп құрмет етіп,
Тұрған ғой түсіргелі бейшаралар.

Хикаят мен сөйлеймін, әй, ағалар,
Төрт бұрышын дүниенің кім шамалар.
Қолыңнан бақыт, дәулет бірдей кетсе,
Әуелгі дұшпан түгіл, достар алар.

Әскерлер сонда мені қамап алған,
Атымнан сүйреп алып, ұрды жаман.
Мен айттым әскерлерге: — Қата қылдың,
Баласы өз патшаңның шаһзадамын.

Әскер айтты: — Әдейі қылдық саған,
Атаңыз кешегі күн опат болған.
Орнына соқыр уәзір патша болып,
Шаһарға осылайша жарлық салған.

— Көрінсе, ұстап әкел мұнда, — деген,
Мархамат оған аяп қылма, — деген.
Алатын одан менім қысасым бар,
Сөзімді ұғып менің тыңда, — деген.

Сүйретіп падишаға алып барған,
Сол залым мені көріп қаһарланған.
«Қысасын қияметке жібермен», — деп,
Қолына соқыр патша бір біз алған.

Келсе қаза, күтпейді ойын болып,
Әкем барда алтын енді шойын болып.
Бастырып жалладтарға тапжылдырмай,
Шығарды бізбен шұқып, көзімді ойып.

Шақырып бір жалладқа берді мені:
— Шаһардан шығар дағы өлтір мұны.
Басын кесіп жанынан жода қылсаң,
Қоямын уәзір қылып мен де сені.

Шаһардан жаллад мені шықты алып,
Шаһзада енді болды тірі ғаріп.
— Атаңның дәм-тұздарын көп таттым,
Деп мені қоя берді жолға салып.

Жаллад айтты: — Шаһзада, қош есен бол,
Апарар ағаңа бұ жатқан жол.
Құлақ естіп көз көрмес бір жаққа кет,
Жеткізер Хақ Тағала қазынасы мол.

Жалладпен амандасып кеттім жүріп,
Ақылым кейде шығар, кейде кіріп.
Залымның қаһарынан қорыққанымнан,
Келемін құстай ұшып мен жүгіріп.

Бір күні келдім ағам қаласына,
Алланың халас болдым панасында.
Үйіне ағам патша кіріп келсем,
Қайғы ауып о да отырған баласына.

Көрді де ағам мені шошып кетті,
— Япырым-ай, сені мұндай кімдер етті.
Кіріпсің не болса да бір қайғыға,
Білдіріп бастан-аяқ сөйле кепті.

Мен айттым сонда атамның өткендерін,
Басына тағдыр қаза жеткендерін.
Орнына соқыр уәзір патша болып,
Тағы да мені мұндай еткендерін.

Сөйледім бізбен көзім ойғандарын,
Бақ-дәулет басымыздан жойғандарын.
Өлтірмей жаллад мені қоя беріп,
Осындай іс, уақиға болғандарын.

Жылайды естіген соң мұндай қаза,
Тозақта имансыздар тартар жаза.
Көзінің жасын сүртіп орамалмен,
Бәлеге сабыр әйла дейді, қазаға риза.

Ағам айтты: — Жоғалды екі балам,
Пендеге қайғы берген Хақ Тағалам.
Ағам өтті, сен тағы мұндай болдың,
Енді мен жалғыз өзім қайда барам.

Ағам отыр қапалы болып сонда,
Бір зауал бердің бізге, Алла Тағала.
— Балаңа қапа болып қайғыланба,
Мен табам, бірге еріп барсаң анда.

Екеуміз сонда жүрдік бала жаққа,
Қолға алдық шот пен күрек жер қазбаққа.
Ағамды бастап алып жетіп келдім,
Баяғы өзім көрген зиратқа.

Екеуміз сол зираттың аштық бетін,
Қандай іс көрсетесің, иә, Құдіретім.
Тасты аударып екеуміз көрдік сонда,
Тесіктен бір сағаттай шықты түтін.

Басқыштан екеуіміз түстік төмен,
Дүниеде қайғы тартқан мен бір емен.
Қарасақ, қыз бен жігіт көмір бопты,
Шошыды оны көріп менім денем.

Бетіне екеуінің түкірдік біз,
Қап-қара көмір болған жігіт пен қыз.
Кәпірден қорыққан соң шығып кеттік,
Сөйлестік тысқа шығып сонда екеуміз.

Ағам айтты: — Екеуі менім балам,
Азғырған жол көрсетіп шайтан тамам.
Екеуі жас күнінен ойнап-күліп,
Жатыпты орын алып тамұқ, нардан.

Шаһарға жүрейік деп тұрдық біздер,
Қол көрдік келе жатқан қара мұнар.
«Сыңар көз падишаның қолы ғой», — деп,
Болмады менде тағат шыдап тұрар.

— Жүр, аға, біз қашайық, — дедім сонда,
Қан түртіп ағам қашпай тұрды жолда.
Мен қашып қорыққанымдан жүре бердім,
Ағамды және шаһид қылыпты анда.

Қорыққаннан шығып кеттім құла түзге,
Бір зауал берді Құдай сонда бізге.
Ата-анам, аға-інім қайғысымен
Күш түсті жылай-жылай сыңар көзге.

Ата-анам келмес қайтып жылағанмен,
Көл қылып көздің жасын бұлағанмен.
Ойладым Һарон Рашид әділ еді,
Сұрайын барып жәрдем сондай жерден.

Жылап жүруші едім зар-сәркардан,
Аяйды уақиғамды естіген жан.
Жолығып байбатшаға сыр айтыстық,
Бұ дағы адам екен мендей болған.

Біз келдік ғаріп болып шаһарыңа,
Сөзімнің сал құлақты баһарына.
Үстіне жығылғанның жұмырық деп,
Біз қалдық және сіздің қаһарыңа.

Ғафу қып кешірерге келер күшің,
Өткен іс ойға түссе күйеді ішім.
Фатима — Пайғамбардың жалғыз қызы,
Кешіңіз үшбу перінің хақы үшін.

Қыз айтты: — Күнәһыңды кештім, — дейді,
Сөзіңе сенің айтқан түстім, — дейді.
«Зер қадірін зергер білер» дегендейін,
Мен дағы қайғы толын іштім, — дейді.

Қыз айтты: — Қайғылының мен де бірі,
Ашылар жөн сөйлесе көңіл кірі.
Біреуі осыменен тамам болды,
Сөйлейтін бір соқырдың келді жері.

Екінші соқыр хикаяты

— Әй, ханым, құзырыңа келіп едім,
Жасымнан мен де осындай қайғы жедім.
Айтайын бастан кешкен уақиғамды,
Мен дағы бір шаһардың патшасы едім.

Шаһарым дарияның жағасында,
Дұшпанның салды Тәңірім табасына.

Орнына атам өліп патша болдым,
Қанша жұрт тұрушы еді қол астымда.

Біраз күн патша болып міндім таққа,
Құданың кім таласар берген баққа.
Бір күні сонда отырып ой ойладым,
Жүрейін сапар қылып һәр тарапқа.

Дарияменен сапар қылдық қанша адам,
Өтіпті екі арада бір жыл тамам.
Теңіздің көрдабигі тұғры келіп,
Сол жерде қайығымыз уатылған тамам.

Дарияға ғарық болды бірталай жан,
Біздерге болды сонда ақырзаман.
Жабысып бір тақтайға мен жөнелдім,
«Сақта, — деп, — құдіретіңменен, иә, Ханнан».

Тақтайды жел айдады шетке қарай,
Һәр істі қиын-қыстау көрдім талай.
Есен-сау су шетіне шыққаннан соң,
Қарадым есім жиып олай-бұлай.

Қарасам, олай-бұлай көрдім бір тау,
Шықпаған жаным қапты, сүйегім сау.
Беліме екі етегім түріп алып,
Аяңдап сонда тауға келдім жаяу.

Қалжырап сонда шықтым тау басына,
Сақина тілеп алдым сау басыма.
Аланданып жан-жағыма қарап тұрсам,
Жақында бір шаһар тұр дәл қасымда.

Аяңдап сол шаһарға жақын келдім,
Біреуге шеттен келіп сәлем бердім.
Сәлемім әлейк алып жөн сұрады,
Бейнетті көрген-білген мен сөйледім.

Сол адам мені үш күн қонақ етті,
Бейшара өз халінше жақсы күтті.
— Ңеш өнер білемісің? — деп сұрайды,
Кәсіпсіз текке қарап жүрме, — депті.

— Жасымнан кәсіп іздеп жүргенім жоқ,
Мехнатты бұрын мұндай көргенім жоқ.
Ғылымын патшалықтың үйреніп ем,
Қыларын мұндай Тәңірім білгенім жоқ.

Сол адам бір лапкеге алып келді,
Балта мен маған сатып бау әперді.
Бірталай отыншыға алып келіп,
Тапсырып мені соған қоя берді.

— Мейманға үш күнден артық жоқ-дүр шамам,
Мен дағы дәулетім аз сендей адам.
Үш айдан соң өзіңнің шаһарыңа
Барады бұ шаһардан керуен тамам.

Біраз күн отын шауып кәсіп изде,
Берерлік нәрсеміз жоқ біздің сізге.
Керуенмен шаһарыңа қайтам десең,
Керек қой азық-түлік өзіңізге.

Екі айдай отын шаптым тілін алып,
Отыннан көп ақша алдым пайдаланып.
Қолыма балтамды алып жүре бердім,
Отынды әкелем деп жалғыз барып.

Мен барып кесіп едім бір ағашты,
Астынан сол ағаштың көрдім тасты.
«Ықтимал мұнда қазына бар шығар», — деп,
Ғарібің аударуға жанталасты.

Аударып тас астынан тесік көрдім,
Басқышты зейнеттелген есік көрдім.
Ішінде не болса да көрейін деп,
Қолыма балтамды ұстап жүре бердім.

Мен көрдім мехнатты жүріп жалғыз,
Айтайын көргенімді, тыңлаңыз сіз.
Есік ашып ішіне кіріп барсам,
Отырған көрдім сонда бір сұлу қыз.

Қыз келіп сонда маған зарлық етті:
— Дүниеде көреді екем адамзатты.
Мағрибзамин патшасының қызы едім,
Бір пері ұрлап әкеп тастап кетті.

Жеті жыл қалдым мұнда зар-сәргардан,
Һәр айда үш күн келіп қайтар маған.
Мехнат осылайша тартып тұрмын,
Жиырма жеті күндей жалғыз қалам.

Мен айттым: — Келуіне неше күн бар?
Қыз айтты: — Он күннен соң о да келер.
— Жиырма жеті күндей жалғыз қалсаң,
Қылмай ма саған залал өзге жандар.

Жазулы бір тақтаны қыз көрсетер,
Салған соң Алла осылай, пенде не етер.
— Тақтаны қолыменен сипағанда,
Ғифрит жер түбінен жетіп келер.

Мен айттым сонда қызға: — Мұның жалған,
Тақтаны қайтіп білер сипағаннан.
Ғифрит жер түбінде деп айтасың,
Бір сипап қойғанменен келер қайдан?!

Тақтайды сипап қалдым қызға нанбай,
Қара жер сонда болды қозғалғандай.
Тағы да айғайлаған дауыс шығып,
«Һәлак болдық, — деп салды қыз да, — ойбай».

Мен сонда қорыққанымнан шықтым тысқа,
Ала алмай балтам қалды асығыста.
Орнына тасты және қойып кеттім,
Бір бейнет келді және біз байғұсқа.

Ғифрит сонда қызға жетіп келді,
Балтаны жерде жатқан көзі көрді.
— Бір жараның адамзаттан бар екен, — деп,
Ол кәпір сонда қызды қинай берді.

Ғифрит сол балтаны қолына алған,
Бек қатты сонда қызға ашуланған.
«Осының иесін тауып келем», — деп,
Адамзат боп шаһарға кетіп қалған.

Бұ кәпір базарға кеп айқай салған,
«Бұ балта кімдікі, мен тауып алған?
Жаныма пайда қылып ұстамаймын,
Беремін қияметтен қорыққанымнан».

— Мұны мен бір адамға деп едім алған,
Ақсақал бағанағы айтып салған.
— Ендеше, балта берген кісің тап, — деп,
Жібермей ақсақалды ертіп алған.

Ақсақал ғифритпен келді маған,
— Балтаны танимысың, — деді, — балам, алған?
Байқамай «менікі» деп айтып салдым,
Ғифрит білегімнен ұстап алған.
Бір теуіп жер астынан жол шығарып,
Жетектеп мені қызға алып барған.
Маған айтты: — Бұ қызды танимысың,
Мен дағы «танымаймын» дедім оған.
Қыздан тағы осындай жауап сұрды,
Бейшара қыз да мені танымаған.

Ғифрит ашуланып жетіп келді,
Әкеліп қыз қолына қылыш берді.
— Қиянат араңызда іс болыспаса,
Шапқылап қылышпенен өлтір, — деді.

Қолына қыз бейшара қылышты алған,
Әуелде үміт үзіп шыбын жаннан.

— Күнәсіз бір адамды өлтірмен, — деп,
Қылышты ары қарай лақтырған.

Қылышты алып келіп берді маған,
Мен дағы «өлтірмеймін» дедім оған.
— Күнәсіз нахиф адам қанын төгіп,
Қорқамыз ахиретте азабынан.

Ашуы ғифриттің келді қатты,
Сол жерде ошал қызды һәлак етті.
Берік тұтып құлағымнан мен ғаріпті,
Жетектеп сонда мені алып кетті.

Қайнады енді сонда менім сорым,
Менде жоқ бұрынғыдай адам нұрым.
Маймұн қып әфсүн оқып қоя берді
Мендейін азғырылған бейнетқорын.

Жөнелдім бір сағатта маймұн болып,
Баяғы мен жыладым тауға келіп.
Шаһарға енді беттеп бара алмадым,
Иттері мені талап өлтірер деп.

Мен жүрдім тау ішінде маймұн болып,
Һәр істі аңғарады ішім біліп.
Баяғы су шетіне және бардым,
Саламат шыққан жерді жақсы көріп.

Мен жүрдім маймұн болып су шетінде,
Құданың қарай қойшы құдіретіне.
Сол жерде сумен ағып келіп шықты,
Ішінде көп халайық бар бір зор кеме.

Шыққан соң су шетіне мені көрді,
Бәрі де тамаша қып маған келді.
Мен енді оларға кеп еркелендім,
Маймұн деп асыранды ойлайды енді.

Бірі кеп мойынымнан ұстап алды,
Көтеріп кемесіне алып барды.
Көріп бәрі мені тамаша қып,
Алдыма алып келіп тағам салды.

Керуендер бір шаһарға келді тамам,
Білемін айтқан сөзін, өзім адам.
Бірінен ишаратпен сұрап алдым,
Жазам деп қағаз, сия, дәуіт, қалам.

Білдірдім қағазбенен әуел-соңын айтып,
Заманым өтіп кеткен келмес қайтып.
Қағазбен біз сөйлесіп отырғанда,
Бір адам келді бізге бүй деп айтып.

— Жан бар ма хат жазатын ішіңізде,
Бір писір опат болған бүгін түнде.
Өзіне көп уәзипа беремін деп,
Жіберді падишамыз бізді мұнда.

Олар айтты: — Адам жоқ жазуға ұста,
Жазымпаз бір маймұн бар көрген нұсқа.
Біледі айтқан сөзді, өзі айта алмас,
Адам жоқ жақсы жазар сонан басқа.

Сол адам падишаға айтқан барып,
Падиша бұйырыпты кел деп алып.
Өңгеріп мені алдына алып кетті,
Саласың қандай күйге, Жаппар Халық.

Патшаның құзырына келдік кіріп,
Әдеппен тағзым бірлән сәлем беріп.
Мен тұрдым қол қусырып құзырында,
Падиша қайран қалған мені көріп.

Падиша айтты: — Не қылған маймұн екен,
Бұл өзін падишаһтар үйреттірген.
Патшаның сарайында тұрса керек,
Көз көріп, әдеп әркан сонан білген.

Бар екен падишаның жалғыз қызы,
Бұйырды алып кел деп барып соны.
Жүгіріп біреу қызға кетті өзі,
Падиша менен жауап сұрады сонда.

Патша айтты: — Хат жазуды білесің бе,
Жоқ еді молда маймұн ер есімде.
Тағы да айтқан сөзді білемісің,
Біздерге хатшы болып жүресің бе?

Мен айттым ишаратпенен білемін деп,
Хатшы боп падишаға жүремін деп.
Екеуіміз сөз сөйлесіп отырғанда,
Патшаның қызы келіп қалды сонда.

Қыз келіп атасына сәлем берді,
Алдында падишаның мені көрді.
Бір қарап патша қызы мені көріп,
Бүркеніп менен жүзін жасырды енді.

Падиша қызына айтты: — Әй, перзентім,
Адам жоқ менен басқа, жүзіңді өрттің.
Маймұннан ұяларлық жөнің болса,
Шырағым, бұрын мұнда келмес едің.

Патшаның қызы сөйлер тұрып сонда:
— Адамдар маймұн деген бұ шерменде,
Біреуден сиқыр ғылымын мен де үйрендім,
Сұрамай сізден рұқсат жас күнімде.

Бұл өзі бір шаһардың патшасы еді,
Ғифрит сиқырменен маймұн қылды.
— Қызымның осы айтқаны рас па? — деп,
Падиша тұрып менен жауап сұрды.

«Рас» деп қағазбенен айттым бәрін,
Патшаға арыз қылдым қайғыларым.
Падиша сонда тұрып қызына айтты:
— Сиқырмен адам қылар бар ма халің?

Қыз сонда қолына бір қылыш алды,
Үйінің ортасына жазу салды.
Тылсым қып сиқыр ғылымын оқығанда,
Ғифрит бір сағатта келіп қалды.

Сиқырмен шақырыпты ғифритті,
— Аздырдың сиқырменен адамзатты,
Қылышпен өлтірем, — деп қыз барғанда,
Ғифрит өзін-өзі бұршақ етті.

Ғифрит қысылғаннан бұршақ болды,
Қыз сонда тауық болып теріп жеді.
Бұршақты тауық тауып келген кезде,
От болып жалғыз бұршақ шашылды енді.

Сол оттың бір ұшқыны маған келді,
Пәтшағар қысас қылып көзге кірді.
Бір көзім шықты сонда от күйдіріп,
Су болып ошал отты қыз сөндірді.

Қыз сонда от сөнген соң адам болды,
Бір әфсүн оқыды да мені ұрды.
Мен дағы бұрынғыдай адам болдым,
Сол жерде атасына қыз сөйледі.

— Әй, ата, енді менен қош-есен бол,
Перзентің бар жасаған ғұмыры сол.
Ғұмырым енді менің тамам болды,
Тұруға бұ дүниеде болмады жол.

Қыз сонда осыны айтып өліп қалды,
Падиша маған сонда ашуланды.
— Кесірлі қадамыңыз жан екенсің,
Қоймаймын бұ шаһарға сен хайуанды.

Патша ұрсып шығарған соң кеттім жүріп,
Қуандым бұ дәулетке шүкір қылып.
Кез болдым Бағдаттың керуеніне,
Солармен қалдым, ханым, мұнда келіп.

Келген соң керуеннен кеттім бөлек,
Һәр істі жақсы-жаман Хақтан білмек.
Қаңғырған зар-сәргардан мен ғаріптің
Күнәсін ғафу қылып кешсең керек.

Сол кезде таң намазы болды жақын,
Айырып жақсы-жаман сөздің парқын.
— Күнәһысын баршаңыздың кештім, — дейді,
Намаздың үшбу келген хақын сақтап.

Бесеуін шығарыпты қыз саламат,
Қуанған екі соқыр бек қабағат.
Падиша Жағыпармен ақылдасып,
Бұларды ертіп жүрді қылып құрмет.

Бұларды Һарон Рашид қонақ қылған,
Қауым боп таң намазын оқып алған.
Ас ішіп рахаттанып отырған соң,
Шақырып Жағыпарды қасына алған.

Патша айтты: — Жағыпар, баршы анда,
Екі атты, үш қызбенен келтір мұнда.
Солардың жай-жапсарын біз сұрайық,
Тамаша хикмет бар со қыздарда.

Қасына сонда Жағыпар әскер алды,
Сауылдап қыз үйіне жетіп барды.
Екі атты үш қызбенен әкелген соң,
Падиша ханым қыздан сөз сұрайды.

Таныды падишаны ханым сонда,
Түндегі падиша да бар қонақта.
— Екі атты ұрып, тағам жейүп, өлең айтып
Таласың, не хикмет бар айтшы мұнда.

Ханым әпенді қиссасы

Айтайын мен сырымды, тақсыр ханым,
Көп болды бұ дүниеде қайғы-зарым.

Бір байдың Бағдатта қызы едім,
Атама қаза берген Жаппар, Кәрім.

Жоқ еді атамызда ұғыл пезент,
Артында қалды үш қыз, қанша дәулет.
Көп дәулет қисабы жоқ бізге қалып,
Біз тұрдық һеш адамға болмай қажет.

Мен сонда сіңлілерге айтушы едім,
Ішімді екеуінен тартушы едім.
Жастықта байға тиіп асықпа деп,
Андан соң ашуымнан қайтушы едім.

— Асықпа, сабыр еткіл, ей, бейшара,
Бізде жоқ жан ашырлық іні-аға.
Байқап жүр, өз бойыңды байқап ұста,
Малдан соң жетім қызда болмас баға.

Сөзімді менім айтқан елемеді,
Бұрынғы әдетіндей жүре берді.
Екеуі екі шебер жігіт тауып,
Бірталай соларменен дәурен сүрді.

Бірталай осыменен заман өтті,
Айтайын жақсы-жаман көрген кепті.
— Құп жақсы екеуіңді көрер едік,
Апаңнан еншің бөліп алың, — дейді.

Екеуі бұ сөзіне жұбанбады,
Жігіттер сонда тұрып қуанбады.
Тиесін сонда менен бөліп алып,
Шаһары Ферағстанға көшіп кетті.

Екі жыл Ферағстанда тұрды солар,
Мал-мүлкін тауысып алған бейшаралар.
Ішерге ас, киерге киім жоқ болған соң,
Дорба алып екі сіңлім қайыр сұрар.

Жақсылық көре алмады сол ерінде,
Қай патша тұр алтын тақ кемелінде.
Түлкідей түнде жүріп бұлаңдайтын,
Һәркімнің еркелігі өз жерінде.

Бір күні бір күтушім келді маған,
— Не жұмысқа келдіңіз? — дедім соған.
— Есікте қайыр сұрай екі адам тұр,
Рұқсат береміз бе, ханым, соған.

Рұқсат екеуіне сонда бердім,
Екеуі жетіп келді, мен де көрдім.
Екеуі маған келіп көріседі,
Бейшара қайыршы екен екі сіңлім.

— Есен-сау отырсыз ба, жаным апа,
Біздің айтқан сөздерге болма қапа.
Жастықпен тіліңді алмай жүруші едік,
Көрмедік тиген ерден һешбір опа.

Барған соң малымызды тартып алды,
Опасыз ерден, сірә, есек артық.
Малды алып, өзімізді тастап кетті,
Андан соң бейшара боп келдік сізге.

Мен айттым екеуіне: — Ей, бауырлас,
Адамға жапа тартпай опа болмас.
Жетерлік үшеумізге дәулетім бар,
Қосылуға керек қой тауып жолдас.

Олар айтты: — Һешкімге бармаймыз, — деп,
Ауызға ер деп атын алмаймыз, — деп.
Көрмедік алдыңғыдан һешбір опа,
Соңыңнан енді сенің қалмаймыз, — деп.

Үстіне асыл киім киіндірдім,
Көңілін раушан етіп сүйіндірдім.
Тағы да «ерге тием» дегеннен соң,
Қанша жасау қазынамен ерге бердім.

Мысырға кетті бұлар және көшіп,
Бір жыл тұрды бұйырып онда нәсіп.
Айрылып ерлерінен және келді,
Ер көрмей уағда қылды тұрам[ын] деп.

Неше жыл осылайша тұрдық сонда,
Бір Құдай, біз ғаріпті өзің оңда.
Суменен сәйір қылып келейік деп,
Біз міндік ақша беріп бір кемеге.

Алтынды үйде қалған көмдік жерге,
Жастықта, Жаппар Тәңірім, қаза берме.
Кемеге сіңлімменен келіп міндім,
Сәйір қып дариямен жөнелерге.

Неше күн сапар қылып кеттік сумен,
Бір күні кеме иесі маған келген.
Біз мұнда қаталық жолға түстік білем,
Біз келдік бір аралға мен көрмеген.

Атпенен қожа кетті сол аралға,
Тамаша сол шаһарды араларға.
Кешікпей және қайтып бізге келді,
Ол айтты бек тамаша көрдік мұнда.

Біз бардық тамашаға тоқтамастан,
Шаһары, адам, хайуан бәрі тастан.
Аралап сол шаһарды жүргенімде,
Бір үлкен сарай көрдім бар-ды бустан.

Мен келдім сол сарайға кірейін деп,
Мәнісін мұның сұрап білейін деп.
Үстінде тас тақыттың патшасы отыр,
Алдында тастан болған әскері көп.

Әскері патшасымен қара тастан,
Жаны жоқ, тамашасы құп жарасқан.
Сол жерде тұрғанымда үн естілді,
Мен бардым ошал үнге тоқтамастан.

Естіген үнге жақын бардым сонда,
Бір жігіт Құран оқып отыр қолда.
Мақамы өзге жаннан сондай бөлек,
Мұнауувар өзі, көркем және молда.

Жігітке жақын барып сәлем бердім,
Мен соған бір көрумен ғашық болдым.
Шаһардың осылайша тас болғанын,
Жігіттен «не себеп?» деп жауап сұрдым.

Жігіт айтты: — Бұрын бұл бай шаһар-ды,
Адамы бәрі зұлым, емес жарлы.
Табынған пұт-параст пиғылына
Жіберді Алла бұған бір қаһарды.

Бір күні һәтифтан әуез келді,
«Құдай бір, пайғамбар хақ, Құран жөн-ді».
Инанбай көпірлікпен бұ әуезге,
Бұзықтық бұрынғыдай қыла берді.

Сол дауыс болуына бір жыл өтті,
Со жерде Жаппар Тәңірім зілзала етті.
Адамы хайуан менен қара тас боп,
Шаһары және осындай болып кетті.

Мен қалдым мұсылмандық құрметінде,
Көтерткен мені жаста бір қатынға.
Ол өзі мұсылманның қызы екен,
Үйреткен ислам дінін: Әлхамдулиллә, фатиха.

Намаз бар рузамен, зекет пен қаж,
Екінші және оқимыз нәпіл намаз.
Ғұмырымды Құран оқып өткеремін,
Бұ дүние бес күн тірік, опасы аз.

Көңілімді ғашықтықтан тия алмадым,
Сөйлемей текке қарап тұра алмадым.
Тәртіптеп ғашық жайын айттым сонда,
Кеткен соң көңілім оған, ұялмадым.

Мен айттым: — Шаһарымыз Бағдатта,
Кememен сапар қылдым бұ тарапқа.
Халқымыз шаһардағы бәрі молда,
Іждағат көрі-жасы оқымақта.
Бізбенен еріп барып дәріс оқың,
Алыңыз бізді қабыл халалдыққа.

Жігіт сонда сөзімді қабыл алған,
Дүниелік ахиреті һәм табылған.
— Сені алдым халалдыққа, дәріс оқимын,
Деп жігіт кememізге мініп барған.

Кemені «қайтамыз» деп бұрдық кейін,
Жазған соң Алла тағдыр, мен не дейін.
Құмар боп ғашық жарға қосылған соң,
Етеміз ғейіш-ғишрат кешке дейін.

Бір күні ғашық жармен жаттық ұйықтап,
Жүр екен екі сіңлім бізді байқап.
Білінді мұрыныма су кіргендей,
Оятты сонда мені біреу шайқап.

Ояндым көзімді ашып су ішінен,
Жаңылдым биһуш болып сонда есімнен.
Сүйреп мені біреу алып шықты,
Айрылдым ғашық жардан, жолдасымнан.

Шыққан соң су ішінен және талдым,
Шығарған кім екенін біле алмадым.
Бір уақта есім жиып, көзімді ашсам,
Қасымда бір қыз отыр, қайран қалдым.

Қыз айтты: — Басың көтер, ей, бейшара,
Жолдасың қасындағы кетті суға.
Сіңлілерің екеуіңді суға атты,
Мен келіп, алып шықтым сені қырға.

Халалың қаза тапты қасындағы,
Шамшырақ сөнді жанған басындағы.

Сабыр қыл, жылағанмен қайтып келмес,
Бір Алла қияметте қоссын тағы.

Өзіңдей сол жігітке мен де ғашық,
Жазбады бұ дүниеде Алла нәсіп.
Қас қылған сен ғаріпке сіңліңізді
Ат қылып үйің астында қойдым басып.

Екеуін бағанаға қойдым байлап,
Мен келдім мал-мүлкіңнің бәрін жайлап.
Һәр күнде екі атқа мың қамшы ұрмасаң,
Боларсың сен де сондай сорың қайнап.

Көзіңді, — бұйрық қылды, — жұм, — деп айтып,
Арқама жылдам келіп мін, — деп айтып.
Көзім жұмып, мініп арқасына,
Кіргізіп үйге тастап кетті қайтып.

Мың қамшы қорыққанымнан ұрам атқа,
Рақым қылып шапағат қылам атқа.
Ұрмай-ақ қояйын деп ойласам да,
Қорқамын жолығам деп кесапатқа.

Сіз мені таласың деп қылдың айып,
Кемеде ғашық жарым айтқан бәйіт.
Сол бәйіт көңіліме қош келеді,
Ризамын талмақ түгіл, болсам шаһид.

Екінші қыз қиссасы

Екінші қызға және қылды жарлық:
— Ғажайып сөзің бар ма біз тыңдарлық.
Қыз айтты: — Менде қызық көп,
Отырды мұны тыңдап келген халық.

Қыз айтты: — Атамызға дәулет біткен,
Күн көрген маңайында қай жан жеткен.
Жоқ еді һеш перзенті менен басқа,
Өзіне сол уақытта қаза жеткен.

Қарамайын қаза жетсе жоқты-барға,
Мен қалдым иелі болып бек көп малға.
Қазасы Тәңірінің һеш нәрсе емес,
Артында орнын ұстап қалған жанға.

Айттырды мені бір бай баласына,
Сөзімнің айып етпе шаласына.
Үйіне айттырды да алып барды,
Бәрі де бір жұманың арасында.

Бірталай осыменен заман өтті,
Басыма Тәңірім салған мұндай кепті.
Атама сол уақытта қаза жетіп,
Пәниден бақи жұртқа рихлат етті.

Артында қалды соның жалғыз бала,
Алтын, гауһар және көп мың сан қара.
Күйеуім екі ай тұрып о да өлді,
Ісіне Құдіреттің бар ма шара.

Мен қалдым ерім өліп және жетім,
Не қылса, өзіне жөн бір Құдіретім.
Жесір боп ерге тимей мен отырдым,
Еріме кәміл еді махаббатым.

Мен сатып құл, кәнизак алдым малай,
Салдырдым шеберлерге алтын сарай.
Үш жүз алпыс пормалы киім кидім,
Көп уақыт осыменен тұрдым солай.

Һәр күнде бір түрлісін киюші едім,
Қажетін жетім-жесірге беруші едім.
Дүниенің қызығынан қалғаннан соң,
Ахирет қамын ойлап жүруші едім.

Бір күні уақты болды екіндінің,
Таһарат алып оқуға түрегелдім.
Біреу айтты: — Есікте бір қатын тұр,
— Рұқсат, кірсін мұнда, жібер, — дедім.

Рұқсат бергеннен соң келді қатын,
Қасыма сәлем беріп келді жақын.
Меніменен екіндіні бірге оқыды,
Ұзартты тәсбих тартып намаз артын.

Намазын қатын оқып болды тамам,
Тәртіптеп сөз сөйлейді сонда маған.
Айтады бастан кешкен уақиғасын:
— Ерімнен мен де сендей жаста қалғам.

Осымен біраз кәсіп қылайын деп,
Шаһардан жетім қызды жиып алдым.
Соларды тәрбиелеп көп ұзатып,
Осымен ерге тимей тұрып қалдым.

Жалғыздық жараспайды адамзатқа,
Һеш пайда көре алмадым дүние-малдан.
Құр дәулет иесі жоқ неге керек,
Келмейді екі айналып шіркін жалған.

Күйеуге қалған қызды беріп едім,
Қайғыны мен де өзіңдей көріп едім.
Күйеуі бүгін кешке келуші еді,
Андан соң киім сұрай сізге келдім.
Осындай жетпегенге себеп қылған
Ұжмақта орны бөлек жомарт ердің.
Осындай киім керегін айтқан соң,
Зейнетті неше түрлі киім бердім.

Зар жылап қатын маған қылды дұға,
Жақсылық артық көрдім сізден, сірә.
Жетімдер бек шат болып қалар еді,
Өзіңіз еріп барсаң біз пақырға.

Осылай айтқаннан соң ердім оған,
Хайламен айтқан екен қатын маған.
Амалмен осылайша алдап мені,
Әкелді бір сарайға панар жанған.

Қанша қыз алдымыздан қарсы шығып,
Ішіне сол сарайдың алып барған.

Үстінде алтын тақтың бір қыз отыр,
Порымы бөлек екен өзге жаннан.
О дағы бек қуанып шаттанады,
Шақырып сонда мені қасына алған.
«Киімге қажет болар кісі емес қой,
Бір хайла бар екен» деп ойыма алдым.

— Ініміз сізге ғашық болғаннан соң,
Хайламен шақырдым, — деп айтып салған.
Шақыртты сонда інісін «көріңіз» деп,
Ойынсыз менім сөзім емес жалған.
Інісін көргеннен соң ғашық болып,
Сол жерде некаһлатып тиіп қалдым.
Ләззаты бұ дүниенің табылған соң,
Мен бездім ғашықтықпен дүние-малдан.

Бір күні рұқсат алдық еріміздеп,
Еріміз рұқсатты бізге берген.
Қаршықты бағанағы ертіп алып,
Базарға киім үшін мен де келдім.

«Бұлы арзан бір байбатша бар еді», — деп,
Маған бұл алдырмады өзге жерден.
Мен сонан арзан бұлды әперем деп,
Мені ертіп сол лапкеге алып кірген.

Біздерден нәрсесіне бәс сұрамай,
Байбатша бұлын кездеп бере берген.
Мен айттым «қанша ақша?» деп байбатшаға,
— Бұл үшін сізден ақша алман деген.

Мен айттым: — Ақша алмасаң, бұлыңды алман,
Әуелі ақша алам деп айттың жалған.
Сонда қаршық қасыма жүгіріп келіп,
Бәдбақыт маған сонда ақыл салған.

— Бұған бір алтынның керегі жоқ,
Бетіңнен бір сүйгізсең болад деген.
Алдаған сол қаршықтың тіліне ердім,
Бетімнен сүйемін деп тістеп алған.

Бетімнен қан аққан соң болдым қапа,
Көрмедім сол қаршықтан hешбір опа.
Өтірік үйге келіп мен ауырдым,
Ерімнен ұялғаннан айттым қата.

Ерім айтты: — Бетіңе не қылды? — деп,
Мен сонда өтірік сөз сөйледім көп.
— Есекшінің отыны қағып кетті,
Мен сонда қатты жерге жығылдым, — деп.

«Шақыр, — деп, — есекшіні» ашуланды,
«Жазасын есекшінің беремін» деп.
Мен қорқып нақақ жанды жылатпаққа,
Мен айттым «саудагерден сүйгіздім» деп.

Еріміз сонда тұрып ашуланған,
Шақырып көп қазыларды қасына алған.
Пәтшағар қиянатты қыз екен деп,
Қазылары бастырып жүз қамшы ұрған.

Жонымнан қамшы тіліп қандар кетті,
Тыймаққа ошал қанды көмір септі.
Сүйретіп өлген малдай алып келіп,
Түбіне өз қақпамның тастап кетті.

Түбінде өз қақпамның жаттым талып,
Қызметшім үйге апарған көре салып.
Екі айдай сол қамшыдан зағип болып,
Жазылдым жараларға дәрі жағып.

Білмеймін сол сарайдың қайда екенін,
Тағы да ғашығымның білмен жөнін.
Жігіттің қатынменен хайласы бір,
Тақсыр-ау, қайсы осындай мен көргенім.

Сол жігіт айтушы еді бәйіт бастап,
Мен жүрмін ғашығым деп көзім жастап.
Қорыққаннан тұғрылығым айтпаймын деп,
Ғашығым сол себепті кетті тастап.

Таламын сол себепті бәйіт айтып,
Заманым бұрынғы өткен келмес қайтып.
Андан соң бұ әпенді кез келген соң,
Бұған һәм жолдас болдым сырымды айтып.


Бұ дағы адам екен мендей болған,
Көзі жас, көкірегіне қайғы толған.
Сырымыз екеуміздің келген соң,
Қайғылы екі ғаріп бірге тұрған.

Патша еді Һарон Рашид әділетті,
Бар еді жалғыз ұғылы Марур атты.
Шақыртып сонда патша қасына алды,
Адам жоқ бұ дүниеде ол сипатты.


Қыз көріп Марурды талып кетті,
Салқын су алып келіп қызға бүрікті.
Аздан соң есін жиып бейшара қыз,
Көтеріп басын сонда түрегепті.

Бұ қызды Марурға некаһлады,
Әпенді ханымды хаммалшы алды.
Оқытып молдаларға неше күндей,
Және де адам қылды екі аттарды.

Қос соқырменен келген екі патша,
Екі қыз киім киді адамзатша.
Екеуін екі қыз[бен] некаһлатып,
Көп мал бөліп беріпті Һарон патша.



ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚАҒИРА МЕН ТАЙМҰС

Бұл дастан дана уәзір мен адал дос (көмекшілер) туралы хикаялық дастандар тобына жатады.

Перзентсіз патша мен уәзір орта жастан асқанда бала сүйеді, патшаның баласы Таймұс пен уәзірдің баласы Қағира қатар өседі. Сұлу қыз туралы хабарды бір тіленшіден кездейсоқ естіген жігіттер ешкімге айтпай жолға шығады. Бірақ та сұлу қызды естіген бойда оны бір көруге асық болған Таймұс күндіз-түні қызды ойлап ah ұрғанмен, белсенді әрекетке көшпейді. Көмекке адал дос Қағира келеді. Қалайда Шын-Машын жұртындағы Пағпұр ханның қызы Мәликені Таймұсқа қосу керек! Мақсатына жету үшін Қағира екі рет әйелше (әйелдердің айтуымен) киінеді: 1) Мәликеге молда шеше киімін киіп барып, қызды Таймұсты бір көруге үгіттейді; 2) қыз болып киініп Мәликенің орнына ұзатылып барып, «қайын сіңлісін» көндіріп алып қашады.

Осыған ұқсас сюжет «Тотынаманың» 24-түнінде[1] баяндалады.

Қазақ халқының үйлену салтында күйеу белсенді емес, есесіне күйеу жолдас барлық сынақтан өтеді: ән салады, күй шертеді, айтысқа да түседі, балуан күреске де қатысуы мүмкін[2]. Сондықтан төл топырағымызда қайта жырланған кірме сюжеттің қазаққа жаттығы жоқ. Уәзірдің баласы Қағира ақылы мен айласын қолданып, патша ұлына деген достығы мен адалдығын дәлелдеп шығады. Ақырында өзі де, патша ұлы да екі патшаның қызын қалыңсыз алады. Осыған ұқсас сюжет «Ханның қызы

---

[1] Тотынама. — Алматы: Жазушы, 1991. — 160-162 б.

[2] *Каскабасов С.А.* Колыбель искусства. — Алматы: Өнер, 1992. — С.16.

Күлше» (ОҒК: Ш.147), «Шекер, бал» (ОҒК: Ш.4), т.б. қазақ ертегілеріне арқау болған.

Дастан XIX ғасырда жырланып, ел арасында бірнеше нұсқамен тараған. Ал қағазға түскен алғашқы жазбасы — 1870-1900 жылдар аралығында Білтебайұлы Шорманның айтуынан жазылып алынған нұсқа. Ол ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.128, 3-дәптер, 25 бет, араб әрпінде. Жинаушылар — Шорман молданың балалары Арон мен Жүсіп. Қолжазба қорына Ғ.Мұсабаев тапсырған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналастырылып, қаламмен жазылған. Жазуы өше бастаған, әрі қолжазбаның бүлінуіне байланысты бірнеше бетте (18-23-б., әсіресе 21-б.) кейбір өлең жолдарын оқу, тану қиындық туғызды.

Дастанның тағы бір қолжазбалық нұсқасы ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы: Ш. 568, 22-бет, араб әрпінде. Шығарманың аты: «Қисса Қаһира — Таймұс». Қолжазба шамамен XX ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Бұл — Шорман молдадан үйренген Қыпшақбай ақын нұсқасы. Қолжазба қорына Әмір Бейсенов 1942 жылы тапсырған.

Томға енген мәтін ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы тұрған қолжазбадан дайындалды. Кейбір оқып тануға қиындық туғызған, өшіп қалған сөздер мен жолдар ОҒК-ның Қолжазба қорынды сақтаулы тұрған қолжазбамен салыстырылып анықталды, олар тік жақшаға алынып берілді.

Оқырманға алғаш рет ұсынылып отыр.

ХИКАЯТ СӘЛІМЖАН

Хикаялық дастандар тобына жататын бұл дастанның негізгі тақырыбы — опасыз әйел мен адал жар жайында.

Дастанның мазмұны қысқаша төмендегідей: Һират қаласында Сүлеймен деген бай саудагердің Сәлімжан деген жалғыз ұлы болады. Сәлімжанның алдыңғы әйелі қайын атасынан қалған қазынаны күйеуінен жасырып, көңілдесіне білдіріп, опасыздық танытса, кейінгі алған жары Гүлжауһар бәстен жеңіліп жалаңаяқ қалған күйеуін елге алып қайту үшін ер киімін киіп, керуенге еріп шығады. Күйеуінің хаты арқылы мән-жайға қанықкан ол керуеннің жолындағы аяр кемпірдің таң атқанша шам ұстайтын мысығына асыранды тышқанын

салып, бәсті жеңіп, кемпірдің жүз түйе дүниесін қосып алады. Шын шаһарында азып-тозып жүрген күйеуін тауып алып, өзін танытпай, еліне алып қайтады.

Халқымыздың «Есік көргенді емес, бесік көргенді ал» деген сөзінің жаны бар. Бас кейіпкер жаман әйелден көп тауқымет көрсе, жақсы әйел «есіктегі басын төрге сүйрейді».

Осы дастанның мазмұнына ұқсас, әйелдің мекерлігін баяне дайтын ертегі, әңгімелерді әр қилы жинақтардан кездестіруге болады. Мысалы, «Мың бір түн» цикліне енетін «Ұлы патшаның екі ұлы», «Киік жетектеген кісінің әңгімесі», «Қашыр мінген кісінің әңгімесі», «Шала тас жігіттің әңгімесі», «Бір сандыққа бес кісі салған әйел», «Қатын тескен ін»[3] деген әңгімелердің де тақырыбы дәл осы.

Дастан фабуласын құрайтын мотив, сюжеттердің бірае зы көптеген халықтардың фольклорына тән, яғни халықаралық сюжеттер санатына жатады. Мысалы, ер киімін киіп қиын жағдайға ұшыраған [жау қолына, түрмеге түскен] күйеуін ақыл-айласының арқасында құтқарған әйелді баяні дайтын сюжеттер Аарне-Андреев көрсеткішінде 800-санмен белгіленген[4].

Дастан Қазан қаласында үш рет — Чиркова баспаханасынан 1896 жылы, Университет баспаханасынан 1908 жылы, Домбровский баспаханасынан 1916 жылы жарық көрді. Кітапты баспаға дайындаған — Жүсіпбек Шайхысламұлы.

Мәтінде баспа тарапынан кеткен біраз қателер бар екені анықталды, мысалы: «*жеткізер бізді димешке*» деп қате жазылған жол контекске сәйкес «*жеткізер бізді де бейішке*» деп түзетілді; түпнұсқадағы *исманімді* деген сөздің мағынасы күңгірт болғандықтан, ол контекске сәйкес *сенімді* деп берілді, т.б.

Томда жарияланып отырған мәтін 1896 жылғы Қазан басылымынан еш өзгеріссіз дайындалып, алғаш рет баспаға ұсынылып отыр.

ХИКАЯТ МАРҒҰБА ҚАТЫН

Шығармада күйеуіне адал, діндар әйелдің жаланың кесірінен көп тауқымет шексе де, сабыры мен тақуалығының

[3] Мың бір түн. 4 томдық. Аударған *Қ.Әбдіқадыров.* — Алматы, 1961.
[4] *Андреев Н.П.* Указатель сказочных сюжетов по системе Аарне. — Л., 1929.

арқасында қиындықты жеңіп шыққаны, өзін орынсыз жәбірлегендерге кешірім жасап, күйеуіне қайта қосылғаны баянда; лады. Дастан кейіпкерінің тағдыр тауқыметі арқылы аманатқа қиянат, көрсеқызарлық, жалған куә болу, нәпсіқұмарлық сияқты жаман қасиеттер сыналып, адам бойындағы ізгі қасиеттер: сүйген жарға адалдық, тақуалық, әлсізге қол ұшын беру, қайырымдылық дәріптеледі.

«Хикаят Марғұба қатын» дастанының мазмұны «Мың бір түннің» 489-490-түндерінде айтылатын әңгімеден өрбіген[5].

Мұнда ертегілік сюжет толық сақталған, сонымен бірге дастанның оқиғасы біршама күрделенген. Біріншіден, географиялық орта өзгерген: шындыққа жанасымды болу үшін оқиға Түркістанда болған деп айтылады. Екіншіден, негізгі кейіпкерлердің есімдері аталады және кейіпкерлер саны көбейген. Үшіншіден, адал әйелге жазықсыз соқтыққандар әр түрлі апатқа ұшырайды, Алла Тағаланың құдіретімен әйелге емшілік қасиет дариды.

Дастанға арқау болған — жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар туралы Шығыс пен Батыста кең тараған сюжет желісі. Ал тақырыбы мен мазмұнына орай бұл шығарма әйелдердің адалдылығы мен ақылдылығын баяндайтын хикаялық [новеллалық] дастандардың тобына жатады[6].

Дастанның Қолжазба қорларында бірнеше нұсқалары бар. Кітап қалпындағы нұсқалар:

1. Хикаят Марғұба қатын. 1889 жылы Қазан қаласында Императорлық университет баспаханасында Шәмсидин Құсайынұлының қаражатымен басылған. ОҒК: РМ 687; РФ 259 (фотокөшірме), араб әрпінде, 18 бет.

2. «Қисса Марғұба». 1911 жылы Қазан қаласында ағайынды Каримовтер баспаханасында басылған. Бұл басылымның үш данасы сақталған [ОҒК: Ш. 374, Ш. 8518, Ш. 8519], араб әрпінде, 23 бет. Кітаптың мұқабасында «Ноғайшадан қазақшаға жаздым Ақылбек бин Сабал» деген жазу бар. 8519-шифрлы кітап біршама төуір сақталған.

Қолжазба нұсқалар:

1. Ікая Марқұма. ОҒК: Ш. 836, қазіргі қазақ әрпінде, 28-34 бет. Халық ақыны Рахмет Мәзқожаевтың репертуарынан.

[5] Мың бір түн. 3-том. Аударған *Қ.Әбдіқадыров*. — Алматы, 1961. — 60-64 б.
[6] *Азибаева Б.У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998. — С.76.

1946 жылғы Қызылорда экспедициясы жинаған. Қолжазба қорына Мақаш Бекбергенов тапсырған.

Бұл мәтінде кісі аттары өзгерген, мысалы, Марқұманың күйеуі — Мәрді Салық, қайнысы — Пасат; әйелге қол ұшын беретін — саудагер. Ал әйелге көзі түсіп, айтқанына көнбеген соң қожайынның баласын өлтіретін — қатардағы құл емес, эпикалық дұшпан — қызылбастан алған құл. Мұндай айуандыққа тек қана ата дұшпан — қызылбас баруы мүмкін деген эпикалық санаға сәйкес басқа нұсқаларда кездеспейтін детальды қосып отырған батырлық жырларды көп жырлаған, белгілі эпик ақыны Р.Мәзқожаев екені сөзсіз.

Марқұма күйеуімен қайта қауышқанда аспаннан үр қыздары гауһар шашқаны суреттеліп, ұлды, қызды болып барша мұрат-мақсатына жетуімен дастан аяқталады. Бұл басқа да дастандарда кездесетін тұрақты мотивтердің бірі екені белгілі.

2. Марқұма. ОҒҚ: Ш. 1886, 156-179б; ӘӨИ: Ш. 970/1; қазіргі қазақ [кирилл] әрпінде. Ақын Құтбай Дүрбайұлының орындауынан 1968-1969 жылғы Ташкен экспедициясы жинаған. Тапсырушы Қ.Саттаров.

Бұл нұсқада кейіпкерлердің аты-жөні аталмайды. «Мың бір түн» ертегісінің негізінде жырланғаны байқалады, сюжет тұтастығы сақталған.

3. Марқұма. ӘӨИ: Ш. 884/1, 7-дәптер, араб әрпінде, 80 бет. Қолжазба қорына 1985 жылы Қанен Қоржынов тапсырған.

Бұнда басқа нұсқаларда кездеспейтін эпизод бар: дарға асқалы жатқанда Марқұма құтқарған жігіт оны кемешіге сатқан соң ұйықтап тұрса, денесі әйелге айналып кетеді.

Күнәһарлардың бәрі де Құдайдың қаһарына ұшырайды: біреуінің денесі әйелге айналып кетеді, екіншісі аспаннан түскен отқа күйіп өледі, ал тағы біреулері айықпас дертке ұшырайды.

Аталған қолжазба нұсқалардың сюжеті Қазан басылымынан көп ауытқымайды.

4. «Марқұма» ертегісі. ӘӨИ: Ш. 114, 1-дәптер, қазіргі қазақ әрпінде, 47-66 бет. Талдықорған өңірінің тұрғыны Мұсабеков Дәуітбай 1959 жылы Қолжазба қорына тапсырған. Ол 1937 жылы бұл ертегіні Тесебай Көкежанұлынан естіген.

Ертегілік нұсқа: «Ерте заманда араб елінде бір Жүніс деген кісінің Марқұма деген өте сұлу әйелі болыпты,» — деп баста-

лады. Яғни, мұнда ертегіге тән баяндау тәсілі сақталған. Осы мәтінді С.Қасқабасов жарына адал әйелдер туралы новеллалық ертегілер құрамында қарастырған[7].

Дастанның жоғарыда көрсетілген екі басылымын салыстырғанда, А.Сабалұлы өз атынан 1911 жылы жариялаған кітап 1889 жылғы кітаптың қайта басылымы екеніне көзіміз жетті. Айырмашылығы: а) А.Сабалұлы мәтінді 1910 жылдың 31 мартында жазып бітіргенін айтып, өз атын қосып қойған; ә) өзі туралы мәлімет берген; б) кейбір сөздерді өзгертіп, орындарын ауыстырған.

Мысалы, «Хикаят Марғұба қатын» дастанында:

Бір қатыны бар екен Марғұба атты,
Көркем, бойы сипатты, салтанатты.
Рузе, намаз оқиды, өзі халал,
Ер әмірінен шықпайтын асыл затты, — деген өлең

шумағы «Қисса Марғұба» дастанында:

Бар екен бір қатыны Марғұба атты,
Бойы көркем болғанда, нұр сипатты.
Рузе, намаз оқиды кеше-күндіз,
Шықпайтын ер әмірінен асыл затты, — деп берілген.

Томға енген мәтін 1889 жылы Қазанда басылған «Хикаят Марғұба қатын» атты кітаптан дайындалды. Мәтінді дайынұ дау барысында шығарманың сөз қолданысы сақталды, мысалы: *менім; куәһ; хүкім*. Ал кейбір екі түрде қолданылған сөздер, мысалы: *рузе-ораза, гараб-гараби* сол күйінде берілді.

Оқырманға қазіргі қазақ [кирилл] әрпінде алғаш рет ұсынылып отыр.

БАЛЫҚШЫ ИЛӘ ҒИФРИТ ҚИССАСЫ

«Балықшы илә ғифрит қиссасы» — сюжеті өте күрделі, шығы тырман оқиғалы, рамалық композицияға құрылған көлемді шығарма. Мазмұны төмендегідей:

[7] *Қасқабасов С.* Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. — Астана: Аударма, 2002. — 235-237 б.

Балықшының ауына балық ілінбей қояды, ауын 4-рет салғанда аузы берік шелек ілінеді. Балықшы сыртына Сүлеймен патшаның мөрі басылған шелекті ашқанда құбыжық пері шыға келеді. Айтқанына көнбеген періні Сүлеймен патша мың сегіз жүз жыл бұрын шелекке салып суға тастаған екен. Пері ашулал нып құтқарушысын өлтірмек болады, балықшы айласын асы; рып періні шелекке қайта тұтады да, оған уәзірінің азғыруымен Иунан патша өзін емдеген емшіні өлтіруге бұйырғаны туралы әңгіме бастайды. Оны Иунан патша баяндап берген Синдбад патшаның өз бүркітін қас көріп, өлтіріп алып өкінген тариө хымен және уәзірдің тілін алып киікті қуған байбатшаның оқиғасы туралы уәзірдің әңгімесімен жалғастырады.

Сонан соң балықшы періні босатады, ол төрт түрлі балық аулауға болатын көлді көрсетеді. Балықшы ұстаған балықтарын патшаға тартуға әкеледі. Патша ғажайып балықтарды пісіруге бұйрық береді. Алайда ғайыптан сұлу қыз пайда болып, ол келген соң табадағы балықтар көмірдей күйіп кетеді. Бұған қайран қалған патша балықтар ауланған сиқырлы көл мен таудың сырын білмек болады. Шала тасқа айналған жігіттің оқиғасын естіп, патша опасыз сиқыршы әйелді орайын тауып өлтіреді. Сиқырланған шаһар, оның төрт түрлі халқы, патша жігіт бастапқы қалпына түседі.

Шығармада негізгі және қосалқы кейіпкерлер өмірі мысалға алынып, өмірдегі кемшіліктер сыналады, жақсылық пен жамандық туралы ғибрат айтылады. Жақсылыққа жамандық жасамау қажеттігі, антқа адалдық, сабырлылық дәріптеліп уағыздалады.

Дастан сюжетіне «Мың бір түн» цикліне кіретін 4-10 түндер аралығында айтылатын әңгімелер негіз болған[8].

Дастанды «Мың бір түн» ертегісімен салыстырғанда біраз айырмашылығы бар екені анықталды, мысалы: түпнұсқада балықшының екі қызын патша мен шала тас жігіт алып, баласын әскербасы қояды, ал дастанда патша шала тас жігітті өзіне өкіл бала етіп алып, балықшыны оның шаһарына уәзір етіп қояды, т.б.

Осы дастанмен мазмұндас ел арасында «Сырлы балық» ертегісі сақталған[9]. Ертегіде төрт түрлі балық орнына он сегіз ғалам суреті салынған екі балық алынған және жартысы адам, жартыж

[8] Мың бір түн. 4 томдық. Ауд. *Қ.Әбдіқадыров*. 1 т. — Алматы, 1961. — 29-58 б.
[9] ӘӨИ, 693-папка.

сы ағаш жігіт оқиғасы айтылады. Ол өзін құтқарған патшаның қызын алып, әке орнына таққа қайта отырады.

«Мың бір түнде » патша мен сиқырланған жігіттің жас мөлшері шамалас, дастан мен «Сырлы балық» ертегісінде патша — егде жастағы кісі. Ал балықшы — тек қана балалы-шағалы кеә дей.

Зерттеушілер «Мың бір түнге» енген әңгімелерді ежелгі үнді-парсылық, X-XI ғасырларда жинаққа кірген бағдаттық және XII-XIII ғасырдағы каирлық әңгімелер деп үш топқа бөледі. Бірінші топқа жататын рамалық композициялы көне үнділік әңгімелерді сөз ете отырып, солардың санатына балықшы тураб лы ертегіні де жатқызады[10].

«Балықшы илә ғифрит қиссасы» 1911 жылы Қазанда Университет баспаханасында басылған. Баспаға дайындаған — Иазид Қонайұлы.

Томға енген мәтін 1911 жылғы Қазан басылымынан еш өзгеріссіз дайындалып, кирилл әрпінде оқырманға бірінші рет ұсынылып отыр.

ТӘЖБАҚЫТ—ХОРШАҺРА ҚЫЗ

Шығарма хикаялық дастандардың типтік үлгісі санатынан. Мазмұны схемалық түрде төмендегідей: Жаһанабад қаласында бір патшаның Сағит, Сәбит, Тәжбақыт атты үш ұлы болады. Бір заманда патша науқастанады. «Артымнан мен өлген соң оқыңдар» деп балаларына хат қалдырады. Көп ұзамай дүние салады. Біраздан соң балалары жиналып әкелері жазған хатр ты алып оқиды. Әкесі үш өсиет сөз жазып кеткен екен: пара алмаңдар, сабырлықты әдет етіңдер, кісі хақын жемеңдер. Патша болған Сағит, уәзір болған Сәбит екеуі әкесінің өсиеттерін «Айтпаса да бұл сөзді кім білмейді» деп жөн көрмейді. Тек Тәжбақыт әке сөзін дұрыс қабылдайды. Біраздан соң Үндістан патшасы үшеуін де қонаққа шақырады. Мейман болып келм ген шаһзадаларды бүкіл үнді халқы салтанатпен қарсы алады. Бір күні мырзалар патшаның бау-шарбағын аралап жүргенде патшаның жалғыз қызы Хоршаһраны көреді де, үшеуі де ғашық болады. Қыз Тәжбақытты сүйеді. Соған қарамастан

[10] *Гринцер П.А.* Древнеиндийская проза. — М., 1963. — С. 220.

Тәжбақыттың ағалары — Сағит пен Сәбит біраз айла-қулық жасайды: Тәжбақыттың атынан екеулері кезек-кезек қызға хат жазады, Тәжбақыт болып қыз белгілеген жерге барады, т.б. Бірақ одан түк шықпайды. Олар қанша кедергі жасаса да, екі ғашық қосылып мақсатына жетеді.

Дастан ертегілік сюжетке құрылған. Бас кейіпкері — патшаның кіші баласы. Оның мақсаты — отбасы құру. Сол жолда біраз қиындық көреді. Бірақ ол дастан кейіпкері болғандықтан, оның негізгі тәсілі — ақыл, сабырлылық, төзімділік, өмірлік даналық, т.б. Қыз кейіпкердің де ағайынды үш мырзаның ішінен таңдағаны патша Сағит пен уәзір Сәбит емес, қолында еш билігі жоқ Тәжбақыт. Ол туралы мәтінде «Ұнатты Тәжбақыттың айтқан сөзін» делінеді. Демек, Хоршаһра оның байлығына, мәртебесіне, я оның келбетіне мән бермейді. Бірінші кезекте қыздың назарына жігіттің ақыл-парасаты, жайдары мінезі түседі.

Атап айтатын жайт, нұсқада кейіпкерлердің махаббаты, ғашықтық сезімі, ішкі жан-дүниесі біршама ашылып көрсетілген деуге болады. Мысалы, қызға ғашық болған Сағит пен Сәбиттің жағдайы былай сипатталады: «Сағит патша ауру боп жатып алды, Ішінде қыз күйігі қайғы тартып», «Барады ғашық оты ішін жарып», «Ғашық оты сандалтып естен танды», т.б.

Сонымен бірге дастанда патриархалдық қоғамның құндылықтары мен ұстанымдарына ден қойылған: әкесінің өсиетін орындап адал жолмен жүрген Тәжбақыт екі елге патша болам ды, Хоршаһрадай ақылды жар табады. Ал әкесінің айтқанын менсінбеген, тура жолмен жүрмеген Сағит, Сәбит Хоршаһраға сөзін өткізе алмай, қыз алдында масқара болады. Ақырында алқ дау мен өтірікке бой алдырған олар өмірде опық жейді.

Назар аударатын тағы бір жайт, «Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз» дастанындағы қыз кейіпкердің суреті [портрет] басқа шығармалардағы әйел портреттеріне өте ұқсас:

Құс ішінде аққудай,
Жан-жағына қыз қарады.
Нәзік белі бұралып,
Тоты құстай таранды.
Екі көзі жалтылдап,

Наркескен асыл қанжардай
Ішті жарып барады.

Қыз бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жарқырап,
Патшаның алтын туындай.
Сөйлеген сөзі асыл-ды,
Ақ зәмзәмнің суындай.
Аузынан шыққан лебізі
Сары алтынның буындай.

Құралайын секілді
Екі көздің қарасы.
Тізілген меруерт секілді,
Отыз тістің қаласы.
Сымға тартқан күмістей
Он саусақтың саласы.
Сондай-ақ боп туар да
Мұсылманның баласы.

Келтірілген суреттеудің 8-15 жолдары «Қыз Жібек» жырының 1900 жылы Ж. Шайхысламұлының дайындауымен жарық көріп, кейін бірнеше мәрте жарияланған нұсқасының төмендегі жолдарымен дәл келеді:

Ақ бетінде кіршік жоқ –
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жалтылдап –
Патшаның алтын тонындай.
Сөйлеген сөзі мазалы
Әп-зәмзәм суындай,
Аузынан шыққан лебізі –
Сары алтынның буындай.

Көріп отырғанымыздай, бір-екі сөздері ғана өзгертілген. Ал Ж.Шайхысламұлы дайындауымен алғаш 1896 жылы, кейін 1901, 1903, 1906, 1910, 1912, 1913 жылдары жарық көрген «Қисса Қасым жомарт» дастанымен салыстырғанда екеуінде де

сұлу қыздың портреті бірдей болып шықты [бір-екі сөздердің өзгергені болмаса].

Мұндай бірнеше шығармаларда, фольклордың бірнеше жанрлық түрлерінде кездесетін, сәл өзгеріспен бір шығармадан екінші шығармаға ауысып жүретін тұрақты суреттемелер [мұны тұрақты мотив, сюжет, тақырыптар туралы айтуға да болады] ғылымда ұқсас жерлер [общие места] деп аталады.

Ақын, жыршы, жыраулар фольклорлық нұсқаларды туындатқанда халықтың эпикалық санасында қалыптасқан суреттемелер мен бейнелеулерді, теңеулерді, сөз тіркестерді пайдалана береді. Сондықтан жиі қолданылу нәтижесінде олар тұрақтанып, бейнелеудің тұрақты үлгісіне, яғни эпикалық формулаға айналып кетеді.

Ал «Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз» дастанын жөндеп жариялаушы Шаһхәкімұлы Шаһнығмет Шаһсейітов халықтың эпикалық жадында сақтаулы дайын эпикалық формулаларды пайдаланды ма, немесе жоғарыда келтірілген қыз бейнесінің суреттемесін бұрынырақ жарық көрген «Қисса Қасым жомарт» дастанынан көшіріп алды ма, оны арнайы зерттеу ғана шешуі мүмкін.

Дастанға арқау болған бұл сюжет шығыс елдерінен ауысқан. Ол әрқилы ертегі, қисса, хикаяттарды қамтитын, әсіресе, парсы тіліндегі жинақтарда кездеседі.

Дастанды жөндеп, 1906 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жариялаған Шаһхәкімұлы Шаһнығмет Шаһсейітов. Ол мәтіннің соңғы, дастанның мазмұнына қатысы жоқ 1087-1134-жолдарында өзі туралы біраз мәлімет береді. Ол деректер ғылыми қосымшалардың «Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылары туралы мәлімет» атты тараушасында пайдаланылды.

Варианттары, көшірмелері әзірше табылмады.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1906 жылғы кітаптан еш өзгеріссіз дайындалып, кирилл әрпінде оқырманға алғаш ұсынылып отыр.

ҚИССА ҮШ ҚЫЗ

«Мың бір түн» атымен дүние жүзіне белгілі болған ертегілер тізбектемесі құрамындағы біраз ертегі, әңгімелер Аббас әулетінен шыққан бесінші халифа Һарон Рашид есімімен байланыс-

тырылып әңгімеленеді. Бұл шығармаларда Һарон Рашид әділ билеуші, әділ төреші, бұқара халықтың қамқоршысы ретінде бейнеленеді.

«Қисса үш қыз» сондай ертегі, әңгімелердің сюжетіне құрылған типтік хикаялық дастан. Ол композициялық құрылымы жағынан бірнеше аралық әңгімеден тұрады. Демек, бір әңгімеден екінші әңгіме өрбиді. Сол әңгімелердің өзегі дастанның негізгі арқауымен шендесе бермейді. Дей тұрғанмен, дастан өзегінен әңгімелер өрбіп, тұтастық танытады. Яғни, алғашқы сюжеттің өзегі — шығарманың тақырыбын саралап, әңгіме сюжеттерінің іштей тұтастануына себепші болады. Сонымен қатар оларды тұтастандырып тұрған тағы бір жайт — дастанның бас кейіпкері аралық әңгімелердің кейіпкері болмаса да, олардың айтылуына негізгі себепші болады[11].

Бұл дастан үш қыздың оқиғасымен басталады да, сонан соң үйіне келіп паналаған жолаушылардың әңгімесімен жалғасады, яғни дастан «Соқырдың хикаяты», «Екінші соқыр хикаяты», «Ханым әпенді қиссасы», «Екінші қыз қиссасы» атты тараушаларды қамтиды. Олардың әрбіреуі — жолаушылардың басынан кешкен, нанымсыз, таңғажайып оқиға баяндамасы.

Дастанның соңында Һарон Рашид, әдеттегідей, әділ шешім қабылдап кейіпкерлердің мұрат-мақсатына жетуіне себін тигізеді.

Дастан 1897 жылы Қазан қаласында Мұхаммеджан және оның әкесі Шәріпжан Каримовтардың қаражатымен М.Чирков әулетінің баспаханасында араб әрпінде жарық көрген. Дастанды кім жырлаған, кімнің айтуынан жазылып алынған, кім жариялаған — ол туралы дерек жоқ. 1978 жылы жарық көрген «Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар (1807-1917)» атты библиографиялық көрсеткіште бұл дастанды жариялаған Махмұдұлы Әли деп көрсетілген.

Ал, Қазан қаласында 1897 жылы жарық көрген «Қисса адам» мен «Қисса екі егіз бала» атты дастандарда және 1898 жылы кітап болып шыққан «Қисса Самрұқта» осы шығармаларды кітап етіп жариялаған Әли Махмұдұлы өзі туралы мәлімет бере отырып, «Қисса үш қыз» дастанын да дайындап баспаға жібергенін айтады. Осы деректерге жүгінуге болады деген ойдамыз.

[11] Көне үнді әдебиетінен тарап, басқа да шығыс әдебиеттерде жиі кездесетін бұл әдіс ғылыми еңбектерде «рамалық композиция» деп аталады.

Мәтінде біраз араб, парсы тілінен ауысқан сөздермен қатар байырғы түркі сөздері мен грамматикалық формалар кездеседі, мысалы: *әйла, ушбу, инану, тірік, ошал, анда, андан соң, бірлән, себеп-дур, жейүп,* т.б. Орыс сөздері де қолданылған: ләпке, магазин, панар, нөмір, диуан, писір, т.б. Осындай сөздер мен тіркестер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды. Ал бір-екі қате жазылған сөздер мағынасына сәйкес түзетілді, мысалы: араб жазуымен жарық көрген түпнұсқадан *талауин*, немесе *зауин, зарин* деп оқылатын сөздің мағынасы көмескі болған соң, ол контекске сәйкес *толын* болып берілді; *сенделіп* немесе *сен болып*, демек әр түрлі оқылатын сөз контекске орай *сен буылып* деп берілді, т.б.

Томға мәтін 1897 жылғы кітап бойынша дайындалып, кириллл әрпінде бірінші рет баспаға ұсынылып отыр.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла *(Аллаһ)* — бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет-қайымды жаратушы, Ислам дінінің баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: Алла — жалғыз, Алла — мәңгілік, ол тумайды да туылмаған, әрі оған ешкім тең емес*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәниде істеген қылықтарын таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Атап айтқанда, Мұса (Моисей) мен Иса (Иисус) осындай өкілдер болды. Мұхаммед — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберіпті деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз тамаша есімдері көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді), т.б.

---

*Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Әлхамдулилəһи, Сұбхан Аллаһ, Аллаһу Акбар деген мадақ сөздерді отыз үш реттен іштей күбірлеп, тасбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата — діни аңыздар бойынша Алла Тағала топырақтан жаратқан алғашқы адам. Балшық-мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала оған жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында «беделді», «құрметті» орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, Көктен Жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Айуб—Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ә.с.)* Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам, тіпті пайғамбар болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

Әзәзіл—діни аңыздарда «Адамға сәжде қылыңдар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің есімі (бұрын оның есімі Әзәзіл немесе Әл-Харис болған делінеді); азғырушы, жолдан тайдырушы.

Әзірейіл— Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр

*Ә.С. – Әләйһиссалам /а/ – оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз.

тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оған қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Жақып — пайғамбар, Жүсіптің әкесі, Інжілдегі Иаков. Құран Кәрімде Ыбраһым ұрпағы ретінде Ысқақпен қатар аталады. Оның тақуалығы мен болжау қабілеті Алла Тағаланың бүкіл Ыбраһым (Авраам) руына ризашылығын білдіру ретінде суреттелген. Құран Кәрімде Жақыптың екінші есімі — Ысрайыл. Ал оның ұрпағы бәни Ысрайыл деп аталады.

Жәбірейіл — Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар араларында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан туатынын болжап берген.

Жүніс—пайғамбар, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда Жүністің Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар күнә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген күнәсін мойындап жалбарынады, сөйтіп аман қалады.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Жүсіп — Зылиха — шығыс халықтарының «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері, махаббат пен сұлулық символы.

Мәжнүн — Ләйлі — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Орталық Азия халықтарының «Ләйлі — Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Мәңкір, Нүңкір — діни ұғым бойынша о дүниеде қабірдің ішінде адамның істеген істері бойынша сұрақ-жауап алатын періштелер.

Мекайыл — Аллаға жақын төрт періштенің бірі, Адам (ә.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Ислам аңыздары бойынша Мұхаммед (ә.с.) Миғражға* көтерілгенде көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болған.

Мұсылмандардың магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл періштенің есімі кеңінен қолданылған.

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар. Інжіл бойынша Моисей. Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі.

Аңыз бойынша Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші Пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып көрінеді. Оны перғауынға (фараон — Мысыр патшасының атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израильдіктер сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған

* Миғраж /а/ — көкке көтерілу.

перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (ә.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (ә.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Намруд — аңызбойынша, көне Бабыл (Вавилон) патшалығын құрушы, Ыбраһым пайғамбарды отқа жақпақ болған патша.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

---

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Ризуан — аңыз бойынша бейіштің есігін күзетуші періште.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт (ә.с.) еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен (ә.с.) мұсылман елдерінің ертегі дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Төрт жар — шаһариарлар [шаһар /п/ — төрт, йар /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халиф — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз Құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілі ген сенімді серігі, жолдасы болды және Ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Фатима, Би-Бәтима (635 ж. ө.) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасан мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

***Һарон Рашид** [763–809]* — Аббас әулетінен шыққан бесінші халиф. Һарон Рашид тұсында арабтардың ұзақ уақытқа созылған Византияға қарсы күресі одан әрі жалғастырылды, сонымен бірге халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнер, сауда және мәдениет едәуір дамыды. Сондықтан болар тарихи тұлға — Һарон Рашид есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ерөтегі-жырға айналып кетті. Шығыс халықтары ертегілері мен аңыздарында ол әділ билеуші, халық қамқоршысы бейнесінде суреттеледі.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын, оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды. Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі әл-Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді. Ыбраһым Алланың өзінің өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен әл-Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның бар ласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың әмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы егжей-тегжейлі сипатталады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығып, алыстан құдықты, көгалды жерді көреді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ысрапыл — қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай (соры) арқылы жеткізеді. Ысрапыл Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлайды.

Ібіліс — діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті басқаша — шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отын на түсуге ұйғарылды. Алайда, Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді.

Раджим — «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған) — Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.

Осылармен қатар мәтіндерде басқа да есімдер кездеседі, мыа салы, «Балықшы илә ғифрит қиссасында» — Әбу Мансур, Хафиз. Тарихтан осы аттас бірнеше тұлғалар: Мансұр Халлаж, халифа Мансұр, т.б. белгілі. Сондықтан жыршының кімнің атын қосып жырлағанын анықтау — арнайы зерттеудің ісі.

СӨЗДІК*

Ағла /а/ — биік, жоғары

Ағзам /а/ — ұлы, атақты; аса құрметті

Ағуа /а/ — азғыру, іріткі салу

Ажиз /а/ — әлсіз, дәрменсіз

Ажуз /а/– кәрі

Аздыру /тат/ — азғырылу; адасу

Ақ /а/ — Хақ деген сөздің *х* әрпі түсіп қысқартылып айтылған түрі. *Хақ* /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Алим /а/ — көп бейнет көрген, азап шеккен

Амал /а/ — жақсылық

Анда /т/ — онда

Андан /т/ — содан; андан соң — содан кейін

Аны, аның /т/ — оны, оның

Арамбез—бұзық, жауыз; керексіз, пайдасыз

Ар-рахман, ар-рахим /а/ — аса қамқор, ерекше мейірімді

Аруаш /а/ — көбік, көпірік

Арыз-нама—[*нама* /п/ — хат, жазу] — жазылған арыз, хат

Асхаб, ас-сахаба /а/—серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге Ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Асы /а/ — күнәһар

Аузубилла, агузу бисмилла /а/ — Алланың атымен сақтанамын

---

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Олар кейде ауыспалы мағынада да қолданылған. Сондықтан біз ұсынып отырған дастандарда кездесетін осындай сөздердің мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Аурат /а/ — әйел; зайып; хор қызы

Ауыр /т/ — көп, зор

Ахир /а/ — «Балықшы илә ғифрит қиссасы» дастанында басқа, басқалар деген мағынада қолданылған

Ахирет, ақырет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Аһы — ah ұру, өкіну.

Ашық, асық /а/ — ғашық

Аял /а/ — сабыр ету; күту

Аят /а/ — белгі; ғажайып; өлең; Құран сүрелерінің ең шағын бөлігі

Әгар — егер

Әжір /а/ — сый, сыйлық

Әзел /а/ — мәңгілік, бақилық; әуелде, баяғыда, бұрыннан

Әйлау /т/ — жасау, істеу

Әлейк /а/ — тура мағынасы «өзіне», «саған»; амандасу

Әли /а/ — биік, жоғары; мәртебелі; беделді; аса құрметті; адам аты

Әлхүкму-хүкму Алла /а/ — болғанның бәрі Алланың жазғаны

Әлфу ләйла /а/ — мың түн

Әлхамдулла, әлхамдулилла /а/ — Даңқтың бәрі Аллаға! Бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады; Құранның бірінші «Фатиха» сүресінің бірінші аятының алғашқы екі сөзі

Әмір магруф /а/ — ғылым-білім иесі

Әнбия /а/ (нәби сөзінің көпше түрі) — пайғамбарлар

Әпенді — мырза

Әркан /а/ — негіз

Әсар /а/ — белгі

Әуара — әуре-сарсаң

Әуере /а/ — әуре; есуас

Әулад /а/ — ұрпақ, үрім-бұтақ; әулет

Әфсүн, әпсүн /а/ — дуа, сиқыр, арбау

Бағ нәғим—жәннат бағы

Бағыр /т/ — бауыр. Көне және орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді.

Бажы /п/– мүлік салығы; алым-салық

Байбатша—бай баласы; мырза

Бақи /а/ — мәңгі; о дүние

Бақұл /п/ — қоштасу; соңғы сөз

Батил /а/ — қате; теріс; бұрыс; өтірік; қабілетсіз

Батым—көп жұмыстың, қарбаластың ортасына түскен

Бахил /а/ — сараң

Баһар /п/ — ғибрат

Бәдбақыт /а, п/ — бақытсыз, сорлы.

Бәддұға—қарғыс

Бәйні /а/ — дәлел; ара қашықтық

Бәйіт /а/ — қос тармақты өлең шумағы

Бәкәр /а/ — таза; қыз бала

Бәлант /п/– жоғары

Бәни Ысрайыл—Ысрайыл ұлдары, Ысрайыл ұрпағы

Бәрәк Алла /а/ — бәрекелді

Бей /а/ — болымсыздық мағынасын білдіреді, мысалы: бейәдеп — әдепсіз, бейкүнә — күнәсіз.

Бек /т/ — өте, аса, тым; феодал, ел билеуші бай

Бикүнә—күнәлі, ауыр күнә жасаған адам

Бисмилла /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бихамдулла /а/ — Аллаға шүкір! Алланың көмегімен

Бихұзұрлану—көңілді болу

Биһұш /п/ — көңілсіз; ессіз болу, естен танып қалу

Бустан /а/ — бақша

Бұғаздау — бауыздау

Бұл — зат, нәрсе; мата

Білгізлер /т/ — білдірді, көрсетті

Бірлән, білән, илә /т/ — мен; бірге

Гәп, кәп, кеп /п/ — сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

Ғазал — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғазап /а/ — ашу-ыза; көңілі толмау

Ғазиз, әзиз /а/ — қымбатты, аяулы, ардақты

Ғалаб /а/ — жеңіске жету

Ғаламат — ғажайып, таңғажайып; керемет; пәле

Ғалат /а/ — өтірік; қате; қателік; адасу

Ғамкін /п/ — көңілсіз, жабырқау, қайғылы, дертті

Ғанбари /а/ — хош иісті

Ғар, қар /п/ — жаман

Ғараб, ғараби /а/—жат жерлік; бөтен; бәдәуилер

Ғарайып /а/ — таңғажайып

Ғаршы /а/ — ғарыш; аспан; тақ

Ғарық болу /а/ — апат болу; бату, суға кету; суда жүзу

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғафур, әр-рахман Падиша /а/ — кешірімді, рақымды билеуші

Ғейіш-ғишрат /а/ — сауық-сайран

Ғибадат /а/ — құлшылық ету

Ғибрат /а/ — тәжірибе; өнеге; үлгі

Ғиззат /а/ — қадір-құрмет; ізет; сый; даңқ

Ғиззатлы—құрметті, қадірлі

Ғифрит /а/ — құбыжық, дүлей күш

Ғұзыр—өтініш, тілек; мұң, мұқтаж

Ғұлман, ғилман /а/ — жас жігіт, бозбала; жәннатта қызмет көрсетуші; мәтіндерде сұлулықтың, әдеміліктің символы ретінде қолданылған

Ғұсыл /а/ — жуыну; суға түсу; шариғат бойынша төбеден бастап, аяқтың табанына дейін, бүкіл денені таза сумен белгіленген тәртіп бойынша жуу.

Дағуа /а/ — шақыру; уағыз айту

Дарбаза — қораның, мекен-жайдың сыртқы үлкен қақпасы

Дәпін, дәфін /а/ — жерлеу, көму

Дәргаһ /а.,п./ — Құдай құзыры; салтанатты сарай; хан сарайы

Диуан /о/ — диван

Диуана, дуана /п/ — ризығын Алладан тілеп, кәсіпсіз жүретін адам, дәруіш

Дост — дос

Ділла, ділда, тілла — алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында қолданылады

Екінді намаз — күнделікті оқылатын бес намаздың үшіншісі. Ол түс ауып, күн батуға жақындаған мезгілде оқылады

Жад ету /п/ — еске алу, есте ұстау

Жаллад /а/ — жендет, жазалаушы; баскесер

Жамағат /а/ — қауым

Жамал /а/ — сұлу, әдемі, көркем; келбет, кейіп-кескін

Жамиғ /а/ — барлық, бүткіл

Жаппар /а / — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жаһаннам /а/ — діни ұғым бойынша дүние салғаннан кейін күнәға батқандар баратын жер, тозақ. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жаһит қылу /а/ — жинау, бар күшін салу

Жәннат /а/ — бақ. О дүниеде күнәдан ада, таза адамдардың баратын орны (жұмақ, пейіш). Жәннат — бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, бал өзендері ағады. Жәннатқа түскендер қалаған нәрселерін ішіп-жейді. Жәннатты Ридуан бастаған періштелер күзетеді

Жейүп /т/ — жеп

Жеті ықлим, ықылым — мұсылман елдерінің орта ғасырлық фәлсапасы бойынша жер-жаһан жеті қабаттан тұрады деген географиялық түсінік болған. Мәтіндерде патшаға бүкіл әлем бағынды деген мағынада қолданылған.

Жода /п/ — бөлек

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Жұһұд /а/ — жөйіт, яхуди, еврей, Мұса пайғамбардың үмбеті

Жығлау — жылау

Зағип, зағиф /а/ — әлсіз; ауру; нашар; аз; соқыр

Зағыпыран — сары түсті гүл; мәтіндерде ауыспалы мағынада қолданылған: сарғайып зағыпырандай

Зайық /а/ — тарлық; қысым; зұлымдық

Зайыл /а/ — қас-қағым, бір сәт, қысқа уақыт

Запыс болды — ығыр болды, жүрегі шайлықты

Зарар /а/ — зиян, зақым

Захмат /а/ — қиындық; іс-қимыл

Заһар, зәр /а/ — у

Заһид /а/ — дүниеден безген; тақуа; сопы

Зәмзәм—Меккедегі қасиетті құдық, сол құдықтың киелі, шарапатты суы.

Зәрра, зәрре /а/ — кішкене, кішкентай

Зейнет — сұлулық, сымбат, көрік

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық, жезөкшелік; тұрақсыздық; бұзықтық; неке бұзушылық

Зинатталған, зинатлаған, зейнетлеткен, зейнетлеген /а/ –әшекейленген

Зипа, зиба, зипат /а/ — көрікті, сұлу, мүсінді

Зияда /а/ — көп, артық

Зияпат /а/ — біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш; банкет; құрмет; сый-сияпат

Зиярат ету /а/ — көрісу, сәлем беру, қол беру; құлшылық ету; сапар ету

Зұлжалат, Зұлжалал /а/ — мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Зымыстан /п/ — адам төзгісіз, қатты; қорлық, дозақ; қыс

Зілзала — жер сілкінісі

Ибара /а/ — лебіз; мәнер; әлпет; түсінік

Иғламнама /а.п./ — хабарлама

Иғтиқад /а/ — сенім, наным; иғтиқадты — сенімді, берілген

Ие — еге, қожа, патша; мәтіндерде бүкіл әлемнің қожасы, патшасы — Алла Тағала деген мағынада қолданылады

Изн /а/ — рұқсат

Илаһ /а/ — Құдай; Иләһи—Құдайым

Инану /т/ — илану

Иғам /а/ — тарту, сыйлық

Иншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла қаласа (ин — егер, шаа –қалау)

Ипташ /а/ — жолдас, туыс

Ирада /а/ — ниет, ықылас, ықтияр; шешім

Иттифақ /а/ — ынтымақ, бірлік; келісім; бір ауыздылық

Ихсан /а/ — қайыр-садақа, қайырымдылық

Йасин—Құранның 36-сүресі. Меккеде түскен қасиеті зор сүре. Бұл сүрені ауру-сырқау, бәле-жаладан қорғану үшін, сондай-ақ, жан тапсырғалы жатқан мұсылманның иманын

үйіргенде оқиды. Пайғамбар бұл сүрені «Құранның жүрегі» деп санаған.

Кәлима /а/ — сөз; әңгіме; тілін кәлимаға келтірді, яғни кәлима шаһадатты айтты

Кәлима шаһадат /а/ — куәлік сөз. Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке сенім, иман білдіретін шарт

Кәліп /а/ — ит

Кәміл /а/ — толық

Кәпір /а/ — пұтқа табынған; шындықты мойындамаған; Ислам дінін ұстанушылар Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман емес-терді кәпір деп атаған.

Кәрдабик — тартпа

Кәрім /а/ — жомарт; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Кәрім қылу /а/ — мейірбандық қылу

Кеса /п/ — жүннен тоқылған киім

Кеше /т/ — түн

Куәһ — куә

Күрзі /п/ — шоқпар

Кісе — күміспен, жезбен әшекейлеп жасалған пышақ қыны; шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу

Қабағат /п/ — орасан, керемет; өте; ірі, үлкен; мол

Қадар /а/ — аз, кішкентай ғана

Қадір /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қаж, қажылық /а/ — мұсылманның бес парызының бірі: Меккеге барып Құдайға құлшылық етіп, Қағбаны жеті рет айналу, т.б.

Қайым /а/ — тұру, тік тұру

Қалб /а/ — жүрек; орталық; астана

Қам-ғаса /а/ — қайғы-қасірет

Қанділ /а/ — шырағдан

Қариб /а/ — жақын; жақын адам; дос

Қаршық — кемпір

Қас—қастық

Қасат болу /п/—зиянға ұшырау; банкрот болу

Қата—қате, өтірік, жалған; қата қылу—адасу, қателесу

Қау /п/ — көп

Қахатшылық /т/ — құрғақшылық

Қисап—есеп

Қисса /а/ — тақырыбы әр қилы, сюжеті шытырман, қара сөз үлгісінде айтылатын шығарма. Қисса көптеген шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кездесетін жанр.

Құбба /а/ — күмбез, шатыр; күмбезді үлкен сарай

Құдірет /а/ — керемет күш, ғажайып қасиет; Құдай, Алла, Тәңірі, Жаратушы

Құзыр /а/ — әміршілік; билік; алдында

Құп — мақұл, жақсы

Құран /а/ — мұсылмандардың ұғымы бойынша Алла Тағаланың сөзі жазылған, Ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары толық көрініс тапқан ең басты қасиетті кітап

Қылует /а/ — жалғыздық; құпия орын, оңаша тұру

Лазым /а/ — керек, қажет

Лахат /а/ — қабір

Лә иләһа иллә Алла /а/—мұсылмандықтың негізгі шарлты — кәлима шаһадат. Мағынасы: Алладан басқа құдай жоқ.

Лә иләһа иллә Алла, Сүлеймен нәби Алла—Алладан басқа құдай жоқ, Сүлеймен — Алланың пайғамбары

Лә хаула уа лә қууата иллә билләһ /а/—барлық күш-қуат тек Аллаға ғана тән

Ләшкер /т/ — әскер

Мағишат /а/ — өмір; мазмұнды тіршілік

Мағқұл /а/ — білімді; ақылды; данышпан

Мағлұм /а/ — белгілі, анық, мәлім

Магрибзамин—батыста орналасқан аймақ

Магрұр /а/ — соқыр; алданған; тәкаппар

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Мазлұм /а/ — әділетсіздікке тап болған, қиянатқа ұшыраған

Маймұн /п/ — маймыл

Мақам /а/ — мекен; орын; орта

Мал /а/ — дүние, байлық мағынасында қолданылады

Мана—бұрын

Мархабат /а/ — қайырымдылық, мейірімділік

Мас—мәтіндерде көбінесе бірдемеге қуанып, я қайғырып, есінен айырылу, естен тану деген мағынада қолданылған

Мат болу — ашулану; қайтыс болу

Матур /тат/ — сұлу, әдемі

Махбұб /а/ — ғашық, сүйікті

Махир /а/ — шебер

Махкам /а/ — берік, мықты, бекем

Махфүз, мақпүз, мағбүз /а/ — сақталған, жадында ұсталған; тағдыр, пешене; Құран Кәрім бойынша адамдардың тағдыры жазылып тұрған орын; Лаухул Махфуз [лаух /а/ — тақта] — Құранның 85-«Буруж» сүресінің 22-аятында көрсетілгендей Жерде болған және болашақта болатындардың бәрі жазылған, барлық қасиетті кітаптардың түп негізін сақтаған жазба, тақта

Махшар /а/ — діни ұғым бойынша дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет

Машайық [шайхы деген сөздің көпше түрі /а/] — ақсақалдар; қариялар; ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы, көсемі; діни көсем

Мәсжид /а/ — мешіт

Мәслихат /а/ — кеңес, әңгіме, сұхбат

Мәшине /о/ — тіл мен жақ мағынасында алынған

Мәшинелеу — түрлі айла-қулыққа бару деген мағынада

Мекер /а/ — сиқыр; сиқыршы; алдамшы; аяр, ғаяр

Мехнат /п/ — қиыншылық, азап

Мирас /а/ — мұра

Мисле /а/ — сияқты, сықылды, мысалы

Мисраг /а/ — бәйіттің бөлшегі

Миһлат /а/ — уақыт беру, кейінге шегеру; мәулет

Мот /а/ — ысырапшыл, былапын адам

Мөһір /а/– мөр; таңба; белгі

Муафиқ /а/ — келісім; келісілген; сәйкес, сай

Мурсал нәби — [мурсал /а/ — жіберілген; нәби /а/ — пайғамбар] Діни ұғым бойынша Алла Тағаланың пенделерді тура жолға қою үшін жіберген пайғамбары

Мүнауар /а/ — нұрлы

Мүрауат /а/ — жомарттық

Мүталаға /а/ — зерттеу

Мүхтасар /а/ — қысқаша, аз көлемді

Мүләйім /а/ — сырттай қарағанда қулық-сұмдық дегеннен жаны таза, күнәдан пәк, жуас; екі жүзді

Мүкәммал /а/ — дүние-мүлік, қазына-байлық

Мүмін /а/ — Ислам дініндегі адам, мұсылман

Мұптала; мұптала болу /а/—пәле; бейнет; пәлеге жолығу, кіріптар болу

Назалану, наза болу—қапалану, ренжу

Назым /а/ — өлең; поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі

Назымлау — жыр, өлең шығару

Налыс, налаш /т/ — қайғы-қасірет, мұң-шер

Нам /п/ — кісі аты; есім

Нама /п/ — хат; жазу

Намахрам /п/ — бөтен, басқа; тыйым салынған

Нар /а/ — от

Нахиф /а/—жүдеу, арық, ашаң, ілмиген,

Нәби /а/ — пайғамбар

Нәзір /а/ — Құдай жолына берілетін садақа, қайыр

Нәпақа—табыс; қорек; ризық; пайдаланылатын нәрсе

Нәпіл намаз—міндеттен тыс, қосымша, сауабы өте мол намаз

Нәсір /а/ — қара сөз, проза

Некаһ қылу, некаһлау /а/ — үйлену, неке қию; үйлендіру, некелеу

Нияз /п/ — сый, тарту

Нығмет /а/ — ырыс, игілік; рақаттық; молшылық; сыйлық; рақым, шарапат

Ошал—осы

Өрту /т/ — жабу, қымтау

Пағпұрхан: пағпұр, фағфұр — қымбат, әрі әдемі, ерте заманнан бері Қытайда өндірілетін ыдыс. Бірте-бірте бұл атау Қытай әміршілерінің атауына (титулына) айналған. Сонымен бірге «пағпұр» сөзіне орта ғасырдағы мұсылман елдерінде Қытай мемлекетінің атауы болған «Шын» сөзі жалғанып, Пағпұршын деп кейде Қытайды да атайтын болған.

Падишаһ — мәтіндерде Алла Тағаланы осылай — әлемнің патшасы, билеушісі мағынасында атаған.

Паришан /п/ — қапалы, қайғылы, қасіретті

Парнақ /п/ — опасыз, бақытсыз деген мағынада алынған

Пасад /а/—азған, бұзылған, өнегесіз

Пәни /п/ — жалған; бұ дүние

Пәтшағар—оңбаған; жексұрын; тентек, бұзық

Пешет, пешеттеу /о/ — мөр; мөр басу, мөрлеу

Пиада /п/ — жаяу

Пұл — ақша

Пұт-параст — пұтқа табынушы

Разы Алла—Алла разы болсын

Расхот /о/ — шығын, қаржы

Рауза /а/ — мекен

Раунақул-Мәжәлис—«Мәжіліс ажары» атты кітап

Рахман /а/ — мейірімді, рақымды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/ — қайырым, мейірім

Рәсуа /п/ — қорлану, масқара болу, жәбірлену

Резеңке /о/ — резина

Риуаят /а/ — әңгіме; повесть; роман; аңыз; баяндау

Рихлат ету /а/ — сапарға шығу; дүние салу

Руза, рузе /п/ — ораза

Рұмке /о/ — ішімдік ішетін ыдыс, рюмка

Саламат /а/ — сау, таза

Салауат /а/—мадақ; дұға

Самал /а/ — бұрынғы, баяғы

Сап [көне] — «айту». Ауыз саппай—сөзге келмей.

Сауап /а/ — шапағаты тиетін игілікті, жақсы іс

Сафа /а/ — таза, мөлдір; қоспасыз; нағыз

Сәйіл /а/ — кедей, бейшара

Сәйір /а/ — саяхат

Сәна /а/ — қайғы

Сәргардан /п/ — сергелдең

Сейір /а/ — басқалары; бәрі; қалғандары

Сират /а/ — жол, сапар; діни ұғым бойынша күнәһарлар мен күнәсіздерді ажырататын қиямет-қайымның қыл көпірі

Тағала /а/ — өте жоғары; Алланың 99 есімінің бірі

Тағбир /а/ — болжам, жорамал, тұспал

Тазаруғ /а/ — құлшылық, ғибадат

Тақыт — ою өрнектеліп безендірілген арқасы және жақтауы бар мүлік (қазіргі диван тектес)

Талақ /а/ — ажырау, ажырасу; әйелін тастау және дүниеден, тіршіліктен безу деген мағынаны береді; жоқ болу, қирау

Талақ хат — ажырасу хаты

Талиғ, талиқ /а/ — тағдыр

Тамғашы — тамға, белгі салушы

Таммат тамам /а/ — соңы; аяқталды

Тамұқ—діни ұғым бойынша, күнәһар адамға о дүниеде азап көрсететін жер; тозақ

Тауфиқ, таупих /а/ — ынсап, қанағат; жәрдем, көмек; табыс, бақыт; келісім

Тахсин /а/ — мадақ; жақсы сөз; жақсылық, қайырымдылық

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Ислам діні бойынша Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені жуып қана қоймай, рухани ойды тазалау. Әдеппен, толық құрметпен аңсарыңды тазалыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра немесе білместікпен істелінген күнәларың үшін Алладан кешірім сұрау, жарылқау тілеу.

Тәбділ /а/ — өзгеріс

Тәбип /а/ — дәрігер, емші

Тәдбір /а/ — амал, шара

Тәпсір /а/ — түсінік, түсіндірме; аңыз

Тәсбих, тәсбі /а/ — 33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбих тарту — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Ақбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдуллила» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (ә.с.) қызы Фатимаға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың зікірі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тәуап қылу /а/ — Діни орынға немесе белгілі бір діни өкілге барып Құдайға құлшылық ету, табыну; Қағбаны айналып өту; Мекке, Мәдинаға қажылыққа барған мұсылман міндетті түрде Қағбаны жеті рет айналып шығады.

Тейфсіз /а/—тексіз, нашар

Төгерек /т/ — төңірек

Тұғры /т/ — тура, дұрыс

Тұһмат /а/ — жалған айыптау, орынсыз салған айып, жала; өсек

Тылсым—сиқыр

Тізік—тізім

Тірік /а/ — тіршілік, тірлік

Уа хусрата /а/ — неткен қайғы!

Уасуаса, уәсуәс /а/ — азғырушы, тура жолдан тайдырушы, құлаққа сыбырлап «түртіп» тұратын шайтан. Ол туралы Құран Кәрімнің соңғы 114-сүресінде (Ән-нәста) айтылады. Бұл сүреде сыбырлап азғырушының кесірінен құтылу үшін, көкейге арам ой алмау үшін адамдардың Аллаға сиыну қажеттігі айтылады. Осы сүрені оқып жүретін адам жын-шайтанның арбауынан арылады; шайтанның көңілге күдік салуы, іштей азғыруы.

Уәжүп /а/ — қорқыныш, үрей

Уәжіп /а/ — міндет, борыш, парыз

Уәзифа, уәзипа /а/ — қызмет; мансап

Уәлхасыл /а/ — бір сөзбен, қысқаша айтқанда; әлқисса

Ұғыл /т/ — ұл

Үр—[хор деген сөздің фонетикалық өзгеріске түскен түрі] — діни наным бойынша жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыздар

Үшбу /т/ — осы, бұл

Фазыл /а/ — артықшылық; көргенді, өнегелі

Фарағ /а/ — аяғы, ақыры, соңы

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің 1-сүресі; кейбір мәтіндерде бата мағынасында қолданылған

Фахиш /а/ — бұзық әйел; ұятсыз

Фаһим; фаһимдау /а/ — зейін, ой, түсінік, пайым; зейін салу; ақылдасу, кеңесу, ойлану

Фент /п/ — әдіс-айла; тетік; винт

Фитнә /а/ — жаман ниет, арам ой; өтірік; алдау

Фукет /о/ — пакет

Фусахат /а/ — шешендік

Хазірет /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ

Хайал /а/ — қиял; арман

Хайла /а/ — айла

Хайыр /а/ — жақсылық; садақа

Хаким /а/ — дәрігер, оқымысты, ғұлама

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алланың 99 есімінің бірі. *Хақ Тағала* [Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алланың 99 есімінің бірі] — ең жоғары мәртебелі, Ұлық Алла

Хал-қадар /а/ — жағдайынша, әл-құдіретінше

Халал /а/ — шариғат бойынша ұлықсат берілген; заңды; неғы келеп алған; таза; адал; жарамды

Халалдық /а/ — ақ ниет; адалдық; тазалық; пәктік

Халалзат, халалзада /а,п./– пәк адам, текті, ақсүйек

Халас болу, ету /а/ — құтылу, арылу; құтқарылу; құтқару

Хали /а/ — тәтті

Халифа /а/ — VII-XII ғасырларда араб елдерінде дін мен өкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі

Халұғ — талақ

Хамду-сәна, хамд-сәна /а/– Аллаға мадақ айту.

Хамле /а/ — жүкті, аяғы ауыр

Хаммал, хаммалшы /а/ — жүкші, жүк тиеуші

Ханнан /а/ — мейірімді; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хараб, харап болу /а/ — бұзылу, қирау, жойылу; жоқ болу, апатқа ұшырау

Хараж /а/ — қаражат

Харам /а/—арам, таза емес; шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]

Харамзат — күнәһар

Харидар /п/ — сатып алушы

Хасадтық /а/ — іштарлық, қызғаныш

Хасиф, хасифи /а/ — жәбірлеуші, қорлаушы

Хастап /а/—арнайы біреуге не бірдемеге арнап жасалған іс

Хасыл /а/ — нәтиже, қорытынды; пайда болу; дегеніне, арманына жету

Хатир /а/ — жан; ақыл; көңіл-күй

Хафис /а/ — тұтқын

Хәд /а/ — шек, шекара

Хәдден асты—шектен асты

Хәлден өтіп—әлден өтіп; әлі кетіп

Хикая /а/ — оқиға, бастан өткен іс, болған жағдай

Хикмет /а/ — керемет, ғажайып; дана сөз

Хиләф, хиләп /а/ — өтірік, теріс; қарама-қайшылық, келіспеушілік; бүлдіру, бұзу

Хош—жақсы; дұрыс; орынды

Хүкім /а/ — үкім

Һәдие /а/ — сыйлық

Һәлак; һәлак болу; һәлек ету /п/ — әлек; өлім; құрып біту, өлу; өлтіру, құрту

Һәман /п/ — дәл өзі, соның өзі; әрқашан, ылғи

Һәмма /п/ — бәрі, барлық

Һәр, һеш, һешкім, һәрқашан, һәрбір—әр, еш, ешкім, әрқашан, әрбір

Һәтиф /а/ — жасырын

Һибе /а/ — сыйлық

Һиммат /а/ — ниет; қарқын; әл-қуат

Һимматлы /а/ — қадірлі, қымбатты

Шад хиррам /п/ — өте қуанышты, көңілді

Шариғат /а/ — заң; Исламның негізгі заңдар жинағы

Шаһбаз /п/ — кеңпейіл, ержүрек, сабаз

Шаһид /а/ — шейіт. Алла жолында құрбан болған адамғ ды шаһид деп атаған. Құран Кәрім бойынша шаһид о дүниеде жұмақтың төріне барады.

Шәһует /а/ — құмар, нәпсі, құштарлық

Шүбһә /а/ — күмән, сенімсіздік

Шүһрәт—даңқ, атақ, мәртебе

Шыққаш /а/ — шыққан соң

Шырын — тәтті

Іждағат — зейін; ынта, ықылас; талап

Ізбес (известь) /о/ — әк; тасты өртеп күйдіру арқылы алынатын ақ түсті минералды зат.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақмола—Есіл өзенінің бойында ескі керуен жолы өтетін Қараөткелде орналасқан, аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілері; Қазақстанның бас қаласы Астананың бұрынғы атауы.

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага»– құдай, «дад»– берген, яғни «құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансұр 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насредин Туси, Әл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Иунан — Грекия мемлекеті, гректер. Оны арабтар осылай атаған.

Көкшетау — Қазақстанның солтүстігінде орналасқан тарихи-географиялық аймақ; қала аты.

Куфа — ортағасырлық Ирактағы қала. VII ғасырдың басында Евфрат өзенінің жағалауында пайда болып, умиялықтар (омейядтар) тұсында ірі сауда және мәдениет орталығына айналған. Бағдат қаласы салынғаннан кейін бірте-бірте құлдырай бастады, қазір жойылған.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты

тілдерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Мекке—мұсылмандардың Хижаздағы басты қасиетті қаласы. Мұхаммед пайғамбар осы қалада туып, өмір сүреді және өзінің уағызын айта бастайды. Мұхаммед Меккедегі Исламға дейінгі пұтқа табынушылардың ғибадатханасы болып келген Қағбаны Исламның ең қастерлісі деп жариялап, оған барлық мұсылмандардың қажылыққа баруын өсиет етті. Қағба Меккедегі Масжид Харам деп аталатын бас мешітте орналасқан. Жыл сайын Меккеге қажылыққа әлемнің әр түпкірінен миллиондаған адам келеді.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Самарқан — IV ғасырда Мараканда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Түркістан—Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталған. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Үндістан—Азияның оңтүстік шығысында орналасқан ірі мемлекет.

Үрім, Рұм — Византия. Шығыс халықтары оны орта ғасырларда осылай атаған. Сол халықтардың фольклоры мен әдебиетінде Рұм атауы өте алыс, ғажайып өлкенің символы ретінде қолданылған.

Фераңстан — шығыс халықтарының Еуропа елдеріне берген жалпы атауы.

Һират, Герат — Ауғанстанның солтүстік батысындағы Гел рируд өзенінің алқабында орналасқан қала.

Шын—Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл — біздің дәуірімізге дейінгі 221 жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы.

Машын — Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайдың оңтүстік уәлаяттарын, Шығыс Түркістанды осылай атаған.

Кейбір шығармаларда осы екі атау бір қаланың, бір мемлекеттің атауы ретінде қолданылады.

Бұлармен қатар мәтіндерде басқа да географиялық атаулар кездеседі, мысалы: Суд, Мағрибзамин, Жаһанабад, т. б. Олардың кейбіреулері тарихтан белгілі шығыс елдерінде орналасқан қалалардың, мемлекеттердің аттары болса, кейбіреулері жартылай мифтік, ертегілік атаулар.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Багдатұлы Қыпшақбай — ақын, XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың бірінші жартысында Омбы облысы, Москаленко ауданында өмір сүрген. Ақынның шығармалары ОҒК-ның және ӘӨИ-дің қолжазба қорларында сақтаулы. «Мың бір түн» сюжеттері негізінде жырланған «Қаһира — Таймыс» қиссасын Шорман молдадан үйреніп, өз репертуарына енгізген. Сондай-ақ, «Сейітбаттал», «Әзірет Әлидің соғысы» сияқты діни дастандарды жырлаған.

Қыпшақбайдың мұрасын жинаушылар — Омаров Тәшен, Бейсенов Әмір, Аянұлы Тоқмағамбет.

Білтебайұлы Шорман — XIX ғасырда Омбы өңірінде өмір сүрген ақын; араб, парсы тілдерін меңгерген, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, насихаттаушы. Ол қазақ қолжазбаларын 1880 жылдардан бастап жинаған. Білтебайдың әкесі Жантиын да ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған. Шорман ұлдары Арон мен Жүсіп те әкесінің ісін жалғастырған. Соның арқасында Шорман молданың мұрасы бізге жетіп отыр. Шорман жинаған ауыз әдебиеті үлгілерін 1958 жылы Ғ.Мұсабаев, 1960 жылғы Омбы экспедициясын басқарған Т.Сыдықовтар жинап тапсырған.

Қонайұлы Иазид (1860-1924) — Қазан төңкерісіне дейін халық арасына өлеңдері тараған қиссашыл ақындардың бірі. Бұрынғы Көкшетау уезі, Мезгіл болысынан.

Оның би мен болысқа, байлар мен молдаларға шығарған өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Сонымен бірге Қонайұлы Иазид ел арасынан жыр, дастандарды жинап, жөндеп, Қазан баспаларынан кітап етіп шығарған. Мысалы, «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы». Қонайұлы Иазид мұраларын жинап, ОҒК-ның Қолжазба қорына тапсырған Қ.Қаңтарбаев.

Махмұдұлы Әли—XIX-XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жөндеп жариялаул шы. «Қисса үш қыз» дастанынан басқа «Қисса адам», «Қисса Самрұқ», «Қисса егіз бала» дастандарын жариялаған.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937) — ақын, ауыз әдебиетінің жинаушысы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай аулында, қожа әулетінде дүниеге келген. Нағашылары — Ұлы жүз, Албан руынан. Медресе бітірген Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр, дастандарды, айтыстарды, т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап бастырудағы еңбегі ерекше. Қазақ даласын көп аралаған Жүсіпбек қожа ақындар айтысына да қатысқан. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Шаһсейітов Шаһнығмет Шаһхәкімұлы—1873 жылы Ақмола облысының Көкшетау дуанында туған. Аталары жас кезінде Самарқан облысына көшіп кеткен. Сол себептен ол Самарқан облысын жатсынбай «біздің елдер», «менің елім» дейді. Бірақ туған елі Көкшетауды ұмытпай, жиі келіп тұрған. Кітаптың титул беттеріндегі берілген мәліметтерге қарағанда Шаһсейітов Шаһнығмет «Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз» дастанын 1905 жылы отыз екі жасында Көкшетауда көшіріп, Қазан қаласына белгілі кітап шығарушы Кәримовке жіберген.

Шаһсейітов Шаһнығметтің басқа жариялаған дастандары әзірше беймәлім.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒҚ — Орталық Ғылыми кітапхана
Қ — Қазан қаласы
ҚҚ — Қолжазба қоры
Ш — шифр
дәп — дәптер
а — араб
о — орыс
п — парсы
т — түркі
тат — татар

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қағира мен Таймұс. ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы: Ш. 128, 3-дәптер. 1870-1900 жылдар аралығында жазылған. Араб әрпінде. Жинаушылар Шорман молданың балалары Арон мен Жүсіп. Тапсырған *Ғ.Мұсабаев*.

2. Қисса Қаһира — Таймұс. ОҒК-нің қолжазба қорында сақтаулы: Ш. 568. Бұл Шорман молдадан үйренген Қыпшақбай ақын нұсқасы. Шамамен XX ғасырдың бірінші жартысынң да хатқа түскен. Қолжазба қорына 1942 жылы тапсырған *Әмір Бейсенов*.

3. Хикаят Марғұба қатын. Қ., 1889.

4. Хикаят Сәлімжан. Жариялаған *Жүсіпбек Шайхысламұлы*. Қ., 1896.

5. Қисса үш қыз. Жариялаған *Әли Махмұдұлы*. Қ., 1897.

6. Балықшы илә ғифрит қиссасы. Жариялаған *Иазид Қонайұлы*. Қ., 1911.

7. Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз. Жариялаған *Шаһнығмет Шаһсейітов*. Қ., 1906.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

8. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай*. — Мәдина, Сауд Арабиясы, 1991.

9. *Азибаева Б. У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998.

10. *Андреев Н. П.* Указатель сказочных сюжетов по системе Аарне. — Л., 1929.

11. *Гринцер П. А.* Древнеиндийская проза. — М., 1963.

12. Ислам. Краткий справочник. — М., 1983.

13. Ислам: Энциклопедия. Бас ред.: *Р.Н. Нұрғалиев.* — Алматы: ҚЭ, 1995.

14. *Каскабасов С. А.* Колыбель искусства. — Алматы: Өнер, 1992.

15. *Қасқабасов С. А.* Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. — Астана: Аударма, 2002.

16. Мың бір түн. 4 томдық. Аударған *Қ. Әбдіқадыров.* — Алматы, 1961.

17. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар (1807-1917). Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. Құрастырғандар: *М. Бөжеев, Д. Қазбекова, К. Бегімбаева* — Алматы, 1978.

18. Тотынама. — Алматы: Жазушы, 1991.

19. Арабско-русский словарь. Составитель *Баранов Х.К.* — М., 1968.

20. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.

21. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

22. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған: *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977

23. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю.А.Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке и публикации очередных томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Пятый том серии включает в себя следующие дастаны новеллистического содержания: «Қағира мен Таймұс», «Хикаят Сәлімжан», «Хикаят Марғұба қатын», «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз», «Қисса үш қыз».

Новеллистические дастаны составляют значительный в количественном отношении [планируется издать девять томов произведений этого жанра] и очень интересный в плане сюжетики, тематики, генезиса, особенностей интерпретации пришлых сюжетов и т.д. пласт национального дастанного эпоса, интенсивное развитие и популярность которого были обусловлены возросшим вниманием общества к рядовым своим членам, к разным сторонам жизни обыкновенного человека, к его проблемам.

Немалое количество их имеют своей основой восточные сюжеты, являющиеся по своему содержанию международными и составляющие золотой фонд мировой новеллистики. Они, как правило, отражены в таких известных памятниках письменности как цикл сказок «Тысяча и одна ночь», «Тотынама» и др.

Дастаны, вошедшие в данный том, созданы по мотивам сказок, хикаятов, фольклорных повестей и новелл, входящих в состав вышеуказанных сборников. Например, сюжет «Қағира мен Таймұс» следует рассказу 24-ночи «Тотынама», «Хикаят Марғұба қатын» — повестям 489-490-й ночей, рассказанным Шехерезадой своему повелителю, а содержание «Хикаят

Сәлімжан» сходно со сказками «Ұлы патшаның екі ұлы», «Киік жетектеген кісінің әңгімесі», «Қашыр мінген кісінің әңгімесі», «Шала тас жігіттің әңгімесі», «Бір сандыққа бес кісі салған әйел» из цикла «Тысяча и одна ночь» и т.д. Тематика повестей их разнообразна, в них рассказывается о женской верности и женских плутнях, о верности слову, о добре и зле, жадности и коварстве, о верной дружбе и т.д.

Структурно некоторые из произведений данного тома представляют собой обрамленные повести, генетически восходящие к индийскому фольклору и древнеиндийской литературе, то есть они построены по методу рамочной композиции, когда основной сюжет обогащается вставными рассказами. Эти вставные рассказы сюжетно никак не связаны с центральной повестью, но именно ведущая повесть является причиной появления всех последующих второстепенных рассказов, объединяя все части в единое целое. К таким относятся дастаны «Балықшы илә ғифрит» и «Қисса үш қыз». В последнем мы находим в числе героев и Харона Рашида, пятого халифа из династии Аббасидов — героя многих произведений восточной словесности, где он воспевается как поборник справедливости и защитник угнетенных и обиженных.

Стиль и языковые особенности публикуемых в пятом томе произведений характерны для книжных форм дастанного эпоса в целом. В частности, в текстах отмечается наличие большого удела слов, заимствованных из персидского и арабского языков. Также немало древнетюркских лексем и грамматических форм.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и

публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все произведения, вошедшие в том, на кириллице публикуются впервые. Тексты подготовлены адекватно оригиналам: «Қағира мен Таймұс» — с рукописи конца XIX века, «Хикаят Сәлімжан», «Хикаят Марғұба қатын», «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз», «Қисса үш қыз» с книг, изданных в Казани на арабской графике соответственно в 1896, 1889, 1911, 1906, 1897 годах.

Объем тома — 21,5 п.л.

SUMMARY

The Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov of Public Sciences of RK continues its work on preparation and publication of next volumes of the series «Babalar Cozi» published in many volumes within the framework of the State program «Medeni Mura».

The fifth volume of the series includes dastans of the short stories' contents, namely: «Kagira men Taimus», «Khikayat Selimzhan», «Khikayat Marguba katyn», «Balykshy ile gifrit kissasy», «Kissa Tezhbakyt — Khorshahra kyz», «Kissa ush kyz».

Dastans in the form of short stories constitute a large layer of the national dastan epos with interesting plots, themes, genesis, peculiarities of interpretation of borrowed plots etc. The intensive development and popularity of the national dastan epos were conditioned by increased attention of the society towards its ordinary members, various sides of life of a common person, personal problems.

The main basis of many of them are Oriental plots which are international by their contents and form a golden fund of world short stories. As a rule, they are reflected in such famous monuments of the written language as a cycle of fairy tales «One Thousand and One Night», «Totynama» etc.

Dastans included into this volume were created according to motifs of fairy tales, khikayats, folklore and short stories included into the above-stated collected stories. For example, the plot of «Kagira men Taimus» follows the tale of the 24th night in «Totynama», the plot of «Khikayat Marguba katyn» follows the 489-490th nights told by Shekherezada to her sovereign. And the contents of «Khikayat Selimzhan» resemble fairy tales of «Uly patshanyn eki

uly», «Kiik zhetektegen Kisinin engimesi», «Kashyr Mingen Kisinin engimesi», «Shala tas Zhigittin engimesi», «Bir sandykka bes kici salgan eiel» from the cycle «One thousand and one night» etc. Themes of short stories are various telling about the women's fidelity and tricks, adherence to the word, kindness and evil, greediness and insidiousness, reliable friendship etc.

Structurally some of literary works of this volume are narratives genetically arising to Indian folklore and ancient Indian literature, i.e. they are written by a method of framed composition when the main plot is enriched by inserted stories. These inserted stories are not interconnected with a central story by the plot. However, namely the leading story is a cause of appearance of all subsequent secondary stories combining all parts into the single whole. Dastans «Balykshy ile gifrit» and «Kissa ush kyz» refer to them. In the latter we find Kharon Rashid, the fifth caliph from the dynasty of Abbasid, among heroes. He is a hero of many works of Oriental folklore where he is glorified as a symbol of justice and defender of suppressed and offended people.

The style and language peculiarities of works published in the fifth volume are characteristic for book forms of the dastan epos in general. In particular, in texts there are many words borrowed from the Persian, the Arabic and also from the Russian language but to a very small extent. There are also many ancient Turkic lexical and grammatical forms.

The code «Babalar Cozi» in many volumes is a scientific edition. Published texts are given in the original form adequate to the primary source, i.e. any interference into the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on texts published and their variants; a brief historical & folklore and textual criticism analysis of texts; information on historic and religious figures, their names are met in texts; a vocabulary of the ancient Turkic, Arabic and Persian words, terms and notions as well as geographical names; data concerning narrators of folk tales, collectors and publishers; a list of used literature; a resume in Russian and English languages.

All literary works included into the volume are published for the first time in the Cyrillic alphabet. Texts were prepared adequately to originals. «Kagira men Taimus» was prepared using

a manuscript dated back to the end of the XIXth century. «Khikayat Selimzhan», «Khikayat Marguba katyn», «Balykshy ile gifrit kissasy», «Kissa Tezhbakyt — Khorshahra kyz», «Kissa ush kyz» were prepared using books published in the Arabic print in Kazan in 1896, 1889, 1911, 1906, 1897 correspondingly.

The volume consists of 21,5 printed pages.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан 5

Мәтіндер
Қағира мен Таймұс 9
Хикаят Сәлімжан 39
Хикаят Марғұба қатын 83
Балықшы илә ғифрит қиссасы 115
Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз 218
Қисса үш қыз 253

Ғылыми қосымшалар
Томға енген мәтіндерге түсініктеме 293
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 306
Сөздік 314
Жер-су атаулары 329
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушылар туралы мәлімет 332
Шартты қысқартулар 334
Пайдаланылған әдебиеттер 335
Резюме 337
Summary 340

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

5 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Г. Сапарғалиева*
Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 1612

Теруге 20.05.04 жіберілді. Басуға 2.09.04 қол қойылды. Пішіні 60x90$^{1}/_{16}$.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 21,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №428.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-619-76-X

9 789965 619762